

Авторы: Шәміс Құмарұлы

Өмірбаян:

Жазушы Шәміс Құмарұлы - 15.04. 1952 жылы Қытай халық республикасының Мори қазақ автономиялы ауданында дүниеге келген. 1974 – 1978 ж аралығында Синь – Цзян университетінің физика факультетінде оқыған. 1978 – 1982 ж аралығында Синь – Цзян оқу ағарту баспасында редактор аудармашы болған. 1982 – жылдан 1997 жыл аралығында «Шұғыла» журналында редактор, бас редактордың орынбасары, бас редактор Синь – Цзян жазушылар одағының орынбасар төрағасы міндеттерін атқарған. 1997 жылдан 2005 жылға дейін ШУАР әдебиет көркем өнершілер бірлестігінің орынбасар төрағасы, секретариатының секретары Синь – Цзян жазушылар одағының орынбасар төрағасы, «Шұғыла» журналының бас редакторы міндетін атқарған. 2005 – 2013 жыл аралығында ШУАР әдебиет көркем өнершілер бірлестігінің орынбасар төрағасы, Қытай халық республикасы жазушылар одағы мемлекеттік комитетінің алқа мүшесі міндетін атқарған.



«Бөке батыр», «Ер Жәнібек», «Көз жасы сарқылмайды», «Ертіс кілкіп ағады», «Тұғырыл хан», «Қилы жылдар», «Жарық дүние», «Мәми би», «Лақ би» атты романдары және Қазақ мәдениетіне қатысты зерттеу кітаптары және әдебиет зерттеу жинақтары болып жиырма кітабы Қытайда баспадан шыққан. «Бөке батыр», «Жарық дүние», «Ертіс кілкіп ағады» романдары Қытай тіліне аударылып баспадан шыққан.

1990 жылы «Бөке батыр» романына Қытай мемлекетінің «Тұлпар» сыйлығы берілген. 1993 жылы Шәміс Құмарұлына Қытай жазушылар одағы жағынан Жуан Жуан Вен әдебиет сыйлығы берілген. «Ер Жәнібек» романына «Үздік кітап» сыйлығы берілген. Шәміс Құмарұлы 2005 жылдан бастап Юнеско - ның қытай тілді мамандар группасының мүшелік куәлігін алған. Шәміс Құмарұлы Қытайдағы оқырманы ең көп жазушы.

Ажалдан қашу

1

Арғы шетіне көз жетпей сонау көкжиекке тіреп, ұзыннан-ұзақ мұнарта көсіліп жатқан, ұлан-қайыр сары даланы тұншықтыра көміп келген құп-құла топан су, сол жазықтың бір шетін орай ақ басын бүлтқа тіреп, көсіліп жатқан биік таудың етегін келіп басты. Таудың жазыққа салбыраған балағынан аласа төбелерді бірден басып көтеріле бастағн құла топан, енді терең сайларды толтырып, жазыққа құлап жатқан қыраттардың бірінен соң бірін көміп өршелене өрледі. Мынау жалпақ дүниені жалмағалы келе жатқан топан судан, жан ұшыра қашқан жаяу-жалпылы қалың қара нор топ, адамы мен малы аралас тау басына қарай өрмелеп қашып барады. Осы қалың адам мен мал шоғырының арасында Бекбай да жан ұшыра қашып келеді. Қолында оқулық салған боқшасы бар сияқы. Топ ішінде бір жығылып, бір тұрып тау басына қарай жан дәрмен өрмелейді. Қасында туыс-туғандарынан ешкім жоқ сияқты. Үрейлене артына қайырлып қарады. Топан су сай ішіндегі киіз

үйлер мен там үйлерді әлде қашан басып кетіпті. Мал екеш малды қойып құстар да тау басына қарай топ-топ болып шулап-шұрқырап, бірінен соң бірі кетіп жатыр. Бекбай да жығылып- сүрініп жан сауғалап тырмысып келеді. Топан су басқан сары жазыққа қарай тарамдалған сайлардың іші лезде түгел қып-қызыл құла теңізге айналды. Су барған сайын биіктеп, барған сайын құтырына көтеріліп, биік таудың төменгі жазыққа құлаған салма- салмасын түгел басып, енді тау кеудесіне қарай өрлеп келеді. Тауға өрмелеп жан ұшыра қашқан адамдар мен малардың жол ортада жығылып қалғандары, бірінен соң бірі суға батып қалып жатыр. Қара терге малшына тау шоқысына қарай өрмелеген Бекбай, бір сәт артына қайрлып қарап еді, су бетінен адамдардың бастарының бір көрініп, бір көміліп шыңғырғаны, кей жерде қолдардың ербендеп барып жоқ болғаны, енді біреулердің сасқалақтап тайып жығылып, сол суға қарай шырқырап құлап бара жатқаны бірінен соң бірі анық көрініп, үрейін тіпті де ұшыра түсті. Үрейі ұшқан сайын екі аяғының буыны кетіп, тынысы тарайып, дымы құрып, тұла бойынан хал кетуге айналды. Екі аяғын зорға көтеріп, тау шоқысының тамағындағы тас қыраттардың орқаш-орқаш тастарынан әрең-әрең аттауға шамасы келді. Құлағына боздаған түйенің, ұлыған иттің аянышты дауыстары естілді. Айғайламақшы болып еді, дауысы мүлде шықпай қойды. Алдындағы аласа жартасқа бар қайратын жинап өрмеледі. Жартасқа шығуға мүлде дәрмені жетпей қалды. Сасқалақтап астыңғы жағына қарады. Су жартастың түбіне таяп қалған екен. Бекбай «енді өлдім» деп ойлады. Дәл осы шақта ағасы Берікболдың «Бекбай» деп айғайлаған ашты дауысы шықты. Бекбай «аға» деп бар даусымен айғайлады. Бірақ даусы шықпай, тынысы барған сайын тарылды. «Енді мынау топан судың астында қалатын болдым ғой» деп дірілдеп, қалшылдап жартасқа жармасып, тағы да «Берікбол аға» деп айғайлады. Бекбай шошып оянды. Қолы кеудесін басып қатты қиналып жатыр екен. Әлгіндегі үрейлі түстен жүрегі дүп-дүп соғып атқалақтап тұр. Кең тыныс алып төсегінде едәуір уақыт жатты. Бойына сәл жан кіргендей болды. Басын көтергісі келі. Бар қайратын бойына жинап, екі ұмтылып төсектен басын зорға көтерді. Әлгіндегі үрейлі түс көз алдына келіп еді, көңілі қарадай қобалжып, тұла бойын бір түрлі қорқынышты үрей билеп алды. «Өстіп жатып өлемін ғой, ауылдан біреудің келмегені-ай, Берікбол ағам қайда екен?» деп өзіне өзі күбірледі. Жіп- жіңішке арық саусақтарымен көрпесін кеудесіне қарай тартып, арықтап майлығы орталап кеткен шұңғыл көздерін терезеге қадады. Терезе әйнегіндегі аяз шымшылаған өрнек кешегідей емес, бүгін көзіне тым бұлдыраңқы көрінді. Әйнектегі күн де ең алдымен көзіне түсетін, үлкен ақ көбелек сияқты қырау өрнек бүгін жүк артқан түйеге ұқсап қалыпты. Етінен арылған жіңішке саусақтарымен жастығның астын сипалап еді, үнемі азық іркіп салып жүретін ақ дорбасы қолына ілінді. Оң қолын дорбаның ішіне тығып, бұрыш-бұршын қағып, алақанына түскен нанның болымсыз қоқымын аузына салды. Аз да болса аузына тамақтың дәмі келіп, сілекей пайда болды. Аузындағы нан дәмін жұтқанға қимай тамсанып едәуір уақыт отырды. «Енді тамсанатын да ештеңе жоқ» деді өзіне өзі күбірлеп. Осы аз ғана талшықтың қуатында сыртқа шығып бірдене іздегісі, тамақ іздегісі келді. Жатақтың батыс жақ түпкірндегі төсекте жататын сабақтасы Байғазыдан дыбыс білінбейді. Тіпті қыбыр жоқ. Бекбай қорқайын деді

_ Байғазы! Ей, Байғазы!– деп екі рет дауыстап еді, ол қозғалмады. Төсегінен сырғып түсіп Байғазының төсегіне келді. Оның бетін ашуға батылдық ете алмай біраз тұрды. Қалтыраған қолымен бетіне бүркелген жүн әдиалды жұлып алды. Байғазы оған күлімсіреп ұйықтап жатқан адам стяқты көрініп еді, көзі оның ақсиган тістеріне түскенде жүрегі зық ете түсті. Жарты дөңгелек дәрі оң жақ езуіне жабысып қалыпты. Ажалдың араны өзіне қарай аузын ашып төніп келе жатқанын Бекбай енді сезді. Бұл 1933 жылдың қаңтар айы болатын. Енді ғана 13 жасқа шыққан Бекбай сол жылы жер-жерден қазақтарды әкеліп құрған қалашықтағы гимназияның 1- жылдығын оқып жүрген. Қыс қысаған сайын асхананың тамағы да сығыла бастады. Иен далаға құрылған бұл қалашық алғашында думанды еді, бара-бара мұндағы қазақтар бір-бірден азаюға айналды. Осыдан төрт айдың алдындағы мектептің аста-төк тұрмысы да көзден ғайып болды. Қыс ортасы ауғанша бір күні аш, бір күні тоқ

болса да әйтеуір оқушылардан өлім-жітім болмаған. Десе де екі айдан бері оқушылардың кей күні тісі айқассада, кей күні тілдерін жұбына жеткен оқушыларға ақпанның аяғында тістеп қалуы жиі кезікті. Аштық әбден ұдайы бес күн мүлде тамақ жоқ болып қалды. Бекбайдың қалталарын қаққанына да бес күн болған. Енді қағатын қалтасында қоқым да қалмаған. Бар қайратын бойына жиып, Байғазының қолын ұстап еді, мұздай суық екен. Бекбай осы жатақтағы екі ересек оқушының бір айдың алдында қашып кетіп, үсіп өлген хабарын естіген. Бекбай кереуеттерді жағалап жүріп есікке зорға жетті. Темір тұтқадан ұстап бар сдәрменімен итеріп еді, есік ашылмады. Ол құлыпталып тұрған жоқ, Бекбайдың дәрмені есікті ашуға жетпей тұрған. «Аштан өлемін, не болса да сыртқа шығып өлейін» деп ойлады. Сөйтті де бар салмағын есікке түсіріп, бар күш- қуатымен итерді. Аяз құрсаулап алған қалың да үлкен есік Бекбайдың қайратын бит шаққан ғұрлы көрген жоқ. Қайта қайырлып төсегіне қарады. Енді Бекбайда төсегіне жете алатын хал қалған жоқ болатын. Бекбай дымы құрып, босағаға сылқ етіп құлап түсті. Дәл осы кезде манадан Бекбайға былқ етпеген дәу ағаш есік шиқ етіп ашылды. Бұл есіктің бүгінгі ашылғаны да осы еді, Бекбай тани қойды. Кіші ағасы Берікбол екен. Бекбайдың үні жерден шыққандай әрең естілді:

_ Берікбол!

Берікбол Бекбайды тани алмай тұрып қалды. Оның көз алдына бір тірі аруақ тұрған сияқты еді.

_ Аға, мен Бекбаймын, _ деп ыңырсыған інісін дауысынан әрең таныған Берікбол жан дәрмен құшағына алып кіреуетке келіп отырды:

_ Ойбай- ау, өліпсің ғой, _ деді жалпақ алақанымен Бекбайдың үрпиген басынан сипап. Інісінің көз жанары солғындап, үні шықпай ыңырсыған аянышты дауысы қатігез Берікболдың аз да болса буынын босатқандай болды. Қалтасынан бармақтың басындай кішкене малта құртты алып Бекбайдың аузына салып:

_ Шайнама, суын ғана жұтып дәмін алып отырсаң болды, _ деді. Сөйтті де дереу Бекбайдың сыртқы киімдерін киіндіріп, арқасына көтеріп тысқа шықты. Оқушылардың жатағын жағалап сыртқы есікке келді. Көзі шүңірейіп ішіне кіріп, денесінде терісі мен сүйегінен басқа ештеңсі қалмаған, арық қара шал есік күзетіп отыр екен. Аласа төрт көзді терезеден Берікболдың арқасында тұрған Бекбайдың қолынан ұстады:

_ Бір рет ажалдан қалдың, балам, _ деді ол Бекбайға тесіле қарап. Берікбол қалтасынан жұдырықтай түйіншекті алып терезеден шалдың қолына ұстатты. «Бұл шалдың әлі де су ішері бар ғой» деп ойлады Бекбай.

Берікбол Бекбайды көтерген беті көшесымақтарды жағалап, қалашықтың шетіне алып шықты, қалашық дейміз ғой, мұның қалашық деген аты болмаса қыстақтан онша парқы жоқ еді. Бұл шақта қыстың қысқа күні де түс болып қойған болатын. Ол Бекбайды көтерген беті қалашықсымақтың шетіндегі қыстаққа қарай созылып жатқан биік қабақтың астын жағалап, төбесі жабық ескі қой қораға келіп кірді. Мұнда адам да, мал да жоқ екен. Берікбол Бекбайды арқасынан түсіріп, көң үйіндісінің үстіне отырғызыған соң, анадайын бұрыштағы жалпақ тасты көтеріп, оның астындағы шұңқырдан бір нәрсе салынған тері тұлпыпты алып шықты. Тұлпыптың ішіндегі түгел ауыл тамағы екен. Бекбай қуанғаннан бойына жан кіріп жыбырлап кетті. Азық тілеген көктемгі ақ үрпік балапан сияқты, қос қолын көтере алмай ағасына қарай ыңырсып аузын аша берді. Ағасы әуелі Бекбайға темір торсықтан азырақ ашты шыққан суық қара шай жұтқызды. Одан соң бір жапырақ май сорғызды. Сөйтіп тойғызбай жалап-жұқтап ғана тамақтандырды.

_ Сен осында қозғалмай отыр, _ деді Берікбол, _ менің көлігім алыста, күн батқанша қалайда келемін.

_ Мақұл, тезірек кел, _ деді Бекбай басын изеп. Берікбол шалбарының екі балағын аңшы сияқты сыптығырлап буып алыпты. Қимылы лып-лып етеді. Лезде қорадан шығып көзден ғайып болды.

Бекбай бұл қорада түс ауа отырғаннан қыстың ұзақ түнінің бір уағына дейін сарылып отырды. Тамақтанып азда болса да бойына қуат біткендігі болса керек, алғашында бір тамаша үміт оты көкірегін кернеп, едәуір көңілді отыр еді. Уақыт ұзарып, қораның ішін қараңғылық басып, денесі мұздай тоңған сайын, көңіліне уайым ұялап, төңірегін үрей қоршай бастады. Берікболдың ажалдан құтқарған қуанышымен Бекбай бағанадан көңілі лепіріп, таңертеңгі басына төнген өлім үрейін ұмыта қалған екен. Төңірегін қараңғылық басып, қораның үңірейген есігінен басқа ештеңе көрінбеген кезде, таңертеңгі өлім үрейі желкелеп жарық дүниемен бір жола қоштасар шағы жетіп келген қорқынышты сәт басына қайта төніп келе жатқандай сезілді. Адам пендесі үшін өлім онша қорқынышты нәрсе емес, қорқыныштысы адамның қалай өлуінде. Бір кезде ұлы атасының: «Е, жасаған, күнам болса кеш, аманатыңды қашан алсаң да оңай өлім бергейсің» деп намазының соңынан алақанын жайып тілек тілегенін есіне алды. Ағасы Берікбол аяқ астынан жетіп келмегенде, сабақтасы Байғазы құсап сол қаңыраған жатақта мәңгі ұйқыға кетері анық еді. Бекбай өзінің есіктің алдында жығылып түсіп қайтып төсегіне жете алмайтынын сезгенге дейін өлемін деп ойламағанына таң қалды. «Аштан өлген өлім ең жаман өлім шығар» деп ойлады. Сөйтті де қатулана бар қайратын бойына жинап, орнынан көтеріліп отырды. «Жоқ, жарық дүниенің есігін енді ғана ашқан, күнәдән пәк сандаған сәби аштан өлген шығар. Бұл күнәсіз пәк өлім ғой, қалайша жаман өлім болсын, күнәкәр жауыздардың өлімі жаман өлім» деді күбірлеп. Түн қараңғылығы төңеректі тұмшалап, қораның іші жылт етер жарық жоқ көр сияқты меңіреу нәрсеге айналды. Бекбай өліп көрге жатып көрген жоқ қой, десе де өткен жылы ағасы Берікқазының қайнатасы қайтыс болғанда әкесіне еріп адам жерлейтін қабір басына барған. Терең қазылған көрді ол қабағына үніліп әбден көрген, тіпті адамдар оны топырақпен көміп, Соустіне топырақ үйіп қайтқанда елмен бірге қайтқан. «Мүмкін, көр дәл осындай меңіреу қараңғы шығар» деп ойлады. Бекбайдыкі бір сәби қиял еді. Өлген соң яғни бойдан жан кеткен соң, көрдің қараңғысы не, жарығы не, бәрәбір ғой. Ұжұмақ жеті қабат аспанның үстінде делінеді. Оған өлген адамның тәні емес жаны баратын болса керек. Олай болғанда адамның жанының көрдің ішінде болмағаны ғой. Бірақ ауыр күнә өткізгендер түсетін тозақ жеті қабат жердің астында деген сөз бар. Мүмкін, тозақ дәл Бекбай отырған қора сияқты меңіреу қараңғы шығар. Бекбай айналасына қарап еді, ештеңе көре алмады. Өткен жылы қойшы жігіттің айтқан әңгімесі Бекбайдың есіне оралды. Дәл ел жайлаудан түсе қалған кез болатын. Ауыл малын үкімет адамдары ештеңесін қалдырмай айдап кетіп қойшы бос қалған. Түскі шайда отырғанда Бекбайдың апасы:

_ Болмаса сауып ішетін бір құнажын тастамады ғой, әлгі Қатайға көп жалындым. Шыбар құнажынның бұзауын бергім келмей мойыншағынан ұстап тұрып едім. Қатай кеудемнен итеріп тартып алды, _ деп еді кейіп.

_ Ой, шеше, кейімеңіз, _ деген қойшы жігіт, _ бұл жауыздар қазір көрсеткенімен өлгенде Алла тағала оларға көрсетеді. Ол көрінде өкіргір дәл тозақтың отына күйіп шырқырайды әлі...

Осы сөз Бекбайдың құлағына қайтадан естіліп, тозақтың оты лапылдап, соның ішінде тісі арсиған біреулер қолдарын ербеңдетіп өліп бара жатқан сияқты елестеді. «Мүмкін, жауыздар тозақтың отына күйгенде дәл осындай өртеніп өлетін шығар» деп ойлады. Қазақтар: «адам жеті күнде тозаққа да үйренеді» деседі ғой, мүмкін, мұның да шындық жағы бар шығар. Адам баласы бойынан жаны шықпаса, әйтеуір басына келгеннің бәріне көнетін сияқты. Тек соның ішінен жаны аяулы, қиындық атаулыға төзімі жоқ біреулер ғана өмірден тез торығып, өзін өлімге итеретін көрінеді. Бекбай екі қолын ішігінің жеңіне қусырып, қораның үңірейген есігіне қарап тағы біраз үнсіз отырды. Кеше кешке таман жатағындағы сабақтасы Байғазының әдиялын беліне орап алып, өзіне сөйлегені көз

алдына елестеді. Ол кезде Бекбайдың бір ауыз сөз сөйлеуге де зауқы соқпай жатыр еді, ол Байғазының суырлып сөйлегенін онша жақтырмады. Бірақ Байғазы сөйлей берді:

_ Әй, Бекей!_ дегенде Бекқазының дуысы қоңырлап ақырын шыққан, _ сен көп ағаларым бар деуші едің, _ солардың болмаса бірі келмеді ғой. Менің ғой ағам жоқ, бауырларым жас, шешем мені аттандырғанда жылап қалып еді.

Байғазы осыдан соң сөйлемеген. Мүмкін, үнін шығармай жылаған болуы керек. Бекбай күбірлеп «әй, әттеген-ай, ол аштыққа шыдай алмай дәрі ішіп өліп алды ғой» деп ойлады. Мүмкін, Байғазы дәріні тамақ орнына ішіп өлген де шйғар. Оған Бекбайдың ойы жетпеді. Түрлі-түрлі қорқынышты ойлар қым-қуыт елес беріп, барған сайын тағаты тасылды. Алғашқы орнынан жылжып, сипалақтап жүріп бес-алты жерге отырды.

Қараңғы түсе Бекбайдың аздап көзі ілініп кеткен еді, тыстан дүбірлеген ат тұяғының дыбырымен селк етіп оялды. Аттардың ауыздығын қашырлата шайнағаны, үзеңгілердің сылдыры Бекбайдың құлағына ерекше жағымды естілді. Қасына өз ауылы көшіп келгендей қуанып кетті. Көкірегіне қайтадан жарқырап үміт шырағы жанды, бағанадан бергі кеудесін басып алған үрей мен түрлі-түрлі қорқынышты қиял лезде-ақ миынан көтеріліп кетті. Аттарды жетектеп Берікбол қораға кіргенде, Бекбай қуанғаны сондай, сенделектеп орнынан тұрып, ағасына қарай жүрді. Берікбол аттарды байлап қойып, Бекбайды тағы да біраз азықтандырды. Киіз қалтаға салынған пысқан ет мынау суықта да онша қатып кетпепті. Тамақтан соң Бекбайға буын бітіп, атқа құлдыраң қағып өзі мініп алды. Аттардың қолтығынан буы бұрқырап терлеп тұрғанына қарап, Бекбай ағасының бұл аттарды едәуір алыс жерден әкелгенін білді.

Қараңғылық қоюлай бере аттанған Берікбол мен Бекбай сол күні таң атқанша, ертеңінде күн батқанша тоқтаусыз жүрді. Мынау із-тозы жоқ қалың быдырмақ адыр ішімен келе жатқандарына қарап, Бекбай «қашып келе жатырмыз ғой » деп ойлады. Осы ойын анықтағысы келіп:

_ Берікбол аға, біз неге үлкен жолмен жүрмедік?_ деді.

_ Біз үлкен жолмен жүре алмаймыз, _ деп Берікбол бір түрлі сырлы кескінмен Бекбайға қарап қойды. Созып түсіндірген жоқ. Түсіндіргісі де келмесе керек.

Бірнеше жерден құрғақ тамақтанып алған бұл екі жолаушы қас қарайып ел орынға отырған уақытта ауылдарына келіп жетті. Үйлері шағын қыстақтың шығыс жақ шетіндегі оқшауырақ жерде болатын. Бекбай бір үйдің кенжесі еді. Ол әке-шешесін, ағаларын қатты сағынған-ды. Жүгіріп үйге кірді. Берікболдың әйелі Гүлсім ауыз үйде пешке от жағып отыр екен.

_ По, Бекей келді ғой, _ деп Гүлсім орнынан тұрды. Ол Бекбайды ертіп ортадағы үлкен бөлмеге кірді. Оң жақтағы жер төсектің үстінде керістей болып үлкен ағасы Берікқазы жатыр екен. Асты-үсті тақтайлы орсы үлгісінде салынған кең үйдің ішін сіреп тұрған кілем-кілше, басқа да үй жиһаздарынан біреу көшіріп кеткендейештеңе көрінбейді. Бекбай өз көзіне өзі сенбей қалды.

_ Әкем мен шешем қайда?_ деді Бекбай жыламсырап, бір сұмдықтың болғанын іші сезген еді.

_ Бекей, жылама, _ деді оң жақтағы жер төсекте басын көтеріп отырған Берікқазы, _ бәрін жолға салып қойдық. Жарықтықтардың да кеткені жөн болды. Тырнаштап жиған мал- мүліктерін бір-ақ сыпырып алып кеткенге төзе алмады ғой. Бекбай ағасының сөзінің мәнін іштей білді. Осыдан бір жыл бұрын тарих мұғалімі оқушыларға: «Тап біржола жойылады, жоғарғы тап адамдарының мал-мүлкіне кәмпеске жүріледі» деген еді. Бекбайдың құлағына сол бір сөз қайта естілгендей болды. Үй ішіне айналдыра тағы бір рет қарап шықты. Өз көзіне қанық үйдің сәнін келтіріп тұратын жылтырар нәрселерден ештеңе қалмапты. Әлгіндегі үйлеріне таяған кездегі жүрегін өрекіткен тамаша қуаныш лезде ғайып болды. Үй ішіне қараған сайын көңілі құлазып, иен далада тұрғандай сезіле берді. Керексіз үй мүліктері төр алдында бейберекет шашылып жатыр. Үлкен ағасы Берікқазының босанған

әйелше белінен төмен оранып отырғанына қарап, оның ауырып қалғанын межеледі. Бұрынғы қорада малы мыңғырып, аста-төк көпіріп жататын малды семьяның жарты-ақ жылда қурап мынадай күйге түскеніне Бекбайдың сенгісі келмеді. Кіші жеңгесі Гүлсім екі жапырақ қара нанмен бір шәугім қара шәй құйды. Жол бойы Бекбай «Жарым жылдан бері жанынан өтіп келген ашаршылықтың орнын ауылға барған соң, тамақты аямай ішіп толтырып аламын ғой» деп ойлаған еді. Енді оның орны толғаны сол, жандарына кепілдік етуі қиын болып қалғанын сезді. Қара шәйдан асығыс екі-ақ шыны ішкен Берікбол лып етіп шыға жөнелді.

_ Бұл бес-алты күнсіз орала алмайды ғой,_ деп Берікқазы Берікболдың соңынан қадала қарады. Бекбай ауылдың жағдайын ертеңінде бір-ақ білді. Мұндағы аталас туыс, құдандалы ілік-жілік адамдардың көбі ол дүниеге кетіпті. Кейбіреулері із-тозсыз жоғалыпты. Қайда кеткенін, өлі-тірісін ешкім білмейді екен.

Ауылдың шығыс жағындағы аласа қабақтың үсті балалар ақ сүйек ойнайтын әдемі көк текше еді. Текшенің жарымы аштан өлген адамдардың болымсыз томпиған бір-бір уыс топырақ үйінділерімен толыпты. Алғаш келгенде екі аяғында буын жоқ сияқты орнынан екі қолымен жер тіреп тұратын Бекбай, бір аптадан соң едәуір әлденіп қалды. Жеңгесі Гүлсімге көмектесіп, семьяның ұсақ-түсек жұмыстарына араласып қыбырлап жұмыс істей бастады.

Берікбол он күн дегенде тағы бір келді. Ол аман- сәлемнен соң екі шыны ғана шәй ішіп жолына түсті. Аздау болса да бірнеше күнге талшық боларлық ет әкеп тастады. Бұл семьяның күнделік күйбіні бір қалыпқа түсті. Жеңгесі су әкеліп шәй қайнатады. Арасында қыстақты аралап одан-бұдан сұрап, аздап тіске талшық етерлік азық тауып келеді. Мұндай кездерде Бекбай бесікте жатқан кішкене баланы айналдырып, тұра алмай топ болып жатқан ағасының дәретін төгіп күнді батырады. Бір айдан соң білді. Ағасы Берікбол қашып тауда жүр екен. Азықты қайдан табатыны белгісіз. Әйтеуір ыдыстары тақырлай бастағанда, түнделетіп келіп ет әкеліп беріп кетеді. Үлкен ағасы Берікқазы орнынан тұра алмағанымен кеңірдегі сау еді. Кейде ол «Мені өстіп қойған құдай ғой» деп күңірене кейіп күні бойы басын көтермей теріс қараған беті нәр татпай жатып алады. Мұндай шақтарда Гүлсім мен Бекбай екі жақтап жалынып ақшам қараңғылығы түскенде ғана басын көтертіп, ауызына дән тигізетін.

Сұмдықтың үлкені жазға таяғанда болды. Берікбол көп күнге келмей қалды. Үйдегі талшық етерлік дән атаулы тақа таусылды. Үшеуі енесін тосқан торғайдың балапанынша Берікболды тосып есікке телміріп отырған. Есіктен Берікбол кіріп келгенде, Гүлсім орнынан жылай түрегелді:

_ Құдай-ау, неге сонша кешіктің? Бір пәлеге жолыққан жоқсың ба? Екі-үш күннің алдында бір жаман тұс көріп едім,_ деді Гүлсім қазандағы мақсатсыз қайнап тұрған суға қарап. Бекбайдың да көзінен жас ыршып кетіп еді.

_ Қорықпаңдар,_ деді Берікбол оң жақтағы ағаш қобдидың үстіне келіп отырып,_ аздап қиналды. Бұрынғы бекінген жеріміз сезіліп қалды. Ұрлап-жырдап азырақ азық әкелдім, енді сендерге қиын болатын болды. Қар кетсе жақын маңда тұра алмаймыз. Ертістен арғы орманды тауға өтіп кетеміз ғой, _ ол оң қолына ұстай кірген тақыр тұлыбын қазан жаққа қойды. Гүлсім жүгіріп келіп тұлыпты ашты. Терісі сылынбаған тайыншаның бір саны және тұлыптың түбінде азыр-ақ ұн бар екен.

_ Балаға жақсы болды ғой,_ деп Гүлсім ұнды көргенде қуанып кетті.

_ Бар-жоғы осы болды.Көлік тауып орала алсам, Ертістің мұзы ерімей тұрғанда сендерді Қытай жеріне алып өтем. Осыны талшықтап күнелте тұрыңдар,_ деп Берікбол сөзін айтып, қайнаған қара суға қарамай, бұрынғы дағдысынша тағы лып етіп шыға жөнелді. Артынан әйелі Гүлсім де, інісі Бекбай да ілесе шықты. Екеуі тас қараңғыдан дүбірлеген Берікболдың атаның аяқ дыбысын ғана естіді.

Арық тайыншаның жалғыз саны мен екі қос уыс ұн талшықтағанда он бес күнге әрең жетті. Он күнге де жетпейтін еді, мұның жөнін Берікқазы келтірді. Қазандағы қара суға тайыншаның етінен

үшеуіне үш шайнам салдырып, үстіне аздап ұн сеуіп суды қайнатып-қайнатып ішетін жосынды тапты. Он бес күннен соң талшықтайтын тамақ тақа таусылды. Бір сәби бала, үш үлкен адам қара суға мөлііп отыруға тура келді. «Өлмегенге өлі балық жолығады» дейтін сөз бар. Гүлсім бір жылдан бері ара-тұра Берікбол әкелген еттің мұжылған сүйектерін жинап, ағаш кебежеге сала берген болатын, енді сол сүйектің нілін талшық етіу басталды. Берікқазы орнынан тұра алмайды. Гүлсім манайдағыларды кезіп, сенделіп жүріп, кейде бір жапырақ қара нан, кейде бір уыс бидай тауып келеді. Бәрінен де бесіктегі балаға қиын болған еді. Екі жасқа таясада әлі құйрығын басып отыра алмайды. Оған қарайтын адам да жоқ. Күні бойы бесікте таңулы жатады. Бекбай алғашында жыласа тербетіп, аузынан жырып тамақ беріп жүрді. Өйткені ол үлкен ағасы Берікқазының баласы еді. Бұлардың кейде жарым күн бойы бір-біріне тіл қатпай үнсіз отырып қалатын шақтары да болатын. Аш адамға сөйлеудің өзі де ауыр келетінін үшеуі де іштей сезінетін.

Гүлсім сырттан тілеп тауып келгенін алдымен балаға, асқанын қайнағасы Берікқазыға беріп, одан қалса Бекбай екеуі ауыз тиетін. Кейде екеуіне ерніне сыздық боларлық ешнәрсе қалмайтын. Барған сайын Гүлсімнің де дәрмені азайғаны білінді. Есіктен сенделіп кірген Гүлсім қолындағы болымсыз кір-кір жалғыз жапырақ қара нанды сүйектің ніліне жібітіп, бесікте жатқан балаға қарай алып жүріп еді. _ Болы, _ деді Берікқазы зірік етіп, _ осы баланы деп, қарғам-ау Гүлсім, өзің таусылатын болдың ғой, ересегіміз жанымызды сақтай алсақ сол да болар еді, мені қойшы, Берікбол үшеуің жан бағып қалсаңдар да болды ғой.

Гүлсім жылап отыра кетті:

_ Жеңешем көз жұмарында «осы шикі өкпемді өзіңе тапсырдым» деп екі рет айтып еді, _ деп Гүлсім орнынан сөйлей түрегеліп бала жатқан бесікке қарай жүді.

_ Тоқта! _ Берікқазының дауысы шаңқ ете түсті.

_ Жоқ, аға, балаға обал! _ Гүлсім екі қолы қалтырап есікке жете аламай еріксіз тоқтады.

_ Әуелі Бекбай екеуің азықтан, асса маған беріндер. Бірақ менің керегім жоқ, бүйтіп өлі мен тірінің арасында жатқанымнан жанымды қинамай үлкен ұйқыға ертерек кеткенім жақсы. Сендерді бойында жаны болса Берікбол әйтеуір шетелге әкетеді, _ деді Берікқазы. Ол екі тізесіне жапқан ескі елтірі ішігінің жағасын етсіз арық саусақтарымен шеңбектеп ұстап отыр еді.

_ Осы бір жолға. Мына аз нанды бере салайыншы, _ деп Гүлсім жалынышты кескінмен бесікке қарай жақындап еді.

_ Қайт! _ деді Берікқазы. Оның дауысы өте қатқыл шықты. Үңірейген аруақ сияқты сұрлы кескіні ерек қорқынышты болып кетті. _ Мына заман қай заман, екеуің тірі қалмасаң ұрқымыз бір-ақ құриды ғой. Ұрқымыз мына дүниеден құриды. Атымыз өшеді. Сәби бала бәрібір адам болмайды.

Берікқазының дауысы күңіреніп шығып еді, соңында көп айғайлап қарлығып қалған адам сияқты қырылдап барып тоқтады.

Бір жапырақ қара нанды Берікқазы баласына бергізбеді, өзі де жемеді. Ағасы жемеген соң, бала шикылдап тірі жатқан соң Гүлсім мен Бекбайдың кеңірдегінен бір тамшы су өтпеді. Сол күні Бекбай таңды шикылдап жүріп зорға атырды. Бесіктегі бала Берікқазының арт жағында жылауға да шамасы келмей ыңырсып жатыр екен. Бекбай басын көтеріп қарап еді, ағасы Берікқазы әлде қашан басын көтеріп алыпты. Өзіне тіке қарап отырғанын көрді. Ағасына бірнеңе айтқысы келгендей болып еді, көңілі айнығаны, иә бұзылғаны белгісіз, қарадай жылағысы келіп не айтарын білмеді. Аяғына бәтінкесін киіп, тысқа шықпақшы болып орнынан тұрды, онсыз да баланың ыңырсыған аянышты дауысы Бекбайдың жүрегін езіп бара жатқан болатын. Берікқазы Бекбайға қарап:

_ Ана баланы бесігімен көтеріп ішкі үйге кіргізіп таста _ деді бұйырып. Ортанғы бөлменің батыс жағында бір кішкене бөлме қаңырап иен тұрған. Бекбай ағасының бетіне жалтақтай қарап қойып, екі қолы қалтырап аз тұрды. «Обал-ай, обал» деп өзіне өзі іштей күбірледі. Қолы бесікке бармайтын

сияқты. Мына баланы өз қолымен өлтіргелі жатқандай қиналып кетті. Інісінің тайсақтағанын Берікқазы білсе керек.

_ Неғып тұрсың, кіргіз ішкі үйге, шикылдап мазаны алады екен.

Бекбай үнсіз келіп, дірілдеген қолымен бесіктің арқалығынан көтерді. Бесік қозғалғанда бала тамақ дәметсе керек, бұрынғыдан бетер шикылдап ыңырси бастады. Бекбайдың буын-буыны тіпті босап кетті, бесікті ішкі үйге үш демалып әрең кіргізді. Өзегін бір нәрсе өртеп кеткен сияқты, бір жалын көкірегінің ішінде тұрғандай болды. Қол-аяғы салдырап ауыз үйге шықты.

_ Жап ана үйдің есігін!_ Берікқаның даусы тағы саңқ ете түсті. Бекбай ішкі үйдің есігін жауып еді, сәбидің сақау кептердің уылы сияқты өшкін даусы естілмей қалды. Қаңғырап бос тұрған ішкі үйге онсыз да ешкім кірмейтін, бәрі ортаңғы үйде отырып, ортаңғы үйде жататын. Ағасы Берікқазыға қарап еді, ол арт жағына сүйеу қылған жастыққа шалқалап, қабағын қарс түйіп алыпты. Бірдеңе ойлап отыр ма, әйтеуір ерні жыбыр-жыбыр етеді мүмкін, ол ішінен сәбиді еріксіз аш қинаған күнасы үшін Алладан тілек тілеп, күнасына тауба қылып отырған болуы мүмкін. Берікқазы артындағы жастыққа қарай иегін көтеріп, шалқалаған соң, екі қолын екі жағына керіп тағы шалқалады. Соның бәрінде Берікқазының екі көзінің тас жұмулы жүргенін Бекбай әбден байқады.

_ Аға, бір жеріңіз ауырып қалды ма?_ деді Бекбай.

_ Еш жерім ауырған жоқ,_ Берікқазы көзін жұмған беті сөйледі,_ ана Гүлсімге көмектес, бірдеңе тапсандар екеуің бөліп же, бойында жаны болса Берікбол сендерді құтқарып кетер.

Берікқазының мына сөзі Бекбайға қуат бітіргендей болды. Тысқа шығып елден азықтық бірдеңе іздегісі келді. Бірақ жанынан бір нәрсесін жоғалтқан адам сияқты сипалақтап аз тұрған соң, Берікқазыға жапақтай қарап, аяндап есік алдына барды. Берікқазы екі көзін тарс жұмып мүлгіп отыр. Мүмкін, аштықтан қиналған жанына азда болса алғау болатындай бір тәтті ойдың жетегінде өзін өзі алдап отырса керек. Әрине, «Өмір деген не?» деп біреу сұрай қалса оған адамдардың қилы-қилы жауап беретіні анық. Бұған біздің де толық жауап беруіміз қиын. Дегенмен бір адамның тағдыры туралы толғанғанда, өмір деген арман қуып өткізген уақыт екені анық. Сондықтан арман деген мәңгі жеткізбейтін елес сияқты ғана сезіле береді.

Берікқазы екі көзін жұмып енді шалқасынан жатты. Бекбай бір нәрсесін жоғалтқан адам сияқты, сипалақтап есік көзінде тағы біраз тұрды. Үрейлі ойды ойлағысы келмеді. Ілбіп далаға шықты. Қыстақ ішінен қыбыр еткен жан пендесін көруге болатын емес. Шығыстан күн жылтиып шығып келе жатыр. Бұрынғыдай емес қыстың ызғары қайтып, қар беті бусанып, жылымық тарта бастапты.

Бекбай үйдің алдыңғы жағындағы тақыр дөңге шықты. Дөң үстінде шала көмілген адамдардың бейіті төмпек- төмпек болып қарауытып жатыр. Даладан көктемнің болымсыз дымқыл лебі келіп мұрнына ұрылды. «Ә, құдай, аман-есен жазға іліндіре көр» деп Бекбай сонау мұнарта созылып жатқан тау алқымына қарап жаратушыдан тілек тіледі. Сөйтті де тағы мынау ұсақ төмпек болып жатқан өңшең аштан өлген адамдардың бейітіне қарады. Тіпті кейбір жақында көмілгендерінің үстіне мандып топырақ үйілмепті. Әлде кімнің «Аштан өлген адамда бейіт болмайды» деген сөзін есіне алды. «Бейіті жоқ болғаны осы ғой, кейін кімнің бейіті екенін кім біледі, Байғазыны қайтты екен, жатаққа ешкім кірмесе иістеніп сасып кететін шығар, содан соң адамдар оны жыраға апарып тастай салар» деп ойлады. Бекбай өз ойынан өзі қорқып кетті. «Құдай өлімнен сақтасын, жаз шықса шөптің тамырын қазып жесекте өлмеспіз» деп ойлады. Аяндап қыстақ шетіне келді.

Бекбайдың көз алдына бесікте шалқасынан жатқан баланың ернінің дірілдегені келді. «Сәби байқұс аштан өледі-ау» деп Бекбай өзіне өзі күбірледі. Құлағына бесіктегі әлсіз дауыс тағы естілгендей

болды. Беті қараған жаққа қарай еш мақсатсыз жүрді. Қыстақтың аядай бір топ тамның арасынан анда-санда қылт етіп бір адам көрініп қалады да жоқ болады. Төңірек құлаққа ұрған танадай жым-жырт. Күн едәуір көтерілгенде Бекбай ырғалып үйге кірді. Гүлсім от жағып, әлгі көне сүйектердің суын қайта жылтқалы жатыр екен. Берікқазы басын тамға сүйеп теріс қарап алыпты. Тәңертең үй іші жел соғып ғажайып сүркей болып тұрғандай сезілген еді Бекбайға. Енді от жанғандыкі ме, ештеңе жоқ қазандағы сүйек нілінің исінен бе, әйтеуір үй ішіне болымсыз болсада жылылық орнай бастапты. Бекбай ұрлық істейтін адамша аяғын еппен басып ішкі үйге кірді. Аяқ дыбырын білсе керек, баланың ыңырсыған дауысы естілді. Бекбайдың балаға жаны ашып кетті. Ағасынан қорықсада өзін батылдыққа зорлап, сүйек нілінен Гүлсімге орта ожау құйдырып алып, түпкі үйдегі балаға қарай жүріп еді.

_ Токта!_ Берікқазы қасында жатқан таяғын жұлып алды, _ қайтып орныға отыр. Өзің іш.

_ Обал болды ғой, аға, әлі ыңырсып жатыр. Ол да жан иесі емес пе?!_ Бекбай сөзінің соңын айта алмады. Көзінен жас саулап кетті. Бекбай балаға қарай жылжыса таяқ басына сарт ете түскелі тұр.

_ Обалы бізде емес, обалы мынау жауыз үкіметте, _ деп кіжіне сөйлеген Берікқазы сілейіп тұрған Бекбайды таяғының ұшымен түртіп еріксіз орнына отырғызды, _ Сен обал дегеннің не екенін білесің бе? Халықтың өзінің тапқан дәнін өзіне жеткізбей аштан қырған үкімет жер жер болғалы, адамзат адамзат болғалы болмаған шығар-ау, соғысып, қан төгісіп жүріп өлсек не арман, аштан өлгеннің аты қандай жаман еді... Берікқазының даусының соңы күңіреніп шықты. Бекбай ағасының мынау қыршаңқы сөздерін естігісі келмеді. Гүлсімге қарай бұрылып, қолындағы шыныға тағы біраз сүйектің нілін құйдырып өзі ішті.

Берікқазының мінезі Бекбайға әбден белгілі, ызаланса көзіне ештеңе көрінбейді. Бала кезінде Бекбай осы ағасынан талай рет таяқ жеген. Сан жерде сан адаммен ренжісіп, кейде таяқ жеп, кейде әлде кімді сабап, жүрген жері ду болып жүретін Берікқазы Оның мынау екі аяғы салданып қор болып жатқаны болмаса талай харекет жасайтыны хақ еді. Егер Бекбай тіл алмай жылжитын болса, ырғай таяқтың басына келіп сарт ете түсіуінде дау жоқ болатын. Осы сал ауруды да сол өр кеуделігінен тауып алған-ды.

Гүлсім ескі күрең дорбаны алып қайыр тілегелі кетті. Берікқазы сүйектің нілінен бір ғана ұрттап қалғанын қайта қазанға құйғызып қойды. Оның қырыстанып жатқанын Бекбай да, Гүлсім де білді. Зорлап су болса да ішкізуге шамалары келмеді. Бекбай үй ішін сыпырып , бір шелек су әкелді. Күн түске таяғанда бүйірдегі үйге кіріп келді, балада дыбыс жоқ екен. Бекбай « Бала өлді» деп ойлады. Келіп бетін ашып еді тірі екен. Еріндері жыбырлап ыңырси жөнелді. Дегенмен үні ұзақтан шыққандай әлсіреп қалыпты. Бекбай баланың бетіне қайта қарай алмады. Күнә өткізген адамдай қиналып, баланың бетін жаба салып артына бұрылды.

_ Бала өлді ме?_ деді Берікқазы.

_ Жоқ.

Осыдан соң Бекбай да, Берікқазы да үндеген жоқ. Әсіресе, Бекбайдың жанын жеп бара жатқаны екі бірдей азаматтың масыл болып, жалғыз Гүлсімнің қолына қарап, оның тапқанын жегені болды. Бекбай түс ауа сенделіп тағы далаға шықты. Аш адамға күннің батуының өзі де қиын болған еді, бүгін күн жылы екен. Қара қырдаңдардың көбесі сөгіліп, қасат қарлар астынан босай бастағаны байқалды. Күн де тамылжып маужырап тұрды. Қыстақтың солтүстік жақ шетіндегі аласа белегірге қарай екі-үш адам бір қайықбас шананы бүкірейе зорға сүйреп барады. Олардың өлік шығарып бара жатқанын Бекбай көрген жерден білді. Мектептен алғаш қайтып келгенде, өлім шығарғандарды көрген сайын бойын ғажайып бір түрлі өлім үрейі баса қалушы еді. Бұл күнде ол үрей де қалмаған сияқты. Ол анау бір басып, екі басып, өлік жатқызған шананы әрең сүйреп бара жатқан топқа қарап ұзақ тұрды. Бұрын мұндай жиырма шақты семьясы бар қыстақты қойып, оншақты үйлі ауылда бір үлкен адам емес сәби бала шетінесе сол өңір ұлар-шу болып күңіреніп, аза білдіріп жоқтаушы еді.

Сол маңнан неше күнге дейін, ең берісі марқұмның жетісі мен қырқы өткенше алыс-жақыннан көңіл айта келгендердің аяғы үзілмеуші еді. Неше күннен бері он шақты адам жерленді. Бәр-бәрі де көктемде арықтан өлген қойдың жемтігін көме салғаннан еш парқы болған жоқ. Жоқтау айтып зарлаған әйел дауысы, күңірене созылып адамдардың алпыс екі тамырын ұйытып құран оқыған молланың дауысын есту мүмкін емес. Адамзат үшін жер шары, әсіресе мынау тірлік тірегі болған көркем табиғат қаншалықты қажетті болса, жер шары үшін де жер шарының құдіретін түсініп, көркемдігін сезетін адамзат сынды ақылды махұлұқ тіпті де қажетті ғой. Жер бетінде адам қалмаса, жер шарының кереметі неге керек. Бекбай өлік ұзатқандарға тағы бір рет қарады. Олар дөңнің үстінен жерді болымсыз ғана шұңқырайтып, өліктің үстіне бес күрек топырақты зорға үйіп қайтқанын анық көріп тұрды. Өне біреу қара тысты түлкі тымақ киген бүкір денелі адамның әлгі белсенді Қатай екенін де таныды. Оның былтыр жазда елдің малын хаттап-шоттап өрлі-қырлы шапқылағаны, кейбіреулердің жоғалып кеткен, ұмтылып қалған, туыс-туғанына берген малдарын үкіметке тығып қойды деп мәлімдеп, түрмеге жаптырғаны, бәр-бәрі үлкен адамдардың қарғап сілегенінен Бекбайдың құлағына сіңген. Дәл қазір Қатай да иген садақтай бүкірейіп сұлдері қалғаны білініп тұр. Бекбай аяндап Қатайдың үйінің қасындағы астық қамбасына қарай жүрді. Өлік жерлеушілер де ілбіп келіп Қатайдың үйінің алдына келіп тоқтады. Қатай жылап жүр екен, ұзын ақсұры пылашының жеңімен көзінің жасын қайта-қайта сүртіп қояды. Бекбай білді. Өлген Қатайдың әйелі екен. Ол оңға бұрылып астық қамалған тас кірпіш қамбаның алдыңғы жағына қарай өтті. Қамбаның қара құлып салынған темір есігіне арқасын сүйеп, біреу ырсыып күліп отыр екен. Неше күннің алдында астық қамбасының есігінің табалдырығына төгілген бірен-саран дәнді теріп шулап жүрген балаларды көрген болатын. Жақындап еді, мынау бала емес ересек адам екен. Екі тізесін құшақтай құшынып алыпты. Жақындап келген Бекбайдың жүрегі зырк ете түсті. Мынау адам күліп отырған жоқ, баяғыда өліп қалған екен. Бекбай бар дауысымен:

_ Кісі өліпті!_ деп айғай салды. Өліктің өңі қарайып, тістері әппақ болып ырсыып, көзі алдыңғы жағындағы жерге қадалған беті ашық қалыпты. Бекбайдың даусымен әлгіндегі өлік жерлегендер аяқтарын сүйрете басып сонда келді. Қатай өлікті құшақтап отыра кетті:

_ Сорлым-ау, сорлым, болмаса үйде өлмедің ғой! Қатайдың шикылдаған аянышты даусынан өліктің Қатайдың інісі екенін Бекбай білді. Қатайдың сыртынан арбаған жыланша сұқты көзін қадап өшіге қарады. Қатайдың жоны дөңкііп, аштықтан бұрауы кеткен өгіздей ілмиіп, қармақ сияқты бүгіліп кеткен еді.

Қайтып өз үйіне қарай артына бұрылып келе жатқан Бекбай:

_ Кәрі ит, _ деп тістеніп, _ халықтың мал- мүлкін тақырлап, қабы мен қалтасын қағып, ақыретінді жалмайтындай жалмаңдап кетіп ең, енді жалма ақыретінді. Ол дүниеге барғаныңда да халықтың сол малы сені шаян болып шағар!

Бекбай дауысының қатты шығып кеткенін сезбей қалды. Ол сол жүргенінен сенделіп қыстақ ішінде күн батып жерге қараңғылық түскенше жүрді. Астық қамбасына астық толып тұрғанын осы өңірдегі адамдар түгел біледі. Біле тұра бірде- бірінің қамбаға қол жұмсауға дәті бармайды. Бәрі де үкіметтің бұйрығы, Бекбайдың миының іші тұманданып кеткендей сезілді. Құлағына мұғалімнің сабақ сөйлегендегі дауысы естілгендей болды: «Төңкерістің мақсаты қанаушы таптарды тып-типыл жойып, еңбекші халықты азат ету, бүкіл дүниедегі езілген еңбекші халыққа бақыт жарату...» Бекбай аяғын сүйрете басып өз үйіне қарай жүрді. Ағасы Берікболдың өзін қалашықтан әкеле жатқанда айтқан сөзі есіне түсті. «Қарағым Бекбай, өте қиын болып кетті. Темір жолдың бойында қардан аяғы, басы шығып жатқан қазақтардың өлігі сан- санақсыз көп, қайда барсаң шулап жүрген қайыршы. Құдай сақтасын, есі дұрыс қазақтың қайыр тілегенін көрмеген едік. Заман мына түрімен тұрса құрып кетеміз ғой...»

Бекбай сенделген беті үйге қайтып келді. Гүлсім келіп алыпты. Әлгі сүйектің нілін жылытып жатыр екен. Есіктен кірген Бекбайға қадала қараған Берікқазы:

_ Бала өлді ме? _ деді зілді дауыспен.

Бекбай үнсіз, біреу желкесінен итергендей ішкі үйге әрең кірді. Бесікте үн жоқ еді, Қолы бесікке жайулы тұрған жұқа көрпеге әрең барды. Баланың бетін ашып еді, бала әлі өлмеген екен. Ернін жыбырлатып ыңырси жөнелді. Бекбайдың жүрегі дірілдеп, буыны босап кетті.

_ Өлді ме? _ Берікқазының зілді дауысы тағы шықты.

_ Жок.

Бекбай ауыз үйге шыққанда, Берікқазы теріс қарап алған екен. Гүлсімнің де өңі күндегіден солғын, бүгін қаңғып құр қол келгені білініп тұр.

Бекбай ағасы Берікқазыға жақында келіп отырып:

_ Әлгі белсенді Қатайдың бүгін әйелі де, інісі де өліпті, _ деді.

Берікқазы артына шұғыл бұрылып, Бекбайға қадала қарады.

_ Өз көзіңмен көріп келдің бе? _ деді сенбегендей раймен.

Әйелі кеше өлген сияқты, бағана дөңде жерленді. Інісі астық қамбасының есігіне арқасын сүйеп отырған беті өліпті.

_ Е, _ деді Берікқазы тісін тістеніп, _ бұл кәрі ит өте жауыз, нақ көкшолақ қасқырдың өзі. Осы үкімет келердің алдында, жаңа үкімет келсе малдарыңды алады, Сібірге жер аударады деп елді дүрліктіріп жіберіп, содан қорқып қашқан талай сорлы үкімет қолына түсіп жанынан айырлып еді. Ал, үкімет келгеннен кейін, малын жасырды, қашқалы жүр деп үкіметке шағыстырып, талай есілдерді жанынан жұда қылған болатын, ақыры өз басына келген болды. Ол иттің әлі тартатын жазасы бар.

Берікқазы Қатайға шегіне жете кектенгенде тек ит деп тілдегеннен ары бара алмады. Ұйғыр халқы «ит опа, қатын жапа» дейді екен. Біздің қазақ «ит _ ырыс» дейді. Мүмкін, қазақтар қорасындағы қойын көбінде ит күзететін болған соң ырыс деп айтқан шығар. Жок әлде басқа мағынасы бар ма екен. Көбінде адамдар өзінің жақтырмаған адамын ит деп тілдейді. Бірақ сол адам иттің адамға қарағанда әлде қайда ұлы хайуан екенін, адамның иттей болуы ұшын әлі талай тамаша қасиетінің кем екенін біле бермесе керек. Ит басына қандай өлім хаупі төніп тұрсада өзін баққан иесіне опасыздық жасамайды екен. Тіпті өзін тамақ беріп асыраған иесінің өмірін қорғау жолында талай иттердің жазықсыз өлген хикаясы адамды қайран қалдырады. Ит белгілі себептермен есінен жаңылғанда немесе миы ауысып құтырып кеткенде ғана иесін тани алмағандықтан қабады. Ал адам шы? Адам олай емес, адам жылт еткен аз ғана мүддесі үшін ең жақын адамдарын, тіпті өзіне ерекше қамқорлық жасаған аяулы адамдарына дейін қастандық жасайды. Ғалымдар адамды жер бетіндегі ең озық саналы хайуан дейді, бірақ адам иттің құлағы ести алатын жиіліктегі дыбысты ести алмайды. Бұл да адамдардың иттен әлде қайда төмен тұратындығын әйгілейтін шығар. Қалай болса солай болсын, жер бетіндегі омыртқалы хайуандар жөнінен алғанда, ең опасызы _ адам. Ең опалысы _ ит болып шығатын көрінеді. Мүмкін, ұйғыр халқы « ит _ опа» дегенде оның осы ұлы қасиетін ардақтаған шығар. Біз опасыз, екібеткей, жаман адамдарды итке теңесек, оның атақ – абыройы түскенін былай қойып, мәртебесі неше он есе көтеріліп кететіні даусыз. Иттің адам бола алмағаны сияқты, адамның ит бола алуы екіталай. Өйткені иттің қолынан келген іс адамның қолынан келмейді. Былайша айтқанда, дәл ит сияқты нақ жүрегімен опалы болу өте аз адамдардың ғана қолынан келеді. Берікқазының Қатайды ит деп тілдеуі расында Қатайдың мәртебесін асырғандық болып шығары хақ. Қатай ең кемінде адамдар жыртқыш санайтын қасқырдан да жауыз адам. Қазақтар «қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деп ән салады. Адамдар жолдасына қастандық жасауға құштар, өйткені олар атақ- абырой, байлыққа таласады. Ал қасқыр шы, оның қамы жалғыз кеңірдегі ғана. Ол өз қамы, кеңірдегі үшін аздап мал жесе, жер- жебіріне жете жауыз деп тілдейміз. Ал адамдар шы? Адамдар малды қоралап қырып жеп жатса жауыз болмайды. Адамдар бір- бірін топ- тобымен түрмеге кіргізіп,

топ- тобымен қырып жатса да барлық істеген ісі заңды, яғни солай істеуге тиісті сияқты білінеді. Оның керісінше, қасқыр бір лақты немесе қозыны тамақтап кетсе, яғни алып кетсе, адамдар оның соңынан неше түрлі тілдеп ұлар- шу болады. Әрине, қасқырдың өзі табиғат қой, ол мынау жарық дүниеге келген екен, кеңірдегін бағуға, тірі жасап ұрпақ өсіруге қажылы емес пе? Қасқыр ет хоректі хайуан ғой, ол аң мен малды жемесе басқа не жейді? Әсілі қасқыр жауыз емес, жер бетіндегі ең жауыз нәрсе тек адам екендігін адамдардың өзі толық біле бермейді. Берікқазы Қатайды ең жауыз көкшолақтың өзі деп қасқырмен тең қойып отыр. Егер сіз қасқыр мен адамның харектіріне ішкерілей үңілсеңіз, адамның қасқырдан әлде неше есе мықты жауыз екенін біле аласыз.

Берікқазы өңі сұрланып, Бекбайға қарап едәуір уақыт отырды. Берікқазының осылай салдалып қалуына да осы Қатай себепші болған еді. Сол күрсініс Берікқазының көз алдына тағы елестеді. Қолдарындағы малы түгелдей кәмпескеленгеннен кейін, Берікқазы ауылнайдың бекімі бойынша қыстақ пен аудан арасына прашкі арба айдаған болатын. Өткен жылы күзде, прашкіге ат жегіп жатқан Берікқазының қасына әдемі жылтыр қара ат жетелеп Қатай келді. Қатайдың өңі ерек сұрлы еді

_ Прашкіге мына атты қосып, бірнеше күн жуасыт, оған дейін мына атыңды мен мініп тұрамын, _ деді.

_ Мынау арбаға жегілмеген ат, үркіп, не өзін, не мені мертіктірер ме екен, _ деп Берікқазы аттан қашқалақтады.

_ Қайтсең де арбаға қосып көр. Бүлдіріп бара жатса көрмейміз бе.

_ Көзі өте шатынап тұр, тым шаргез мал екен. Бүгінше үстіне бір нәрсе жауып үйретіп алып, ертең бір-ақ прашкіге қоссақ, _ деп Берікқазы жалтақтап еді, оған Қатай ұнамады. Өңі сұрланып арбаның қасына жетіп келді:

_ Бәрі де осындай аттардан үйретілген. Мәселе атта емес, сенің идеяңда тұр, _ деп Қатай зілдене сөйледі. Берікқазының онымен тәжікелесіп тұрғысы келмеді. Жуас атты шығарып, қара атты күшеп арбаға жекті. Қатай аттың аяғындағы тұсауды ағыта бергенде-ақ қара ат прашкіні ала жөнелді. Прәшкінің мінер жақ иығы Берікқазыны соғып есік пен төрдей жерге бір-ақ ұшырды. Содан белі ауыра жүріп, өткен күзде тұра алмай қалған.

Берікқазының түнеріп теріс қараған беті ұзақ отырған кескініне қарап, манадан үнсіз тұрған Бекбай ағасының қасына жақын келіп :

_ Аға, бейуақыт болды ғой, болмаса басыңызды көтеріп бетіңізді отқа қаратып отырсаңызшы! _ деді жалынышты дауыспен.

Сүйектің нілінен Бекбай мен Гүлсім бір-бір шыны ішіп, едәуір әлденгендей жадырап қалды. Гүлсім сүйектің нілін құйып беріп еді, Берікқазы қолына ұстаған беті сілейіп отырып алды.

_ Суып қалды ғой, аға, тезірек ішіп алсаңызшы! _ деп Гүлсім жалына сөйлеп жанына келді. Берікқазы тағы қатқылдыққа басты. Өз қолындағы шыныны зорлап Гүлсімге ұстатты. Берікқазының дән жұтпағанына едәуір уақыт болған, ерніне дым тигізбегеніне де үш күннен асқан, бірақ Берікқазы сонда да тың жатыр еді.

Ертеңінде Бекбай күндегісінше тағы ерте түрегелді. Берікқазы да күндегі әдетінше басын көтеріп, Бекбайға қарап отыр екен. Оның еті арылып, үңірейген екі көзі күндегіден өткір болып кеткендей байқалды Бекбайға. Бекбай ағасының көзінің өңменінен өте қадалғанына шыдай алмады. Ағасын «пәле іздеп жатыр ма?» деп ойлады.

_ Бала өлді ме, көрші? _ деді Берікқазы. Берікқазының дауысы күндегідей емес, бүгін сәл қарлығыңқы естілді. Бекбай біреу желкесінен сүйрегендей ішкі үйдің табалдырығынан зорға аттады. Аяғын сүйрете басып бесіктің қасына барды. «Бүгін, сөз жоқ, өлді» деп ойлады ол. Бесікке жабулы көрпені ақырын ашты. Баланың ерні тағы жыбырлады. Жер астынан шыққандай болымсыз дыбыс естілді. Бекбай өзінің жүрегін бір нәрсе ерітіп езіп бара жатқандай сезінді. Ауыр бір тыныс алып ауыз үйге шықты.

Бұл жолы Берікқазы баланы өлді ме деп сұраған жоқ.

_ Баланың бойында әлі жан бар екен,_ деді Бекбай. Берікқазы теріс қараған беті үнсіз жатыр. Бекбайдың сөзін естігені, естімегені белгісіз. Бекбай Гүлсіммен ілесе тысқа шықты

Қыстақтың шығыс жағындағы жаттық қырдағы үйілген бір кішкене нәрсеге бір топ қарға ұйлығып алыпты.

_ Анау не?_ деп сұрады Бекбай Гүлсімнен.

_ Екі жылдың алдында бір көне қырман бар секілді еді,_ деді Гүлсім.

Гүлсім қыстақты аралап қайыр тілегелі кеткенде, Бекбай буынсыз аяқтарын сүйрете басып сол ескі қырманға барды. Қалдық сабандары баяғыда қуарып қарайып кетіпті. Ойына бір нәрсе түскендей, сабанның қардың астынан шыққан шетін аяғымен аршып, онан соң тақыр жердегі топан үгіндісін қолымен ақырын сыпырып еді, қарайып кеткен бір тал бидай көріне кетті. Бекбай қуанып кетті. Жан дәрменімен бидайды алып аузына салып шайнап дәмін алды. Кәдімгі бидайдың өзі, бір тал дән Бекбайға ерекше дәмді сезілді. Тағы бір сипап еді, тағы бір дән шықты. Түске дейін жанқалтасына бір уысқа жуық бидай терді. Бұл «дән емес тура жан» деді Бекбай өзіне- өзі күбірлеп. Қас қарая үйіне келді. Есіктен кіре:

_ Бидай, Гүлсім, бидай!_ деп қуана айғай салды. Гүлсім пеш аузында бәрінен үміт үзіп, Берікболдан да үміт үзіп жылап отыр еді. Бекбайдың даусынан селк ете түсті.

_ Бидай таптым, Гүлсім! Бидай! Құдай бізге өлмес талшық берді,_ Бекбай қолын қалтасына салды, _ шыны әкел, шыны!

Бекбайдың тосын қуанышы Гүлсімді де абдыратып тастады. Шыны қолына әрең ілінді. Бекбайдың тергені орта шыныдан сәл артық екен.

Ана сүйектің ніліне жармын салып қайнатыңдар, деді Берікқазы бұйрық беріп,_егер қырманнан теріп алсаң жақсы болды. Сендер өлмей қалатын болдыңдар. Бекбай сен күн бойы тапжылмай тер. Жарты бидай қалтырма, сонымен жандарың қалады. Берікқазының өңінен қуаныш нышаны байқалғандай болды.

_Мақұл, аға, мына тамақтан сіз де біраз ішіңіз, _ деді Бекбай. Жауап орнына Берікқазы Бекбайға қадала қарап:

_ Бала өлді ме?_ деді қатқыл дауыспен.

Бекбай еріксіз түпкі үйге кірді. Тез келіп бесіктің бетін ашты. Өзінің қимылының неге тездегенін Бекбай білген жоқ. Сәби бала, әппақ шөлмек болып ұйықтаған жандай тыныссыз жатыр екен.

_ Өліпті, аға,_ деді Бекбай. Бекбайдың үні сәл дірілдеп шықты. Осы шақ ағасын «көңілі не деген қатты адам еді» деп ойлады.

_ Қырман жақтағы шилі дөңге бетін жасыра салыңдар,_ деді Берікқазы. Сөйтті де бар жалынын шығарып ауыр бір тыныс алды,_ көзім жұмылған соң мені де сәбидің қасына қоя салыңдар...

Берікқазының сөзінің соңы үзіліп-үзіліп әрең шықты. Гүлсім жүгіріп қасына келді. Бекбай қайтерін білмей аңырып тұрып қалған еді.

_ Мына кісі жүріп кетіпті,_ деді Гүлсім.

Бекбай да ағасының тынысының тоқтағанын білді.

Бекбай мен Гүлсім оның басын қыбылаға қаратты. Марқұмның өзінің айтуы бойынша екінші күні Бекқазы мен баласының сүйегін сол дөңге апарып жерледі. Қыстақтағы тірі адамдар, әйтеуір бойында жаны бар деген болмаса, бәрі де үрдесе ұшып кететіндей қалтылдап, жұптарына жетіп, қалдері құрып тұрған. Арыстай азамат Берікқазы мен баласының сүйегін он шақты адам қайықбас шанамен, беті ери бастаған сылбыраң қардың үстімен алып жүріп дөңге алып шықты. Өлім иесі болған соң Бекбай бар күшін салып сүйреді. Әуелі жердің жұмсақтау жеріне Бекбай тесенің жүзін тигізді. Жер әлі де тоң екен. Он шақты жігіт бірінен соң бірі неше шауып, әрең дегенде белуардан ғана келетін шұңқыр қазды. Бекбай тағы біраз қаза түскісі келіп шұқырға түсіп еді, ауылдастың бірі:

_ Әй, Бекбай балам, осы да болды. Мына елің қып-қызыл аштан мәлкілдеп әрең тұрған жоқ па, өлген кісі кетті, тіріміз тірліктің қамын қылмасақ болмайды, _ деді. Осы сөз медет болды ма, Бекбай шұңқырдың ішін өзі әбден тазалаған соң, тысқа шықты. Бойында қуаты бар бірнешеуі әуелі Бекқазының сүйегін жатқызып, қасына баласын қойды. Қабірдің бетін тақтаймен жауып, топырақты шоқитып төбесіне үйіп қыстаққа қайтты.

Сөйтіп Берікқазы мен сәби баласы бір шұңқырда жатты. Бекбай мен Гүлсім тырбанып тағы да өлмеудің қамына кірісе бастады. Көне қырман бұларға құтқарушы болды. Бекбай жерге жарық түсіп, көзге дән көрінетін шақта кетіп, көзіне дән көрінбейтін қараңғылық түскенде ғана қайта оралады. Бұл Бекбайға едәуір жақсы кәсіп болды. Ауыздарына аздап бидай дәні түскеннен бері, Гүлсім екеуі едәуір қуаттанып жырғап қалды. Күнде құрғақ қайнаған су ішкендігі болса керек, алғаш аздап бет-ауыздары іскен болатын. Дән тауып жегелі ісігі қайтып, денелері де жеңілдеп кетті.

3

Бекбай дөңдегі көне қырманның орнында қалған аз ғана шірік топанды күнде тоқтамай тырнап, тауық тарпығандай қорыс-қопасын шығарды.

Алғашқы күндері тырналаған еңбегі төленіп, жарым шыныға жуық қураған бидайдың дәнін тауып алып қуанып қайтушы еді, бара-бара дән де азая бастады. Түске дейін сабанды қырманның шығысына аударса, түстен кейін қырманның батысына қарай қайта бір рет аударып шығатын. Ақыры аз ғана топанның ішіндегі дән де таусылайын деді. Бүгін Бекбай қолына бірде дән іліктіре алмай, екі алақаны қып-қызыл қан болып, үйге сенделіп әрең жетті. Гүлсім өз төсегінің алдындағы сырмаққа жастық қойып, бүк түсіп жатып қалыпты. Бекбай қолын жуып еді, екі алақаны удай ашыды. Қырманның тап-тақыр бетіне топанның шірік үгіндісін жайып, бір тал дән іздеп, алақанымен күн бойы сипап, екі алақаны тесіліп кеткен еді, күп-күрең болып қанталап қалыпты. Қолын жуып орнынан тұрмақшы болып еді, тұра алмады. Сол жағына қарай жамбастап құлай кетті. Аз дем алып бойына бар қайратын жиған соң шалқалап алып, екі шынтағымен жер тіреп, төрге таман жылжып кигізге шығып сұлық жатты. Бекбай өзінен де, жеңгесі Гүлсімнен де хал кеткенін әбден білді. Осыдан аз күн бұрын бұндағы аштан өлгендерді көргенде, яғни естігенде өне бойы бір ысып, бір суып бойын қарадай үрей баса қалатын. Енді ажал аузын арандай ашып, «екі күннен кейін жолыңа түсесің» дегендей төніп келгенін жаны әбден сезседе онша үрейленген жоқ. «Аштықтың азабынан құтылармын» деді өзіне өзі күбірлеп. Жеңгесі Гүлсім де дәл сол шақ: «Берікбол жоғалды. Ол сорлыны үкімет ұстап алды ғой, біздің жанымыз олардан артық емес, өлсек өлерміз» деп күбірледі. Мынау ғажайып өлім адамдарды өздері тіке ажалға мойын ұсынатын күйге келтіріп отырып әкететін өлім болды. Бекбай сол қырына аунап Гүлсімге қарады. Гүлсім сол бүк түскен беті өңі ақшыл тартып, үнсіз жатыр. Көздері жұмылы. Мүмкін, ол «О дүниеге кетсем көзім ашық кетпесін» деп ойлаған шығар. Жоқ әлде көздерін жұмып, мынау үй ішінің сүркейлі кейпін көргісі келмеді ме, жоқ әлде екі көзін тарс жұмып, бір ерекше ләззаты бар тәтті қиялды жан азық етіп жатырма екен. Бекбай сан құбылтып ойлап, өзі де көздерін жұмып, бір тәтті қиялды көз алдына келтіргісі келді.

Кенет сырттан шыңғырған әйел даусы Бекбайды да, Гүлсімді де бастарын жерден жұлып алғызды. Бекбай орнынан сенделектеп тұрып, есікке әрең жетіп, аз дем алған соң сыртқа шықты. Өздерінің бас жақ қасындағы көршісінің әйелінің дауысы екен, шаштарын дудыратып төгіп жіберіп, жер тырналап зарлап жатыр. Маңайында мандыған адам жоқ. Аңадай жердегі ақ үйіндісінің қасында аузы әппақ болып, бір қырынан құлап, оның жеті жастағы жалғыз ұлы сұлық жатыр. Бекбайдың да көңілі босап жылағысы келді. Бірақ көзінен мүлде жас шықпады. Баланың аштыққа шыдамай ақ үгіндісін қауып жіберіп өлгенін Бекбай білді. Аяқтарын сүйрете-сүйрете басқан бірнеше адам жиналып, баланы өз үйіне қарай көтеріп кетті. Әлгі әйелдің зарлы даусы басылған жоқ, Бекбай

_ ??? ????? ????? ????? ????? ??????? ??, ???, ????? ?? ?? ???, _ ?? ????????? ????? ???????
?????

???????? ????? ??????? ?? ?? ?? ?????, ??????? ???. ????? ???????, ?????????, ????? ??????? ???????,
??????, ?? ????? ?????-???????? ??????? ???. ????????? ????????? ????????? ????????? ????? ??????
???????????? ????????? ????????? ????????? ????????? ?????????.

_ ????? ????? ????????? ?????, _ ????? ???????.

_ ????????? ????????? ????? ????????? ?????, _ ?? ????????? ????? ????? ????? ????????? ??????? ?? ????????? ????????? ?????
?????. ????????? ????? ????? ?? ??????. ????????????? ?????, ????? ?????.

????? ?????? ????????? ????????????? ?????, _ ?? ????????? ?????-???????? ?????? ????????? ?????? ?????,
???????? ?????? ???. ????????? ????????? ?????-???????????? ?????? ???, ????????? ??????? ?? ????????? ??????
???????? ??????. ?? ????????? ?????? ????????????? ????????? ??, ?? ?????? ?????? ????????????? ????????? ?????.

????? ????? ?????????, _ ?? ????????? ????????????? ?????? ????????????? ?????? ????????????? ?????? ?????? ?????
?? ?? ????????? ?????? ?? ?????. ?????????? ?? ?????? ????????????? ?????? ????????????? ?????? ?????? ?????????
?????????:

_ ????? ????? ????????? ?????? ?? ?? _ ????? ????????????? ??????????. ?????? ?????????? ?????? ??????, ?? ????????? ?????
????? ??????. ?????? ?????? ?????? ?????. ?????? ?????? ?????? ?????? ?????????? ?????? ????????????? ?????? ?????
????????? ??????.

қаптарында өткен күндері мен алдағы жақындап келе жатқан ажалдың үрей көлеңкесін сан құбылтып ойлап жатыр еді.

Сырттан көпке дейін естіліп тұрған әйел зары да бірте-бірте басылып қалды. Мүмкін, ол да зарлаймын деген жоқ шығар. Зарлауға, жылауға шамасы келмей қалған шығар. Әлде кімдердің сыртқы жақтан күбірлеген дауыстары естіліп тұрған еді, сәлден соң бәрі де тындым болып, үй ішін ғажайып бір үрей тыныштығы басты. Бекбай үй ішінің ала көлеңке тартқанына қарап, күннің кеш кіргенін білді. Аздап болса да Гүлсімнің көңілін жұбатқысы келді.

_ Гүлсім, басымызды көтерейік. Күн бейуақыт болыпты. Кім біледі, бүгін Берікбол ағам келіп қала ма, түнде түсіме кіріпті, _ деп Бекбай күнгірлей сөйледі.

_ Әй, кім біледі, Бекей. Мен ыңғай қорқынышты түс көргелі көп болды. Берікбол екеуіміз ұзақ жасай алмайтын сияқтымыз. Әйтеуір бізді ұмытпа, _ деп Гүлсімзорға күлімсіреді.

_ Қойшы, Гүлсім, ондай жаман сөзді айтпасаңшы, _ Бекбай басын көтеріп орнынан тұрмақшы болып екі қолымен жер тіреп еді, буын-буыны дірілдеп кетті. _ «Жығылып түспейін» деп ойлады. Жамбасымен ақырын сырғып пештің аузына барды. Қураған ағаш жаңқаларын қағазбен араластырып пештің аузына тыққан соң, басын көтеріп отырып от тамызды. От жанысымен үйге ғажайып бір әдемі жылылық пайда болды. Бұл шақта Гүлсімнің аздап су ішкісі келген еді, ол қайнағасы Берікқазының бір айдың алдындағы «Су іше бермендер, құрғақ су ісік ауруына шалдықтырады» деген сөзін есіне алды. Сонда да аздап болса да ішкісі келді. Басын көтеріп еді, екі құлағы шыңылдап, көздері қарауытып кетті. Пеш аузында отырған Бекбайды да көре алмай қалды.

Бұл үйде сүйектің нілі де қалмағанына үш күннен асыпты. Аз ғана сүйек нілін талшық еткеніне де он күннен асып кеткен. Гүлсім басын көтергісі келді, оң қолын жерге тіреп, оң қырымен тұруға ұмтылып еді, жер тіреген қолы дірілдеп, буыны құрып кетті. «Өлім хабары осы ғой, енді басымды мәңгі көтере алмаспын» деп ойлады. Дәл осы шақ көз алдына Берікболдың биік балуан кескіні елестеді. Екеуінің бір көріп-ақ бір-біріне ғашық болған, сол бір тәтті ләззатты шақтар көз алдынан шұбырды. Екеуі Ертіс жағасындағы әдемі көк дөңде қол ұстасып отырған еді, Берікбол Гүлсімді мойнынан тартып:

_ Гүлсім, сенің көзің әдемі ғой, әуелі көзіңнен сүйейінші, _ деп екі көзінен кезек сүйген кездегі жүрегі жарылардай алқынып, Берікболдың көкірегіне балапан торғайша жабыса түскені көз алдына елестеді. Сондағы Берікболдың күректтей жалпақ алақаны бетін сипағанда, Берікболдың алақаны

ыстық па, жоқ, өзінің беті от болып қызып кетті ме, оны Гүлсім айыра алмай қалған. Махаббат ләззатына елітіп отырып Гүлсім:

_ Берікбол, мәңгі сендікпін,_ деген еді, сонда Берікбол:

_ Тірі болсақ бір күркеде, өлсек бір көрде жатамыз,_ деп Гүлсімді кішкене баланы көтергендей кеудесіне көтеріп орнынан тұрған. Сол шақ енді ғана бала мұрттаған Берікболдың сәл дүрдіктеу бала ерні Гүлсімнің сәби баланың ерні сияқты жұп-жұқа ерніне келіп тиген. Гүлсім көздерін жұмған беті сүюдің жан ләззатын тұңғыш рет сезініп, мас адамдай бойы балқып, буынсыз күйде тәтті құшақта ұзақ жатқан еді. Сонан кейін де кең далада талай рет аймаласқан.

_ Жоқ, _ деп Гүлсім өзіне өзі күбірледі, _ біз сен айтқандай, өлсек бір көрде бола алмайтын болдық, тірі кезімізде де бір күркеде мейіріміміз қанғанша сырласып тұруды Алла бес-ақ күнге жазыпты.

Гүлсімнің көзінен аққан жас екі самайынан ағып құлағына келді. Бірақ жылағанын Бекбайға білдіргісікелмеді. «Бекбай жылап жатқанымды сезсе, қорқып кетеді ғой» деп ойлады. Сөйтті де қолының сыртымен оң қырынан жатып көзінің жасын сүртті. Дәл осы шақта өлімнен үрейленген жоқ, қайта бойына қайрат жинап бекіне түсті. Пеш аузында пыс-пыс етіп от жағып жатқан Бекбайға көзінің қырымен қарады. Ол жамбасынан жатып, бір қолымен отынды пешке қайта-қайта салып жатыр екен. Әлі тың секілді. От жағарлық қауқары болды деген сөз тіршілік қуаты түгей қоймағанын білдіреді ғой. «Көзім жұмылып кетсе, мені дөңге кім апарып жерлейді? Іргемізде еш туыс-туған жоқ. Бекбайда хал қалмады, менің көзім жұмылса Бекбайға қиын болады-ау» деп ойлады. Көз алдына тағы да Берікбол елестеді. «Уа, сүйікті, аяулы жарым Берікбол, қош, қиямет машарда кезігейік. Уа, жарық дүние қош!» деп сыбырлады. Дауысы үзіліп-үзіліп әрең шықты. Бар қайратын бойына жиып басын сәл көтерді. Басы зеңіп кетті. «Өлген деген осы ғой» деп ойлады. Қайтадан сұлық жата кетті. Көкірегінде бір өкініш сазы запыран сияқты кеудесін шеңбектеп тұрған сияқты сезілді.

_ Бекей деп дауыстады Гүлсім.

_ Ау,_ деп пеш аузынан Бекбайдың дауысы шықты.

_ Бекей, сен қорықпа, ер жігітсің ғой, бүгін өлеміз бе, ертең өлеміз бе, жоқ, бұл дүниенің бізге арнаған рыздығын түгел тауысып өлеміз бе, оны Алла біледі, _ Гүлсім тамсанып қойып сөзін тағы жалғады, _ ішімде бір арманым кетіп барады. Той жасап ағаң Берікболмен анық бес күн бола алмадым. Онымен ең құрғанда өлер шағымда екі ауыз тілдесе алмадым...

Гүлсім сөзінің соңын айта алмай сұлық жатып қалды. Дәл осы шақта есік шиық етіп ашылып Берікбол кіріп келді.

_ Берікбол ағам келді ғой! _ деп Бекбай пештің қасындағы аласа үстелге сүйеніп орнынан тұрды.

Гүлсім өз құлағына өзі сенбей жан дәрмен ұшып тұрды. Өзіне қалай дәрмен бітіп, орнынан қалай тұрып кеткенін білмей қалды. Сенделектеп келіп есік алдында тұып қалған Берікболды құшақтай алды. Берікболдың қолындағы көне тоз былғары сомке жерге түсіп кетті. Гүлсім Берікболға сүйеніп ұзақ тұра алмады. Оның етінен арылып шидей болып қалған арық саусақтары Берікболдың бийығынан босап сырғи бастады. Гүлсімнің әбден әлсіреп кеткенін Берікбол енді білді. Келіншегін сүйеп отырғызып, былғары сомкедегі темір торсығын қолына алды. Қазан жақтан екі шыны әкеліп, салқын әрі ашты қара шайды екеуіне де ішкізді. Гүлсімнің мейірі қанып кеткендей болды. Маңдайы тершіп бүкіл денесі жадырап кетті.

_ Көп кешіктің ғой, енді келмесең өлетін едік, _ деп Гүлсім жылап жіберді.

_ Он бес күн жол аңдыдым. Қашқандарды қуған солдаттар шекара жақта қайшалысып жүр. Бүгін ғана сәті түсті, _ Берікбол сыртқы киімдерін шешіп, _ сендер өте ашығып кетіпсіңдер, тамақты көп жеулеріңе болмайды.

Берікбол тез қимылдап, бір шәугім ашты қара шәй қайнатып Бекбай мен Гүлсімге аздан-аздан ішкізді. Соңынан аздап нан үгіндісін талшықтап берді. Бекбай тамақ болса бір-ақ оуып жіберетіндей

болып отыр еді, қара шәйдың соңынан аузына салған нан қоқымы коңілін көтергендей сәл қиналыс байқатты

_ Көңілім айныған сияқты болып тұр,_ деді Бекбай Берікболға үрейлене қарап.

_ Ештеңе етпейді, аш адамның өзегіне дән түскенде сондай болады,_ деді Берікбол

Бұлар түн ортасы ауғанша аз-аздан бес рет тамақтанды. Бекбай мен Гүлсімге де жан кірді. Бұл екеуін ұйқы баса бастады.

_ Ұйықтамаңдар,_ деді Берікбол үй ішіне аралай көз тастап,_ қазір жолға шығамыз. Көлік нашар, көп жүк ала алмаймыз. Сатқанда ақшаға жарайтын, салмағы жеңіл, көлемі кішкене, алып жүруге епті нәрселерді ғана аламыз.

Берікбол лезде үй ішінің астаң-кестеңін шығарып жақтырған нәрселерін теріп қоржынға салды. Манадан Берікболдың қимылына қарап үнсіз отырған Гүлсім:

_ Әнеу тұрған темір қобди үлкен ағаныкі еді, ашшы, ішінде не бар екен,_ деп қалтасынан кілтін шығарып берді.

Берікбол темір қобдиға сүле ғана қарап, құлыбын ашты. Шолақ сапты балта, тістеуік, темір кесетін кескіш, тескіш, әр түрлі темір-терсектің қиқымы екен. Берікбол ренішті кескінмен қобдиды төңкеріп төге салды. Гүлсімнің көзіне елеусіз кішкене құрым қалта шалынды.

_ Әнеу құрым қалтаны алшы,_ деді Гүлсім.

_ Мұндағы мықтаса аттың шегесі шығар,_ деп қалтаның аузын буған таспаны шешті де тақтайлы еденге төге салды. Үшеуінің көзі жарқ ете түсті. Қалтадағы алтын , күміс екен.

Қытай жеріне барғанда бірденеге жарар,_ деп Берікбол алтын-күмісті құрым қалтаға қайта салып, қойнына тығып алды. Өздеріне қажетті керек-жарақтарын түгел алып, Берікбол Бекбай мен Гүлсімді ертіп далаға шықты. Күн бұлыңғыр тартып тұмандана қалыпты да, түн көзге түртсе көргісіз қараңғы екен.

Маған еріп отырыңдар,_ деп Берікбол қыстақтың шығыс оңтүстік жақ шетіндегі көне тас қораға келді. Мұнда үш ат ертеулі дайын тұр екен.Берікбол өзі демеп Гүлсімді атқа мінгізді. Бір аттың шылбырын Бекбайға ұстатты:

_ Атқа міне алатын шамаң бар ма?_ деді Бекбайға бұрылып. Бекбай үзеңгіге аяғын салып, екі ұмтылып атқа міне алмады. Буыны құрып кеткен екен.Оның атқа міне алмағанын білген Берікбол келіп қолтығынан демеп атқа мінгізе салды.

Осылайша үш жүргінші, яғни қашқын түн бойы шығыс оңтүстікті бетке алып тартып отырды. Түн ортасы ауып, таңға таяған шақта Берікбол атының басын тартып кідіріс жасады :

_ Естерінде болсын,_ деді ол екеуіне қадағалап сөйлеп,_ осыдан аз жүрген соң таулы өңірге кіреміз. Жер қиын, қорықпай аттарыңның басын еркіне жіберіндер, ат жығылмайды. Оқта-текте бейтаныс біреу кезіксе мен сөйлесемін. Сендер мылқау адам кейпіне еніп аласыңдар. Бекбай сен ұмытып қалма!

Берікбол сөзін қадағалап ұқтырған соң әйелі мен Бекбайға ат үстінен азырақ тамақ жегізіп алып тағы жолға түсті.

Үш жүргінші тау арасының бірде жаттық, бірде өр-ылдилы болып келетін жолсыз жерлерімен түн жамылып тоқтаусыз тартып келеді. Бұл қар негізінен кеткен мамыр айының басы еді .Онда көктем лебі білініп жер көгілжім тартқанымен, тауға қарай өрлеген сайын суық жел соғып, сүркейлене бастады. Тағалы аттардың тасқа соғылған тағасының сартылы мен аттардың пысқырған дауысынан

басқа бұл өңірден ешбір бөгде дыбыс білінбейді. Алғашындағы көзге түртсе көргісіз қараңғылық жүре келе сұйықтап кетті ме, жоқ көздері қараңғыға үйірлесіп кетті ме, әйтеуір шет-шегіне көз жеткісіз мынау меңіреу қараңғыға көміліп, мұнартып жатқан қара қоңыр таудың ердің қасы сияқты айыр кезеңдері мен шөгіп жатқан нар сияқты көлденендей қалатын мұрыншақтары енді Бекбайға анық-анық көріне бастады.

Бекбайдың миын жүрген сайын түрлі-түрлі үрейлі ойлар торлап алды. «Біз басқа бір елге қашып келеміз, барғаннан кейінгі күніміз не болар. Танымайтын ел, көз көрмеген жер. Кіндік қанымыз төгіліп, балауса уыз табанымыз тұңғыш топырағын басқан Атамекендегі көргілігіміз осы болды, тағы қандай азапты күндер бізді тосып тұрғанын бір Алланың өзі білер» деп ойлады. Бірнеше рет жеңгесі Гүлсім мен ағасы Берікболға сөйлегісі келіп еді, бірақ өзінен-өзі айтар сөзін жұтып үнсіз кете берді. Ең алда келе жатқан Берікбол анда-санда атына қамшы ұрып қойып, мойнын созып айналасына көз салып қояды. Еңіс жерге келгенде Берікбол желе жөнеледі де, ал қайқаң өрге келгенде атының еркіне салып аяңдай қалады. Бір кезде бұлар түйенің өркеші сияқты аш кезеңге шығып, оң қол жақтарына қарай жалғыз аяқ қабырға жолмен қапталдай жөнелді. Астыңғы жақтарының терең шатқал екенін Бекбай қап-қараңғы болып үңірейіп жатқанынан-ақ білді. Бұлар жүрген сайын беттеріне көктем желі сұп-суық болып ұрылып, жайлаудың дымқыл салқын ауасының жағымды исі кеңсіріктеріне ұрылды. Жолдың үстіңгі-астыңғы жақтарында бұта-бүргендердің де көбейе бастағанын Бекбай анық сезіп келе жатты. «Алла жол берсе өлімнен құтылған шығармыз» деп ойлады Бекбай. Дәл осы шақтағы Гүлсімнің ойы басқаша еді. Ол сонау адамдары күн сайын азайып, бір-бірден жер қойнына кіріп жатқан үрейлі қыстақтан шыққалы артына әлде неше рет жалтақтап қарады. Өздерінің ес білгелі атын ғана естіп бір бұрышын да көрмеген жат елге кетіп бара жатқандарын ойлаған сайын, мынау қалып бара жатқан ажал ұясы іспетті шағын қыстақты қимайтын ғажайып бір сезім көкірегін тырналай бастаған-ды. Екі көзіне мөлдіреп жас іркілді. Осы бір жандарын әрең алып шыққан сүркей қыстақта, мәңгі қиғысыз қымбат нәрсесі қалып қалған сияқты болып, көңілі құлази берді. Бірақ ол не нәрсесінің ұмтылып қалып бара жатқанын қанша толғанса да есіне келтіре алмады. Түннің ортасы ауғанша, осы биік тас қыратқа шыққанша Гүлсімнің көзінің жасы тоқтамады.

Қабырға жол бұларды тағы біраз жүрен соң, ұстараның жүзіндей қара тас қыратқа алып шықты. Бұл шақта шығыс жақтағы түнгі аспаннан жиегі бозғылт тартып, таң белгісі біліне бастағанын аңғартқан еді. Қыраттың арғы бетіндегі жүктей жартастың түбіне келіп атынан түскен Берікбол :

_ Аттарыңнан түсіп кеңіп алыңдар, азырақ ат белін суытып алайық, _ деді.

Бұлардың қайда келгенін, бұл жердің қай жер екенін Берікбол ғана біледі. Гүлсім де, Бекбай да үнсіз атынан түсіп, қол-аяқтарын жазып, арлы-берлі жүрді.

_ Кіші аға, шекараға жақындап қалдық па, _ деп Бекбай ағасы Берікболдың қасына келіп әлдекім естіп қоятындай сыбырлай сұрады.

_ Ойбой, қарғам-ай, шекара қайда, әлі де екі күн жүреміз. Күндіз мықты бекініс тауып қозғалмай жатамыз. Осылайша үртіс түнде жүріп отырсақ, екі түн жүрсек, Алла амандық берсе шекарадан өтеміз, _ деді Берікбол.

Манадан мынау биік таудың қыратына шыққанға, Бекбай «Шекараға келген шығармыз» деп ойлаған болатын. Берікболдың сөзінен соң көңілі суып, өзінен-өзі қарадай қобалжи қалды. Бірақ көңіліндегі қорқынышын Берікбол мен Гүлсімге айтқысы келмеді. Бекбай да, Гүлсім де аяқтары ауырып, қайта-қайта үзеңгіден аяқтарын кезек-кезек шығарып әрең шыдап келе жатыр еді, мына демалыс екеуін едәуір сергітіп тастады. Арбері-жүріп буын-буындарын созып, бойларын жазып жырғап қалды.

_ Атқа қайта мінейік! _ деді Берікбол атының сауырын қамшымен сипап тұрып.

Бұл жолы Бекбай атқа жеп-жеңіл мініп кетті де, Гүлсім атқа үш ұмтылса да міне алмады. Берікболдан бұрын Бекбай атынан қайта қарғып түсіп, Гүлсімді қолтығынан демеп атына мінгізді. Бекбай атына мініп жолға түскен соң, «Ей Алла, үлкендер әйел адам аштыққа берік болады деуші еді, мына Гүлсім неге осынша босап кетті. Байқұс, қолына ілінген тіске сыздық болар бірденелерді маған беруші еді-ау» деп ойлады. Сөйтті де Гүлсімге ала көлеңкеде өзінен өзі мейірлене қарады. Ол ат үстінде Берікболдың соңынан өбек-өбек етіп, құр сұлдері ғана кетіп бара жатқан жандай сезілді Бекбайға. Гүлсімнің осыншалық иіні түсіп жүдегеніне Бекбайдың жаны ашыды.

Берікбол таң ағарып атқанда өз әйелі Гүлсім мен Бекбайды ертіп, қалың бүргенді, екі жағы құзар шың, шыңның тамақтары қалың қойтас болып келетін биік тау қапталына келді. Үш атты үш қойтастың арасындағы көгал текшеге байлап тастады. Онан соң Бекбай мен Гүлсімді ертіп аттардың үстіңгі жағындағы үлкен үңгірге келді. Үңгір іші дымқыл болғанымен мұнда астыға төсеніш ететін сырдақ, шөп сияқты нәрселер бар екен, бір түкпірде ыдыс-аяқтар да тұр. Бұл шақта анау шығыстағы шоқының кетігінен күміс күн де шекесін көрсетіп келе жатқан-ды. Бекбай үйге келгендей бойы сергіп едәуір жеңілдеп қалғанын сезді. Берікбол үңгірдің түбіндегі қабаттап салынған сырдақтың үстіне шалқалап аз жатқан соң барып басын қайта көтерді. Інісі мен Гүлсімнің көзі Берікболға тігулі еді. Берікбол да бұл екеуінің көзінің не сөйлеп тұрғанын білді.

— Екеуің екі жағыма отырыңдар, — деді. Гүлсім сол жағына, Бекбай оң жағына келіп жүрелеп отыра кетті.

Берікбол орнынан тұпып, үңгірдің сол жақ босағасында жатқан жалпақ тасты алды. Жалпақ тастың асты терең шұңқыр екен, шұңқырдан екі тұлып алып шықты. Екі тұлыптағы түгел тамақ екені Бекбай мен Гүлсімге белгілі болды. Бір тұлыптағы тоңазыған пысқан етті алып, асықпай етігінің қонышынан пышағын алып, екі кесек кесіп, екеуінің қолына ұстатқан соң, сырлы шәугімді көтеріп үңгірден шыға жөнеліп, лезде бір шәугім су алып қайта кірді.

— Бұл бір мықты бекініс, суы өзінде, деді Берікбол суды екеуіне құйып беріп жатып, — күндіз осында бекініп жатамыз. Қараңғы түскен соң жолға шығамыз. Біз төте тартсақ шекара жақын еді, бірақ ол жақ өте қатерлі. Шекараның бер жағында күзет күшті. Ар жағында бер жақтан өткізген тыңшылар көп. Біз бүгін түнде Ертістен өтеміз де орманды өңірге ілініп дем аламыз. Алла жол берсе, ертең түнде Қаба шекарасынан да өтерміз.

Бекбай да, Гүлсім де Берікболдың сөзіне сөз қосқан жоқ. Бекбай ішінен «Мына Берікбол мұнша көп жерді, осыншалық қиын шекараның сырын қайдан біліп алды екен» деп ойлады. Сөйтті де Берікболдың мынау қиындығына іштей қайран қалды.

Бағанадан Берікболдың аузына қарап отырған Гүлсім үңгірдің бір түкпірінде тұрған аң терісін әкеліп Берікбол мен Бекбайдың алдына жайды. Тұлыптағы тоңазыған еттен екі кесегін алып тері дастарқанның үстіне қойды. Суды қайтерін білмей сұраулы көзбен Берікболға қарады.

— Әнеу ыдыстарға суды құйып әкеле бер, мұнда от жағуға болмайды. От жақсақ қазір-ақ аңшылардың көзіне түсеміз. Осылайша қара сумен әлі бірнеше күнді өткіземіз, — деді Берікбол. Гүлсім шеті кетілген екі шыныны әкеліп Берікбол мен Бекбайға су құйып берді. Мынау тоңазыған ет қаншалық арық малдың еті болса да Бекбайдың ауызына ерекше тәтті сезілді. Шынын айтқанда, Бекбайдың былтыр күзден кейінгі ауызын толтыра тамақ шайнағаны осы еді, аузындағы қатқыл етті ұзақ-ұзақ шайнап дәмін әбден алған соң ғана жұтып отырды.

Тамақтан соң Берікбол Бекбайды ертіп үңгірдің сыртына шықты. Жартастың түбін жағалап, биік екі шоқы тастың арасындағы ашамайдың қасы тәрізді иықшаға келді. Берікбол артына бұрылып:

— Мына кетіктен сайға қарай көз салшы, — деді. Бекбай кетіктен ұмтылып астыңғы жаққа көз салды. Ирпеңдеп жатқан алып Ертіс төменгі жақтан жарқырап анық көрінді. Сай тағанынан бірнеше жерден шұбатыла көтерілген ақшулан түгін шүйкедей шұбатылып көк зеңгір аспанға көтеріліп барады.

_ Астыңғы жағымызда ел бар екен ғой, _ деді Бекбай арт жағындағы Берікболға бұрылып.

_ Ел болғанда иін тіресіп отырған ел бар. Біз күн бата келген ізімізбен қайта қайтып , ана қыраттың , _ Берікбол арт жақтарындағы терең жылғаның қарсы бетін нұсқады, _ ар жағындағы саймен құлдап Ертістен ат салып өтеміз. Алла жол берсе Ертістен өтсек құтылып кетерміз.

Дәл осы шақ Бекбай өздерінің ұстараның жүзінде жүргенін анық аңғарды. Тағы бір рет кетіктен ұмтылып анау Ертіс аңғарына көз салды. «Ертістен ат салып өтеміз» деген сөз құлағына қайта естілгендей болды. Жүрегі сәл дір ете қалып еді, тұла бойы бір ысып , бір суып кетті.

Аздан соң Берікбол Бекбайды ертіп келіп аттардың ерін алғызып, үлкен қойтастардың арасындағы терең жыраға шылбырынан арқандап қойды.

_ Аттар әбден суыды , біраз жайылған соң суарып қойсақ күн батқанша тыңайып алады, _ деді Берікбол.

_ Қараңғыда Ертістен өте аламыз ба? _ деп Бекбай күмәнды жанарын Берікболға бұрды, _ мына кез өзеннің тасыған шағы ғой.

_ Алаңдама, _ деді Берікбол Бекбайдың арқасынан сипап, _ мынау үш жануардың үшеуі де ерекше сушыл. Нағыз ерге серік болатын аттар.

Екеуі кеңесе үңгірге келіп кірді. Гүлсім қоржынды жастанып, бір түкпірде бүрісіп жатыр екен. Берікбол мен Бекбай келген соң басын көтерді. Қынаның дымқыл исі кеңірікті жарған үңгір ішінің салқын ауасы Гүлсімді ширатып, шаршағанын жеңілдетіп жіберген еді. Берікбол келіншегі Гүлсімнің бетіне кадала қарап аз тұрды. Гүлсімнің өңі нұрланып, бүгін ерекше сұлуланып кеткен сияқты сезілді. Бұрынғы доп-домалақ беті жоғалып, қара торы өңі ақшыл тартып ашаңдай қалған екен. «Ой , тәуба, әйел адам жүдеп етінен арылғанда да сұлуланып кете ме қалай» деп Берікбол өзіне өзі таң қалды. Той жасағандарына жылдан асқанмен анық бес күн бірге тұруды жағдай нәсіп қылмаған еді. Бірақ дәл осы минуттағы Гүлсімнің көңіл-күйі Берікболдың ойынан мүлде басқаша болатын.

Көкірегін ай бойы өлім үрейі торлаған Гүлсімнің арманы, жан біткенді бір шайнам дәнге зар қылып, көздері ашық кетіп жатқан сансыз боздақтармен бірге сарғайып жүріп, қосылған жары Берікболмен бірге көз жұмып, мынау сыры мен қыры белгісіз ғажайып хикімет құйрықсыз заманның ит қырқа азабынан ерте құтылу еді. Дегенмен тәңір Гүлсімнің көз жасын көлдетіп күңіренген сол бір риясыз жүрегінің ақтық тілегін қабыл қылды. Мынау иен таудағы тас үңгірге аман-есен жеткен соң Гүлсімнің тынысы кеңіп, жан сарайы ашылғандай көңілі бір түрлі желпініп кетті. «Ей, Алла, өзіңе жалынарым, енді қандай кезде, қай жерде болса да құдай қосқан қосағым Берікболмен бірге жан үзіп, бақи дүниенің тыныш құшағына бірге баруды нәсіп ете көр» деп ішінен әлде неше рет тәубасын үйіріп тілек тілеп үлгірді.

Тамақтан соң Бекбай мен Гүлсім ұйықтап қалды. Берікбол әлсін-әлі тысқа шығып аттарын байқаумен болды. Аттары да жайылып, су ішкен соң жүндері жылтырап, терін құрғатып ала қойған екен. Аттардың сауырын сипап қойып, қайта айналып үңгірге келді. Бекбай қорылдап ұйқыда жатыр. Келіншегі Гүлсімнің қасына келіп отырды. Берікбол бұрын байқамаған секілді, Гүлсімнің қап-қара ұзын кірпіктері екі көзі жұмылып ұйқыға кеткенде тіпті де әсем болып кетеді екен. Сәл қалыңдау жаралған еріндері бөлек сүйкімді болып кетіпті. Болымсыз ғана жымыып, күлімсіреп жатыр. Берікбол көз алмай едәуір уақыт қарап отырды. Өзінің Гүлсімнің жүзіне телміріп ұзақ отырып қалғанын ол алғашында сегзен жоқ еді. Бекбайдың :

_ Атты, атты, қаш! _ деп ұйқысырап айғайлаған даусынан соң барып, өзінің мұнда жүрелеп ұзақ отырғанын сезді. Оң жақ аяғы ұйып қалыпты. Бекбай өз даусынан өзі оянып кетті. Өңі әппақ болып басын көтерді.

_ Не болды? Шошып ояның ғой, _ деді Берікбол.

_ Алла, _ деді Бекбай көзін бір ашып ,бір жұмып, _ сені біреу мылтығын оқтап атқалы жатыр екен, қорқып кеттім.

_ Ештеңе етпейді, «түс түлкінің боғы» деген, одан қорқатын ештеңе жоқ. Мен біраз кірпік айқастырып алайын. Сен ана аттарды байқай тұр. Күн бата бере мені оят, ұқтың ба?

_ Ұқтым, _ деде Бекбай орнынан тұрып бара жатып, _ күннің өзі кешкіріп қалыпты ғой.

Берікбол Гүлсімнің қатарына киімшең қисая кетті.

Бекбай үңгірден шығып төңірекке көз салды. Бұл маңда өздерінен басқа жан пендесі көрінбейді. Көктемнің суық желі аңырап әлі соғып тұр. Бір басып, екі басып ілбіп аттардың қасына келді, аттар жайылып тұр екен. Бұрынғыдай емес денесі жеңілдеп, бойы едәуір сергіп қалған сияқты сезілді. «Әйтеуір иен жерге келіппіз ғой, енді азық таусылса, құрт-құмырысқа жесекте өлмеспіз» деп ойлады. Ойлады да осы ойынан тез қайтты. «Құдайым ондай құрт-құмырысқаға көзімізді сатып, аузымызды арамдайтын күнді басымызға келтірмесін» деп өзіне өзі күбірледі. Жартастан құлап түскен жүк бойы тастың аласа иықшасына оң қолын қойып дардай тұрды. Анау арт жақтарынан орап жатқан биік тау қыраты шалғайырақ жерлерді көрсетпей қоршап тұр. Бекбай өздерінің ес біліп етек жапқалы мекен етіп келе жатқан сары адырдың қайда қалғанын, тіпті қай жақтарында қалғанын да мөлшерлей алмады. «Әнеу биікке шықсам қалайда жер зұрығын білер едім» деп ойлады. Өздерінен жоғары екі қыраттың жарыса барып бас қосқан жеріндегі шоқыға қарап тағы біраз тұрды. Күн ашық болғанымен жел едәуір қатты екен. Бекбай өзінің сәл тоңази бастағанын сезді. Қайта ілбіп үңгірдің аузына келді. Үңгірдің есік алдында әр түрлі жалпақ тастар көп екен. Бір қарағанда адамдар әдейі жатқызған сияқты, енді бір көзбен жіңішкелеп қараса тым ретсіз еді. Ол жалпақ тастарды басып арлы-берлі жүрді. «Құдай мұны осылай жаратпаған шығар, мұнда да бір сыр бар ғой» деп ойлады. Сөйтті де таңертең Берікбол апарып көрсеткен тау кетігіне келіп алысқа көз салды. Бірақ жер дүниені түгел аппақ шаңыт басып тұрғандықтан онша ұзақ жерлер көрінбеді. Таңертеңгідей емес, төменгі үңірейіп жатқан шыңырау, ойдағы өзен де бұлынғырланып көрінбей қалыпты. Осы кезде Бекбайдың есіне осыдан үш жылдың алдындағы марқұм әкесінің есік алдына шығып тұрып төңірекке көз салған соң :

_ Айналамыздағы таулардың басын түгел мұнар баса қалған екен, бұл жақсылықтың нышаны емес қой, ей, Алла, аз ғана елдің басына мұнар түсіре көрме , деп екі қолын жайып , ішінен әлде нелерді күбірлей айтып бет сипағаны есіне оралды. Жүрегінің сәл қобалжу тартып , ары-бері жүгіргісі келген сияқты болғанын сезді. Арқасын жартасқа сүйеп , аласұра ызындаған көктем желінің әлі толық бүршік жая қоймаған союу бүргендерге , анау меңіреу жалпақ жартастарға ұрылғандағы бірде ұрандап, бірде ысқырған сүркейлі дауысын тыңдап ,көзін жұмып тағы біраз тұрды. Ол көзін жұма салумен көз алдына мыңғырып төрт түлік мал айдаған , қызылды-жасылды киініп көш алдында кетіп бара жатқан қыз-келіншектер , шұбырған қалың түйелі көш елестей қалды. Осындай салтанатты көшті Бекбай бес жасында , ел жайлауға көшкенде кебежеде отырып көруші еді , онда Бекбай кейде ыстық күнгі көште кенезесі кеуіп шөлдеп қиналса , кейде қарлы боран бұрқақтап , иек-иектеріне тимей сақылдап тоңатыны есіне оралды. Дәл қазір соның бәрі бір түрлі жағымды , ерек рахат сияқты білініп , көңілінен ғажайып бір сағыныш лебі есе қалғанын сезді. «Па, шіркін! Ол недеген бақытты заман еді» деп өзіне өзі күбірледі . Ол ұзақ, тәтті ойдың жетегінде тұрып күннің ұясына батып бара жатқанын байқамай қала жаздады. Көзін үлкен ашып төңірекке қарады. Қарады да үңгірге келді. Берікбол әлі қорылдап ұйықтап жатыр. Гүлсім басын көтеріп , сыртқы шапанының үзілген түймесін қадап отыр екен.

Бекбай Берікболдың қасына келіп , бір тізерлей отырып , кішкене баланы оятатын адамша сыбырға жақын ақырын дауыспен:

_ Бекей, күн батты, тұрасың ба? _ деді.

Берікбол жастықтан басын тез жұлып алды. Айналасына алақтай қараған соң, қасында томардай болып отырған Бекбайға қарап:

_ Күн батты ма? _ деді.

_ Күн енді ғана батты. Аттар жайылып тұр, маңайда ештеңе көрінбейді, _ деді Бекбай.

Тағы да Берікбол екі көне сырлы аяққа су құйып, Гүлсім мен Бекбайдың қолына топаны молдау екі кесек етті ұстатты. Өзі сәл кішірек бір кесек ет алып жей бастады.

_ Бүгін ұзақ жол жүреміз, екі бірдей үлкен өзеннен ат салып өтеміз, _ етті жеңкіреп алындар, _ Берікбол сөйлей отырып, Гүлсімнің қолындағы етті турап берді, _ алда қандай күндер болады , күн жүреміз , түн жүреміз, арқырап жатқан ағыны қатты асау өзендерден өтеміз, биік-биік асқар таулардан асамыз. Кейде күні-түні тамақ іше алмауымыз мүмкін. Тамақты ат үстінде шауып келе жатып жейтін кездерде болады. Үйде, өзіміздің ауылда жүрген жоқсындар, сергек, қайсар болындар. Бір нәрсеге жолыққанда сасқалақтап ес-ақылдарыңнан айрылмаңдар.

Берікболдың сөзіне Бекбай мен Гүлсім үнсіз бастарын изеді. Берікбол қолындағы етті лезде жеп болып , тысқа шыға жөнелді. Ол жартастың түбіндегі ескілі-жаңалы шөпке күн бойы жайылып, едәуір тынығып алған үш аттың қасына келді. Аттары терлерін онша құрғата алмасада, бүйірлері шығып едәуір тыңайып қалған екен. Берікбол аттарды әкеліп ерттеген соң , Гүлсім мен Бекбайды ертіп шығып атқа мінгізді. Бұлар жүре жөнелгенде күн батып, төңірекке қараңғылық ұялай бастаған еді.

5

Берікбол бастап үш атты үңгір аузынан алыстап, кешкі қараңғылыққа сүңги жөнелді. Ең артында кетіп бара жатқан Бекбай артына қайрылып үңгір аузына көз салды. Мынау жалғыз күн баспана болған тас үңгір кәдімгі өздерінің үйі сияқты көрініп, арт жақтарында бір тамаша салынған үйлері қалып бара жатқандай сезілді. Бекбайдың ұлан қыста қарны тойып, ұйқысы әбден қанған күн дәл осы еді, аузына тамақтың дәмі келіп, мейірлене тамақ жеген жер де осы үңгір болды. Бір күн болса да жанына рахат бағыштаған болымсыз тұрақ Бекбайдың көзіне өте ыстық көрініп кетті. Қараңғыда аузы үңірейіп қалып бара жатқан үңгірге қайта-қайта жалтақтап қайрылып қарады. Бекбай өзінің ұлан қыста дәл бүгінгідей жадырап, бүгінгідей мейірленбегенін іштей сезді. Екінті ақшамның бұлыңғыр қараңғылығында үңгірдің қарайған аузы бара-бара көрінбей қалды. Берікболдың соңында Гүлсім кетіп барады. Ол Берікболдың көзіне кеше кештегідей емес, бүгін едәуір ширап қалған сияқты сезілді. Атының тізгінін сілкіп, анда-санда тебініп қояды. Мынау түнгі жүріс Бекбайға түндегі келген жақтарына қайтып бара жатқандай сезілді.

_ Берікбол аға, _ деді ол дауыстап, _ біз келген жағымызға қарай қайтып бара жатқан жоқпыз ба?

Берікбол атының басын тоқтатып:

_ Оның рас, біз келген жолымызбен қайта қайтып, жарым сағаттан соң өзенге еңкейеміз. Бұдан кейін сөйлемендер, ауылға жақындап келе жатырмыз, _ деді де жүре жөнелді.

Үш жүргінші түн қатып едәуір жүрді. Бірде қабырғада келе жатса, енді бірде екі жағы үңірейген қыратта келе жатады. Бір кезде атының басын тартып тоқтай қалған Берікбол :

_ Өзенге жақын қалды. Мен өткел бар жерді көріп белгі салып келейін, _ деп алдыңғы жаққа қарай қараңғылыққа сүңгіп жоқ болып кетті. Берікбол кетіп көп өтпей жақын маңнан үрген иттің дауысы естілді. Бекбайдың да, Гүлсімнің де жүрегі дүпілдеп бойларын үрей баса қалды.

_ Құдай-ай, әлгі көзге түсіп қалып пәле болмаса болды ғой, _ деді Гүлсім Бекбайға сыбырлап. Оның үні дірілдеп шыққанын Бекбай білді. Өзінің үрейін оған білдіргісі келмеді :

_ Қорықпа , _ деді Гүлсімге жақындап, _ Берікбол екені рас болса әйтеуір бізді құтқарып шығады.

Бекбайдың мына сөзі Гүлсімге едәуір алғау еді. Жүрегі дүпілдеп соғып, бойы қалтыраған сияқты болып бара жатыр еді, енді сәл тынысы кеңіп, миын торлаған қорқынышты үрей жеңілдегендей болды. Әлгіндегі үрген иттің даусы да бара-бара басылып қалды. Бірақ Берікбол дереу қайта айналып келе қоймады. Аттардың да белі талып, қарнын айыл қиса керек, бір орында тұра алмай тықырши бастады. Бекбай атынан қарғып түсіп, өз атының айылын босатқан соң, Гүлсімнің атының айылын да азыр- ақ босатып қойды.

_ Берікбол бір пәлеге ұшырамаса болды ғой , _ деді Гүлсім. Гүлсімнің үні жылауға жақын дірілдеп шықты. Айтарға болмаса уақыт созылған сайын Бекбайдың да көкірегін үрей орап , алаңдай бастаған болатын. Сонда да ол Гүлсімді үрейлендіргісі келмеді. Өзіндегі қорқынышты ішіне бүгіп алды. Шамасы келгенше үнін қатқылдау шығарып , Гүлсімді тағы да қайраттандыра түсетін бір-екі ауыз сөз айтқысы келді.

_ Неден қорқасың, өзен ондай жақын болмаса керек, жақын болса өзен суының сылдырын болса да естісек керек еді, _ деді Бекбай. Бекбай сөзінің аяғын жимай Берікболдың атының дыбыры естілді. Бекбай да аттардың айылын тартып, қайта атына мініп үлгірді. Аяндап жетіп келген Берікбол :

_ Қорықпаңдар, қатты жөтелмендер, сөйлемендер, елдің арасынан өтеміз. Тек маған ілесіп үндемей жүріп отырсаңдар болды, _ деді.

Көп өтпей биік қабақсоқтыдан түсіп, ағарып жатқан машина жолға келгенін Бекбай анық білді. Бұлар осы машина жолмен оңға бұрылып аз жүрген соң, бұлт етіп машина жолдан шығып солға бұрылды да, қалың шидің арасымен жөнелді. Аздан кейін Бекбай өздерінің қайсы бағытта қалай жүріп келе жатқандарын мүлде білмей қалды. Бір кезде әлгі ну шиден шығып тастақ тақыр жермен жүріп өзен жағасына жетіп келгенін бір-ақ білді.

_ Ертіс өзені осы, _ деді Берікбол атынан түсіп жатып, _ қорықпаңдар , аттың басын қоя беріп , аттың жалынан мықты ұстап алыңдар, естеріңде болсын, ерден ауып кетсеңдер де аттың жалын жібермесеңдер болғаны ат сендерді қайтсе де жағаға алып шығады. Өзеннің арғы жағасы да дәл осындай жайдақ. Бұл ерте заманнан жүкті түйе мен көш өтіп жүрген өткел екен. Өзеннің осы арасы таяз болғандығынан ба, едәуір жалпақ. Екеуің менің өр жағымнан өзенге түсесіңдер, маған қарамай тұзу тарта берсеңдер болды.

_ Мақұл, _ деді Бекбай.

Дәл осы кезде арт жақтарынан үрген иттің дауысы шығып, дабырлаған адамдардың айғайлап сөйлескені естілді.

_ Түсіңдер өзенге, _ деп Берікбол атын ұрып жіберіп, Бекбай мен Гүлсімнің аяқ жағынан өзенге түсіп кетті. Гүлсім қорқып аз іркіліп еді, Бекбай оның атын айдап өзенге түсіріп жіберді де, өзі оның өр жағынан қатарласып атының тізгінін қосып ұстап алды. Өзеннің арғы жағасы көрінбейді. Көзге түртсе көргісіз қараңғылық бұлардың қалай келе жатқанын да білгізер емес. Гүлсімнің еңіс жағынан жаындаған Берікбол:

_ Аттарыңның басын еркіне қоя беріңдер, _ деді асыға дауыстап, мүмкін, бұлардың дауысы естіліп қалса керек, артқы жақтарындағы дабыр көбейіп, бір топ адамның қабақ үстінде қол шырақтарын жарқылдатып жүргені анық көрінді.

_ Қашқын! Қашты! _ деген орысша жіп-жіңішке шіңкілдек дауыс құлақтарына найзадай қадалды. Бекбай мен Гүлсімнің бойында жан қалмады. Бекбайдың ат жалынан ұстаған екі қолының білегі дірілдеп, өлім үрейі лезде жүйкесін торлап алды. «Енді құтылмаймыз ғой» деп ойлады ол. Ертістен сан рет түнде өтіп әбден үйренген үш ат қаз-қатар малтап келеді. Гүлсімнің қолы ат жалынан бір рет босап кетіп , жан дарменде ат жалын зорға қайта қармады. Өзеннің шығыс оңтүстік жағасына

жиылған адамдардың дыбыры да басылып қалды. Үшеуі де өзеннің арғы жағасына есен-сау жақындады. Шығыс солтүстік жағадағы қалың ну терек қап-қара барқыт болып анық көрінді.

Өзеннің солтүстік жағасы да жаттық екен. Жағаға шыға бере аттар бірінен соң бірі арт-артынан сілкініп алды.

Жүріңдер, қандай жағдайда да дауыс шығармаңдар, менің соңымнан көз жазбай ілесіңдер, деп Берікбол тарта жөнелді. Үш жүргінші бұл күні таң атқанша тау арасымен жүріп, таң ата шағын өзеннен келіп өтті. Өзеннің оңтүстік жағасындағы текшеде тас үйіндісі сияқты бөлек болып жатқан қара қоыр нәрсенің қасына жетіп келгенде, Берікболдың аты үркіп жалт берді. Ала көлеңке таң жарығында, шашылып жатқан жүк пен айқасып жатқан қазақтардың өлігін Берікбол анық көрді. Осының алдында ғана Қытайға қашқан қазақтардың осында келіп орыс солдаттарының қолынан қырылғанын біле қойды. Мұнда аялдауға болмайтынын сезді. Дереву Бекбай мен Гүлсімді ертіп сайдың теріскей қапталындағы қалың қарағайға қарай қайқая жөнелді. Жер әлі дегдімепті. Қарағайдың етегі батпақ екен. Аттар тайғанақтап жүріп қарағайға әрең ілінді.

Бұлар қарағайға келіп кіргенде, таң да ағарып ата бастаған еді. Қарағай арасындағы ат жүре алатын соқпақтармен сайдың басына қарай шығыс солтүстікке тік тартқан Берікбол күн ай жайылғанда көлделен жатқан үлкен тас қыратқа келіп тірелді.

Аттан түсіңдер! деді Берікбол, бүгін осында қозғалмай отырып күн батырамыз!

Бекбай мен Гүлсім аттарынан түсті. Ес-ақылы шығып қайтерлерін білмей бір-біріне қарап үнсіз тұрып қалды. Екеуі де әлгіндегі айқасып жатқан қалың өліктен шошып кеткен еді.

Бекбай, сен әнеу қарағайдың арасына аттарды байла, Гүлсім сен балапан қарағайдың арасына кіріп ұйықта, деді Берікбол. Бекбай аттарды қарағайдың арасына мықтап байлап, Гүлсімнің қасына келді. Бекбайға үрейлене қараған Гүлсім:

Бекей-ау, жүрегім қобалжып, қатты қорқып тұрғанымды қарашы, деді жыламсырап. Гүлсімнің өңі үрей басып қуқылдап кеткен еді.

Қорқатын ештеңе жоқ, Берікбол бізді қайтсе де Қытай жеріне алып өтеді, деп Бекбай кесете сөйледі.

Қарғам-ай, сен енді ғана он үш жасқа шықтың. Кейін күніміз не болады, Гүлсім қол орамалын алып, көзінің жасын сүртті. _Мынау тірі тұзақтан аман-есен кете аламыз ба?

Атқа мініңдер, тез, атқа мініңдер! Берікболдың сасқалақтаған даусы шықты. Бекбай мен Гүлсім орындарынан тұрып, аттарына қарай жүгірді. Берікбол да жүгіріп атының қасына келген еді.

Қорықпаңдар, атқа тез мініңдер. Дәл шекарада тұр екенбіз. Солдаттар көріп қалған секілді, ізімізбен қуып келеді, деді Берікбол сөйлей жүріп, Гүлсімнің атының шылбырын алып тау қыратқа қарай өрмелей жөнелді. Бұлар төменгі бір бөлек қарағайдан шығып, аласа қыраттан асып тағы бір қапталдағы қалың қарағайға кірді. Қары енді ғана кеткен сылбыраң жерде тағалы аттардың ізі мен мұндалап жосылып қалып жатыр. Берікбол аттарды қанша төбелегенімен таң атқанша жол басып әбден болдырған жануарлар қарағайдың үстіңгі жағындағы биік қыратқа қайқайғанда бүйірлерін соғып тұрды да қалды. Соның арасынша шекара солдаттарының белгі оқ атып, айғайлаған дауыстары да анық естіле бастады. Берікбол тау қыратынан тік салбырап келіп жүрекшенің шығыс жағынан аласа қырат болып сайға қарай созылып жатқан үзік-үзік тас қыратшаға қарай қабырғалай ұмтылды. Гүлсімнің аяғында мүлде дәрмен қалмады. Қыратшаға іліне бере Берікболға ілесе алмай, арықтаған лақтай сылқ ете түсті. Мықынае маузерін қолына алған Берікбол:

Бекбай, сен тез Гүлсімді көтеріп, осы қыраттың солтүстік жағымен тік қайқайып таудың тіремесінен ас. Мен жаудың бетін қайтарайын, деді. Бекбай Берікболдың сөзін әбден ұқты.

Қаңбақтай әйелді арқасына көтерген ол үлкен жалға қарай, қыратты жағалап қайқайып тырмыса жөнелді. Бірнеше рет тайып жығылып қайта тұрды. Мылтық дауысы барған сайын таяды. Бекбайдың үрейі ұшқаны сондай, екі қолтығы дірілдеп, буыны босап кетті. Тарсылдаған мылтық дауысымен тең

тоқтаусыз зуылдаған оқ Бекбай мен Гүлсімнің екі жағынан келіп шым төмпектерге шып-шып тиіп жатыр. Сондарынан еңтігіп Берікбол жүгіріп келді. Ол:

_ Бекбай, шыдап қайрат қыл, Гүлсімді көтеріп алдағы асудан ассаң, алдында жаттық текше бар, дереу текшенің арғы шетінен асып, өзеннен өтсек болды құтыласың. Тез жөнел!_ деді жанасалап келліп. Сөйтті де жаудың алдын тосқалы қожыр тастың арқасына қарай тағы бүкшендей жөнелді.

Бұл шақта солдаттар үш топ болып қарағайдан жоғарғы керге қайқайған еді, Берікбол оғын үнемдеп анда-санда ғана ең алдыңғы жағынан дәлдеп бір-екеуін атып, олардың қайқайуына жол бермей жанталасып жүрді. Асуға әлі екі арқан бойы жер бар еді, Бекбайдың оң жақ бетіне жылымшы нәрсе тигендей болды.

_ Бекей, мені жерге түсірші,_ деді Гүлсім.

Бекбайдың әлі әбден кетіп, енді ілгерілеуге мүлде дәрмені қалмаған болатын. Биіктеу қойтастың түбіне жүрелеп отыра кетіп, Гүлсімлі арқасынан сусытып жерге түсірді. Гүлсімнің оң жақ иығы қып-қызыл қан екен. Бекбай қорыққанынан жүрелеп отыра қалды. Оқ бастарынан зулап өтіп жатыр.

_ Қарғам Бекбай, тез қаш! Мені таста!_ дегенде Гүлсімнің ауызынан қанды көбік бұрқ ете түсті. Оқ оның оң жақ иығын түйреп өтіп кеткен еді. Бекбай жүрелеп отырған беті Гүлсімнің қолынан ұстап жылап жіберді. Мылтық дауысы барған сайын жақындап келеді.

Қуғыншыларға қайта-қайта оқ шығарып, тауға қарай өрмелеп келе жатқан Берікбол, Гүлсімнің жараланғанын білген жоқ еді, Бекбайды «діңкесі құрып отырып қалды ғой» деп ойлады.

_ Гүлсімге қарама, таудан асып қаш!_ деп айғайлады. Екі көзі жәудіреп тірі жатқан жеңгесін тастап кетуге Бекбай шыдамады. Арқасына қайта көтермек болып сол қобынан тартып еді, көтергенді қойып қозғалта алмады.

_ Қарғам Бекбай-ау, тез қассаңшы, мен бәрібір адам болмаймын, маған қарамаңдар!_ Гүлсімнің даусы үзіліп-үзіліп шықты. Бұл шақта Берікбол солдаттарға оқ жаудырып, оларды сәл бөгеген еді, жүгіріп Бекбай мен Гүлсім паналап отырған қойтастың қалқасына келді. Бекбай :

_ Кіші аға-ау, Гүлсім тәтем жараланып қалды!_ деп Берікболды құшақтап жылады. Гүлсімнің аузынан әлі қанды көбік бұрқырап тұр еді. Берікбол Гүлсімнің басын сүйеп, маңдайынан сипады.

_ Берікбол-ау, ренжіткен болсам кешір, Бекбай екеуің тез кетіңдер, маған қарамаңдар_ деді Гүлсім _ Қош бол, Гүлсім!_ деді Берікбол, _ қиямет машқарда кезігейік.

_ Қош, екеуіңде қош болыңдар!_ Гүлсімнің үні үзіліп-үзіліп әрең шықты. Берікбол оны кеудесіне балаша көтеріп, қойтастың түбіне басын қыбылаға қаратып жатқызды. Осы шақта бағанадан тас арасына бұғып қалған солдаттар да қайта бас көтерді. Гүлсімнің бетін шапанмен жауып, Берікбол Бекбайды таудың қыратындағы асуға қарай қожыр-қожыр тастардың арасымен жетелей қашты. Бұл шақта Бекбайдың үрейі әбден ұшып, есі шығып кеткені сондай, жүрерін де, отырарын да, қашарын да білмей сенделіп отырып қалған. Тау қыратынан аса бергенде Берікбол құлаған тезектей екпетінен түсті. Оның Бекбайдың білегінен ұстаған ұзын саусақтары босап сусып кетті. Берікболдың екі тізесін бірдей оқ қырқып кеткен екен, Бекбай Берікболдың басын сүйеп еді, ол көзін ашып басын көтерді. Берікболдың қан жоса болған екі аяғын көріп баж етіп жылап жіберді.

_ Қорықпа!_ деді Берікбол жанқалтасынан жіңішке қайысты алып өте тездікпен екіге бөліп бірін Бекбайға берді :

_ Оң аяғымды тіземнің үстіне шамаң жеткенше қатты тартып буып жібер,_ деді. Өзі қалған қайыспен сол аяғын тізесінің үстінен мықтап буды.

_ Мені арқаңа көтер, жылама,_ Берікбол жылап отырған Бекбайға қатулана қарап алдыңғы жақтағы тақтайшаның ар жағындағы қыратты нұсқады,_ ана қыраттан асыр.

Алдағы тақтайша сәл еңіс еді, кішкене Бекбай керістей ағасын арқасына сүйрете көтеріп, алдыңғы жақтағы аласа қыратқа қарай жылжыды. Жан ұшырған Бекбайдың бойына едәуір қуат бітіп, жүрісі тездей түсті. Екі көзінен жас сорғалаған Бекбай «енді құрыдық қой, құрыдық» деп ойлады. Ол

тісін тісіне басып қыраттан асты. Қыраттың асты үлкен терең сайға еңкейіп жатқан жылғаның басы екен.

_ Тоқта ,_ деді Берікбол,_ мені сол қол жақтағы энеу аласа иыққа апар да, өзің мына жартастың астымен тез жүгіріп анау төменгі қарағайдың ішімен үлкен өзенге қарай қаш. Қарағай таусылған жерден ары қарай асып өзеннен өт, шекара сол өзен. Өзеннен өтгің құтыласың, ұқтың ба? Енді жүрейік.

Бекбай сенделектеп Берікболды астыңғы иыққа әрең әкелді. Бекбайдың арқасынан тез сусып түскен Берікбол маузеріне бір бақша оқ басып қыратқа қарады :

_ Маған қарама, тез жөнел!_ деді ақырып.

Бекбай Берікболдың бетіне тесірейе арады.Оның қоңырқай өңі ақшыл тартып кеткен еді. Бекбай ағасын қимады. Еңкейіп ағасының қолын ұстамақ болып қолын созып еді, Берікбол Бекбайдың қолын қағып жіберді :

_ Кет! Жаңағы мен айтқан жолмен тез кет!

Бекбай екі аттап барып, тағы қайта қайрылды. Ағасы жанталасып екі қалтасынан бір нәрсе іздеп жатыр екен.

_ Аға!_ деп Бекбай қайта қайрылды.

_ Кет! Кетпесең жауға тірі қинатқанша өзім атып тастаймын!_ деп Берікбол қолындағы қол мылтығын Бекбайға оқтады.

Бекбайға ағасы Берікболдың екі көзінен қан шығып тұрған сияқты сезілді. Сенделіп Берікбол мензеген жаққа қарай жүгіре жөнелді. Дәл осы шақ Бекбайдың жүрегі үзіліп түсіп бара жатқандай буыны босап, денесі ауырлап кетті. Тау қыратынан айғайлаған орыс солдаттарының дауысы анық естілді. Берікболдың айтуы бойынша, Бекбай биік жартастың астымен жылғаның оңтүстік жағындағы қарағайлы теріскей қапталға қарай жан ұшырта жүгірді. «Кедейдің қырық қаңтаруы бар» дегендей, оның аяғын біресе тас қағып ұзынынан түсірсе, бірде бұта- тұмар қағып қалпақтай ұшырады. Әйтеуір, көктем лебімен көгілжім тартып қалған күңгей бетте екі тізесі мен екі алақанының дал-дұлы шыққанына қарамай жығылып-сүрініп жүріп қарағайдың ішіне келіп кірді . Бұл етектегі ең шеткі қарағай болғандықтан сиректеу екен. Бекбай қарағай арасын аралап өзенге қарай қапталдай жүгірді .

Жотада мылтық дауысы әлі тынған жоқ. Ағасының солдаттармен атысып жатқанын білді . Ол қарағайдың етек жағындағы оң қолға қарай асатын, ботаның мойны сияқты аласа мойнақтан жүгіріп асып, сай тағанына ақ өркеш болып жатқан өзенге қарай ұмтылды. Лезде өзен жағасына келді. Өзен тасып жатыр екен. Бекбай өткел іздеуге дәт қыла алмай, өзеннің жайырлау жеріне бірақ секірді . Өзен Бекбайды ағыза жөнелді. Ол шамасынша қарманып арғы жағаға жақындады. Артына қайырлып қарап еді, өзі асқан аласа мойнақтан екі ит өзіне қарай еңкейіп ұшыртып келеді екен . Бекбайдың жүрегі тас төбесіне шықты . Өзеннің шығыс жақ жағасы орқаш- орқаш түіе тас екен. Иттер өзен жағасына ілінгенше, Бекбай үлкен қара тастың қалқасына өтіп үлгірді. Судың ішінде тұрып, екі тастың арасындағы тар қоспадан екі иттің жақындағанын көріп тұрды. Дереу сыртқы шапанын шешіп, иттер өзен қабағына іліне бергенде, тастың қалқасында тұрып ағызып қоя берді. Екі ит арсалаңдап өзенге аққан шапанды соңынан қуып барып терең сарқырамадан қайта қайтты. Солдаттар да жағаға көп аяңдамай иттерін жетелеп кері қайтты. Бекбайды өзенге ағып кетті деп ойласа керек, өзен жағасын тініткілемеді. Тау суы қатты суық еді, Бекбай солдаттар көрінбей кеткенше әрең шыдап тұрды да, олардың дыбысы естілмеген кезде су ішінен ақырын сырғып, шығыс жағадағы құрғаққа шықты. Шөккен түйедей үлкен-үлкен қойтастардың арасымен еңбектеп алдыңғы жағынан көрінген тар жылғаға қарай жылжыды. Қорқып кеткендігі болса керек, Бекбайдың еңбектеген сайын екі қолының да, екі аяғының да буыны құрып, таяқ тастам жердегі жылғаның ауызы күндік жердей сезіліп кетті. Едәуір уақытта әрең тар жылғаның ауызына ілінді.Басын көтеріп өзеннің арғы бетіне

көз салды. Солдаттар көрінбейді. Мылтық үні де тынып қалыпты. Орнынан тұрып тар жылғаны өрледі. Қалың бұта-бүрген жол берер емес. Жылғаның күнгей жағындағы тақыршаққа жетіп, мақталы сым-шапанын шешіп сыға бастады. Киімдерінің суын сығып қайта киуге шамасы әрең келді. Өне бойы суықтан қалшылдап, басы зеңі бастады. «Енді тоқтамай жүрмесем үсіп өлемін ғой» деп ойлады да, жан дармен жылғаның тіремесіндегі бір топ қарағайға қарап өрмеледі.

Берікбол жығылған соң, орыс солдаттары Бекбайдың қалай кеткенін алғашында біле алмай, айналарына ит жүгіртті. Ит сияқты тіміскі біреу жартастың астына қарай еңкейген Бекбайдың ізін байқап қалды. Бұл шақта Берікбол әлі жан үзбеген еді. Ол сұлап жатып мылтығындағы ең соңғы екі оқтың бір талын қасында тұрған солдатқа жауындырды да, қалған бір талын шекесіне қадап, бұл дүниеге қош айтты. Солдаттар иттерін жіберіп, өздері Бекбайдың соңынан ұмтылды. Бұл кезде Бекбай өзенге секіріп үлгірген болатын. Өзенге еңкейіп келе жатып өзенге ағып бара жатқан адам барын олар да көрген. Иттері сарқырамадан қайтқан соң, олар да шекарада көп тұруға батылдық етпей асығыс арттарына қайтқан.

Бекбай өрмелеп жүріп топ қарағайға келіп аз демін алды. Өрге қанша өрмелесе де Бекбайдың бойы жылынбады. Өзеннің ар жағындағы әлгінде өзі қашып асқан биік қыратқа көз тастады. Бір топ солдат тау қыратында әлі ұйлығып тұр екен. Қорыққанынан жылғаның кезеңіне қарай тағы өрмелей жөнелді. Енді ғана қары кетіп дегдімеген шөптесін беттен екі аяғы қайта-қайта тайғанап, ілгері басқан аяғы кейін кетіп, жүрісін мүлде мандытпай қойды. Әбден кезеңге таяғанда, аяғы тайып кетіп сырғып екі-үш адым шегініп кетті. Жалтақтап тағы арғы жалдағы солдаттарға қарады. Олар ұйлығысып тұр екен. «Мүмкін, аналар мені көріп тұрған шығар. Оқтары жетпейтін болған соң атпаған болуы керек» деп ойлады. Бекбайдың бұл ойы сәби көңіл еді, солдаттардың оғы жетпей тұрған жоқ қой, шекара аттап мылтық атуға болматынын Бекбай қайдан білсін? Бәрін өзінің бала қиялымен мөлшерледі. Солдаттар оқ шығармағанға жүрегі едәуір орнығып қалды. Бар қайратын бойына жинап, қалшылдап жүріп жылғаның тіремесіндегі кезеңге әзер шықты. Қыраттың асты оңтүстікке қарай көсілген кішкене жазықша екен. Жазықшаның арғы шетіндегі түйенің өркеші сияқты екі шоқының шығыс жағында өгіз жетелеген бір адам көрінеді. Бекбай қуанып кетті. Жазықшаға лезде жүгіріп түсті. Айғайлап еді даусы шықпай қойды. Жазықшаға ілінген соң бар күшін бойына жинап, өгіз жетелеген адамға қарай жүгірді. Ол Бекбайды қасына келгенде бір-ақ көрді. Әлденеден шошыған адамша үдірейе қарады. Бекбай еңтігін баспай сәлем берді:

_ Ассалаумағалайкүм!

_ Уағалайкүм уассалам! _ Қойшының дауысы күркіреген жуан екен, _ қайдан жүрген баласың?

Бекбай жылап жіберді. Екі иегі сақылдап тоңаннан ауызы сөзге келмей қалған еді.

_ Арғы беттен қашып келдім. Аға-жеңгем өлді, _ деді үзіп-үзіп.

Қойшы Бекбайдың жайын айтқызбай-ақ білді. Бекбайдың су шапанын дереу шештіріп, үстіндегі сыртқы қаптал шапанын Бектайға кигізді.

Бекбай қайта сөз қайырған жоқ. Сөз қайыруға шамасы да қалмаған еді. Ауылға қарай жөнелді.

_ Көрдің бе? _ деді қойшы тау етегіндегі төрт үйдің баранын көрсетіп, _ бергі қараша үй менікі, сонда бар. Қатты тоңып кетіпсің, ауырып қаларсың.

Суық пен аштық тең қалжыратқан Бекбай, ауылға жақындаған сайын буыны босап, қайта-қайта басы зеңі бастағанын сезді. «Өлсем де шеткі үйдің есігінен кіре өлсем жақсы еді» деп ойлады. Ол екі қолымен екі тізесін басып бойына сәл қайрат жиып алған соң тағы жүрді. Ілгері басқан аяғы кейін кетіп, жүрген сайын анау көрініп тұрған ауыл ары қарай қашып бара жатқан сияқты ұзай түсті. Күн де ұясына жақындап батуға таяды. Бекбай бір жүріп, бір дем алып ауылға қарай жылжып келеді. Ауылдың дәл үстіндегі аласа қабаққа келгенде екі тізесі дірілдеп, буыны құрып жалып етіп отыра кетті. Шәу етіп ауылдың иттері де Бекбайдың қасына жүгіріп жетті. Қойшының үйінен шыққан он жастардағы бала жалпы отырған Бекбайға қарап:

_ Ой, Алла, әне, бір адам отыр, _ деді дауыстай сөйлеп. Бекбай оған қолын бұлғады. Танауынан маңқасы жылтыраған арық сары бала Бекбайдың қасына жүгіріп жетіп келді.

_ Мені сүйеп үйлеріңге жеткізші, _ деп Бекбай балаға қолын созды. Бала жүгіріп келіп Бекбайды қолтығынан демеп орнынан тұрғызды да, ептеп еңіске қарай жөнелді. Олар үйге кіргенде от маздап жанып тұр еді. Бекбайдың кейпін көрген көккөз сары әйел орнынан ұшып тұрды.

_ Жеңгей, үсіп өлуге айналдым, _ деді Бекбай иегі сақылдап, сары әйел жүгіріп келіп :

_ Балам, андағы ағанның киімін шешіндір, _ деп баласына бұйырып, өзі жүктен үлкен сеңсең ішікті алып бекбайдың астына көрпе салды. Сыртқы киімдерін шешіп, көрпенің үстіне сеңсең ішікті жамылып аз отырған соң Бекбайдың аяқ-қолы жылынып, бойына жан кіре бастады. Үй иесі әйелде тез қимылдап Бекбайға шәй құйды. Бекбай қолына шыныны ала бере өрістегі қойдың алды маңырап ауылға жетті. Киіз үйдің оң жағындағы кішкене шарбақ үйшікте шу-шу етіп маңырап бір топ қозы тұр. Бекбай шәй ішіп аздап тамақ жеген соң, тұла бойының әлгіндегі қалтырауы басылып, бойына қуат кіре бастады. Осыдан екі жылдың алдында өз ауылдары да дәл осындай көктемде қой-қозысы шулап , тамаша бір табиғаттың жәрменкесі басталып жататыны Бекбайдың ойына оралды. Ол кезде Бекбайдың өзі анау арық сары бала сияқы дыздақ қағып киіз үйдің оң жағындағы кішкене үйшіктен қозыны бірден көтеріп шығып ежелерінің бауырына салатын. Сонда марқұм шешесі кішкене шып-шыбар қайың шелегін ернеуінен ұстап қойларды сауа бастайтын. Кешке жақын шешесі Берікқазы, Берікбол үшеуіне қоп-қою сүттен бір-бір шыны құйып беріп, қалғанын ірімшік қайнататын. Мынау ауылдың, әсіресе мына үйдің мына көрінісі дәл содан аумайды екен. Шәй ішіп отырған Бекбайдың көзінен мөлдіреген жас тамшылары сорғалап кетті. Осы кезде есіктен бағанағы қойшы кіріп келді. Ол бір қолында шыны бар жылап отырған Бекбайға тесіле қарады. Бекбайға жаны ашып кетсе керек , сыртқы киімін шешіп, Бекбайдың оң жағына келіп отырды.

_ Қарағым, _ деді ол Бекбайдың басын сипап, _ бәрін де естіп біліп жатырмыз. Қазақ «ер жігіт жеті өліп, жеті тіріледі» дейді. Бұл осы сен сияқты азаматтарға айтылған сөз ғой. Дүниеде қайсарлық, төзімділік адам бойындағы ең асыл қасиет. Егілме балам, көз жасыңды ти. Қайта су ішерің бар екен. Сенің бағыңа бүгін қойды солай өргізгенім жақсы бола ма!

Бекбай көзінің жасын сүртіп, қойшының бетіне мейірлене қарады. Сондай сөзді ол туған ағасы Берікқазыдан да естімеген еді. Қойшының жасы қырықтан асқан адам екенін білді.

_ Рақымет аға, жанымды алып қалдыңыз ғой! _ деді Бекбай үні дірілдеп, _ сізге жолықпасам үсіп өлуші едім.

Қойшы сыртқы киімін тез шешіп, қазан жақтан айналып барып қолын жуды. Онан соң Бекбайдың қасына келіп отырды. Бұл шақта әйел сыртта жүр еді.

_ Бойың жылынсын, шәй іш, _ деп қойшы Бекбайға шәй құйып беріп, онан соң өзі шәй құйып ішті. Мынау үйдің шәйі Бекбайға балдай татыды. Осындай шәй ішпегелі бір жылға таяған. Шәйі солғын болса да, сүті мол ақ шәй Бекбайдың бойын бірдемде-ақ жылытып жіберді. Бекбайдың қорыққаннан есі әбден шығып кеткен екен. Қойшының сұраған сұрағына жауап бергеннің орнына алақтап қарап не дерін білмей басын изей берді.

Бекбай оянып басын көтергенде, шаңыраққа күн түсіп, мал өріске кетіп болған еді. Үй иесі әйел шәй қайнатып Бекбайдың оянуын тосып отыр екен.

_ Ұйқың қанды ма, балам? _ деп Бекбайға күлімсірей қарады.

_ Ұйқым әбден қаныпты, шеше, _ деді Бекбай.

_ Е, неше күннен қашып-пысып жүріп ұйықтай алмадың ғой. Орныңнан тұрып шәй іш,_ деді үй иесі сары әйел ескіріп қарайып кеткен мыс шәугімнің көзін сүртіп жатып.

Бекбай орнынан тұрып, от басындағы келіге жауып отқа кептіріп қойған сымын кигелі ұмсынып еді.

_ Ой, мына бала әкемнің киімін киіп алыпты. Ха, ха ! Қораның шетіне барып Бекбай біраз тұрды. Бала жүгіріп үйіне кіріп кетті.

_ Киімің әлі кеппепті,_ деді үй иесі әйел орнынан тұрып, жүк үстінен қиулы шалбар мен сырылған шолақ шапанды алып Бекбайдың қасына қойды. Ол шалбар мен шапанды киіп тысқа шыққанда, әлгі көккөз сары бала санын шапалақтап айғай салды :

_ Ой, мына бала әкемнің киімін киіп алыпты. Ха, ха ! Қораның шетіне барып Бекбай біраз тұрды. Бала жүгіріп үйіне кіріп кетті.

_ Айғайлама, құтырдың ба?_ деген үй иесі әйелдің жіңішке дауысы ап-анық естілді.

Бекбай бұл күні мынау үйде күн батқанша ешқайда шықпай жатты. Қораға саулап жеткен саулықтардың маңыраған дауысымен тек сары баланың айғайлаған дауысы шықты :

_ Ойпыр-ай, бүгін қой недеген көп туған. Ол өгізден түсірілген екі қозықалтадағы төрт қозыны иығына салып еңіс жақтағы үйге қарай сенделектеп бара жатып :

_ Әй, Жақа, сендердің төрт қойларың туыпты,_ деп айғайлайды. Оның қозықалтаны көтеріп сөйлеп бара жатқанын Бекбай ашық есіктен анық көріп жатты. Үй иесі қой елтірі тымағын оң қолына ұстап есіктен кірді. Оның тап-тақыр қырылған үшкіл басынан бу бұрқырап тұр.

_ Ассалаумағалайкүм!_ деп Бекбай басын көтеріп сәлем берді.

_ Уағалайкүм уассалам!_ деп қойшы қазан жақтан айнала төрге шықты,_ тынығып қалдың ба?

_ Тынығып қалдым,_ деп Бекбай жамбасымен сырғып қойшының қасына таман жақындап отырды.

_ Жә , балам , онда жөнімізді білісейік,_ деді қойшы күлімсіреп,_ менің атым Қожакелді. Керейдің жәдік атасынан боламыз. Мынау Қали дегеннің ауылы, мен сол Қалидың туған інісімін.

Қожакелді сұраулы көзін Бекбайға бұрды.

_ Атым Бекбай, әкем аты Базарқали. Үлкен жағын білмеймін, әкемнің бір кезде біреуге түкбаймыз дегені есімде,_ деп Бекбай Қожакелдіге қалайдан қалай қашып шыққандарын, аға-жеңгесінің қай жерде өлгенін айтпақшы болып еді ,мүлде есіне келтіре алмады. Жылай отырып :

_ Жеңгемнің аузынан қан ағып қалды. Ағамның екі тізесінен оқ тиіп, қыратта қалды. Өзеннен өткенімді білем, онан кейін есім шығып кетіпті,_ деді.

Ел орынға отырған соң Қожакелді Бекбайды ертіп Қалидың үйіне келді. Осы төрт үйдің ішіндегі ең ауқаттысы әрі ырықтысы осы үй секілді. Қали төрде аяғын көсіліп тастап шалқасынан жатыр екен. Қожакелдінің сәлемімен басын көтерді. Қали қасы қалың, божырайған семіз, қап-қара кісі екен. Бекбай оның кекінінен жасқанын қалды. Қожакелдінің аяқ жағына келіп от басына бір тізерлеп отыра кетті. Ол аман-сәлемді аяқтатпай жатып :

_ Жә , мынау кімнің баласы?_ деді Қожакелдіге қадала қарап.

_ Бұл баланы мен тауып алдым. Өзіңмен осы бала жайлы ақылдасқалы келіп отырмын

_ Иә,_ деді Қали Бекбайдың жүзіне қадала қарап , _ арғы беттен келген болдың ғой. Сонда жалғыз қашып келдің бе?

_ Жоқ, ауылдан шыққанда аға-жеңгесі бар екен , ол кісілер шекарада бірінен соң бірі оқ тиіп өліпті. Бейшара баланың үрейі ұшып кетіпті. Солдаттар атқылағанда есінен танып қалған сияқты_ деді Қожакелді.

_ Иә, Қожакелді,_ деп Қали інісіне қарады,_ бұл бала бас пана тілеп келген екен. Қаңғытып жіберсек болмас, бұлардың басына келген күн біздің басымызға келмесін деп тілейік. Бұл маңда арғы беттен жасырынып өтіп ел аралап жүрген тыңшы бар екен десіп жүр. Мұнда тұрса

болмайды. Бұл баланы анау Ақаралдағы апайдыкіне апарып тастайын. Солардың малына қарасып жан бақсын.

_ Мақұл, мақұл, _ деп Қожакелді изек қақты .

Бекбай Қалидың ауызынан мұнда тыңшы бар екен деген сөзді естігенде жүрегі төбесіне шыға жаздаған еді. Сөздің соңын естіген соң ,жүрегі орнына түсіп едәуір қуанып қалды. Бұл үйге Бекбай өзінің кепкен киімдерін киіп келген еді. Ол Қалиға қарап :

_ Менің үстімдегі осы бір қабат киімнен басқа жаным ғана бар , ештеңем жоқ, _ деді.

_ Иә, сен осы жаның үшін, жаныңды сақтап опасыз дүниенің михынатын шеккелі келдің ғой, _ деді Қали кең тыныс алып .

_ Олай деменіз, қате, оны құдай біледі ғой, «жақсы тілек жарым ырыс» деген, жақсы сөз айтайық, _ деп Қожакелді Қалиға жыпылықтай қарады.

Мына сөз Бекбайдың бойына қуат әкелді.

_ Ағасы, шекарада қалай тірі қалғанымды өзім де білмеймін. Жалғыз мен ғана қалдым , алдағы көрерімді Алла білер, мені әлгі апайыңыздың үйіне жеткізсеңіз, өле-өлгенше жақсылығыңызды ұмытпас едім, _ деді Бекбай.

* * *

Сол күні түн жастана Бекбайды бір атқа мінгізіп ерте жөнелген Қали тоқтаусыз бір күн , бір түн жүріп, Қыран өзенінің шығыс сағасындағы адыр ішінде мал төлдетіп отырған апайыныкіне жетіп келді.

Бұларға жасы елуді еңсерген семіз қара әйел үйден шығып амандасты. Бекбай мына әйелдің түр-тұлғасынан-ақ Қалидың апайы екенін білді. Мұнда да бір үйшік қозы оң жақта шулап тұр екен. Шәй ішіп жайғанған соң әңгімені Қали бастады :

_ Иә, әпеке, өткенде қойшымыздың денсаулығы жақсы болмай жүр деп едіңіз, соған мына баланы алып келдім. Көрші-қоландарың бұл кім деп сұрай қалса , Қали бауырмның баласы дей саларсың, _ деді

Семіз қара әйел Қалиға бір, Бекбайға бір қарап, таңқалыңқы кескінмен күле сөйледі:

_ Сенің балаң деп айта салу оңай ғой, бірақ бұл баланың кім екенін менің білгенім жақсы емес пе?! _

Қалидың өзін таныстырмай, жұмбақтағандай оны-мұны сөйлегеніне Бекбайдың іші пысқандай болды. Өзін-өзі таныстырғысы келді де, өзін ұстап қалды. Сұраулы көзімен Қалиға қарады. Қали да Бекбайдың көзіндегі сұрауды түсіне қойды. Ол :

_ Ха , ха , _ деп қарқылдап күліп алып, _ білесіз , әпеке , жөнін енді айтамын ғой , бұл жігіттің аты Бекбай , бірнеше күннің алдында шекарадан қашып өтіпті. Мұның су ішері бар екен , қасындағы аға-жеңгесі бірдей оққа ұшыпты , қазір біздің ауылдарда сол жақтан жасырынып кірген тайнилер бар екен . Содан қорқып осында әкелдім.

_ Сонда бұл бала қой жайғанды білсе десеңші, _ деді қара әйел Бекбайға көзінің қырымен қарап.

_ Қазақтың баласы ғой, басқаны білмесе де қой жайғанды білетін шығар, _ деп Қали Бекбайға қарады.

_ Қой жайып көргемін, шешей, қойыңызды бағайын, _ деді Бекбай.

Қали мұнда екі күн жатқан соң, Бекбайды осында қалдырып ауылына аттанғалы тысқа шықты. Үй иесі қара әйел де далаға шықты. Ол:

_ Қали, жолда сақ бол, қалың ақ кепеш киген дүңген келе жатыр деп ел дүрлігіп жүр. Бұл жақтағы ел де онша тыныш емес,_ деді.

Бекбай бұл үйге осылайша қойшы болып , қолына таяқ алып қой соңынан жүрді де кетті. Боз бораны ызындаған көктемгі далада қойын төлдете жүріп , жазға да ілінді. Қой бағу Бекбайға алғашында қиын сезілгенімен , бара-бара үйреніп кетті. Мынау Қадыш деген әйел өз шешесіндей болмасада бауырмал әйел екен. Оның отауы бөлек үлкен ұлы Жартасбай осы ауылдың шолақ айғыр үйір жылқысын қайырдым қылып , көбінде сәнденіп ел қыдырады екен. Онан кейінгі бір ұл, бір қызы үй шаруасына көмектеседі. Бекбай табан аудармай қой бақты. Осы бес жылда Жартасбайдың әйелі бір ұл, бір қыз тапты. Ақ көңіл Қадыш кемпір қыдыра келгендерге сыбырлай сөйлеп :

«Қойшының таяғынан, келіннің аяғынан» дегендей, Бекбай келгелі малымыз да тепшіп көбейді. Міне, екі немере сүйдім . Алла бұйырса, өз қолымнан үйлендірем, өз отауым болады, деп ескеуілдей сөйлейтін .

1939- жылдың жазы . Ел жайлауға жаңа шыққан кез болатын. Түскі қойды қораға әкеліп енді ғана шәйға кірген Бекбай, төрде алпамсадай семіз қоңқы тұмсық сары адамның отырғанын көрді. Оның киім киісінен-ақ ауқатты бай адам екені білініп тұр еді. Аман- сәлемнен соң, Бекбай сыртқы киімдерін шешіп, сыртқа шығып беті- қолын жуып келіп дастарқанға отырды. Дәл осы кезде әлгі сары адам үй иесі Қадышқа бұрылып:

_ Ауылдарыңызда молла бар ма?_ деп сұрады.

_ Бұл ауылда молла жоқ, жоғарғы қайнымның ауылында бір молла жігіт бар. Молланы неге іздедіңіз?_ деді Қадыш.

_ Алыстағы туыстардан хат келіп еді. Жазуы бір түрлі екен. Өз ауылымыздағы моллалароқи алмай қойды. Туған нағашым еді , хабарын білгім келіп отыра алмай келдім. Мына жазуды танитын біреу табылса жақсы-ақ болар еді,_ деп енгезердей сары адам көзіне жас алды.

_ Нағашыларыңыз қайда еді?_ деп Бекбай сұраулы көзін бейтаныс адамға бұрды.

_ Е, мына Қазақстан жерінде еді. Ол жақта не күйде екенін білмегелі алты жыл болды.

_ Хатыңызды әкеліңізші, мен көрейін.

_ Қарағым, хат танушы ма едің?_ деп қолын төс қалтасына тығып жіберіп , бет орамалға түйюлі хатты алып шықты. Біреу алып қоятындай бет ормалдың ішінде және екі қабат шүперекке ораған екен. Ебдейсіз жуан жаралған жүндес сап- сары саусақтары мен сарғыш тартқан хатты Бекбайға ұсынды . Бекбай хаттың сыртындағы 1933 жыл деген көркем жазылған жазудан жеті жылдың алдында жазылған хат екенін біле қойды .

_ Мынау жеті жылдың алдында жазылған хат екен, не деді екен, оқып берейін,_ деп Бекбай хатты зулатып оқи жөнелді. Хаттың басында жиендерін, әпеке-жездесін түгел атап келіп, соңында әке- шешесінің, үлкен ағасының аштан өлгендігін, басқалардың аман екені, ал өзінің басына күн туып Сібірге айдалғалы тұрғанын жазыпты. Соңында Зақай деп қол қойыпты. Хатты әбден оқып болған Бекбай:

_ Мына хаттағы Қанағат деген сіз болдыңыз ғой,_ деді.

_ Иә, менің атым Қанағат, хатты жазып отырған шешемнің кенже бауыры Зақан деген сол,_ деп Қанағат күрсінді,_ ой сорлылар-ай, ол жақ та тозып кеткен екен ғой .

_ Балам Бекбай, сен сауатың барын маған неге айтпағансың,_ деді Қадыш таңқала қарап. Бекбай күліп ғана қойды .

_ Жә, Қадыш, саған мен мықты қойшы тауып берейін, мына жігітті маған бер, мен бала оқыттырайын,_ деді Қанағат Бекбайға күлімсірей қарап.

Бекбайдың аяғы бізге құт болып еді, өзі де тамаша жібек мінезді бала, бала оқытсаң берейін. Әуелі маған қойшыңды әкел, сонан соң қойшың қолайыма жақса әкете жатарсың. Мына Бекбай не

ойлап отыр, оны да өзінен білгенің жөн. Мұғалім болса, елдің баласының көзін ашады. Қой жаятын кісі көп, мұғалім табылмайды, _ деді.

_ Дұрыс айтасыз, қойшы көп, мұғалім табылмайды, _ деп Қанағат қауқалақтап қатты қуанып кетті, _ ризалығыңды бер, қарағым, оқытқан балаңа жарай еңбегіңді беремін .

Мына сөздерді естіп Бекбай іштей қуанып отыр еді .

_ Шешей, сізге көп рақымет. Қолыңызда алты жыл мал бақтым. Сіздерге мал баққанымнан бала оқытқаным пайдалы ғой, _ деді Бекбай күліп .

Қанағат қуанып кетті, жасы елуге жетпесе де кесек денесіне семіздігі қосылып, аю сияқты қорбаңдап орнынан әрең тұрды. Бекбай Қанағаттың атының айылын тартып, қолтығынан алып аттандырды

* * *

Осылайша ойламаған жерден Бекбайдың тәлейі шығып, Қанағаттың үйіне бала оқытқалы келді. Бұл кезде Бекбай да жиырмаға шығып, нәзік денесі толысып қалған еді. Мынау Қанағаттың үйі дүние- мүлкі мол болғанымен шашылыңқырап жатқан орда шарқы үй екенін Бекбай есіктен кіре байқап үлгірді. Қазан жақта семіз сары әйел жаздың ыстығына қарамай қалың шапан киіп отыр. «Мына әйелдің денсаулығы нашар екен ғой» деп ойлады Бекбай .

_ Әлгі мұғалім бала сен бе? _ деді сары әйел Бекбайға үлкен шаралы көзін қадап .

_ Менмін, _ деп Бекбай қолындағы қоржын- қосқалаңын киіз үйдің оң жақ босағасына қарай апарып қойып еді:

_ Әй, бала, киім-кешегіңді өте төмен тастадың ғой, әнеу жүктің аяқ жағына таман апарып қой, _ деп сары әйел төр жақтағы жүктің оң жақ бұрышын нұсқады .

Қанағаттың дәл өзінен аумаған, өңшең қошқар тұмсық , көк көз сары үш ұлы бар екен. Тыста жүрсе керек, Бекбайдың келгенін көріп, бірінің соңынан бірі еңтігіп лезде жетті. Алды он алты жаста, кішісі тоғыз жаста екен.

_ Міне, сендерді оқытатын мұғалім келді. Топырақ-топырақ болмай, өзенге басы-көздеріңді жуып келіңдер! _ деді шешесі бұйырып.

Бекбай бір күн көк тасіреттен (бояу) сия жасап, одан-бұдан қағаз құрастырып алды да, екінші күні оқытуын бастап кетті. Қанағаттың сегіз қанат көне үйінің оң жағына сырдақ салынып , ең алдына үш көк көз қатар отырды. Олардың соңына он жастардағы таңқы танау қара бала келіп отырып еді. Оның сол жағына он төрт жастардағы қара қыз имене келіп отырды.

Бекбай үйінен шыққалы ішкі қалтасынан түспей келе жатқан кішкене қатирасын қолына алып:

_ Қәне, балалар бүгін сабағымызды бастаймыз. Мен аттарыңды шақырғанда орындарыңнан тұрып, «бар» дейсіңдер, ұқтыңдар ма?

_ Ұқтық!

_ Онда бастадық, Бейсенбай Қанағатұлы!

_ Бар! _ деп ұзын ұзын көккөз орнынан тұрды.

_ Дүйсенбай Қанағатұлы!

_ Бар! _ деп Қанағаттың екінші ұлы орнынан тұрды.

_ Сейсенбай Қанағатұлы!

_ Бай! _ деп кіші көк көз орнынан тұрып еді, басқалар түгел күліп жіберді. Оның «р» ды айта алмағаны күлкі тудырса керек.

_ Оқушы деген күлмейді. Оқу тәртібін сақтау туралы жоқтаманы жоқтап , сендердің кім екендеріңді білген соң ұғындырамын, _ деді Бекбай, _ тағы жоқтама жоқтайық :

_ Қасым Қабышұлы!

_ Мен Қабыштың баласы емеспін, атам баласымын!_ таңқы қара орнынан ашулана түрегелді. Соңында «әкеңнің» деп Бекбайды келістіріп бір сыбап алды.

_ Отыра ғой, атаң атын білесің бе?_ деді Бекбай.

_ Атам аты Арпабай!

_ Е, онда сені бұдан соң Қасым Арпабайұлы деп шақырамын.

Қара пұшық мырсиып, едәуір жырғап қалғандай болды.

_ Жайна Рақайқызы!

_ Бар!_ деп киімі тозыңқы арық қара қыз орнынан тұрды.

Бекбай осылайша бес оқушысын түгендеп, түсін түстеп алған соң сабағын бастап кетті.

Бірнеше жылдан бергі қой соңында жүргенде, батқан күнмен тең санасын сарғайтып, көзіне жас үйіртетін туған жер, туған ел сағынышы бір сәт басылып қалды. Әсіресе күздің ұзақ сары күні Бекбайға қасарысқандай батысқа аунаған соң-ақ жылжымай тұрып алатынды, батыстан ызындаған суық жел өңменінен өтіп, сағыныш опырып тұрған сынық көңілін мұжи түсетін. Ол кезде Бекбайға бір күн бір жылдай сезілгенімен, Қапыштың өз шешесі сияқты жылы-жылы сөйлеп , алдына ас қоюмен тең көкірегін тескен сағыныштың сары запыраны жеңілдеп кететін.

Бала оқытқаннан бері, сол желкесін басқан аға-жеңгелерінің қайғысы мен жерге деген сағынышы сейіліп, мынау сәбилердің түрлі-түрлі күлкілі қылықтары, тосын мінездері Бекбайды қызықтырып кетті. Жаздың қалай өткенін Бекбай білмей қалды. Қанағаттың үлкен ұлы Бейсенбай бір күні :

_ Бекбай мұғалім , сізге рақымет! Жазу жазып, кітап оқи алатын болдым. Маған осы да жетер. Есебіңізді мүлде ұға алмадым,_ деді.

Басқа төрт оқушы зырлап оқитын болғанда, Бейсенбай әрең қарыптап оқитын болған еді, басқалар төрт амалға зыр желгенде , Бейсенбай қосу мен алуды да толық біле алмаған. Шынын қуғанда, Бекбай да жалыға бастаған болатын.

_ Мен оқытқанды ғана білемін. Оқығың келмесе Қанағат ағаның өзіне айт,_ деді Бекбай.

Есіктен үнсіз шығып кеткен Бейсенбай келесі күннен бастап сабаққа кірмейтін болды. Оның неге оқымағанын әкесі Қанағат та қузаған жоқ. Дегенмен, Бекбайдың бойы бұл ауылға үйірлесе бастап еді, тағы да туған ел, туған жерге деген сағыныш көңілін мұжып сарғайта басталы. Бір кездегі өз ауылының тамылжыған тәтті жайлауы көз алдына келеді де, көзінен жас сорғалап, көкірегі өртеніп бара жатқандай болып кететін болды. Ғажабы, Бекбайдың көз алдына он екі жастан бұрынғы көргендері ғана елестейді. Одан кейінгі ешнәрсе есіне келмейді.

Ел жайлаудан көшерге жақындап, жайлаудың шөбі сарғайып, күн сүркейленген сайын Бекбайдың есіне көп жылдың алдындағы әке-шешесі мен арыстандай ағаларының өзін үнемі кекілінен сипап еркелетіп жүретін көріністері оқтын-оқтын орала беретін болды. Тіпті кей кездері тамақ үстінде отырғанда да көз жұмса болғаны ауылының анау сары кенереде ошарланып көшіп жатқаны, бір келкі күміс пен алтын жалатқан ер-тұрман мінген қыз-жігіттердің әзіл-қалжыңмен сол жазықта жарысып бара жатқаны елестей қалады да, көз шарасына іркіліп жас толып кететін болған.

МАХАББАТ ЖЫРЫ

Боздаған ботаның дауысы Бекбайды оятып жіберді. Басын көтеріп еді, от жанып, оттың қазан жақ бүйірінде ескі мыс шәугім қайнап тұр екен. Қанағаттың әйелінен басқа ешкім ұйқыдан оянбапты. Төр алдында әкесі мен Бейсенбай шырт ұйқыда жарыса қорылдап өнер салыстырып

жатыр. Дәл қазір ояна қояр түрі жоқ. Бекбай киімдерін киініп тысқа шықты. Көршінің әйелі мен Қанағаттың әйелі түйе сауып жүр. Бұл ауыл ойға көшуге дайындалғалы табаны күректей он күн болған еді, әлі бас-аяғы жиылған жоқ. Бекбай луылдың арт жағындағы дөңгілге шығып, төңірекке көз салып едәуір уақыт отырды. Төңіректегі кейбір ауылдар көшіп кетіп, иен жұрт құлазып жатыр. Анау шығыс жақтағы сайдан түйелердің бақырғаны естілді. Ондағы ауылдардың да таң бозынан жүгін артып жатқанын білді. Әлден уақытта әкелі балалы қорылдақтар да бір-бір ұзын кара шапандарын жамылып далаға шықты. Бекбай аяндап төбеден түсіп үйге келді. Шәй да дайын болған екен.

Қанағат төрге шығып орнығып отырған соң:

_ Жә, Бекбай,_ деді маңызды жұмыс айтатын адамдай бүкіл денесімен бұрылып,_ біздің көш жолымыз қатты қиын . Түйе жығыла ма , сен көшпен бірге жүрсен , мен бұрынырақ барып қоналқа жерді белгілейін. Ауылда естияр адам болмаса болмайды

_ Болады. Мен өзім де көшпен бірге жүрем ғой,_ деді Бекбай күліп. Қанағаттың жүк артқаннан қашып лып ете түскелі отырғанын білді.

Қанағаттың ауылының көші ілініп-салынып жүріп түске таяғанда әрең жолға шықты. Жол расында қиын екен. Неше жылдай Бекбай қой соңында тауды жоталап кетіп, сайдағы көш жолын көрмеген еді. Анау ақ бұйра жалын желкілдеткен алып айдағар сияқты асау өзен екі жағаны кезек соғып буырқанып жатыр. Ирелендеген көш жолы бірде өзен жағалап құлдаса, енді бірде қалың қарағайды аралап, анау шатқалда ақ өркеш болып жатқан өзенге төніп тұрған биік қабырғалармен жүреді екен. Бір тәуірі Бекбайдың астына сәл шабандау болса да тістеп теппейтін жуас жылқы түсіпті. Оның үстіне Бекбайдың тәлейіне көш жаттыққа шыққанша бірде-бір түйе ауған жоқ .

Жол жаттықтай бере Бекбай атын тебініп көштің алдына өтті. Түйелі көш аз жүрген соң бір сиырлы көшті қуып жетті. Басын ақ шылауышымен орап алған қартаң әйел жаяу жүк артқан сиырларды айдап барады. Ұзын көнетоз көк торғын шапанының екі өңірін беліндегі шүперек белбеуіне қыстырып алыпты. Кенет жүкті сиырлардың арасында бір қыз баланың жаяу кетіп бара жатқанын Бекбайдың көзі шалып қалды. Сиырлы көш бір өгіз , екі сиырға жүк артыпты. Қалғаны өңшең тайынша мен бұзау екен. Бекбай мынау ұзақ жолда жаяу келе жатқан анаға жаны ашыды. Кемпірге жақындап келді :

_ Шешей, менің атыма мініп алыңыз, үлкен адам екенсіз шаршадыңыз ғой, _ деді.

_ Рақымет, қарағым! Әнеу қызым жүк артқан өгіздің үстіне шығарып қояйын десем намыстанып тіл алмайды. Аяқ киімі жұқа еді, табаны тесіліп әрең келеді. Соны біраз жерге мінгестіріп алыңдаршы,_ деді кемпір Бекбайға жақын келіп.

_ Болады, шеше, қонатын жерге де аз қалған шығар,_ деп Бекбай разылығын білдірді

_ Жайна!_ деп кемпір айғай салды. Бірақ қыз жауап қайтармады. Кемпір дауысын көтеріңкіреп

:

_ Жайна!_ деп тағы айғай салды. Бекбай атының басын іркіп: «Ой әлгі менің оқушым Жайна болмасын» деп ойлады. Сөйткенше алдыңғы жақтағы жүк артқан сиырдың қалқасынан Жайна шыға келді. Ол әжесіне қарап :

_ Немене апа? Адасып кеттіңіз бе?_ деді.

_ Адасқаны несі, балам, мына бала маған атыма мін дейді. Мені қойшы, сенің табаның тесіліп кетті ғой, аз жер болса да табан суытып мына жігітке мінгесіп алшы,_ деді шешесі.

Бекбайды көріп Жайна қып-қызыл болып кетті.

_ Е, менің оқушым екен ғой, кел, Жайна, маған мінгесіп ал!_ деп Бекбай Жайнаға жақындап келді . Осы кезде арт жақтағы көш те жетіп келді.

_ Мұғалім, сізге рақымет! Кете беріңіз, біздің көш бәрі бір сіздердің көшке ілесе алмайды, өзіміз ақырын жүре берейік,_ деп Жайна сиырын айдай жөнелді

Қанағаттың әйелі Жайнаның сөзін анық естіді. Бекбайдың мінгестіріп алғалы тұрғанын да білді. Сиырлы көшке ат басын тіреп келіп тоқтады :

_ Бекбай арт жақтағы Бейсенбайды шақыршы, ол әлгі үкімет адамдары лауға мінген қоңыр дөненді бос жетектеп келе жатыр еді, мына кісілерге берсін,_ деп арт жаққа бұрылып қарады. Қырсық болғанда Бейсенбай көштен кейін қалып қойған екен. Көш оны тосқан жоқ , сиырлы көштен озып кете берді. Бекбай Жайна мен шешесіне қарайласып көш соңында қалды.Сәлден соң бос жылқыны жетелеп Бейсенбай да сиырлы көшке жетті .

_ Андағы дөнениңді маған бер,_ деп Бекбай атынан түсті,_ мына кісілер жаяу-жалпылы қиналып қалыпты. Мына атты баласы екеуі қоналқаға дейін аяқ суытып барсын.

Бейсенбай үндеген жоқ. Бекбай Жайна мен шешесін ері бар атқа мінгестіргенше қарап тұрды. Бекбай жіппен ноқталанған жайдақ дөнелге мінген соң Бейсенбай екеуі түйелі көштің соңынан жөнелді. Жол бойы Жайнаның үйінің жағдайын көрген Бекбайдың көңілі бір түрлі болып , қарадай жаны ашыды. Әсіресе атқа мінгескелі жатқанда Жайнаның көзінің үстімен қиыла қарағандағы сынық әрі солғын жүзі қайта-қайта көз алдына елестей берді. Жайнаның кескіні елестеген сайын, оның дөп-дөңгелек әдемі қара көзінен ғажайып сырлы бір нәзік ұшқын шашырап тұрғандай сезілді. Бекбай жайдақ дөнелдің үстінде қарадай мас болған адам сияқты ерекше бір күйге түсті. Бекбайда да, Бейсенбайда да үн жоқ. Анда-санда ғана ат тағасының малта тастарға ұрылғандағы шарқылы ғана анық естіледі. Тыныштықты Бейсенбайдың қырылдаған дауысы бұзды :

Мұғалім, сіз ертең андағы дөнелді соларға беріп, ер-тоқымды атыңызды өзіңіз мініңіз. Елден ұят болады, деді.

_ Бара көрейік,_ деді Бекбай,_ оларда ер-тұрман бір нәрсе бар шығар.

_ Бар болмағанда.

_ Жайнаның әкесі жоқ па?_

_ Жайнаның әкесі де , шешесі де қайтыс болыпты. Ана кемпір оның әжесі.

_ Мұнда әке-шешесінің туыс-туғандары жоқ па?

_ Мына Мәрия кемпір бізге бірнеше ата жақын кісінің қызы дейді. Ал Жайнаның әкесінің туыстары Еренқабырға ма, Боғда ма, әйтеу сол жаққа тегінде ауып кетіпті ғой. Бізге жақын тартып, іргемізде жүргені сол.

_ Е,_ деді Бекбай мына семьяның жағдайын анық білгендей болып.

Бекбай мен Бейсенбай келгенде ауылдағылар түгел жүктерін түсіріп, қалқайма, итарқа сияқты көлеңкелерін қалқитып, енді шәйға отырған екен. Бұлар да қолдарын жуып дастарқанға отырды .

_ Балам, Бейсенбай, ана Мәрияның күрең атын неге ұстап бере салмағасыңдар?_ деді шешесі ренжіп.

_ Ұстап берейін бе дегенімде, күзде бір-ақ ұстайық, дөнен-бесті бір нәрсеге үстек алып ауыстырамызба деген.

_ Қайтсін, байқұстарда ұсақ мал жоқ емес пе,_ деді Бейсенбайдың шешесі. Бұл кісі ойға еңкейгенде ғана күннің ыстығын сезінген сияқты , жаздай үстінен тастамаған жабу сияқты үлкен қара шапанын тастап , шынтақ жең көк торғын мешпет киіп алыпты. Шәйдан соң далаға шыққан Бекбай анадайтын жердегі итарқадан бері қарай өз атын жетелеп келе жатқан Жайнаны көрді. Жайна аттың шылбырын ұстаған қолын Бекбайға ұсынғалы оқталып :

Мұғалім, сізге мың рақымет! Апам алғыс айтты, деп тағы көзінің үстінен қиыла қарады.

Бекбай недерін білмей тұрып қалды. Аузына тек:

_ Недеген тез келгенсіндер, _ деген сөз түсті.

_ Көлікке мінген соң, елден қалыспай жетіп алдық қой, мұғалім, _ деді Жайна жымыя күліп. Бұл шақта Бекбайдың қара торы өңі де күреңітіп кеткен едің:

_ Ер-тұрмандарың бар шығар , мына екі дөненнің бірін таңертең сендерге әкеліп ерттеп берейін, _ деп Бекбай Жайнаның қолындағы шылбырды алды . Жерге қарап тұрған Жайна басын сәл көтеріп , көзінің үстімен Бекбайға тағы бір рет жарқ етіп қарады да , қайрылып жүре жөнелді . Бекбай атының шылбырын ұстаған беті Жайнаның артынан қарап тұрып қалғанын өзі сезген жоқ . Жайна он шақты қадам алыстап барып артына қайрылып қарады . Қарады да :

_ Рақымет, сізге, _ деді дауыстап. Бекбай өзінің Жайнаның соңынан көз алмай тұрып қалғанын енді сезді. Артына қайрылып аяғын жіті басып, атын жетелей жөнелді.

2

Бекбай күзеуге түскен соң, екі ай бала оқыта алмады. Жүн сабау, киіз басу, қыстау қораның қиын ою, шөп маясын жартасқа жиу сияқты толып жатқан жұмыстардан қолы босамай кетті. Бекбай ең алғаш Ертіс бойында малшы болған жылдары, анау шекарадағы Гүлсімнің көз жұмар алдындағы кескіні, аузынан қанның бұрық етіп төгілгені, ағасы Берікболдың екі тізесінен қырқылып қан сорғалағаны, солдаттардың айғайлаған дауыстары көз алдына келді болды, жүрегі дүрсілдеп, құлағы гуілдегендей болып, жүйкесін қорқынышты үрей елесі шырмап алатын. Мүмкіндіктің барыша сол сүркей көріністерді көз алдына келтіргісі келмейтін. Осы күзден бері сол көрініс көз алдында қайталаса болғаны жауға деген бір түрлі өлшеусіз өшпенділік қыл арқандай ширықтыратын болды. Ол өзінің шекарадан өткен кезде үрейінің әбден ұшып кетіп, бірнеше жылға дейін есін толық жия алмай дел-сал жүргенін енді сезді. Шекарадан арғы кешірмелерін есіне келтірмекші болып еді, ешнәрсе есіне оралмады. Тек жеңгесі Гүлсімнің құлап түскені , оның аузынан қып-қызыл қанды көбіктің бұрқ еткені, ағасы Берікболдың «кет, тез кетпесең атып тастаймын!» деп ақырғандағы сұрлы кескіні көз алдына келді. «Шекараға біз қалай келіп едік?» дейді өзіне өзі күбірлеп, арғы жағы қараңғы .

Дүйсенбай, Бейсенбай үшеуі шөп маясын айналдыра қазық қағып, онан соң, ұсақ тал шыбықпен қазықтардың арасын тоқып шарбақ жасап шықты да, ауылға қайтты. Қар жаумағанымен күн едәуір салқын тартып қалған еді. Қыстаудан күзеулікке дейін он шақты шақырым жер болатын. Үшеуі қатарласып әңгімеге түсті.

_ Бекей мұғалім, ертеңнен бастап оқитын болдық па? _ деді Дүйсенбай.

_ Әрине, әкем оқисыңдар деді ғой, оқисыңдар деген соң оқимыз, _ деп Сейсенбай ағасының сөзін жақтырмай сөйледі.

_ Өншейін айта салғаным ғой, _ момын Дүйсенбай.

_ Немене, апа? Адасып кеттіңіз бе? _ деді .

_ Ертең сабақ бастай алмаймыз, _ деді Бекбай, _ мен ертең қалаға барып, сендерге табылса оқитын кітап , жазатын қағаз-қарындаш әкелемін.

_ Жарайсыз, мұғалім! _ деп Сейсенбай айғай салды.

Үшеуі қатарласып, суы бар арықтың үнемі жол өтіп жайдақыланған жеріне жетіп келді. Дәл осы шақ Бекбайдың көз алдына шекараға таяғанда таң ата Берікбол, Гүлсім үшеуінің дәл осындай жайдақталған шағын судан өткені жылт етіп, бұлыңғыр бір елестеп кетті. Бекбай судан өте шығып, артына қайрылып қарады. Әлгі елес лезде ғайып болды. Сол елесті қайта көргісі келіп көзін жұмып аз іркілді.

_ Мұғалім, сізге не болды? _ деді Сейсенбай таңғалып.

_ Арт жақтан дыбыс естілгендей болған соң қарағаным ғой,_ деп Бекбай атының басын ауылға бұрды. «Дұрыс, Берікбол, Гүлсім үшеуіміз шекараға келгеміз» деді ішінен.

_ Мұғалім, бір нәрсе сұрасам ренжисіз бе?_ деді Сейсенбай қуланып.

_ Неге ренжимін,_ деді Бекбай күліп,_ сұрай бер.

_ Сіз біздің үйге алғаш келіп сабақ өтіп жүргеніңізде топансу тобығынан келмейтін бір дүлей адам сияқты көрінуші едіңіз. Енді барған сайын мінезі биязы, мұңлы адам сияқты болып барасыз. Бұл қалай?_ деді.

_ Анау түбектегі жылқыны күзеп келейін, Дүйсенбай мен Сейсенбай қораларды тазалап, арық малдарды қорадан шығара тұрсын, басқа жұмыстарды түстен кейін өзім бас болып жөнге саламын ғой,_ деді.

_ Мұның еш таң қаларлығы жоқ,_ деді Бекбай,_ бір жерге бір адам жаңа келгенде,әрине, белгілі уақыт тосырқау болады ғой, біраз уақыт тосырқап жүрген шығармын.

Үшеуі үйлеріне таяғанда, белдеуде атқа ер салып әкелерінің аттанғалы жатқанын көрді.

Бекбайлар белдеуге келгенде, Қанағат бай атқа мініп алған еді. Атының басын Бекбайға бұрып :

_ Балам, Бекбай, сен балаларды оқыта бер, мені жоғарғы елдегі билер шақыртыпты. Мені дау шешкенге шақыртқан жоқ қой, ел шеті тыныш емес пе екен,_ деп жүре жөнелді.

Бекбай өз жоспары бойынша Сарсұмбе қалашығына барып азырақ дәптер, қарындаш, төрт-бес құты сия, жалбыры шығып тозған бір кітап тауып келді.Қар бір жауғанша Қанағат байдың киіз үйінің оң жағында сабақ өтілді де, ел қыстауға қонған соң, қанағаттың там үйінде оқу жалғаса берді. Бекбайдың оқушысы осы төрт оқушыдан не көбейіп, не кемейген жоқ .

Қыс ортасы ауған кез. Бекбай көрші ауылдан келіп оқитын Қасым дейтін қара домалақ шәкіртінің әкесі шақырып, сонда барған.Тамақтанып, ұзақ кеңесіп жайырақ қайтқан болатын. Екі ауылдың арасындағы белегірден шыға келгенде астындағы аты жалт беріп Бекбайды түсіріп кете жаздады. Бір арқа отын көтерген біреу ағарды жағалап барады екен. Атының үріккеніне қарамай қамшылаған беті Бекбай отыншының соңынан жетіп келді. Кәлімгі бір түйенің теңі. Отынға аяқ бітіп өзі жорғалап бара жатқан сияқты. Көтерген адам көрінер емес. Ат дүбірін естісе керек, отыншы бұрылып жол жағасына отынын қойып дем алды. Бекбай өз көзіне өзі сенбей қалды. Өз оқушысы Жайна. «Қаршадай қыз недеген күшті еді» деді өзіне өзі күбірлеп. Бекбай жақындап келіп атынан түскенде, Жайна күліп орнынан түрегелді.

_ Ойбай-ау, Жайна, мына отынды қайтып көтеріп келесің? Үйлерінде отын азба еді?_ деді.

_ Біз үнемі көтеріп әкеліп жағамыз ғой,_ деді Жайна күліп . Жайнаның екі бетінің ұшы қып-қызыл болып дөңгеленіп тұр. Оң жақ самайынан шыққан төрт-бес тал сарғыш бұрымы тершіген маңдайына жабысып қалыпты. Қолтығындағы жасыл торғынмен тыстаған пұшпақ тымағын отынының үстіне қойып , маңдайының терін сүртті .

_ Андағы отыныңды мен атқа арқалап алайын,_ деді Бекбай. Айтарға болмаса Бекбайдың Жайнаға жаны аши қалған еді.

_ Мұғалім, ұят болады. Ауылға аз қалды ғой, өзім көтеріп бара салам, үнемі көтеріп жүрген отын емес пе,_ деп Жайна безеріп болды.

«Күнде көтеріп жүрген отын емес пе» деген сөз Бекбайға ой салды:

_ Күнде отын арқалағанша, өгіздерің бар ғой, бір жолда ғана тасып алсаңдар болды емес пе.

_ Мен жалғыз арта алмайды екенмін,_ деді Жайна.

_ Болды. Ертең мен отыныңды алысып өгізге артып берейін. Отынды қайдан аласың?

_ Әнеу түкпірдегі қалың ағаштан,_ деп Жайна арт жағындағы көрініп тұрған қолтықты нұсқады.

_ Онда ертең таңертең өгізді ыңыршақтап алып сонда кел , мен отын ала берейін , ертең оқымайтын күндерің ғой,_ деді Бекбай. Жайна үнсіз басын изеді. Бекбай атына мініп жүре жөнелді. Ол сәл алыстап барып Жайна тұрған жерге қайрылып қарады. Отынына сүйеніп соңынан әлі қарап тұр екен . Бекбай жүрегінің аз дір еткенін сезді. «Не деген қажырлы қыз» деді өзіне өзі күбірлеп .

Бекбай аттан түсіп, Қанағаттың үйіне кіргенде , Сейсенбай мен Дүйсенбай бір нәрсеге таласып үйдің астаң-кестеңін шығарып жатыр екен. Әке-шешесі көрінбейді. Олар аяздаған есіктің сақырлаған дауысымен жалт қарап, Бекбайды көріп тоқтай қалды. Қазан жақтағы шөккен түйедей етіп жиналған үлкен балшық пештің бір мұртын құлатып жіберіпті .

_ Мұғалім, сізден ұят болды ғой,_ деді Сейсенбай ағасынан бұрын сөйлеп.

_ Ұят болса неге таласасың?_ деді Дүйсенбай қатты кейіп,_ андағы кітапты мұғалімге бер.

Сейсенбай күржиген тері күрмесінің қолтығынан сары тысты қатты қапты кітапты шығарып Бекбайға ұсынды. Бекбай кітапты қолына алып қуанып кетті. Орталау мектептің математика оқулығы екен.

_ Мұны кім әкелді?_ деді таң қалып.

_ Шал, Мами Бейсінің ауылынан әкеліпті,_ деді Сейсенбай.

Бекбай Бітеуіргедегі Мәми Бейсінің ауылында мектеп бар деп естіген , бірақ діни мектеп болуы керек деп межелеген еді. Оның пәнни мектеп екеніне енді көзі жеткендей болды.

_ Сендер қазірше бұған таласпаңдар, енді бір айдан кейін бұл оқулықты оқи алатын боласыңдар , қазір менде тұрсын,_ деп Бекбай өзінің кішкене ағаш қобдиына апарып салып қойды

Аздан соң көрші ауылға кеткен Қанағат пен кемпірі де келді. Дастарқан жайылып , шәй құйылған соң Қанағат сөз бастады :

_ Жә, Бекбай, билер бұл жолы да бекер шақырмаған екен, Өр Алтайдың елі бұзылы, үкіметке қарсы шығыпты. Әуелі Шанның басын алыпты дейді. Сарсүмбедегі үкімет әскерін топ-тобымен солай жіберіп жатыпты. Иә, Алла, ел тыныштығы кетер ме екен,_ деп бір тынды. деді.

_ Ой, әке, Өр Алтайдың елі неге бұзылады?_ деді Сейсенбай.

_ Кішкене балаға не керек?!_ Қанағат Сейсенбайға ұрсып тастап, Бекбайға бұрылып сыбырлай сөйледі ,_ карағым, заман бұзылып барады, бұл үкімет құрылтай ашамыз деп қазақтың ел басыларының көбін абақтыға жапты. Алдын өлтіріпті, соған шыдамай ел көтеріліп кетті ғой ,құдай сақтасын, осы маңдағы ел аман болса екен. Елдің қолындағы мылтықты жиғалы бір жылдан асып кетті. Халықтың қолында темірдің сынығы да қалған жоқ .

Қанағаттың сөзінен қалайда бір төңкеріс басталғалы жатқанын Бекбай іштей межелед. Бірақ оның қалайдан-қалай басталатыны туралы кеңесуге көңілі тартпады.

Қалай болсада Бекбай Қанағат байдың қолайына жаққан азамат болды. Не жұмыс тапсырса соны ренжімей, ерінбей істей береді. Есік алдынан қарын, ат қора, сиыр қоралардың ішін Дүйсенбай мен Сейсенбайды ертіп алып әр күні өздігінен тазалап қояды. Түбекте жататын жылқыны күзеу Бекбайдың кәдімгі міндеті болып қалды.

Таңертең ерте атқа ер салған Бекбай анадайтын ши төбеде ұзаққа көз тастап отырған қанағат байдың қасына келді :

Анау түбектегі жылқыны күзеп келейін, Дүйсенбай мен Сейсенбай қораларды тазалап, арық малдарды қорадан шығара тұрсын, басқа жұмыстарды түстен кейін өзім бас болып жөнге саламын ғой, деді.

Қанағат Бекбайдың жүзіне қадала қарап аз тұрған соң :

_ Бара ғой, балам жылқыларыңның сырын өзің білеесің ғой, күндегіше сыртынан бір шолып қойсаң болды,_ деді күлімсіреп.

Қанағат байдың шаралы жаралған үлкен көк көзі қайта-қайта өзінің басынан аяғына дейін тінте қарағаны Бекбайды сәл іштей ыңғайсыздандырды. Көңіліне:«Мына шал бірдеңені сезіп қалды ма» дегендей күдік орала кетті.

_ Мақұл,_ деп атына қонған Бекбай: «Жайнаға сөйлесіп тұрғанымды көріп қалған ғой» деп ойлады.

3

Бекбай әуелі жылқыны көздеп , онан соң Жайна отын алатын қолтыққа келді. Расында қуарған терек , тал айқасып жатыр екен. Сүйретіп алаңқыға қарай шығара бастады, маңдайы тершіп, тымағы басына ауыр келгендей болған соң, белбеуін ағытып , сыртқы қалың ішігін шешіп анадайтын жердегі қураған ақ түбірге жауып қойды. Ауыл жаққа қарап еді, Жайнаның қарасы көрінбеді. Тағы да қураған тал-теректердің кусеп жатқан жуан бұтақтарын алаңқыға шығарып жіктей бастады. Жайнаның келер жолына қайта-қайта қарағыштаған Бекбай, күн едәуір көтеріліп қалған соң, балағына жұққан қар үгінділерін ағашпен қағып түсіріп, ішігін қойған түбірге келіп отырды. Екі көзі әлі ауыл жақта. «Ақымақ қыз өтірік айтты» деп ойлады. Ішігін кигелі орнынан тұрды. Сол шақ төменгі қар қымтаған жалпақ ағардан қараңдап, өгіз айдаған Жайнаның бараны көрінді. Бекбай қуанып кетті. Орнынан қайта тұрып, жуантық тал-теректердің жіңішке бұтақтарын етігінің өкшесімен теуіп бұтай бастады. Қалың қарды сызып өгіз аяңымен Жайна бір шәй қайнатымнан соң әрең жетті.

_ Жайна, өте жәй келдің ғой?_ деді Бекбай күліп

_ Апам күн жылынған соң бар деп айналдырып тастады,_ деді Жайна.

_Бекбай жүгіріп барып өгіздің ыңыршағына қыстырылған балтаны алып, манадан жиналған ағаштардың оқсаусыз бұтақтарын сидалап түсіре бастады. Жайна бұтағы тазартылған ағаштарды жіктеп артуға дайындалды.

Бекей аға, отынды баяғыда алып болыпсыз ғой , мұнда ерте келгенсіз бе? деді отындарын жіктеп жатып.

_ Мен де жаңа ғана келдім. Бұл жерде отын көп екен ғой , екі-үш күн осы жерден отын алайық,_ Бекбай сөйлей жүріп өгіздің беліндегі арқанды алды. Жайна үндеген жоқ. Жауап ретінде Бекбайға қарап күліп қойды. Бекбай отын алу мен отын артуды Қадыш кемпірдің қойын бағып жүрген кезінде үйренген . Енді сол өнерін Жайнаға үйреткісі келді. Тең жіпті өгіздің ыңыршағына ілмектеп салған соң мықтап тартып байлады.

_ Жайна,_ деді Бекбай оған бұрылып, жалғыз адам отынды қалай артады екен, мен көрсетейін, сен қарап тұр.

Бекбай әуелі жуантық бір құшақ отынды өгіздің мінер жағына әкеліп тең жіппен астынан көтеріп үстіндегі ілмектен байлап қойды да , тағы бір құшақ отынды қамшылар жағынан әкеп

теңдеді. Осылайша бір жағына екі реттен екі жағына төрт тең теңдегенде өгіздің үсті жап-жаттық болды.

_ Бекей аға , өгізге отын арту оңай екен ғой , мен бекер жаяу отын көтеріп жүріппін, _ деді Жайна. Расында Жайна өгізге отын артуды мұндай оңай деп ойламаған еді, ол «күніне көп емес екі тең отын теңдеп алып тұрсам да болады екен ғой» деп ойлады. Отын артылып болған соң, Жайна өгіздің бас жібін алып ауылға қарай бұрылып :

_ Бекбай аға, сізге рақымет, _ деді. Бекбайға Жайнаның көзінен ғажайып бір ұшқын жарқ еткендей сезілді. Жайнаның екі беті қып-қызыл алмадай болып нұрланып кеткен еді. Бекбай өгізін жетелей жөнелгенде Жайнаға қатарласа жүрді.

_ Отынға тағы келесің бе? _ деді.

_ Осы отын бірқанша күнге жетеді ғой, төрт-бес күннен кейін келермін.

_ Тағы да келіп отыныңды артып берейін.

_ Сізді қайта-қайта әурелесем бола ма?

_ Адам деген өзі ұнатқан, өзі жақсы көрген адамдары үшін қанша жапа шексе де рахат сезінеді емес пе.

Жайна Бекбайдың орағытқан сөзінің төркінін біле қойды.

Жымың етіп Бекбайға көзінің қырымен қарап алып:

_ Олай болғанда мен де сіз үшін жапа шексем болады екен ғой, _ деді күліп.

_ Болды онда, бес күннен кейін осы жерден тағы да отын аламыз, _ деді Бекбай кесете сөйлеп.

_ Сіз ұмытып қалмаңыз.

_ Мына сөзді естіген Бекбай сасқалақ кескінмен:

_ Уәделескен күнді өлсем де ұмытпаймын ғой, қайта осы бес күн оңай өтпей зарықтырады ғой.

_ Өйтпеңіз, бес күн деген көзді ашып-жұмғанша өтеді ғой, аға, _ деп Жайна аяғын жіті басып жүре жөнелді.

Өзінің сөзді тым сараламай айтып қалғанын Бекбай енді сезді.

_ Жайна, жолың болсын! _ деп артына қарай бұрылды.

Осылайша Бекбай мен Жайна осы түбектен қыстай он неше кезек отын алды. Алғашында екеуі де біріне бірі сақтана қарап, тым артық қалжың айтыспаған. Бара-бара демдерін алған кездерде қатар отырып ұзақ сырласатын болды. Осындай сырласудың бірінде бұлардың өмірінде үлкен өзгеріс болды. Ол кезде қыстың ызғары қайтып, көктем лебі біліне бастаған еді. Отынды бұтақтап, жіктеп болған соң, екеуі аз дем алайық деп қары кетіп сәл құрғаған шымды дөңге келіп қатар отырды.

Бұрын дәл осындай Бекбайдың қасында отырғанда Жайнаның жүрек соғуы тездеп, қалыпсыз күйге түсіп, біраздан соң әрең басылатын. Ғажабы, бүгін ондай болмады. Жайна өзіне өзі қайран болды. Бекбайға көзінің қырымен қарап еді, ол да жайбарақат, қысылып-қыстырылмай кең отырған секілді көрінді. Дәл осы шақ қастарына бір нәрсе гүрс ете түсті. Жайна шошынғанынан Бекбайды құшақтай алды. Айтарға болмаса Бекбай да қорқып қалған еді. Жайнаны құшағына қысып, гүрст еткен жаққа қарап еді, құрым киізге оралған бір нәрсе терек басынан қастарына құлап түсті.

_ Қорықпа, Жайна, ағаш басындағы бір нәрсе түсіп кетіпті ғой, _ деп Бекбай өз кеудесіне тығыла түскен Жайнаның иығынан сипады. Жайнаның тершіген эппақ мойнынан көтерілген тәтті леп Бекбайдың кеңірісігіне келіп ұрылды. Бұрын байқамаған сияқты, Жайнаның құлағы да ерекше әдемі екен. Кіп-кішкене күміс сырғасы да жарқырап бөлекше жарасып тұрған сияқты. Жайна Бекбайды қалай құшақтай алғанын әлі білген жоқ. Бекбайдың ағытулы түймесінен Жайнаға жағымды бір тәтті иіс мұрнына келгендей болды. Сол тәтті иісті иіскей бергісі келді. Оң жақ иығынан сипаған Бекбайдың қолының жап-жалпақ алақаны от болып қызып тұрғандай сезілді. Қозғалайын деп еді ,

буын-буыны босап , қозғалуға да дәрмені қалмаған екен. Бекбайдың алақаны енді басын келіп сипағанда , жүрегі дүрсілдеп , ғажайып тіл жеткісіз шаттық сезім бойын билеп бара жатқанын сезді.

Бекбайдың кеудесінен басын көтергісі келмеді. Оның тамағының астынан көтерілген қышқылтым иісті құшырлана иіскеп , тағы біраз үнсіз жатты.

_ Жайнаш, қатты қорқып кеттің бе?_ деп Бекбай оң қолының алақанымен өзінің оң иығына тіреліп тұрған Жайнаның маңдайын сипады. Жайна басын көтеріп, Бекбайдың жүзіне жаңа көргендей қадала қарады. Бекбайдың екі жүзі нұрланып , оттай жайнап тұрған сияқты көрінді. Екі беті қып-қызыл болып құлпырып кетіпті. Бұл шаққа дейін Жайна өзінің Бекбайдың құшағында отырғанын мүлде сезген жоқ болатын. Ол Бекбайдың құшағында отырғанын енді сезді.

_ Ұйбай, алдыңызда отыр екемін ғой!_ деп орнынан тұрмақ болып қозғала беріп еді, Бекбай қапсыра құшақтап, Жайнаның қып-қызыл болып албыраған бетінен құшырлана сүйді. Буын-буыны босаған Жайна бетін Бекбайдың тамағының астына қарай тығып, көздерін жұма берді. Осылайша екеуі бірін-бірі құшақтап суық далада ұзақ аймаласты. Дәл осы шақ Жайна Бекбайдың құшағына емес, оның жүрегінің ішіне кіріп кеткен еді. Әлден соң, мас адамдардай екеуі де орындарынан әрең тұрды. Бекбай Жайнаның екі иығынан ұстап күлімсіреп аз тұрған соң, оң жақ бетінің астыңғы жағындағы миық шұңқырынан мейірлене тағы бір рет сүйді.

_ Бекбай аға, отынды артайық, күн жай болып кетіпті,_ деді Жайна жерге қараған басын көтермей.

Бекбай күнге қарап еді, расында едәуір жай болып қалыпты. Ол өгізге қарай бұрыла беріп, әлгінде өздерін қорқытқан құрым киізге оралған домалақ нәрсеге көзі түсті. Өтір бара жатып теуіп қалды. Оның ішіндегі темірдей қатты нәрсе екен. Аяғының басын ауыртып жіберді. Еріксіз тоқтап, тағы бір аяғының ұшымен құрым киізді теуіп көріп еді, жыртылған салдырлап төс темір, темір қысатын қысқаш, балға сияқты өңшең темір-терсек нәрселер сау етіп төгіліп қалды. Бәрі де теміршінің саймандары екен.

_ О, күдірет, мынау теміршінің саймандары ғой, жазда қойып кетіп , кейін ала алмай қалды ма? Жоқ адасып таба алмай қалды ма екен?_ Бекбай саңғырлай сөйледі. Отынына қарай кетіп бара жатқан Жайна жүгіріп Бекбайдың қасына келді. Теміршінің түрлі саймандары шашылып жатыр.

_ Аяғыңызбен теппеңізші,_ деді Жайна таңғалыңқы кескінмен,_ теміршілердің дарқан иесі болады дейді, үлкендер бізге көріктің бойынан аттатқызбайды ғой.

Бекбай Жайнаның сөзінен қорқып қалды.

_ Не екенін білмей теуіп қалып едім, ештеңе етпес, қайта қабына салып биік жерге қоя салайын, иесі тауып алар,_ деп Бекбай әлгі саймандарды құрым киізге қайта орап биік теректің бұтағына апарып қыстырып қойды.

Дайын отынды Бекбай мен Жайна лезде артып үлгірді. Жетектеулі өгіздің бас жібін қолына алған Жайна Бекбайға бұрылып:

_ Аға, сізді апам өте жақсы көреді, үйге барыңыз,_ деді.

_ Қашан?_ деді Бекбай күліп.

_ Көңіліңіз тартқан уақытта.

Бекбай өзінің Жайнадан тағы жеңілгенін сезді. Өгізін жетелеп алыстап бара жатқан Жайнаның соңынан:

_ Кешке барамын,_ деп дауыстады.

Жайна естіді ме, жоқ әлде естісе де мойнын бұрғанға ерінді ме, артына қайырылып қараған жоқ.

Бекбай қияқта арқандаулы тұрған атының қасына келді. Көңілі лепіріп, аяқ-қолы жеп-жеңіл болып кеткен сияқты сезілді. Дауысын еркін қоя беріп, шырқап ән айтқысы келіп еді, атына мінген соң, бұрқыратып өрлі-қырлы шапқысы келді. Жайна кеткен жаққа қарап еді, ол едәуір ұзап кетіпті.

Атының басын қоя беріп, қары көпсіп, енді ғана еріп жатқан тоғай арасының тақыршағымен өзенге қарай шаба жөнелді. Ол әлі мұзының шеті сөгілмеген Ертістің жайдақ қабағына жетіп келгенде барып атының басын тартты. Өзеннің шор болып қатқан көк мұзы бесінге аунаған күннің күміс нұрымен шағылып, өзен жағалап жүрген сайын жарқылдап Бекбайдың алып ұшқан көңілін тіпті лепірте түсті. Жас балаша мұз бетінің жүрген сайын құбылған жарқылын тамашалап, едәуір құлдап кеткенін Бекбай білмей қалды. Тоғай арасын аралап, күн батқанша жылқы көздеп ат үстінде жүріп, күн батқан соң ғана ауылға келді.

Бүгінгі Жайнаның көңіл күйі де мүлде басқаша болды. Ол Бекбайдың өзін сонша беріліп жақсы көретінін білді. Бұдан бұрын өзі Бекбайды қанша жақсы көргенімен Бекбай өзіне бір түрлі салқын қарайтын сияқты сезіле беретін. Отынын артып үйіне қайтқанда, көкірегін ғажайып бір лепірген қуаныш кернеп, екі аяғы жеп-жеңіл болып кеткендей сияқты сезінді. Әдетте сүйретіліп әрең жүретін қоңыр өгіз де елпілдеп тез жүріп, көңілі барған сайын желпіне түсті. Төменгі ауыл төбесі көрінетін аласа қарлы дөңкілге шыққанда, артына бұрылып Бекбайға қарады, ол атына мініп құтырған адамдай құйғытып шауып барады екен. «Бекбай қатты қуанып кетті ғой» деп ойлады. Сөйтті де өгізді жетелеп ауылға қарай жіті басып жүре жөнелді. Расында қоңыр өгіз бүгін Жайнаның көңіл күйін түсінгендей бұйдасын ірікпей лыпылдап келеді. Жайнаның көз алдына Бекбайдың екі беті қып-қызыл болып албырап, өзін құшағына мейірлене қысып, екі бетінің астыңғы жағындағы шұқырайған миығынан сәби баланы еркелеткендей, мейірі қанбай қайта-қайта сүйгені елестеген сайын, бүкіл денесі от болып қызып бара жатқан сияқты сезінді. Тәтті ойдың сезім жетегімен Жайна өзінің ауылға қалай жетіп келгенін білмей қалды. Шулаған ұсақ балалардың дауысымен басын көтеріп ауылға келгенін бір-ақ білді. Шешесі далада өзіне қарап, қолын қусырынып тұр екен. Жайна жақындай бере алдынан қарсы жүрді.

_ Қарғам-ау, бүгін неге сонша кешіктің?_ деп шешесі Жайнаның құлпырған жүзіне таң қала қарады.

_ Өгізді ешқайда кетпейді ғой деп бос қоя салып едім, шіліктің арасына кіріп кетіпті де, әрең тапқаным,_ деп Жайна өгіздің бас жібін қазыққа байлады.

Шешесі Мәрия мен Жайна отынды түсіріп, шайларын ішіп болғанда есіктен Бекбай кіріп келді. Дастарқан әлі жиылмаған болатын. Оның үстіне Жайна төр алдында отырған. Мәрия кемпір қуанышты кескінмен :

_ Балам Бекбай, төрге кел,_ деп орнынан тұрып дастарқанға құрт-ірімшік сияқты кебезесінің түбінде қалған дөңді құжырларын салып молайтты.

_ Балам Бекбай, анда-санда біздің үйге де келіп тұр. Мынау Жайна кітап оқи алатын болдым деп қуанып жүр. Тіл ашарға да бір нәрсе бере алмадық. Қолымыз қысқа болғанымен бір шәугім шәйіміз бар ғой,_ деп Мәрия кемпір сөйлей отырып Бекбайға шәй құйып берді. _ Жайнаның ұғымы Қанекен байдың екі ұлына қарағанда өте жақсы. Қалайда сауатын ашып мол білім алса, мұғалім болып жан бағуына да болады ғой, _ деді Бекбай.

_ Жайнаның ұғымы Қанекен байдың екі ұлына қарағанда өте жақсы. Қалайда сауатын ашып мол білім алса, мұғалім болып жан бағуына да болады ғой, _ деді Бекбай.

_ Айтқаның келсін, қарағым!_ Мәрия қуана сөйлеп орнынан тұрды,_ көптеп бері келгенің осы, тамақ ішіп бір-ақ кет.

Мәрия кемпір қаптан егін алғанша, Жайна қазан асып суын құйып үлгірді.

Бекбай мұнда бұрын да талай рет келген, Мәрия кемпірдің қолынан талай дәм татқан. Бірақ бүгін бұл Бекбайға басқаша әсер берді. Бұл үйдің анау көнеріп кетсе де, әлі сыны кетпеген сырлы кебезесінің бетіндегі ұсақ құймалар, анау жүк астында жиулы тұрған, айшығының құймалары түсіп, алтын-күмісі қажалып кеткен ескі алтын ер, бұл шаңырақтың да бір заманда өз әлінше дәурендеген

шаңырақ болғанын аңартып тұрғандай білінді. Қараған сайын Бекбайдың көзіне бұл үйдің мүлкінің бәрі құнды, бәрі керемет сияқты сезіле берді.

_ Балам бекбай, _ деді Мәрия шешей, _ мына Жайна екеуің бір-біріңе көмектесіп тұрындар, екеуіңде де аға-бауыр сүйеніш жоқ. Біз сені сыртқа теппейміз.

_ Апа, _ деді Жайна Бекбайға күлімдеп қарап алып, _ бүгін отынымды Бекбай ағам артысып жіберді.

_ Рақымет, Бекбай балам! _ Мәрияның үні қуанғанынан дірілдеп шықты.

«Жайна екеуің деген сөз шешесінің ауызынан бекер шыққан жоқ қой» деп ойлады Бекбай.

_ Бұдан кейін істеуге тиісті, өздеріңіз істей алмайтын ауыр жұмыстар болса мен көмектесіп берейін, _ деді Бекбай.

_ Не жұмыс бар дейсің, қарғам, бүгін бүйтіп отырғанымызбен кезінде біз де ырысы шалқыған бай шаңырақтың бірі едік , амал қанша, _ Мәрия ауыр бір күрсініп алып сөзін жалғады, _ мына өзің баласын оқытып жүрген Қанағат менің немере бауырым, осыған қара тартып келдік қой.

_ Мына Жайнаның атасы марқұм Ақбай бір салғанын түсіретін, сөзге де шешен мықты адам еді. Дүңген төңкерісінің алдында ғана «Баркөл деген ұжымақ жер бар екен, сонда барамын» деп Өр Алтайдан көшкен елге ілесіп шығысқа қарай үш ауыл аудық та кеттік. Сол жылы жазда мал да жақсы тойынған еді, қар бір жауғанда Бәйтiк деген қара таудың бөктеріне бардық. Қалай екенін білмеймін, Алтайдан алыстаған сайын жүрегім лобылғып бір қорқыныш көңіліме ұялап алды. Бірнеше күн еру болып Бәйтiкті бөктерлеп тағы жөнелдік. Бәйтiктің күнгейі сылдыраған қара тас, бөктері жап-жазық тақыр болады екен. Бәйтiктің күнгей бетіндегі бір терең сайға қондық. Біз үй тіккенше қарлы боран соқты да кетті. Мал артта қалған болатын , шалдың кенже інісі Жақай деген қайным мен Гүлшарбан деген қайын сіңілім малда еді, мен шалға быжалақ қағып «тез алдарынан шық, жол білмейтін балалар адасып кетеді» деп зар қақсадым. Шал да айналған жоқ, малдың алдынан жөнелді. Құдай сақтасын, түнімен мал да жоқ, алдынан кеткен шал да жоқ. Мына Жайнаның әке-шешесі ол кезде оң жақта еді. Таң атысымен Жайнаның әкесі Ақай да жөнелді. Күн екінтіге ауғанда, малдың жартысын тауып шал мен Ақай келді. Олардың айтуынша, малдың баранын құмға еңкейіп ығып кеткен жерінен әрең тауыпты. Жақай мен Гүлшарбаннан дерек жоқ. Сол арада бір ай отырып, бүтін керішті тінтіп, күн құрғатпай іздедік. Тіпті әкең марқұм біз Қаптыққа барып қыстағаннан кейін де неше рет сол жаққа барып оларды іздеп қайтты. Тірі болса хабары, өлсе сүйектері табылатын еді , содан қазірге дейін дерексіз кетті. Е, балаларым, Қаптық деген сылдырап жатқан қап-қара тас тау екен. Сол жылы құрғақшылық болып қылтан шықпай қалыпты. Көктемде елге сары ауру келді. Қыстай інісі мен қарындасын іздеп, енді бір жағынан арық малымен алысқан шал мен Ақай ә дегенде-ақ сары аурудан ұшып түсті. Ол екеуі аз болғандай, мына Жайнаның шешесі келінді ауру іліп әкетті. Сорлатқанда сәуірдің аяғында адамнан да , малдан да айрылдым, соқа басым ғана қалды. Сонда мына Жайна әрең үш жастағы бала ғой. Әйтеу, айналышым осы болды. Адам баласы жаның бөлек болған соң өлмейді екенсің. Біздің шығысқа ауғанымыз солайша бізге ұшық болып жабысты ғой. Сөйтіп күн жылынған соң қайтқан елмен ілесіп Алтайға қайтып келдім. Туыс тартып осы Қанағаттың іргесіне келіп жан бақық. Жақай мен Гүлшарбаннан күні бүгінге дейін дерек жоқ. Тоқтаусыз іздестіріп келемін.

_ Бұрын қайда едіңіздер? _ деді Бекбай таң қалып.

Мәрия әңгімесін доғарып, көзінен тамған жас тамшыларын шылауышының шалғайымен сүртіп, Бекбайға күлімсірей қарады.

_ По, сіздің де көрмегеніңіз жоқ екен ғой, _ деді Бекбай. Бекбай Мәрияға қайта-қайта қарады. «Қайсар, мықты адам екен ғой» деп ойлады. Көңілі жабырқаған қарт ананның аз да болса көңілін жұбатып бірдеңе айтқысы келді. Не айтарын білмей үнсіз отырып қалды.

_ Құдай басқа салған соң бәріне де кісі көнеді екен , Бекбай балам , өстіп шалдың түтінін түтетіп келемін. Дәмім қашан таусылады , оны бір Алла бір өзі біледі. Көп ойлайтыным мынау қаршадай Жайнаның қамы,_ Мәрия сөйлей отырып Бекбайдың алдына дастарқан жайды.

_ Шеше, алаңдамаңыз,_ Бекбай дастарқанға қарай сырғып жақындап отырды, _ Жайна да ержетіп қалды. Өз денсаулығыңыз да жаман емес екен. Қазақ «орнында бар оңалады» дейді, қалай да оңалып кетесіздер ғой.

Жайна қазандағы етті түсіріп, дастарқанға әкеліп қойды.

_ Балам, бала болсаң да ер азамат болдың, бір ауыз бата жаса,_ деді Мәрия күліп.

Бекбай Жайнаға қарап еді, ол жымышп қолын жайып тұр екен. Дәл осы шақта Бекбайдың есіне әкесінің үнемі дастарқанға жасайтын батасы түсті. «Сол батаны берейін » деп ойлады. Сонан соң :

_ Әуелі құдай қолдасын!

_ Қызыр болсын жолдасың.

_ Бастарыңа бақ қонып,

_ Еш жамандық болмасын!

_ Тілектеріңіз қабыл болып,

_ Бәрін Алла оңғарсын!_ Аллаһуакбар!?!_ деп Бекбай бетін сипады.

_ Жарайсың балам, азамат болып санатқа қосылғаның осы,_ деп Мәрия қуанып кетті.

Ер адам болған соң бата бермесе бола ма !? _ деп Жайна күлімсірей келіп шешесінің аяқ жағына отырды. Мәрия қызы Жайнаға жаңа көргендей қадала қарады. Бекбайдың бүгін Жайнаға отын алысқанын, әсіресе Жайнаның бір жұмадан бері жайрандап көңілді жүргенін бір жақсылыққа балады. Екеуінің арасында бір жақындастық бар екенін іштей сезді. «Ей, Алла , осы екі жетімді бір-біріне қосып серік ете гөр» деп іштей тілек тіледі.

Бекбай ет турап болып Жайнаға қарап еді , ол өзіне күлімсіреп қарап отыр екен. Көздері тоғыса кетті. Әлде нені сылтауыратқан Мәрия сорпа сапырған болып қазан жаққа бұрылып отырды. Бекбайдың осы төрде отырғаны , әсіресе тамаққа бата бергені Жайнаның көңілін лепіртіп жіберген еді. Ал, Бекбай болса өз үйінде отырғандай бір тамаша сезімге кенелді.

Бекбай бұл үйде тамақ ішкен соң , түннің бір уағына дейін әңгімелесіп ұзақ отырды. Бекбайға Мәрия кемпірдің намысы бар, тегі білікті жерден шыққан мықты әйел екені айқын болды. Ал Жайнаның жүзінде қыз балаға тән жібектей қосылған нәзіктікке ерекше сүйкімді асықпай , аптықпай сөйлейтін биязылығымен бірге, өнінен бір түрлі мұңлы адамдарда болатын сынықтық байқалып тұратын. Бүгін Жайнаның өңіндегі сол сынықтық оның өңін тіпті де сүзілдіріп , бұрынғысынан да әдемі сұлуға айналдырып жіберген екен.

Бекбай қайтуға ыңғайланып, орнынан тұрып есікке бет алды.

_ Балам Жайна,_ деді шешесі,_ мына баланы есік ашып шығарып қойсаңшы.

Жайна лып етіп орнынан тұрып Бекбайға есік ашты.

_ Тағы келемін,_ деп сыбырлы үнмен Жайнаның қолынан ұстады. Айсыз қараңғы түнде бірінің өңін бірі көре алмаса да, қандай күйде тұрғандарын іштей сезісіп тұрды.

Бекбай еңкейіп Жайнаның белінен құшақтап, ақырын бетінен сүйді. Жайна бойы балқып, буын буыны босап өзін меңгере алмай қалды. Оның жіп-жінішке саусақтары Бекбайдың мойнын сипап , оң құағының астыңғы жағындағы бұршақтай түймешті ұстап дардай тұрды. Жайна аузын бекбайдың құлағына таятып :

_ Құлағыңның астында бір әдемі түймеш бар екен,_ деді.

_ Бекбай үнсіз басын изеп аз тұрды да:

_ Менің жоғалып кетсем танылатын белгім ғой ол,_ деді сыбырлап.

Жайна Бекбайдың мойнын әлі сипалап тұр. Әлгі жұп-жұмсақ түймешті қайта-қайта ұстап қояды. Дәл осы шақ Жайна өзінің өмір бойы осындай бір керемет сүйіспеншілікке толы мейірге бөлене алмағанын сезді. Үйден шешесі Мәрияның қырнап жөтелген дауысы естілді. Жайнаның қолы Бекбайдың мойнынан босап, ақырын шегінді. Бекбай оның мойнынан қайта құшақтап ернінен мейірлене сүйді.

_ Көп тұрып қалдым, _ деді Жайна дірілдеңкі сыбырмен. Сөйтті де үйіне қарай жүре жөнелді. Бұл күні Жайна көпке дейін қуанып ұйықтай алмай жатты. Әлгіндегі мойнынан көтерілген жағымды тер иісі көпке дейін мұрнынан кетпеді. Көңілі лепіріп, тәтті сезімге бөленіп қуанып жатып көз ілді.

Бекбай Жайнаның қараңғыдағы үйіне қарай тез жүріп бара жатқан бейнесіне қарап, ол үйіне кіріп кеткенше қарап тұрды. Жайна мен шешесі Мәрияның әлде неге күлген қуаныш күлкісі естілді. «Шешесі қызы кешіккенге қалжыңдаған шығар» деп ойлады. Сөйтті де артына бұрылып, Қанағат байдың үйіне қарай тартты.

Бекбайға өз денесі өзіне жеп-жеңіл болып кеткен сияқты, қаттырақ жүгірер болса аспанға ұшып кететіндей бір керемет нәрсе бойын билеп алғандай сезілді. «Осы Мәрия кемпірге бала болып, Жайнамен бас құрап алсам далада қалмаспын» деп ойлады.

Тәтті қиялдың жетегінде Бекбай Қанағат байдың үйіне қалай тез келгенін білмей қалды. Қараңғыда ақырын дыбыс шығармай есікті сипалады. Есікті жіппен бос байлай салыпты. Өзінің әңгімеге айналып Жайнаның үйінде ұзақ отырып қалғанын енді сезді. Қиусыз жаман ағаш есікті шарқылдатпай ақырын ашып, аяғын еппен басып үйге кірді. Аз іркілген соң, күндегі өзіне төсек салынатын бұрышқа қарай жылжып еді:

_ Бекей, келдің бе? _ деген Қанағаттың әйелінің дауысы шықты.

_ Иә, мен ғой, _ деді Бекбай төсегінде отырып жатып.

_ Сені тосып-тосып келмеген соң тамағымызды ішіп жатып қалдық, _ деді.

_ Тамақ ішіп келдім, шеше, _ деді Бекбай.

Жүрегі қуаныштан жарылардай болып, көңілі аласұра лепірген Бекбай көпке дейін ұйықтамады. Көзін жұмса болды Жайнаның сәби баланың беті сияқты уылжыған бетінің өз ерніне тигендегі ұп-ұлпа тәтті лебі қайта кеңісігіне келді. Мөлдіреген қап-қара көзіндегі күлкісі, оның көзімен емес, тіл жетпес шыңырау жүрегінен күліп тұрғандай білінеді. Дымық күнгі салқын самал желпіген жібек сияқты сусылдаған қоңырқай бұрымының өз бетіне тигендегі бойын балқытқан ғажайып сезім ләззаты мына дүниеге жаңа келген сияқты күйге түсірді.

Бекбай қап-қараңғы түнге қадала қарап едәуір уақыт жатты: «По, шіркін! Жарық дүние, сен неткен нұрлы едің» деді күбірлеп,

Бекбай күндегіден ерте оянды. Қанағат байдың әйелі құман алып енді дәретке шығып барады екен. Басын көтеріп аз отырды. Үйдің іші балшық мештегі жаңа жанған оттың түтініне толыпты. Сыртқа шығып сергіп келгісі келді. Киімдерін киіп тысқа шықты. Күн бұлт екен, аздап қылаулап қар жауып тұр. Жайнаның үйі де тұрған екен, шаңырақтарынан қара қидың қою көкшулан түтіні будақтап шығып жатыр. Бұл үйдің сыртқы үзіксіз кішкене қара борша бейнесі бүгін Бекейдің көзіне әдемі әрі ыстық көрінді. «Алла арманыма жеткізсе, бұл қара борша үйді әлі алты қанат ақ ордаға айналдырамын» деп өзіне өзі күбірледі.

Көзді ашып-жұмғанша жаз өтіп, күз келді. Жылдағы әдеті бойынша Қанағат байдың ауылы да өз күзеулігіне келді. Ауыл-ауыл түгел күзем жүнінен киіз басып әбігерге түскен. Бекбай да жарты күн жылқы қайырып, жарты күн бала оқытатын дағдысынан өзгерген жоқ болатын. Күзгі

қарбаластық әр кімнің мойнын босатпағандықтан Қанағаттың талабы бойынша оқытуды біраз күн тоқтатып қойған.

Күн ыси бере өзен бойына келген Бекбай, суға түскен осы ауылдың екі шолақ айғыр үйір жылқысын түс ауғанша көгалға қайырмақтап аз жусатқан соң, күн бесінге аунай бере тиянақты бір жаққа қарай шығарып ауылға қайтты.

Бекбай Қанағаттың үйінің артындағы нар теректің түбіне келіп, көлеңкеге атын байлап, ерін алып қойған соң, асықпай үйге кірді. Қанағаттың үш ұлының бірде біреуі жоқ. Кемпір-шал шәй ішіп отыр екен

_ Бекбай, шәйға кел,_ деп Қанағат бәйбішесіне қарай жылжып оң жағын нұсқады. Күн бесін ауғанша сусын ішпей Бекбай да шөлдеңкіреп қалған еді. Сырт киімдерін шешіп, қолын жуған соң, Қанағаттың қатарына келіп отырды.

_ Күн жарықтық бүгін ысып алды ғой, шөлдеген шығарсың?_ деп Қанағаттың кемпірі Бекбайға шәй құйды.

Бекбайдың шәй ішіп шөлі қаныңқыраған бір мезетте, Қанағат қолындағы шынысын дастарқанға қойып :

_ Бекбай, саған азырақ айтатын сөз бар,_ Қанағат бүкіл денесімен Бекбайға бұрылып қадала қарады,_ шынымды айтсам, сен менің балам сияқты болып кеттің, сенің арқанда ұлдарым түгел сауатын ашты. Мұнда жүргеніңе де биыл алты жылдан асып жеті жылға айналып барады екен. Келгенде кіп-кішкене бала едің, міне енді соқталдай азамат болдың. Біздің қазақ «бас екеу болмай, мал екеу болмайды» дейді. Жас емессің. Мына Мәрия апайдың анау немересі Жайна да бойжетіп қалды. Мәрия жетім-жесір болғанымен білері бар адам. Сені сол Жайнамен бас құратып, Мәрияның қолына кіргізіп қойсақ деген ойымыз бар.

Бекбай мына сөзді естіген соң, Қанағаттың жүзіне тігіліп қарай алмай, қолындағы шынының ішіне қарап отырып қалды.

Бекбай Қанағат бай мұндай шешім айтады деп ойламаған еді. Не дерін білмей едәуір уақыт үнсіз отырды. Тыныштықты Қанағаттың әйелі бұзды :

_ Бекей, сен бізге өз баламыз сияқты болып кеттің. Сондықтан да көңіліміздегі ойымызды айтып отырмыз. Ал, сенің де не білген ойың бар, оны біз білмейміз ғой.

Бекбай басын көтеріп, тартыныңқы кескінмен Қанағат пен әйеліне кезек-кезек қарады. Мына екі қария шын айтып отыр ма, әлде өтірік айтып отыр ма деген күдік те жоқ емес еді. Бекбай ішінен : «Бұл ауылда Жайна екеуіміздің бас құрауымызды қолдамайтын адам жоқ екен ғой» деп ойлады. Қанағатқа түзу қарағанға тартынып, Қанағаттың әйеліне қарап сөйледі :

_ Оны айналып келгенде сіздер білесіздер ғой,_ Бекбай аз іркіліп сөзін қайта жалғады,_ менің әкем де, шешем де, туыс-туғаным да өздеріңіз, басқа ешкімім жоқ, бұдан кейін де сіздерге сүйеніп жан бағармын деп ойлаймын .

Бекбайдың мына сөзі Қанағат байға майдай жағып кетті. Құла жылқының түп құйрығының қылы сияқты сап-сары қияқ мұртын сұқ саусағымен ширатып отырып сөйледі:

_ Қолымда ештеңе жоқ деп жасыма, сенің анау оқу-білімің мыңғырған малдан артық. Қолыңдағы малыңды жұт пен жау бір-ақ күнде әкетеді. Ал бойыңдағы біліміңді ешкім тартып әкете алмайды. Бұл дүниеден өзіңмен бірге кетеді. Кім-кімнің де ұрпағына білім керек. Қайда барсаң да бала оқытып жан бағасың.

Бекбай Қанағат байдың жүзіне таң қала қарады. Ол мына сауатсыз байдың ауынан мынадай ақылия сөз шығады деп ойламаған еді. Бекбайдың көзіне енді Қанағат білімі терең, аңғарлы адам сияқты болып көрінді .

Шәй шынысын қолына алған Қанағат бай, Бекбайдың жүзіне күлімсірей қарады.

_ Е, онда сен де теріс болмадың . Шешімін бізге тастағаның білгендігің ғой. Апаймен өзім кеңесіп , басыңды қыстауға қонған соң құрап қояйын , _ деді.

Бекбайдың қуанғаны сондай, көңілі лепіріп, не сөйлерін білмей, қайта-қайта шынысын ұстағыштай берді.

Осыдан соң Бекбай бұрынғыдай Мәрия кемпірдің үйіне Жайнаға сабақ түсіндіргелі қайта-қайта бармайтын болып қалды. Қанағаттың үйінің жұмысымен онда барып қалса болғаны , әлденелерді сылтауратып тез қайтуға асығатын болды. « Біреулер жалғыз қызы бар үйге Бекбай неге қайта-қайта барып жүр» деп айтама дейтін бір алаңдаушылық көңіліне кіріп алған еді. Жайнаның үйіне барып көп аялдамай қайта шыққан соң, сол үйге қайта барғысы келіп, солай қарағыштап қалатын. «Барған соң асықпай Жайнамен тілдесіп неге біраз отырмадым» деп өзін өзі кіналап кейійтін.

* * *

Қанағат байдың ауылы Ертіс бойындағы қыстаулығына биыл жылдағыдан ертерек көшіп келді. Бекбай тау етегіндегі отарда қалған бойдақ малдың ішінде айға таяу жүріп, елдің соңынан жайырақ кейін келді. Қазанның соңына таяса да әлі қар жаумаған болатын .

Бекбай ауылға таяғанда байқады. Қанағаттың үйінің белдеуінде ерттеулі екі ат тұр екен. Бекбай екі аттың қатарына атын байлап, сәлем беріп үйге кірді.

_ Ассалаумағалайкүм!

_ Уағалайкүм уассалам!

Төрде отырған кекселеу екі адам қатар сәлем алды. «Бұл кім» дегендей төрдегі екеу сұраулы көзбен Қанағатқа қарады.

_ Бұл менің екінші ұлым, аты Бекбай, отардағы малдан келді ғой, _ деді Қанағат.

Бекбай қолын жуып дастарқанға келіп отырды. Төрдегі екеудің Қанағатқа жақын отырғаны қап-қара қияқ мұрты бар таңқы мұрын жылтыр қара кісі екен. Екі көзінің қарашығы жүгіріп тоқтамайтын адам сияқты сезілді Бекбайға. Ал сол жағындағысы селдір сап-сары сакалы бар, үкідей үрпиген ақ сары адам екен. Тілініп кеткен астыңғы ернін қайта-қайта жалап қояды. Бекбай алыстан шаршап келгендіктен, қонақтардың түр-тұлғасына әдеттегідей ғана көз салған соң қонақтардың атын бекіту міндеті заңды түрде Бекбайға тиді. Ат қойғалы орнынан қозғалған Бекбайға :

_ Әй, азамат, _ деді жылтыр қара көздерін ойнақтатып, _ біздің аттарымыз жер көкsep кетіп қалар. Жер шөп екен ғой , мықтап арқандай сал.

_ Мақұл, _ деп Бекбай қонақтардың атын арқандап қайта ауылға оралды. Мәрия кемпірдің үйі жаққа қарап еді, іргесінен жылтылдаған оттың жарығы көрінді. Жайнаны көргісі келді. Солай бұрылып бірнеше қадам жүріп тоқтап қалды. «Барғанда неге келдім деймін» деді өзіне өзі күбірлеп. Кенет есіне күзде қолтығын жаматуға берген елтірі күрмесі түсті, қуанып кетті. Лып етіп Жайнаның үйіне кіріп келді.

_ Амансыздар ма, _ деп әуелі Мәрия кемпірге амандасты. Жайна төрдің алдында көрпе тігіп отыр екен. Күліп шешесіне қарай сырғыды. Бекбайдың көзіне талдың сарғыш жарығының солғын жарығында Жайнаның екі беті қып-қызыл болып нұрланып кеткен сияқты көрінді .

_ Бекей балам , отардағыларға көп айналдың ғой , _ деді Мәрия кемпір мосыға шәугім асып жатып.

_ Қакең бай малға қар түскенше көз-құлақ болсаң деген соң, асықпаған едім. Екі күннің алдында шақыртып жіберіпті.

_ Сені шақыртқан менмін, _ Мәрия оттағы шалаларды қағыстыра отырып сөйледі, _ бәрін Қанағат маған айтқан , бір үйде екі-ақ жан үркердей болып отырмыз. Сенің де мұнда келгеніңе жеті жылға таяды. Жайна сенен сауатын ашты. Сені Жайнадан артық көрмесем кем көрмеймін...

Бекбай Жайнаға көз қырын салып еді, ол кесте тіккен бізін саусағының арасына қыстырып сұқ саусағымен бұлдың тігісін шұқылап , басын көтере алмай отырып қалыпты. Өңі бағанағыдан да қып-қызыл болып нұрланып кетіпті.

_ «Ұлы сөзде ұяттық жоқ» дейді бұрынғылар, _ Мәрия кемпір сөзін қайта жалғады, _ екеуің екі жалғызсың, сендерге бір құдайдан басқа сүйеніш жоқ. Біріңе бірің сүйенесің. Қалың елді шақырып салтанатпен той жасауға біздің жайымызды өзің білесің. Жалғыздық саған да батып жүрген шығар , күн суымай тұрғанда осы екі-үш үй бас қосып тілеулерінді тілесек деп едім.

Мәрия сөйлеген сайын Бекбай алғашында ыңғайсызданып жерге қарай берген еді, сәлден соң сөзге бойы үйірлесті. Жайнаға көзінің қырын тастап еді, ол өзіне ұрлана қарап отыр екен. Көздері түйілісіп қалды. Жайна жымың етіп наздана күліп, мосыдан шәугім түсіргелі жатқан шешесіне қарады.

Мәрия кемпір шәугімді от басына қойған соң сөзін қайта жалғады:

_ Қарағым Бекей, біз бүгін кедей болып отырғанымыз болмаса, көп-көрім дәулетті шаңырақ болатынбыз. Қорада малымыз болмағанымен Жайнаның атасының азын-аулақ жинаған бірдеңесі бар. Тірі жанбыз ғой, тіршілік қыламыз.

Мәрия сөйлеген сайын Бекбай оның сөз нарқынан өзінен кеңес алғалы отырғанын білді.

Жайна орнынан лып етіп тұрып, Бекбайдың алдына дастарқан жайып шәй құйды. Мәрия кемпір де Бекбайды өте қатты ұнататын . Анда-санда Жайнаға сабақ үйреткелі келгенде, Мәрия жібін иіре отырып :

_ Жайнаш-ау, Бекейге өз қолыңнан айран құйып берсеңші, _ дейтін.

Шешесінің сөзін Бекбайға бейімдеп сөйлегенін Жайна біле қойып , күліп орнынан тұрып, Бекбайға айран құйып әкелетін.

_ Біздің үйдің айраны мұғалімнің ішіне жаға ма, жакпай ма, _ деп Жайна мысқылдай сөйлеп, Бекбайға көзінің қиығымен сынай қарап жымыып күліп тұратын.

Бүгін міне екі жастың арман-тілегінің беті ашылды. Мәрияның көп сөзінің тобықтай түйіні анық болды. Десе де кәрияның көмейі Бекбайдан бірер ауыз лебіз білгісі бар екенін аңғартып тұрғанын Бекбай да білді. Қолындағы шынысын дастарқанға қайта қойып, толғанып аз отырған соң :

_ Қанағат бай екеуіңіздің сөздеріңізден шықпаймын. Әкем де , шешем де сіздер болдыңыздар, _ деді Бекбай. Қуанғаннан ба, жоқ, Мәрия кемпірден тартынғаннан ба, Бекбайдың дауысы діріл араласып, жылаған адамның дауысы сияқты күңгірлеп шықты.

_ Балам Бекей, көңіліңе не алсаң соны мына Жайнаға айт. Мен өз шешен сияқтымын. Тартынбай маған да айт. Шамамыздың келгенінше дайындық көріп жатырмыз. Алла амандық айласа, келер сәрсенбіге тілеу жасасақ дескеміз. Оны Қанағат өзіңе айтады ғой, _ деді Мәрия шешей.

Шәйдан соң қайтқалы Бекбай орнынан қозғалып:

_ Шешей, мен қайтайын, _ деді.

_ Жайна, Бекбайды есік ашып шығарып қой, балам, _ деді Мәрия.

Жайна лып етіп Бекбайдан бұрын шығып есік ашты. Жайна мен Бекбай айсыз қараңғы түнде бір-біріне қарап үнсіз аз тұрды. Бекбай Жайнаның қолынан ұстады. Жайнаның саусақтары ып-ыстық екен. Бекбай Жайнаны үнсіз жетелеп үйден сәл алыстады да құшақтап бетінен сүйді. Жайнаның қолы да Бекбайдың мойнына оралды. Екеуі бір-біріне сөйлеген жоқ. Бірақ жүрек сөздерін айтпай-ақ білісті.

_ Қайтайық , ұят болады, _ деді Жайна сыбырлап.

Бекбай Жайнаның ернінен сүйді. Бұрын Жайна Бекбайды сүйгісі келсе де ұялып, аймалаудан ары аспайтын. Ол Бекбайдың құлағының түбіндегі түймедей түймешті сипап, бетінен мейірлене сүйді. Қыз ерні бетіне тигенде Бекбайдың бойы балқып, көңілі ерекше лепіріп керемет бір мейірлі ләззатты құшаққа кіріп бара жатқандай сезінді.

_ Жайнаш , өзіңді қатты сағындым,_ деді Бекбай.

_ Өзің келмей зарықтырып жібердің ғой,_ деді Жайна.

Бекбай Жайнаштың жаурынынан сипап , бетін оның бетіне тигізді. Сәби баланың беті сияқты Жайнаның жұп-жұмсақ ұлпа бетіне бетін тигізген қалпы едәуір тұрды. Екеуі де бірін бірі күзгі кездеспеген екі айда қатты сағынған болатын . Жайна Бекбайдың құлағының түбіндегі кішкене түймешті қолымен сипап :

_ Ерке лақтардың тамағындағы түймеші сияқты сүйкімді екен,_ деді сыбырлай күліп.

_ Сол түймештен бір сүйіп қойсаңшы,_ деп Бекбай Жайнашты құшағына қарай тартты.

Жайнаш Бекбайдың құлағының астынан тамағына дейін мейірлене сүйді.

_ Жайна!_ деп шақырған әжесі Мәрияның дауысы екеуін елең еткізді.

_ Апам ғой,_ деді Жайна сәл дірілдеп,_ ертең тағы кел.

_ Мақұл, енді күнде келіп тұрамын ғой,_ деді Бекбай.

Бекбай Жайнаны құшағына қапсыра қысып, оның үлбіреген жұқа ернінен тағы сүйді. Екеуі сезімдерін баса алмай тағы біраз тұрды.

_ Апам тосып қалады ғой, қайтайық,_ деп Жайна Бекбайдың мойнындағы білегін босатып, артына шегінді.

_ Бара ғой,_ деп Бекбай Жайнаның иығынан сипап тұрып қалды, ол қараңғы түнде қалбаңдап өзінен алыстап бара жатқан Жайнаның соңынан, ол үйіне кіріп кеткенше қадалып қозғалмай қарап тұрды.

Бекбай Қанағаттың үйіне қарай бір басып , екі басып жүріп келеді. Оған мынау қап-қараңғы мақпал түннің өзі ерекше нұрланып , құлпырып кеткен сияқты сезілді. Әлгіндегі өз бетінен сүйген Жайнаның ұлпа ернінің қимылы әлі бетінде тұрған секілді. Осы шақ ол өзін ерекше бақытты сезінді. «Шіркін! Аз күнде той жасасақ тіпті де бақытты боламыз. Мәрия шешей жүрегі жарылардай қатты қуанады ғой , шіркін, Берікбол ағам мен Гүлсім жеңгем тірі болса қандай қуанышқа бөленер еді. Мына Мәрия апам Берікбол ағам өзі құдалық сөйлесер еді ғой» деп ойлады. Бекбайдың көзіне мөлтілдеп ыстық жас іркілді. Ол ата-анасын , бірінен бірі өткен пысық үш ағасын қатты сағынған еді. Аяңдап Қанағат байдың үйінің есік алдына келді .

_ Қонақтардың қолына су құйындар,_ деген Қанағаттың кемпірінің дауысы анық естілді.

Бекбай тошала үйге лып етіп кіріп, босағадағы құман мен елегенді алып қонақтарға су құйды.

Қанағат бай да, оның әйелі де Бекбайды қайда бардың деп қузаған жоқ. Екеуі де Мәрия кемпірдің үйінде болатынын іштей мөлшерлеп біліп отыр.

Қонақтар да кеңірдекке келгенде осал емес екен , шоқайып келген бір табак етті көзді ашып-жұмғанша еңсеріп жіберді. Ет желініп соңынан айран құйылды. Екі үлкен шыны айранды тастап жіберіп, шынының бетін қолымен жауып аз отырған жылтыр қара Қанағат байға бұрылып :

_ Дәл осы жерде Сарсүмбе қалашығы атты кісіге қаншалық жол?_ деп сұрай қалды.

_ Ат жақсы, жүрімді болса, осы арадан таңертең ерте шыққан алам кіші бесінге ілінбей барып қояды,_ деді Қанағат бай.

_ Оны сұрап отырғанымыз,_ деді жылтыр қара екі көзін ойнақшытып,_ Қабаға кетіп бара жатқанымызды бағана ұқтыңыз. Көршіміз жол-жөнекей бере салындар деп Сарсүмбеде тұратын Қасен деген туысына хат берген еді , бара кетсек кемінде екі күн уақыт кетеді екен. Ренжімесеніз мына балаңыз апарып бере салса , болмаса өзіңіз Сарсүмбе жаққа барсаңыз бере салсаңыз .

_ Ой, _ деді Қанағат орнынан көтеріліп, бүкіл денесімен жылтыр қара қонаққа қарады, _ мына балам ертең Сарсүмбеге барады, осы бала ала барса болды ғой, _ деді.

Қанағат Бекбайды Сарсүмбедегі ұйғыр тамыры Қасымға жібергелі әдейі малдан шақырып келген. Өйткені Қасымнан алатын бұл, шәй сияқты алымсағы бар болатын. Соларын алдырып, Бекбай той жасай қалса аздап көмек қолын созбақ еді.

_ Байеке, рақымет сізге, _ деп жылтыр қара да, бағанадан үнсіз отырған жалақ сары да қауқалақ қақты.

Бұл күні Қанағат байдың үйі сәл жайырақ жатты. Көпке дейін Бекбайдың ұйқысы келмеді. Бір жағы Сарсүмбеге баратын болғанына қуанса , енді бір жағынан қайта-қайта Жайнаның әлгіндегі «зарықтырып әрең келдің ғой» деген дауысы құлағына қайта-қайта естілгендей болып елендеді де жатты. Біраздан кейін көңілі аздап қобалжығандай болды. Бұл қобалжуды бүгінгі қуанышына жорыды. Көзін жұмса болғаны көз алдына Жайнаның кескіні күлімсіреп келіп тұра қалады. Осылайша Бекбай дөңбекшіп жатып әрең көз ілді.

АБАҚТЫДАН ШЫҒУ

1

_ Алла! Алла!

Бекбай түсінен шошып оянды. Басын көтеріп айналасына алақтай қарады. Таң әбден ағарып атыпты. Үлкен балшық пештің алдында Қанағаттың кемпірі өзіне таң қала қарап қалыпты. Ол :

_ Бекей, ұйқысырап дауысың қатты шығып кетті ғой, балам, бастырылып қалдың ба? _ деді.

Жүрегі дүпілдеп қатты соғып кеткен екен, бойын қара тер басып кетіпті. Кең тыныс алып, ес-ақылын бойына жинап едәуір уақыт отырды. Әлгінде көрген үрейлі түсін қайта көз алдына келтірді : Қанағат бай екеуі тастан қиып жасаған қабырға жолда келе жатыр екен. Үстіңгі жағы құзғын ұшпа жартас, ал астыңғы жағы шыңырау құз екен. Біреулер соңдарынан қуып келетін сияқты. Кенет Бекбайдың астындағы аты сүрініп жығылып кетіп, Бекбай құздан құлап бара жатып бір ағашты қармап шыңырауға салақтап қалды. Ол жан дәрмен жартасқа тырмысып өрмеледі. Аяғы жартастың бұжыр жерлеріне бірде тірелсе, бірде тірелелмей қатты қиналды. Осылайша қиналып жатып оянған еді. Көңілі тағы қобалжи қалды. Орнынан тез тұрып сыртқа шықты. Бұл шақта қонақтар да орындарынан тұрып беті-қолдарын жуа бастаған болатын.

Бекбай да, жолаушылар да таңертеңгі шәйлерін асығыс тез ішті. Бекбай басқалардан бұрын шығып атын ерттеп қойып қайта үйге кірді.

_ Әй, бауыр, аяқ-қолың жеңіл, елгезек, жақсы азамат екенсің, мына хатты саған берейік, әлгі Қасен дегенге жеткізіп бере сал, _ деді жылпылдақ жылтыр қара бүктелген қағазды ұсынып.

Бекбай көзі ойнақшыған мынау жылтыр қара жігітті оншалықты жақтыртпаса да, сездірмеуге тырысты.

_ Сіздер үшін ат терлеткелі тұрғаным жоқ қой, бір жапырақ қағаздың қанша ауырлығы бар дейсіз, қалтама сала салайын , адам табылмаса лажым жоқ, табылса қалайда апарып беремін, алаңсыз болыңыздар, _ деп Бекбай бұрыштап бүктелген, сырты кір-кір болып қара қоңырланып кеткен болымсыз хатты алып, төс қалтасына алып салып алды. Жайналардың үйіне барып, тапсырары барма сұрамақшы болып, оқталды да Қанағат пен әйелінен ыңғайсызданып тоқтап қалды.

_ Әйтеу жазатын қағаз болса көп әкеліңіз, _ деді Бейсенбай.

Аттанғалы екі жолаушы киімдерін киіп, бірінен соң бірі есік алдына шықты.

_ Бауырым, әлгі екі хатты ұмытып қалма, өте маңызды,_ деп жылтыр қара тағы бір рет қайталап тапсырды. Сонан соң лып етіп аттарына қонды да, батыс жақты бетке алып аттана жөнелді.

Жолаушылар аттанған соң, олардың хатын алған Бекбай ауылдағылардың тапсырғандарын кішкене дәптеріне тізімдеп алып, Сарсүмбеге қарай тартып кетті. Күн екінтіге айналғанда қалашықтың шетіне әрең ілінді. Шөлдеп, қарны да ашып кеткен еді. «Әуелі жолаушылардың хатын беріп, онан соң Қасымдыкіне барайын» деп ойлады. Қасымды Бекбай әбден таниды. Үйінің мөлшерін де жақсы білетін. Қойнынан жолаушылардың хатын алып сыртындағы жазуды оқып еді, құран жазуымен, яғни арабтың көне алфайтмен жазылған екен. Жақсы оқи алмады. Әйтеуір «Қасен мырзаға» деген сөзді әрең таныды. «Мұны іздеп тапқанша күн батып кетер, әуелі сол Қанекеннің тамырына барайын» деп Қасымдыкіне келді. Қасым өзен жақтан ат жетелеп жаяу келе жатыр екен. Бекбай атынан түсіп, қақпа алдында анадайдан келе жатқан Қасымды тосып тұрды.

_ Ассалаумағалайкүм!

_ Уағалайкүм уассалам!

Қасым Бекбайды көрген жерден таныды. Сәлем алып:

_ Қанекемнің ұғылы келіп қапсыз ғой, үйге кіріңіз,_ деп Бекбайды бастап аулаға кірді. Бекбай осыдан екі жыл бұрын Қанағат байға ілесіп осында бір келген болатын. Аула сол беті тұр екен. Үйінен сөйлей шыққан Қасымның әйелін де Бекбай жазбай таныды. Бұл семияда екі жылдың алдында аздап ұйғырлардың белгісі бар еді, енді бүкілдей қазаққа айналып кеткен сияқты көрінді. Тамақтан соң Бекбай қалтасынан әлгі хатты алып шықты:

_ Осында руы молқы Қасен деген бар ма?_ деді.

_ Бар,_ деді Қасым.

_ Біреу хат берген еді.

_ Бүгін дем алыңыз, інім, ұзақ жол жүріп келдіңіз. Ертең мен көрсетіп жіберейін. Үйі бізге жақын көрініп тұр,_ деді Қасым.

Уағда бопынша, Қасым таңертең Қасеннің үйін көрсетіп, Бекбайды солай жіберді. Бекбай атын тастап жаяу келген. Сыртқы есікте жуан ақ төс қара ит байлаулы тұр екен. Бекбайды көріп қып-қызыл көздері қанталап, ырылдап орнынан түрегелді. Бекбай иттен онша қорқып кетпейтін. Мынау арлан қасқыр сияқты дәу төбет Бекбайды дардай шайлықтырды.

_ Шық,_ деп дарбазадан шашы дудыраған жалпақ бет бүкірейген қара әйел шығып, Бекбайды үйге бастады. Ауланың іші қорыс-қопа болып былығып жатыр екен. Бекбайдың үйге кіргісі келмеді.

_ Шеше,_ мынау хатты осы үйдегі Қасен деген кісіге біреу берген еді, мен асығып жүрмін, бере салыңыз,_ деп хатты алып әлгі әйелдің қолына ұстатты да қайта Қасымдыкіне тартты.

Бекбай Қасымдыкіне келгенде күн батып кеткен еді. Оның үстіне күн бұлттап суи бастаған болатын. Аула ішінде шөп- шалаң бір нәрселерін жиыстырып жүрген Қасым Бекбайды көріп солай бұрылды.

_ Хатын бердің бе?_ деді.

_ Өзі жоқ екен, әйеліне бере салдым да қайттым,_ деді Бекбай.

_ Күн райы бұзылып келе жатқан соң, атыңды далаға қоймадым. Азырақ шөп салып бұрышқа байлай салдым.

_ Оныңызға рақымет,_ деді Бекбай қуанып.

_ Елдің хатын әкелмесең болады екен,_ деп Қасым Бекбайдың құлағына сыбырлады,_ үкімет қалаймақан жүрген адамдарды ұстап, қалашық тым үрейлі болып кетті.

_ Біреудің туысына берген хаты шығар,_ деді Бекбай күліп.

Қасымның мына сөзінен соң, Бекбай айтарға болмаса қорқып қалды. Осыдан соң Қасым да Бекбаймен шешіліп әңгімелескен жоқ. Оның үстіне ат соғып шаршап келген Бекбай ерте ұйқыға кетті.

Бекбай қатты ұйықтап қалған екен. Түсінен шошып оянды. Басын көтеріп айналасына қарады. Төңірегі жым-жырт. Ағарып таң атып келеді екен. Өзінің Қасымның үйінде жатқанын әрең есіне түсірді. Жүрегі атша тулап қара терге малшынып кетіпті. Үстіндегі көрпені белуарына дейін қайырып ашып тастап едәуір отырды. Көрпені ұстап еді, шылқа су болып кетіпті. Ішкі жұқа шапанын киіп тысқа шықты. Кеңіген соң ат қораға кіріп еді, бір бұрышта аты тұр екен. Жүрегінің әлгіндегі өрекіп қатты соққаны басылып, көңілі сәл орнығып қалды.

Баяу аяндап өзі жатқан бөлмеге келді. Там үйдің кермек балшық исі Бекбайға бір түрлі жағымсыз сезілді. Қайта жатқысы келмеді. Биік жасалған ағаш сұпыға келіп отырды. Әлгінде көрген үрейлі түсін көз алдына келтірді: Жаздың күні сияқты, Бекбай бір терең шатқалды құлдап келе жатыр. Неге келе жатқаны белгісіз. Шатқал барған сайын тарайып, бір уақытта алды биік тұйық болды да қалды. Енді қайтайын деп артына қайтып еді, қарсы алдынан екі көзін жүн басқан жуан қара аю келе жатыр екен. Бекбай қашып тұйыққа өрмеледі. Аю Бекбайдың сыбдырынан біліп, ақырып келді. Бекбай қара терге түсіп, өлдім-талдым дегенде әрең бір текшедегі үңгірге ілінді. Ауызын арандай ашқан қара аю барған сайын жартасқа жабыса өрмелеп, Бекбайға жақындады. Дәл осы кезде Бекбай шошып оянған еді. «Әйтеу аюдан аман қалдым ғой» деп Бекбай өзін өзі жұбатты. Сөйтседе шошынып қалған жүрегі лобылығып, күн шыққанға дейін біресе сыртқа шығып, біресе үйге кіріп жүріп жүрді. «Не болсада ертерек кетіп қалайын» деп ойлады. Таңертеңгі шәйді созақтамай тез ішті. Дастарқан жиыла бере Бекбай:

_ Қасым ағай, мен асығамын ғой, Қанекеннің тапсырғандарын дайындап мені ертерек жолға салып жіберіңіз, _ деді.

_ Неге асығасың? _ деді Қасым күліп, _ қалаға неше жылда әрең бір келгенде, көше аралап түстен кейін қайтсаң да болады ғой.

_ Базардан зат алатын ақшам да жоқ. Қанекен ренжиді ғой, ертерек кетіп қалайын, _ деп Бекбай Қасымның шегіншектеткеніне көнбеді.

Бекбайдың кеткісі келгенін білген Қасым, оның қоржынына Қанағат байдың үйінің бұл-шәйін салып дайыдағанша Бекбай атына ер салып аулаға шықты. Күн жаумағанымен аспанды қара бұлт торлап, күзгі суық жел аңырап тұрған еді. Бекбай атына мініп, Қасым семьясымен қоштасып қала шетіне шықты. Кең жерге шыққан соң атынан түсіп, атының екі аяғын мықтап тұсап қойды. Сыртқы қаптал шапанын шешіп атының қасындағы тастың үстіне қойып, жыраға дәрет сындырып ұзақ отырды. «Күн батпай ерте барып алатын болдым» деп ойлады. Орнынан тұрып атына қарай жүріп еді, аты елендеп екі жағына кезек қарады. Ат қараған жаққа қараған Бекбайдың жүрегі зу ете түсті. Екі жақтан екі-екіден төрт адам келе жатыр екен. Бекбай жүгіріп келіп атының тұсауын шешкенше, екеуі келіп екі иығынан мытып ұстап тік көтерді. Бекбайдың екі аяғы жерге тимей қалды. Қорыққаннан жылап жіберді.

_ Сендер кімсіңдер, мен де нелерің бар? _ деді жылау аралас сөйлеп.

_ Бастықтың алдына барған соң білесің, _ деді Қасы түксиген қара.

Бекбайдың жылап қақсатқанына қаратқан жоқ. Қолын артына қайырып байлап, қалашықтың жол жақ шетіндегі бөлек тұрған там үйге алып келді. Бекбайдың үрейі ұшып, сөйлеуге үні де шықпай қалды.

Бекбайды көзі алайған біреуі күшікті сүйрегендей желкесінен сүйреп ішкі үйге кіргізді. Мұнда отты күркіретіп жағып қойып, сап-сарала киінген қырма сақал біреу отыр екен. Етігінің өкшесін жерге тіреп шалқалап шіренгенде, астындағы ағаш орындық бақырған түйеше ұрандап жіберді. Ол :

_ Мұнда келіп отыр, _ деп қарсы алдындағы орындықты нұсқады. Бекбай қалшылдап, дірілдеп орындыққа әрең келіп отырды. Мынау шыртытай қаруланған сақшылардан оңай құтыла алмайтынын білді.

_ Атың кім? _ деп қырма сақал шекие қарады.

_ Бекбай.

_ Кімнің баласысың

_ Қанағаттың.

_ Қайсы Қанағат?

_ Ертістегі.

_ Мұнда неге келдің?

_ Әкем тамыры Қасымнан шәй, бұл әкел деп жіберген.

_ Хатты кімге әкелдің?

_ Қасен дегенге.

_ Ол хатты кім берді?

_ Қабаға кетіп бара жатырмыз деп екі адам ауылға келіп қонған. Таңертең мен осылай жүргелі жатыр едім, біреуі әкемнен:

_ Мына бала қайда барады?_ деп сұрады.

_ Сарсүмбеге барады,_ деп еді, ол маған бір хат әкеліп берді. «Қасен деген туысым бар, соған бере сал» деді.

_ Хатты бердің бе?

_ Кеше сұрап жүріп әрең тауып, өзі жоқ екен әйеліне бердім.

Қырма сақал Бекбайдың бетіне тесірейе қарап аз отырған соң:

_ Әй, мынаны мыжытбай әзірше қамай тұрыңдар,_ деді.

_ Ағай-ау, қазақ баласымыз ғой, шыным осы, қоя беріңіздер, ауылдағылар іздеп қалады ғой,_ деп Бекбай сүйретіліп жалынып бара жатты. Есікке барғанда Бекбай босағаға жармасып , арт жаққа қайрылып қарады. Әлгі сарала киімді қырма сақал қазақ бүйірін таянып, ерекше мол табысқа қол жеткізгендей масаттана қарап тұр екен. Бекбайдың босағаға жабысқан қолына әлде кімнің нәлілі өкшесі сарт ете түсті. Бекбайдың оң қолы салдырап қалды. Енді босағадан ұстағанды қойып , қолы көтергенге келетін емес. Екі көзінен жас төгіліп-төгіліп кетті.

Бекбай өзінің бір бәлеге жолыққанын, оның әлгі хаттан болғанын білді. Дәл осы шақта есі шығып кеткен еді, енді тырбануға шамасы келмей қалды.

«Сорлыға сойыл бұрын тиеді» деп қазақ бекер айтпаған сияқты. Енді ғана көңілін үйлену қуанышы желпінтіп , Жайнамен бас қосамын ғой деп жүргенде, Бекбай Сарсүмбенің түрмесіне осылайша еш себепсіз түсті де кетті.

Бекбай алғашында үлкен ауланың ішіне айналдыра салынған жиырма шақты ауыз үйдің ең есік жағындағысына келіп қамалды. Бұл түрегелсе биіктеу адамның төбесі тиетіндей аласа , көлемі екі бұзау әрең сиятын кішкене бұзау қорадай қуыс екен. Айдап келгендер оны сонда кіргізіп , есігін бекітті де жолға түсті. Бекбай үй ішіне сәп салып қараған жоқ. Басын шеңбектеп тұрып қалды. Әлден уақытта аяғы талғанын сезді. Отырмақшы болып айналасына қарады. Үйдің оң жақ түкпірінде болымсыз шөп үйіндісі жатыр екен. Бұдан бұрын да біреулер қамалған сияқты. Шөпті аяғымен бір жерге жиып аз отырды. Шіріген шөптің қышқылтым сасық исі кеңірсігін қауып құсқысын келтірді. Лоқсып есікке барды. Бірақ құса алмады. Есіктегі жаман ағаш есіктің үстінде торғай кіріп шығатындай ғана болымсыз тесік бар екен . Бұл үйге сол тесіктен аз жарық түсіп , үйдің ішін көрсетіп тұр. Бекбай қуықтай тар үйдің ішінде арлы-берлы жүрумен болды. «Қанағат бай іздеп келіп шығарып алар» деп ойлады. Көңіліне осы ой оралғанда тынысы кеңіп, алдынан үміт оты жарқылдағандай, көңіліне едәуір алғау орнай бастады. «Бір-екі күнге өлмеспін, Қанекенді тосайын, балам жоғалып кетті деп іздеп келер, сонда кешегі зұлымдар жөншілдігін айта қоя ма» деді өзіне өзі күбірлеп. Осындай жынды адам сияқты жалғыз күбірлеп сөйлеп жүрген Бекбайдың назарын есіктің сылдыры бұзды. Қалың да жуан ағаштардан шегелеп жасаған ағаш есіктің дәл ортасынан кішкене бір тақтай ашылып, біреудің көкбеңбек тұздай екі көзі көрінді :

_ Әй, тамағыңды ал, _ деді шіңк-шіңк еткен біреу. Тесіктен ескі қола кесе кірді. Бекбай еріксіз қола кесені қолына алды. Қатықсыз қара суға қайнатқан сок көже екен. Сок болғанда, бірнеше жыл қамбада қалып шіріген соктен жасалған сияқты. Көженің жағымсыз қышқылтым иісі келгендей , көңілі айнып , жүрегі лобылып тағы да құсқысы келді.

_ Ой, айтатын сөзім бар, _ деді Бекбай бар күшімен есіктің ағашын жұдырығымен түйгілеп айғай салды. Есіктің алдына біреудің келген аяқ дыбысы білінді, ағаш есік сылдырлап, әлгіндегі төрт бұрыш тақтай ашылды. Жаңағы тамақ әкелген көккөз екен, қазақ па, орыс па, татар ма белгісіз. Сұқтана қарайды.

_ Не сөзің бар? _ деді шіңкілдеп.

_ Дәретке шығам, үлкен бастықтарыңа жолығам, арызым бар. Менің қылмысым жоқ.

_ Көзің жоқ па, дәрет шелегі босағада тұр. Бастыққа жолықтыру менің қолымнан келмейді.

Есіктің ортасындағы кішкене тақтай шарт етіп жабылды. Бекбай қолындағы шіріген сок көжені дәрет шелегіне төге салып, шіріген сабан үйіндісінің үстіне қайта келіп отырды. «Ауылдағылар мені жоғалып кетті деп ат сабылтып іздеп жүрген болар» деп ойлады. Дәл осы шақ көз алдына күлімсіреген Жайнаның сүйкімді бейнесі елестеді. Оның сұлу кескінін көбірек көргісі келіп, көзін жұмып үнсіз едәуір отырды. Аттанарда өз үйлерінің алдында күлімсіреп қиыла қарап тұр еді, Бекбай атына мінген соң, алыстан қамшы ұстаған қолын көтеріп, қоштасқан белгі көрсеткен. Жайна Бекбайға жауап ретінде күліп ғана қойған. Міне енді Бекбайдың басына ауыр күн туып, сол күні өзінің қарадай желпілдеп, аяғынан қаңғырып келген жолаушының хатын, дәл екі туып бір қалған туысының хатындай-ақ ардақтап, Қасымды әуреге салып , іздеп жүріп апаып бергеніне қатты кейіді. «Бұл дүниеде менен өткен ақымақ болмас, үкімет адам ұстап жатыпты дегенді естіп тұрып, неге ойламағамын» деп өзіне өзі күңірене сөйледі.

2

Бекбай абақтыға қамалғалы он күн болды. Оны сұрақ қылған да, іздеп келгенде пенде болмады. Бекбай өзінің абақтыға мықтап жабылғанын енді білді. Күндегі есіктің ағашын төпештеп айғайлағанын да қойды. Күн суығандыкі ме, жата берген соң үйірлесіп қалды ма, әлгі шіріген сабанның жүректі айнытатын сасық иісі де бара-бара білінбей кетті.

Бекбай бүгін де күндегі әдеті бойынша шіріген сабанды бір бұрышқа жиып, арқасын бұрышқа тіреп ,екі аяғын көсіліп, көзін жұмған беті ұзақ отырды. Көз алдына Жайнаның басын сәл еңкейтіп , жымия күліп тұрған сұлу кескіні елестеді. «Иә, Алла осыдан аман шықсам, Жайна сені мәңгі жабырқатпай өтермін» деді күбірлеп. Түрлі-түрлі тәтті арманның жетегінде, көзінің ұйқыға кеткенін Бекбай білмей қалды. Бір уақытта құп-құла болып жөңкіліп ағып жатқан өзеннің ортасындағы қазандай тасқа сүйеніп қалшылдап тоңып тұр екен. Ар жаққа өтейін десе, мұнда да судың тебіні қатты екен. Барған сайын тоңып, иегі-иегіне тимей сақылдады. Жөңкіліп жатқан тасқын да барған сайын күшейіп , белуарына өрлей бастады. Енді мынау сүйеніп тұрған тасы да сүйеніш болар түрі жоқ. Екі қолы тастың бетінен ұстайтын ештеңе таба алмай, құрғақ қарманып әбігерленуде. Су да барған сайын суып , ағысы күшейіп бара жатқан сияқты. Қолы тас бетінен тиянақ таба алмай енді ағуға айналғанда «Алла!» деп айғай салып шошып оянды. Қап-қараңғы түн екен , Бекбай есін жия алмай басы мең-зең болып , едәуір уақыт мас адамдай сенделіп үнсіз отырды. Сәлден соң есін жиып , өзінің абақтының бұрышындағы сабан үстінде отырғанын білді. Әлгіндегі үрей билеп атқалақтап соғып тұрған жүрегі де бәсеңдеді. Қалшылдап қатты тоңып отырғанын енді білді. Орнынан тұрды. Екі аяғы да сіресіп тоңып қалыпты.Сырттан гуілдеп соққан долы боранның дауысы естілді. « Боран соғып келеді екен ғой » деді күбірлеп. Есіктің үстіндегі жұдырық әрең сиятындай кішкене тесіктің

алдына келді. Тесіктен аздап үрдеген қар ұшқындары кіріп тұр екен. Далада қар жауып тұрғанын білді. «Қар жауды, енді аяз түседі. Мына жұқа киіммен үсіп өлемін ғой» деп ойлады. Бекбайдың бар үміті Қанағат байда еді. Уақыт ұзарған сайын Қанараттан да күдер үзе бастады. Арлы-берлі тоқтаусыз жүргендікі ме, жоқ оянған соң бойына жан кірді ме? Әйтеуір бағанағыдай емес, бойы жылынып, аяқ-қолының сірескені тарап, едәуір жөнделіп қалды. Осылайша түн ортасы ауа бере оянып алған Бекбай таң атқанша тоқтамай жүріп жүрді. Таң атып таңертеңгі тамақ уағында, күндегісі сияқты, болымсыз шәй дәмі бар қайнаған су мен бір жапырақ нан әкеліп берді. Таңертеңгі шәйдан соң, ұзын қара мұртты біреу келіп есік ашып, Бекбайды далаға шығарды. Он күндей тышқанның іні сияқты терезесі жоқ қараңғы қапаста жатқан Бекбай есік алдына шыққанда, азаттыққа шыққандай едәуір кеңіп қалды. Үрдеп жауған қар түрме ауласының түкпір жағына орасан қалың түсіпті. Тек Бекбай ғана емес, басқа қараңғы үйге қамалғандар да түгел аулаға шығыпты. Ұзын саны отызға тарта адам екен. Тымақтарын баса киген, сақал-мұрты қаптай қазақ кәриялары да жүр. Бекбай оларға сөйлесуге батылдық ете алмады. Десе де, мына түрменің ауласында қамалып отыздай адам жатқанын көрген соң, Бекбайдың көңіліне үнемі өлім елесін әкелетін үмітсіздік үрейі жеңілдеп қалғандай болды. Анадайтын қаңылтырмен қаптаған үлкен қара дарбазаға сүйеулі тұрған ши сібірткіні алып, Бекбай өзі жатқан абақтының есік алдын сыпыра бастады. Танауы бақа сияқты тарбиған, сеп-селдір сақал мұрты ұйпаланған, тайпақ әскер Бекбайдың қасына келді:

Әй, деді ол Бекбайға, _энеу отындардың қалқасында бірнеше ағаш күрек тұр. Соны мыналарға әкеліп тарат.

Мақұл, деп Бекбай әскер көрсеткен жердегі отынға сүйеулі тұрған бірнеше ағаш күректі әкеліп, жеткенінше таратып берді. Отыз адам алақандай ауланың қарын лезде күреп, екі жерге үйіп тастады. Қар күреу аяқтаған соң, бәрі қайта қамалды. Аз уақыт болса да, далаға шығып жұмыс істегенге Бекбайдың аяқ-қолы жадырап, бойы да едәуір сергіп, тынысы кеңіп қалды.

* * *

Осыдан соң Бекбай өзіне суықтан үсініп өлгеннен басқа, қазірше өлім хаупі жоқ екенін білді. Тағы он күн түн бойы тікесінен тік тұры, кірпік айқастырмай таң атырды. Көзі сәл ілініп кетер болса үсіп өлетінін Бекбай әбден білетін. Әйтеуір күндіз бір ұйықтап, бір оянып отырып, шалашарпы болса да ұйқысын қандырып алатын болды. Абақтыға кіргелі дәл жиырма күн болғанда Бекбай неше рет қалғып кетіп, иек-иегіне тимей сақылдағанда барып шошып оянды. Жиырмамыншы күнгі түнді Бекбай қолын жанына ұстап әрең атырды. Тамға арқасын сүйеп аз тұрып еді, екі тізесі дірілдеп, іші-қарны мұздап бара жатқандай болды. Бар қайратын бойына жинап, күндегі дағдысы бойынша бір басып, екі басып жылжи бастады. Күндегідей жүруге дәрмені қалмаған екен. Әлден уақытта әлгі тамақ кіргізетін тесік ашылып, қола кесенің қабырғасы көрінді. Есік алдына келген Бекбай:

Ағатай, қазақсыз ба? деді кесені алып жатып.

Не болды? деді шіңкілдек.

_Үсіп өлетін болдым. Бүгін түннен әрең шықтым. Ертеңге төзе алар емеспін.

_Меш жоқ па?

_Ештеңе жоқ.

Бастыққа айтайын, деп тамақшы жолына түсті. Аспаз болса да сөзін тыңдағанына Бекбай едәуір көңілденіп қалды.

Аздан соң ауладан бір гүрілдеген жуан дауыс естілді:

_Ой, ондағы неме жалғыз болса, ана меші бар кең камерадағыларға апарып қоса салыңдар.

Бекбай өзін енді тағы біреулердің қасына апарары ғой деп ойлады. Шіріген сабан үйіндісінің үстіне келіп, күндегісінше арқасын тамға сүйеп отырды. Қай уақытта ұйықтағанын білмей қалды.

Құалағына ағасы Берікболдың : «Сен тірі қалмасаң ұрқымыз құриды , тез кет» деп маузерді қолына алғандағы ашты дауысы саңқ етіп естілгендей болды. Бекбай қатты ұйықтап қалған екен, селк етіп шошып оянды. Ұйқысы қанып кеткендей екі көзі шырадай жанып, бойына қуат кіргендей тыңая қалды. Берікболды көргісі келген бір сағыныш көкірегің сыздатып, көңілін елжіретіп жіберді. «Жайна жылап жүр ғой» деді өзіне өзі күбірлеп. Екі көзінен жас тамшылары сорғалап, шапанының айқастыра қымтаған ескі өңіріне тырс-тырс тамды. Мұнда түске дейін келген ешкім болмады. Қанша уақыт көз ілгені белгісіз , тағы көзі ілініп кеткен екен, Бекбай селк етіп қатты шошып оянды. Екі аяғы мен екі қолы ағаш сияқты сіресіп қалыпты. Кеудесінің ішінде бір кесек мұз жатқандай, іші-бауыры сұп-суық болып кеткенін сезді. «Ойбай-ау, өлгенім осы ғой» деп ойлады. Екі қолымен екі тізесін кезек-кезек уқалап аз отырды. Әлгіндегідей емес екі аяғына аздап жан кірді. Тамға сүйеніп орнынан тұрды. Енді күндіздің өзін күндегіше қайта-қайта көз іліп өткізуге болмай қалғанын сезді. Тамды жағалап аяғын жаңа басқан балаша біраз жүріп еді , бойына едәуір жан кірді. «Енді әлгіндегі отырып көз ілсем өледі екенмін» деп ойлады. Жүріп есікке келді. Күнде тамақ әкелгенде қола кесе тұра қалатын есіктегі сыртқы қақпағы жабулы кішкене тесіктің ішкі жағына шегеленген төрт бұрыш ағаш көзіне түсті. «Қалайда көзім іліне бере оянып кететін бір шара табуым керек» деп ойлады. Қайта айналып үйулі жатқан сабанның үстіне келді. Бір нәрсе іздегендей абақтының ішіне айналдыра қарады. Көзі есіктен айналып, есіктің сол жағында абақты қабырғасына келгенде, сылаған тамнан шығып тұрған болымсыз тастың ұшын көрді. Келіп қолымен сипап еді, тамға жиған тастың артық ұшы үш елідей там бетіне шығып тұр екен. Дәл осы шақ оның ойына бір әдіс сап ете қалды. Сабанның үстіне шалқасынан жатып , сол жақ аяғын көтеріп, табанын әлгі шығып тұрған тастың ұшына тіреп көрді, көзі ілінсе аяғы тірелген тастан шығып кететіндей екен. «Жақсы әдіс табылды, бірақ мұнымен қанша күн шыдармын, түсте тамақ әкелушіге тағы айтайын» деп ойлады. Сөйтті де аяғының табанын ұшына тіреп шалқасынан жатты. Ұйқы басып әрең тұрған ол, аяғы сарт етіп жерге түскенде шошып оянды. «Алла » деп басын көтеріп аз отырды. Тағы сол аяғын көтеріп, табанын әлгі тастың ұшына тіреп шалқасынан жатты. « Ей, Алла, Жайнаны көре аламын ба, жоқ па?» деді күбірлеп, сол шақ Жайнаның күлімдеген әдемі сұлу кескіні елестеді. Мұрнына Жайнаның жібектей судыраған сарғыш шашынан көтерілген әдемі иіс келді. Көзін жұмып мынау тәтті көрініс пен иістен айрылғысы келмей дардай жатты. Көзі қаншалық ілінгені белгісіз , сарт ете түскен өз аяғының дауысынан өзі шошып оянды. Тәтті ойдың жетегінде жатып ұйықтап кеткенін енді сезді. Азырақ мызғап алғысы келіп, сол аяғын көтеріп табанын тасқа тіреп тағы жатты. Бұл жолы ұйқысы тез келмеді. Екі рет көзі ілінгенге ұйқысы едәуір қанып қалыпты. Қол-аяғы сіресіп тонған соң орнынан тұрып біраз жүргісі келді. Екі қолымен жер тіреп орнынан эзер тұрды. Тамды жағалап абақтының ішін бір айналып шықты. Абақты ауласының ішінде әлде кімдердің дабырлап сөйлеген дауыстары естілді. Бүгін күн күндегідей емес ерекше ұзарып кеткендей, тіпті мынау түске дейінгі уақыттың өзі Бекбайға бір жылдан да ұзақ болып кеткендей сезілді. Тоқтамай абақты ішін он шақты рет айналып шықты. Күнде дәл осындай орнынан тұрып , оншақты рет айналғанда , Бекбайдың денесі сәл жылынғандай болып, бойына күш-қуат біте қалушы еді. Бүгін қанша жүрседі бойы онша жылына қоймады. Сонда да тоқтамай жүрді. «Әлгінде көзім едәуір уақыт ілініп, тоңып қалған екемін ғой» деп ойлады. Сәлден соң денесі азырақ жылынған сияқты болды. Екі аяғы талып, отырғысы келді. Аяндап сабанның үстіне келіп отырды. Енді көз ілмеуге бекінді. Жүре берсе буыны құрып әлсірейтінін, ұйықтады болды үсіп өлетінін әбден білді. Арқасын тамға сүйеп екі қолын жеңіне құшынып есікке қарап едәуір отырды. «Мың күнгі қараңғыдан бір күнгі жарық артық деп бұрынғылар бекер айтпаған екен ғой . О, жарық дүние-ай! Сен недеген сұлу , не деген тәтті едің?! Тірлік иесі адам баласы үшін сенен қымбат еш нәрсе табылмас!» Бекбай күбірлеп көзін жұмып тағы біраз отырды. Кенет салдыр еткен дауыстан селк етіп көзін ашты . Тамақ кіргізетін есік ашылған екен. Тесіктен әппақ қола кесе бұлдырап көрінді. Түскі тамақ келгенін білді.

_ Әй , тамағыңды ал,_ шіңкілдек дауыс құлағына қадалды .

Бекбай орнынан үш ұмтылып тұра алмады. Көзінің алды қызылды-жасылды ұп-ұсақ дөңгелек болып шыбартып кетті.

_ Тұра алмадым,_ дегенде Бекбайдың дауысы жер астынан шыққандай ыңыранып әрең шықты.

_ Ой , мынау өлгелі қалыпты!_ деген ашшы дауыс құлағына тағы естілді.

Екі аяғын жимақшы болып қанша күшесе де, екі аяғын жинап ала алмады. «Енді өлдім, қайран көзден бұлбұл ұшқан жарық дүние, қош, қош! Жанымның азығы едің-ау, қайран Жайна, айрылдың менен, қош, қош!» деді ішінен. Күбірлеуге де дәрмені келмей қалды. «Жайна, Жайна!» деп оншақты қайталады. Бекбай өзінің өте қатты тоңып қалғанын енді білді. «Алла» деді күбірлеп, «Берікболдың айғайы естілмесе таңертең-ақ осы орнымда қатып қалар екенмін, марқұмның аруағы оятқан екен ғой» деді ішінен.

Тыстан сықыр-сықыр басып біреулердің осылай келе жатқан аяқ дыбысы білінді. Есіктің құлыбы сылдырлап , қиусыз жаман есік шарқ етіп ашылды. Бойы еңгезердей, жуан қара тон киген біреу бұышта бүрісіп отырған Бекбайдың қарсы алдына алшандай басып келіп, бетіне үңіліп қарады.

_ Не болды?_ деді күжілдеп.

_ Үсіп өлетін болдым,_ деді Бекбай әлгіндегідей емес бойына жан кіріп, дауысы анық шықты.

_ Киімің қайда?_

_ Менде киім жоқ. Қасымдыкіне келіп қайтып бара жатыр едім , жолдан ұстап осында әкеліп қамап тастады . Неге қамағанын білмеймін,_ деп Бекбай жылап жіберді.

_ Жә,_ деді әлгі үлкен саптама етік киген дәу адам,_ мен сенің неге қамалғаныңды тектей алмаймын, үсініп қалыпсың, жылы үйге апарамын, қолымнан келері сол.

Жуан қара арт жағына қайырылып қарап:

_ Әй, Мархаба, мынаны үшінші үйге апарындар. Астына салатын, үстіне жамылатын бірдеңе беріндер!_ деді. Сол екен екі жас жігіт Бекбайды қолтығынан демеп тұрғызып, дедектетіп сүйреп ала жөнелді де, жалпақ ақ тақтайдан жасалған ағаш есігінің ортасына бір жағына қарай қара сырмен қисайта жазылған 3 деген сифыры бар үйге әкеліп енгізді. Сәлден соң есіктен жарты сырдақ , етегі өрім-өрім болып жыртылған тонды лақтырып тастады :

_ Әй, ана сырдақ пен тонды ал!_ деді.

Бекбай орнынан сенделектеп тұрмақшы болып еді, түкпірден біреу:

_ Әй, бала, сен тұрма, халің құрып кеткен екен,_ деп сырдақты босағадағы дотпиған жаман балшық мештің түбіне салып, Бекбайды сүйеп апарып сонда отырғырғызды. Аяқ жағына әлгі жаман тонды жауып қойды.

Аштық пен суық бірдей меңдетіп, оған неше күнгі ұйқы қосылып Бекбайды діңкелетіп жіберген еді. Болымсыз жылуы бар там мештің бүйіріне келген соң, Бекбай бойы жылынып, мысықша қор етіп ұйқыға кетті. Оны ешкім қозғаған жоқ. Күн батып кешкі ас келгенде ғана жолдастары оятты. Бекбай мұнда өзінен басқа және үш адам бар екенін , өңін анық көре алмасада баранын толық көрді. Бекбай қатты ұйықтасам суық үйде жұқа киіммен қатып қаламын ғой деп түн бойы ұйықтамағанына он күн болғанда төзімділігі таусылған еді, енді үсіп өлмейтін меші бар үйге әкелінді.

Кешкі тамағын ішіп азырақ қаужанған соң Бекбай тағы ұйқыға кетті.

Бекбай таңертең ерте оялды. Қатты жөтеліп жатыр екен. Басын көтеріп балшық мешке сүйеніп едәуір отырды. Қиусыз үлкен ағаш есіктің саңлауынан таң жарығы болымсыз ғана жылтырап көрінеді. Керістей үш үлкен адам төр жақта бірден сеңсең ішік жамылып қаз-қатар көсіліп жатыр. Кеше ештеңені толық көре алмаған еді, мынау қараңғы үй бұрынғы өзі қамалған қараңғы үйге қарағанда әлде қайда кең, әлде қайда жылы екен. Бекбай қайта-қайта жөтеліп балшық мештің алдына қақырынып-түкірініп алып орнынан баяу тұрды. Кешегідей емес, аяғы да өз аяғы секілді икемге келіп, кәдімгідей жан кіріп қалыпты. Төрдің дәл ортасында жатқан адам басын көтерді. Ол Бекбайды дәрет сындырады деп ойласа керек:

_ Әй, азамат, дәрет шелегі ары босағада тұр, _ деді. Мына сөзден соң Бекбайдың зәр шығарғысы келді. Кеңіп келіп, орнына қайта отырды. Төрдегілер әзірге қозғалар емес. «Енді қаншалық су ішерім бар екен, әйтеуір бір өлімнен қалдым ғой» деп ойлады Бекбай.

Меш түбіндегі сырдаққа келіп отырды. Сасық қара тонды басына жастап қисайып еді, ұйқысы мүлде келмеді. Төрдегі жатқандар түгел үлкен адамдар секілді. Абақтының ала көлеңке жарығында олардың бас жақтарына үлкен-үлкен ағаш қазық қағып, іліп қойған тымақ, белбеу сияқты нәрселері Бекбайға анық көрінді. Аздан соң уәделесіп қойғандай үшеуі тең бас көтеріп орындарынан тұрды. Бекбай байқамаған екен, далиған балшық мештің аузының бір жағында мыжырайған қара шәугім тұр екен. Үшеуі бірінен соң бірі өшкен ескі көк шыбар тегешке дәрет алып, таңғы намаздарын оқуға кірісті. Ала көлеңкеде үшеуі де Бекбайдың көзіне елу жастар мөлшеріндегі адам сияқты сезілді. Үшеуі намаздарын оқып, намаз соңында құранның аятын ұзақ оқыды. Бұлар намаздарын оқып болғанда абақты іші кәдімгідей ағарып, адамдардың өңі де толық көрінетін болды. Бекбай үшеуіне енді көз тастады. Ортадағы толық денелі, қою қара мұртты, жасы елуге таяған, бүйрек бет, қызыл шырайлы адам екен. Оң жағындағы бауырсақ мұрын, дөңгелек көзі шаралы, жалпақ бет сары кісі екен. Оның жасына Бекбай жіп таға алмады. Ал сол жағындағы қоңқы тұмсық, қияқ мұрт, сіріңке қара екен. Жас мөлшері қырықтың ішінде секілденді.

Біраздан соң сіріңке қара орнынан тұрып Бекбайдың қасына келіп:

_ Әй, жігітім, кеше кенеуің кетіңкі еді, бүгін көрім тіріліп қалыпсың ғой, басыңды көтер, кеңесейік, _ деді.

Бекбай қуанып кетті. Басын көтеріп отырды.

_ Андағының қайдан келгенін сұра, кімнің баласы екен? _ деді төрдің ортасындағы қартаң кісі.

Мына кәрияның дауысы Берікбол ағасының дауысының дәл өзі екен, тұп-тұнық болып қоңыраулап тұр.

_ Жә, жігітім, мұнда бәрімізді дәм қосты, аман болсақ жапа-машақатты бірге көреміз, _ қасындағы жігіттің дауысы шіңкілдеп шықты, _ әуелі сенің аты-жөніңді білейік. Онан соң біздің жөнімізді сен біл.

Бекбай тартынған жоқ, тілін тістеп жалғыз отырғанға қарағанда, бір ауылдың үстіне көшіп келгендей болып кеңіп қалған еді. Орнынан көтеріліп отырған соң:

_ Ертіс бойындағы Қанағат байдың баласы едім, жиырма күннің алдында ауылға екі адам келіп қонды. Ертеңі мені әкем осы қаладағы Қасым деген ұйғыр тамырынан шәй-бұл әкелгелі жібергелі жатыр еді, әлгі екеуінің бірі:

_ Бұл бала қайда барады? _ деп әкемнен сұрады.

_ Қалаға барады, _ деді әкем.

_ Онда қалада Қасен деген туысым бар еді, соған бір хат бере салсыншы, _ деп маған бүктеулі хат берді. Хатын әкеліп іздеп жүріп тауып Қасенге бердім. Сол күні Қасымның үйінде қондым. Ертеңінде қаладан шығып бара жатыр едім, мылтығы бар төрт әскер жолдан ұстап әкеліп қамап тастады, _ Бекбайдың көзінен жас сорғалап кетті.

_ Е, балақай, сені сол хат сорлатқан екен. Әй, әттен-ай , сол хатты жыртып тастасаң болады екен , _ деді ортадағы қартаң адам.

_ Жоқ,_ деді оң жағындағы жалпақ бет сары алдына қарап жылжып,_ төңкерісшілерден осында хат байланыс жасаған біреу барын сезген. Сол күні талай бейбақ сорлаған болуы мүмкін .

_ Бұл сөздің де жөні бар, десе де, мынадай аласпыран заманда мұндай жас баланы жұмсамаған жөн ғой,_ деп тақыр қара арт жағындағыларға қайрылып сөйледі,_ мен білсем , бұл баланы олар хат әкелді деп ұстаған жоқ, әйтеуір қаладан шығып бара жатқан соң, сау сиырдың боғы емес шығар деп күманмен ұстады.

_ Онда,_ деп алдына қарай ұмсына отырып ортадағы кәрия сөз қыстырды,_ қалада біреуге хат әкелгенінді айттың ба?

_ Сұраған соң айттым ғой.

_ Ұйбайу,_ деді тақыр қара,_ ауызыңнан хат деген сөз шыққан екен пәлеге қалғаның қалған.

Мына сөз Бекбайды қорқытып жіберді.

_ Онда мыналар мені оңай шығара ма? _ деп сұраулы көзін төрдегі кәрияға бұрды.

_ Мұнда келгеннен бері сақшы не көріп, не істедің деп сұраған шығар.

_ Жоқ, қазірге дейін ешкім де менен мұндай жұмыстың бетін ашып сұраған жоқ. Осылар мені ұмытып кеткен сияқты.

Төрде отырған үшеуі бірдей қарқылдап күліп кетті.

_ Неге күлесіздер,_ деді Бекбай ренішті кескінмен,_ мұнда мен ойнағалы келгем жоқ қой, егер ұмытпаған болса, менің не қылған адам екенімді сұрап, қоя берсе қоя беріп, қамаса жөнін айтып қамаса керек еді.

_ Е, қарағым,_ деді төрдің дәл ортасында отырған кексе кісі,_ ондай обал-сауапты білетін үкімет болса , қазақтарды бүйтіп қора-қорасымен беталды әкеліп қамайды ғой. Бәріміздің де пәлендей істеген қылмысымыз жоқ. Үкімет қылмыстысың десе бізде не шара. Сен қайта қалаға келіпсің, атсыз-атақсыз танымайтын біреуге хат әкеліпсің, бұларға сол сылтау да жеіп жатыр.

Бекбай мұнда келгелі бір жағынан бойы жылынып өлім үрейінен арылса, енді бір жағынан иен даладан бір ауылға көшіп келгендей, өз қандастарын көрген соң көңілденіп қалған еді. Мына сөздерді естіген соң, жүрегі қобалжып, бойын қайтадан қорқыныштың үрейі билей бастады. Үрейлі кескініне төрдің ортасындағы кәрияға қадала қарады. Кәрия да Бекбайдың тым үрейленіп кеткенін біле қойды.

_ Әй, өзің нашар немесің ғой,_ деді Бекбайға қарап қабағын түйіп,_ екі ауыз сөзге үрейің ұшып кетті ғой, қайтіп азамат боласың. Батыр бол, мыналар сені жас жігіт, көрген-білгенін айта салар деп ұстап отырған шығар. Не болмаса, біреумен шатасырып жаңсақ ұстап отырған шығар, ынжық болма, ер бол. Әйтпесе түрмеде арам өлесің, ұқтың ба?

Бекбай ұқтым дегендей үнсіз басын изеді.

Сәлден соң, ағаш есіктің ортасынан кішкене тесік ашылып, Бекбайдың өзіне таныс екі көк көз көрінді.

_ Тамақ алыңдар! _ деп айқай салды.

Төрдегі кәрия орнынан қозғалған жоқ. Екі жағындағылар қатар орындарынан тұрып есікке барды. Тақыр қара әуелі бір кесені алып кәрияның алдына қойған соң, қайта келіп өзінікін алды. Ең соңында Бекбай тамағын алды. Ол әлгі там мештің түбіне қарай кесесін көтеріп бара жатыр еді. Бекбай кәрияның қарсы алдына, сырдақтыұ шетіне келіп отырды. Тақыр қара бас жағын қопастырып , орта қарын бір нәрсені алып шықты.

_ Әй, азамат,_ деді кәрия дауыстап,_ бері кел, бір жерде отырып ішейік.

Бекбай кәрияның қарсы алдына, сырдақтыұ шетіне келіп отырды. Тақыр қара бас жағын қопастырып , орта қарын бір нәрсені алып шықты.

_ Алдымен мына жігітке біраз салып берші, _ деді кәрия.

Тақыр қара оның бұйрығын қалт жіберген жоқ. Қарындағы қуырған ет екен. Пышағымен опырып, Бекбайдың кесесіндегі қара сок көжеге екі ауыз толым салды. Онан соң үшеуіне салды.

Дәл осы күні ғана Бекбай тамақ жегендей, едәуір мейірі қанып тыңайып қалды.

Содан бірнеше күннен соң тағы қалың қар жауып, бүкіл қылмыскер түгел қар күреуге шықты. Әрбір абақты үйдегілер негізінен өз есігінің алдын күреді. Бекбайлар үш жігіт есік алдын лезде күреді. Кәрия есік алдына шығып қолын артына ұстап тұрды. Бір кезде ол шығыс жақтағы есік алдында тұрған түлкі тымағы бар ат жақты, биік қызыл шырайлы адамды нұсқап :

_ Қарағұл залың деген мықты адам ана кісі, _ деп көрсетті.

Сәлден соң ол ар жағындағы абақты үйінің есік алдына шыққан дөңгелек жүзді семізшелеу адамды нұсқап:

_ Анау әлгі Бәди дұңше деген адам. Көріп пе едіңдер, _ деді.

_ Көрмегеміз, _ десті үш жігіт.

Басқаларын бұл кәрия тани алмайтын болса керек, одан ары ешкімді таныстырмады.

Бойлары биік еңгезердей бірнеше адам қар күреген соң, бір жерге таман бас қосып әңгімелесіп тұрды. Бекбайдың көзіне бәрі де салауатты ел басы адамдар сияқты көрінді. Есіне сонау жылдары өзінің туған жерінде де дәл осындай ел ішіндегі ардагерлерді қи сыпыра ұстап әкеткені түсті. «Е, сол пәлекет осы жаққа да жеткен екен ғой» деп ойлады. Сөйтті де ауыр күрсініп абақтының үлкен есігіне қарады.

4

Бекбай Сарсүмбөнің абақтысында бір жаз, екі қысты өткізіп жіберді. Сөйтіп 1945 жылды наурыз айы жетіп келді. Бекбай жатқан абақты үйіне осы екі жылға таяу уақытта талай адам келіп жатып, талай адам шығып кетті. Кетіп жатқандардың алысқа жер аударылып кеткенін, немесе ақталып ауылына қайтқанын Бекбай білген емес. Мүмкін , кейбіреуі өлімге үкім етілген шығар, Бекбай бұдан да бейхабар болатын. Сол адамдарды сақшылар айдап әкетіп түнімен сұраққа тартып, түрлі-түрлі ауыр жазалар қолданып , қан жоса етіп таңға жақын сүйретіп әкеліп тастайтын. Кейбіреуі талып жатып жарым күн дегенде әрең ес жиятын.

Ғажабы осы екі қыс , бір жазды өткізген Бекбай бірде бір рет сұраққа шақырылып , қинау көрген жоқ. Абақтыға еті үйренген сайын Бекбай осыған да шүкірлік қылды. « Аман болсам әйтеуір күндердің бірінде шығып кетермін » деп үмітін үзбеді.

1945 жылдың наурыз айының ортасы болатын. Бекбай ерте оянды. Таң ағарып атқанымен, абақты іші әлі ала көлеңке еді. Бір үйдегі адамдардың көбі әкетіліп, Суайт екеуі ғана қалған. Суайт қорылдап тәтті ұйқыда жатыр, Бекбайға бұрын бір күннің өтуі бір жылдай сезілуші еді, суайт келгелі ғана кешке дейін оның өтірік-шынды қиыстырған әңгімелерін тыңдап күннің өткенін білмей қалатын болған. Суайттың молла азан шақырып қойған аты сол ма , жоқ, маңындағылар солай атаған ба? Мұны Бекбай ешкімнен сұраған жоқ. Десе де Суайттың әңгімелері абақтыдағыларды зеріктірмегенімен, кейде бір- бірімен соғыстырып, тыншықты кетіріп жіберетін. Жақыннан бері басқалар кетіп Бекбай екеуі ғана қалды да, оның соғысқа салатын өнеріне еш жол табылмады.

Бекбай топырақ сұпыдан сырғып түсіп, бұрыштағы балшық мешке бір уыс тамызық салып, от жақты. От жаққан соң абақты ішіне біртіндеп жылулық тарап, сүркейлік аздап болса да сейілгендей болды.

Суайт күн шыға орнынан тұрды. Мештің маңында мүлгіп отырған Бекбайға қарап қойып есікке барды. Ол есіктің үстіндегі тышқанның ауызындай кішкене тесіктен далаға қарады.

_ Әй, Бекей,_ деді Суайт таң қала сөйлеп,_ о , күдірет, замақыр болыпты. Қар ерімей жаңбыр жауғаны несі?

Ұйқылы-ояу мештің жылуына қалғып отырған Бекбай елең етіп есікке қарады.

_ Өтірігіңе береке берсін, тағы нені сықпыртып жібердің?_ деді Бекбай.

_ Сенбесең келіп көрші, нақ ақ жауын сіркіреп тұр, дауысын естіген жоқсың ба?

Бекбайдың құлағына сіркіреген ақ жауынның дыбысы естілгендей болды. Сонда да Суайтқа сенген жоқ.

_ Сенің сол көп өтірігіңнің бірі шығар,_ деп орнынан есіней түрегеліп есікке келді.

_ Көрші,_ деп Суайт тесіктің ауызынан шегініп орнын Бекбайға берді. Бекбай тесіктен қарап жіберіп: үй тілінді құрт жегір, сенің өтірік айтқаныңды білгем,_ деді. Жаңбыр тұр ғой бұлт та жоқ. Жаңбырдың дауысын Суайт ауызымен келтіргенін білді.

_ Білсең тесіктен неге келіп қарайсың? Менің өтірігіме сенген соң келіп қарадың емес пе, мырзам!

_ Па, ит екенсің ғой,_ деп Бекбай күліп жіберіп, қайта орнына келіп отырды.

_ Ойбой , Беке , бұл нағыз өтірік емес қой , егер бірге болсақ өтіріктің көкесін кейін әбден көресің. Шынымды айтайын,_ Суайт Бекбайдың қасына келіп отырды. Шалқалап есінеп алды,_ өтірік айтпасам , бір маңызды жұмысым істелмей қалған сияқты қарадай алақызып қаламын. Маңайымда ешкім жоқ болған шақта тұншығып тұрғандай күй кешіп , өзімнен өзім сөйлегім келіп шыдай алмай қиналып кетемін. Ал, біреуге бір-екі ауыз өтірік айтып сендірсем болғаны , тынысым кеңіп жадырап сала берем.

Мына сөзге Бекбай ерекше қайран қалды. «Нақ өтірікші бұзықтың өзі екен ғой» деп ойлады. Суайтқа ернін қайқайтып жирене қарады :

_ Құдай сақтасын, расында осындай болсаң өте сұмдық екен. Бүйте берсең елді арандайсың ғой.

_ Олай сөйлеме, Беке,_ түйеге жалғыз тең теңделе ме?

_ Ол мүмкін емес қой, тең деген сөздің өзі түйенің екі жағына теңдейтін екі нәрсеге қаратылған емес пе , екі нәрсенің бірі жеңіл , бірі ауыр болса да болмайды. Ауып түседі. «Тең» деген сөз екі жағына теңдейтін нәрсе тең болу керек деген сөз.

_ Жауабың жалпы алғанда дұрыс,_ деді Суайт шұңғыл көздерін жыпылықтата күліп,_ сол теңделетін нәрсенің не нәрсе болуы айтылмаған. Әйтеуір салмағы тең болса ғана болды.

_ Дұрыс,_ деді Бекбай.

_ Олай болса, «қара» деген рең болмаса, «ақ» деген реңнің болуы мүмкін бе?_ Суайт сұраулы көзбен Бекбайға қарады.

_ Дүниедегі заттың түсі ақ пен қара ғана емес қой,_ деді Бекбай жал тапқысы келіп.

_ Жоқ, Бекбай мырзам,_ Суайт екі шұңғыл көзін сәл жұмып сөйледі,_ мен ақ пен қараны айтқанда жалғыз сыртқы түсіне қаратып отырғамын жоқ. Солайда барлық түс ең соңында сол ақ пен қараға ғана барып тиянақтайды. Менің айтқалы отырғаным _ жақсылық пен жамандық туралы. Осы екеуінің бірі болмаса, енді бірінің ұғымы болуы мүмкін емес.

_ Ол шындық,_ деді Бекбай.

_ Олай болса өтірік пен шын да солай шығар.

Бекбай Суайттың бетіне қарап , не дерін білмей отырып қалды. «Мына Суайт сөзді айналдырып әкеліп мені жеңгелі отыр екен ғой» деп ойлады Бекбай.

_ Оның рас,_ деді Бекбай күліп,_ екеуі бірін-бірі анықтайтын екі ұғым. Десе де, екеуі бір ортада тең өмір сүрмейді ғой деймін.

_ Ондай дұдамал сөзінді қой. Өтірік шындық үшін , шындық өтірік үшін міндет атқарады. Сондықтан біздің қазақтар: «Өтірік сөз шын сөздің желімі» дейді емес пе.

Бекбай сонда да жеңілісіне мойынсал болғысы келмеді :

_ По, Суке, тіпті иректетіп басымды ауыртып жібердің ғой, _ деді кейіп.

_ Басың ауырса басыңды жазу оңай, _ деді Суайт қарқылдап күліп, _ бас ауруды жазатын «өтірік» атты жақсы әңгіме бар , соны тыңда.

_ Бұдан ары басым ауырмаса болды ғой, _ деді Бекбай күліп, _ әңгіменің аты «өтірік» болса тыңдайыншы, не кереметі бар екен.

_ Әдеттегі әңгіме, _ деп Суайт арқасын тамға сүйеп, азырақ керіліп алып сөйледі, _ бұрынғы заманда дәл мен сияқты өтірікпен аты шыққан атақты өтірікші біреу болған екен. Ол да құдды мен сияқты өтірік айтпаса басы ауырып шыдай алмай , өтірік айту үшін ел аралайтын болса керек. Бір ғажабы, сен сияқты жұрт оның өтірікші екенін біле тұра, тағы оның өтірігіне сеніп қалады екен. Күндердің күнінде осы өтірікші дүниеден өтіпті ғой. Жұрт оны жерлеп қайтқан соң, сұрақшы періштелер нәңкір-нүңкір келіпті де сұраққа тарта бастапты. Сонда әлгі өтірікші сасқалақтап :

_ Әлгіңде біреулеріңіз сұрап кетіп едіңіздер ғой , тағы келдіңіздер ме? _ деп өтірікші өтірік таң қалыпты. Екі періште аз тұрып :

_ Алланың бұйрығында екі рет сұраққа тарту жоқ, _ деп шығып кетіпті. Сонымен өтірікші сұраққа тартылмай қалыпты-мыс деседі. Мүмкін сол өтірікшіні Алла тағала жер бетіндегі ақымақ пенделерге ғибарат үшін әтей жаратқан шығар.

_ Сонда, Суайт аға, сен мені де Алла тағала осы үйге өтірік айтсын деп әтей жаратқан демекшісің ғой, _ деді Бекбай.

_ Оны бір Алла біледі. Жаратушының ісіне шек келтірсек болмас, _ деп Суайт бет-аузын домалақ семіздеу келген былтық саусақтарымен сипалады, _ осы пәнни ғаламдағы барлық нәрсені тіпті анау ит, бүргеден тартып бәрін Алла жаратқан ғой. Біреулер үш түрлі адамдар өтірік айтады дейді екен. Бірінші, қорқақ адам қорыққанда өтірік айтады дейді. Екінші, мақтаншақ адам мақтанғанда өтірік айтады дейді. Үшінші, жарамсақ адам жарамсақтану үшін өтірік айтады дейді.

_ Рас, солай болуы керек, _ деді Бекбай.

_ Жоқ, Бекбай бауырым, мына үшеуі ешқашанда өтірікке жатпайды. Неге дейсің ғой, қорқақтың айтқан өтірігі нағыз өтірік емес, қорыққанда жал тапқаны. Ал, мақтаншақтың айтқан өтірігі де шынайы өтірік емес, сөздің әсерленуі ғана. Үшінші, жарамсақтың өтірігі де нақ өтірік емес, қолпаштау ғана. Сондықтан өтірікті де айта алған адам айтады.

_ Сонда, өтірік айтудың өзі батылдық болды ма?

_ Әрине, нағыз өтірік айтуға үлкен жүрек керек, адамдар екіленбей сенетін етіп айтатын тамаша шеберлік қажет. Екеуіміздің өтірік деп жүргендеріміздің көбі шынына келгенде өтірік емес, жағдайға сәйкескен сөздің бейімі ғана.

_ Әй, Сукең аға, асырып отырған жоқсыз ба?

_ Түк те асқан жоқ. Адамдар күнделікті өмірінде сан-санақсыз өтірік айтады. Ал оны тыңдап тұрғандар да өтірік екенін біле тұра бас изеп сене береді, мұны адамдар өтірік деп есепке алмайды.

_ Иә, осының тым сорақы кеткен жоқ па?

_ Жоқ, сенбесең тыңда, кім болса да қатты ауырып жатса да көңілін сұраған адамға «тәуірмін» деп жауап береді. Ал, біреу бір жаңа киім киді делік, оның киімі қанша нашар, жараспай тұрса да, қасындағылар «өте жақсы болыпты, керемет жарасыпты, бұйыртып кигізісін» деп өтірік сықпыртады. Шынын айтқанда, адамдардың бірін-бірі өтірік мақтауы, өтірік қолпаштауы, әсіресе, ерлердің әйелдерді көргенде өтіріктен «жап-жас сұлу екенсің» деуі, осының бәрі қарап отырсаң ешқандай жамандығы жоқ нәрсе. Себебі, адам деген хайуан көңілге сүйеніп жасайды ғой, соның бәрі де көңіл үшін, сондықтан мұны өтірік айттық дейміз.

Суайттың сөздеріне алғашында көңіл бөлмегенімен, бара-бара «мынаның сөзінің де жөні бар секілді ғой» деп ойлап қалды.

_ Суайт , сен маған сабақ сөйлеп кеттің ғой, _ деп мысқылдап күліп жіберді.

_ Күлме, жігітім, _ деп Суайт Бекбайға жақындап келіп отырды, _ егер мен саған өтіріктен-өтірік түнде сен жайлы жақсы түс көрдім, жақында абақтыдан шығады екенсің десем қуанасың ба, жоқ па?

_ Әрине, қуануым керек қой.

_ Е, білдің бе, кейде өтіріктің де пайдасы бар.

_ Әй, тамақтарыңды ал деп айғайласа, естімедіңдер, қарындарың ашпаған ба? Жоқ біреу соғым әкеліп берді ме? _ деді. Тамақ тасушының дауысы едәуір зілді шықты. Өйткені бұдан бұрын Суайт оны да бірнеше рет алдап ақымақ еткен. Сондықтан ол Суайтты жек көргені сондай , тамақ әкелгенде немесе бой жазып , есік алдына шықса болғаны, әйтеуір Суайтқа кезіксе болды оған тыжырына қарап :

_ Суайт, сен өмір бойы абақтыдан шыға алмайсың, көзіңе көгала шыбын үймелеп өтеді, _ дейтін.

Тесікке ең алдымен Суайт жүгіріп барды. Көк көз қолындағы жайпақ шелектен екі қара нанды бере бергенде, Суайт оның ар жағына тесірейе қарап:

_ Құдай-ау , мынау қорада жүрген недеген үлкен тайыншадай ит еді , _ деп таң қалды. Тамақшы қораға қайрылып қарағанда , Суайт оның жалпақ шелегіндегі наннан бірді тесіктен қолын сұғып жіберіп лып еткізеді. Дегенмен көк көзде сергек тұр екен , Суайттың бір нанды лып еткізгенін сезіп қалды.

_ Әй, Суайт, сен нан ұрладың, ә, егер мына нанның біреуі кем шықса, саған бір күн тамақ бермеймін, біліп қой, аштан өлтірем.

_ Маған мүлде тамақ бермей аштан өлтірсең тіпті жақсы, сен сияқты көк көз иттің қолына қарағанша өліп Алла тағаланың алдына барғаным баяғыда артық ғой, _ деп Суайт тырқ-тырқ күлді.

_ Сұмпайының күлкісін-ай, _ деп көк көз жолына түсті, ол күңкілдеп Суайтты тілдеп сөйлеп бара жатты.

Күндегі әдеті бойынша оттағы қара шәугімдегі қайнаған суды көтеріп, Бекбай топырақ сұпыға шығып, сырдақтың үстіне дастарқан жайды. Суайт дастарқанға үш қара нанды қойып жатып :

_ Көк көз итті келістіріп жайладым, _ деп тырқылдай күлді, _ Беке. Өзіңді аз болса да өтіріктің пайдасын көрсін дегенім ғой.

_ Бәсе, көк көздің саған нан ұрладың дегені несі десем, бірді соғып жіберген екенсің ғой.

_ «Дұшпаннан түк жұлсаң да пайда» дегенді білесің бе, ебін тауып ең болмағанда бір тал нан болса да алып тұрайық.

_ Ой, ол иттің өштесіп тамақ бермей қойып қинамаса болды ғой, _ деп Бекбай сәл алаңдағанын білдірді.

_ Ойбой, Бекбай, _ деп Суайт тырқылдай күлді, _ сен әлі бала екенсің, мен айтып келемін ғой, адам деген ақымақ, шын сөзге сенбейді, өтірікке ғана сенеді. Біреуге, яғни кедей біреуге өтірік бал ашып жіберіп, аз күнде байығалы тұр екенсің десең, ол сенгенде қуанышынан жарыла жаздайды. Ал, әлі үйлене алмай жүрген біреуге жолығып, көп өтпей бір жақсы адаммен үйленеді екенсің десеңіз, ол қуанғаннан қолындағысын саған аямай шаша бастайды. Сенбесең, абақтыдан шыққан соң сынап көр. Ал шын нәрсені айттың пәлеге қаласың. Біреудің жаңа киген тоны оған жараспай нашар болып қалса, оған тоныңыз жараспапты , тігілуі нашар екен дедіңіз пәлеге қаласыз. Немесе біреу олақтықтан қолын кесіп алды дейік. Біз оған шын сөйлеп : «Сен олақ екенсің» десек, жарылып өлуге шақ қалады. Бауырым Бекей, адам жақсы күн кешемін десе , өтірік айтуға шебер болуы керек.

_ По, жарты күн сөйлесем, әлі миыңа ешқандай бірдеңе жұқпапты ғой, «молланың айтқанын істе, істегенін істеме» деген сөзді естіген шығарсың?

_ Иә, естігемін, _ деп Бекбай еріксіз басын изеді. _ Онда неге молланың айтқанын істеп , істегенін істемейміз?

_ Мүмкін, _ деді Бекбай күмілжіп, молланың айтатыны құран сөзі ғой, оған шек келтіруге болмас, ал молла қанша дегенмен пенде ғой, оның істерінің кейбірі шарифат жолына түспей қалатын шығар.

_ Міне дәл осы жерінде, _ деп Суайт ернін жымырып Бекбайға тесіле қарады, _ құран сөзі шын ба?

_ Құран сөзі шын, _ деп Бекбай басын изеді.

_ Онда кейбір құлқынның құлы болған моллалар құдайдың сөзін басқаларға қанша айтқанымен және өзі оған сенбейді. Сенсе оған қайшы іс істемесе керек. Адам деген ақымақ , шынға сенбей өтірікке сенетіні осы .

_ Алла, _ деді Бекбай, _ қасында бін-екі ай жатсам, мені төрт тұрманы толық өзің сияқты нағыз Суайттың бірі етіп жетістіріп шығарады екенсің.

_ Әрине, алдымен адам болу үшін, Суайт болу керек.

_ По, _ деп Бекбай алдарындағы ыдыстарын жиыстыра бастады.

Осылайша Бекбай мен Суайт кеңесе отырып түйенің көзіндей қара нандары мен қара суларын ішіп қаужанып алды. Олар тағы да қысыр кеңеске түскен болатын. Күн сиыр түс болған шақта бір қара иек қартаң әскер келіп, есіктің тесігінен сығалап :

_ Бекқазы осында ма? _ деді.

_ Осында, _ деп Суайт дауыстады.

_ Онда киім-кешегіңді алып шық, _ деді әскер.

_ Мұндағы қайдағы Бекқазы, _ деді Бекбай таң қалып.

_ Бекқазы деген менмін деп киімнің көтеріп шық , қоя бергелі келген сияқты. Егер атың Бекбай екен десе нақ атым Бекқазы болатын деп тұрып ал, _ Суайт Бекбайдың алды-еркіне қаратпай, киімдерін кигізіп есік алдына итермелеп әкелді. Онымен қоса өзінің көнетоз саптама етігін қолтығына қысып берді. Суайттың күшімен есікке келгенімен, Бекбайдың жүрегі дүпілдеп қатты қорқып кеткен еді, қайта-қайта Суайтқа қарап жапақтай берді.

Соның арасынша есік сылдыр етіп ашылды.

_ Бекқазы киімнің көтеріп шық , сен үйіңе қайтатын болдың, _ деп қара иек сақшы күлімсіреп жылы рай білдірді.

Бекбай сонда да қуана қойған жоқ. Өтірік Бекқазы болғаным ашылып қала ма деп қатты қорыққандықтан жүрегі дүп-дүп соғып, көңіл күйі қуанғаны қайсы, қорыққаны қайсы әйтеуір бір түрлі қобалжулы күйге түсті. Бекбайда киім дейтін пәлендей киім-кешек жоқ болатын. Өткен қыста қасында жатқан бір азамат кетерінде көне сеңсең ішігін тастап кеткен. Соны иығына жамылып, Суайт берген етікті қолтығына қысқан беті далаға шықты. Қара иек сақшы абақтының есігін асықпай құлыптаған соң :

_ Жүр, _ деп Бекбайдың бетіне қадала қарады.

Бекбайдың жүрегі зу ете түсті. «Мына сұмырай неге қадала қарады, мені біліп қалды ма» деп ойлады. Бірақ қара иек сақшы Бекбайдан ештеңе сұраған жоқ.

Бекбай алғаш абақтыға түскенде екі беті қып-қызыл, тым семіз болмаса да, екі бетінің еті толық, қара торы азамат еді. Бұл шақта қысы-жазы көп күн көрмегендіктен өңі әппақ шөлмек болып, ұрт еттері суалып, екі беті етінен арылып пышақ жанығандай болып әбден арықтаған болатын.

Қара иек сақшы Бекбайды абақтыдан алып шыққан беті түрменің сыртқы босағасындағы жалғыз ауыз еңселі там үйге ертіп келді. Мұнда боғағы салақтаған қап-қара біреу семіздіктен

жарылғалы отыр екен. Ол Бекбайға қадала қарап үнсіз сәл отырды. Онан соң оң қолымен сол қолының саусақтарын бірден тартып сықырлатып-сықырлатып алып :

_ Жә, сен қайтасың. Бастықтың бұйрығы солай.

_ Бекбай қуанып кетті. Баяғыда осылар алған қоржынын, атын сұрағысы келді. Бірақ Бекқазы екенімді біліп қоя ма деп қыпылдап әрең тұрғандықтан үндеген жоқ. Семіздің дауысы таныс сияқты сезілді. Алғаш келгенде, кішкене бөлмеде үсіп өлгелі қалғанда, «оты бар абақтыға апарыңдар» деген сақшы осы екенін біле қойды.

_ Жә, жігітім, бізге беріп қойған бірдеңе жоқ па еді?_ деді семіз сақшы.

_ Атым бар еді,_ деп Бекбай ақырын міңгірледі.

_ Әй,_ деп семіз сақшы ырғалып қара иек сақшыға қарады,_ мынаны ана қорадағы аттарға апар. Өз атын таныса алсын, тани алмаса бір ат беріп ауылына түзу қайтарып жібер.

_ Құп,_ деді қара иек сақшы.

_ Онда, кетіндер,_ деп семіз сақшы қолын сілтеді.

Қара иек Бекбайды ертіп, қалашықтың аяқ жақ шетіндегі үлкен ат қораға келді. Мұнда жұпыны сары киімді екі әскер аттарға шөп салып жүр екен. Қара иек сақшы оларға қолыдағы қағазды көрсетіп еді, Бекбай екеуін ат қораға кіргізіп жіберді. Қораның ішінде жиырмаға жуық ат бар екен.

_ Мына аттарды бірден көріп аралап шық , ішінде өз атың бар болса танып ал, өз атың жоқ болса , біреуін таңда,_ деп қара иек сақшы бұрыштағы ерлердің үстінен ескі қайыс нөктаны шылбырымен алып Бекбайға берді. «Суайттың өтірікке де жүрек керек дегені осы екен ғой , қорықпайын , не де болса тезірек құтылайын» деп ойлады. Сөйтті де атын іздетен болып аттарды жағалап келіп бір семіздеу торы атты көрсетті.

_ Мынау менің атым сияқты. Сол күні нағашымнан сұрап мініп келіп ем , онша түс тоқтатпаған екем.

_ Нөқтаңды сал,_ деді қара иек сақшы.

Алаңдап асығып әрең тұрған Бекбай сипалап келіп торы атқа лып еткізіп нөқта салып есікке жетелеп жетіп келді.

_ Ерің қайда!_ деді қара иек сақшы.

_ Атымды ерімен әкеткен еді,_ деді Бекбай күмілжіп.

_ Қара, мына жиулы ердің ішінде сенің ерің бар ма, жоқ па?

Қара иектің ауызынан шығысымен Бекбай ерлерді қопарып аударып бастады. Міне қызық, бір шетінде өз ері жинаулы тұр. Үстінде өзінің нөқта-жүгені де бар екен, қуанып кетті.

_ Менің ерім міне тұр екен,_ деп қара иектің рұқсатын тоспай-ақ ері мен нөқта-жүгенін әкеліп торы атқа ауыстырып салып, өз ерін лып еткізіп ерттей қойды.

Қара иек сақшы Бекбайды ертіп тысқа шықты. Ол:

_ Біздің бастыққа рақымет айтпайсың ба?_ деп ыржия күлді.

_ Ауылымыз Ертіс бойында жақын. Бірнеше күннен соң сіздерге сәлемдеме алып , арнаулы келіп рақымет айтамын ғой,_ деп Бекбай өтірікті періп кетті.

_ Оның да жөн, мына ағанды ұмытпайтын шығарсың,_ деп күлді қара иек сақшы.

_ Сізге де көп рақымет, бастықтарыңызды іздегенде өзіңізді арнаулы іздеймін ғой,_ деді Бекбай қауқалақтап.

Осылайша қара иекпен асығыс-үсігіс қоштасқан Бекбай алды-артына қарамай қалашықтың шетіндегі жалғыз аяқ жолға ептеп шығып алды да « Ертіс қайдасың » деп тарта жөнелді. Күннің ызғары қайтып көктемнің орта шені болып қалғандықтан сай-саланың бәрі сылбыраң еріген қардың суы екен.

Бекбай әйтеуір Суайттың арқасында құтылғанын білді.

Мынау жарық дүниеге келген әрбір жан иесі өзінің болашағын өзі белгілеп, өз тағдырын өзі шешеді делінсе, бұған адамдар сене қоймайды. Ал, бір жерден бір керемет әулие адам шығыпты, ол осы дүниедегі барлық адам пендесінің болашағын болжай біледі екен делінсе, бұған барлық адам түгел жапырыла сенеді. Мұны біз адамдардың танымы мен сеніміне қатысты нәрселер дей саламыз. Іс жүзінде олай емес. Егер сіз мынау адамзат жасап жатқан шексіз әлемнің бір бүйіріндегі жер шары сынды жетім аралдан аулағырақ кетіп, қайтып сол жетім арал бетінде жүрген пенделер ортасынан кез келген біреуінің күнделік қимылы мен кешуіне үнілсеңіз, сол адамның бір күнде қанша түрге өзгергенін көріп өз көзіңізге өзіңіз сенбей қалар едіңіз. Ол бірде әулиенің сөзін сөйлеп, албастыша іс істесе, енді бірде ортаға періште болып шығып, көп өтпей дүние қуып шайтанға өзгереді. Тағы бір кезде пайғамбар сияқты салауатпен көрініп, пайғамбарша сөйлеп, соңында, жазықсыз біреудің қантерін тонап қарақшы болып кетіп бара жатады. Бірақ бұған бола неше мыңнан бір сирек кезігетін, бір өзі неше миллион адамның тағдырының шешілуіне тиек бола алатын данышпандардың ролы мен еңбегін жоққа шығара алмаймыз. Бірақ сол данышпандардың да сан құбылатын шағы бар екенін білгеніміз жөн. Ол бүгін неше миллион адамның бақыт жолын ашса, ертең неше миллион адамның қанына ортақ болуы ғажап емес. Автор бұл жерде пенде біткенге пәле жауып, суайтты, яғни өтірікшіні ақтағалы отырған жоқ. Оны ақтаса да, қараласа да тек тарих ғана шешімін шеше алады.

Таң қаларлығы сол, адамдар аяқ астынан біреуді әулие деп танып, оған басын көтермей табынып жатады. Бірақ ол өзінің сол әулиеден кем соқпайтын ақыл-парасатқа ие әулие екенін өзі білмейді. Ал өзі табынып жатқан әулиенің әлі талай нәрседен хабары жоқ, кәдімгі бір жұрт арасындағы пенде екенін де білмейді. Біздің қазақтар: «Өз мінін білген данышпан» дейді. Екіншісі, егіздің сыңары данышпан бала бермейді ғой. Бұл да суайттың теориясын дәлелдейтін сияқты. Жер бетіндегі әрқандай адам баласы басқа біреуді түсініп білгенді қойы, әуелі ол өзін толық түсіне алмайды. Тіпті мынау жапасы мен михынаты мол пәнни ғаламнан өзінің кім екенін біле алмай-ақ жер қойнына кіріп кетеді. Мүмкін Суайттың теорияларының іске аса беретіні де осы факітті түсіндіретін шығар, адамдар шыншыл болуға нәсихаттайды да, өтірік арқылы тәрбиелейді. Әлі ес-ақылы толық жетілмеген сәбилерді «аю келе жатыр немесе үлкен көк қасқыр келеді, сені жеп қояды» деп қорқытып ұйықтатады. Тамақы да өтірік айтып алдап жегізеді. Өтірік айтып алдап жұмсайды. Қойшы әйтеуір, сәби бала ер жеткенше бүкілдей өтірікпен тәрбиеленеді. Мүмкін, Суайт айтқандай, адамдардың шынға сенбей, ыңғай өтірікке сенетіні де осы тәрбиенің кереметі болса керек. Қалай болса солай болсын, Бекбай үшін Суайттың өтірігінің айтақалсын пайдасы тиді. Бекбай ат үстінде Суайтты алқап келеді. Жоқ, ол Суайтты емес, Суайттың өтірігін алқап келеді ғой.

Бекбай қаладан шығуын шықса да, Суайттың өтірігімен шыққандықтан, өте қатты жүрді. Ел шұбырып жатқан үлкен жолды тастап, адырдың арасындағы жолсызбен кетті. Ондағы ойы: «Оқыстан менің Бекқазы емес екенім білініп соңымнан қуғыншы түссе ұсталып қалармын, қиналсам да, із жасырып кетейін» деген ой еді. Сол ойының жетегінде жолсызбен бұрқырата тартқан ол бірдемде Шеміршектің бөктер жазығына ілінді. Мынау семіз торы ат тегі бір атақты бай немесе әйгілі билердің бірінің аты болса керек. Қабақсоқтылардағы қалың сылбыраң қарлардан іркілмей өтіп, қамшы салдырмай лыпып келеді. «Осы жүріспен жүрсем, Алла жол берсін, ел жатарға таяғанда ауылға да жетермін» деп ойлады Бекбай. Бекбайдың қуанғаны сондай, қарнының ашқанын да ұмытты. Жатаған адырдың етегіндегі өзекті құлдап, Қыран мен Ертістің құйғанына қарай еңкейе тартты. Торы ат жүрген сайын ауыздығын қарш-қарш шайнап, екі езуіне ақ көбік отаулап тіпті үдеп кетті. Қыранның ағарымен Ертіске жақындаған сайын даланың қары жұқарып, қыраттар қарайып, ала етектеп қалған екен. Қараңғы түсіп қас қарайып кеткенде Қыранның өткелінен өтті. Бекбайдың

өзі межелегендей ел орынға әбден отырып жатуға таяған шақта Қанағат байдың қыстау қорасына жетіп келді. Міне сұмдық! Қыстау қаңырап бос тұр. Бірде-бір үй жоқ. Жолда аңғармаған екен, бұрынғы лықсып отырған қалың елдің көбі жоқ секілді. Сол маңдағы бірнеше қыстауға барып еді, бәрінде ел жоқ екен. Ел бар қыстауларға барудан сақтанды. Қанағат байдың қорасына қайта келіп, атын іргеге арқандап қойып, тошала үйдің есігіне келді. Есігі аңырап ашық жатыр. Ішіне кіріп еді, сиырдың тезегінің исі қолқасын жарды. Әлгі қара иектен сіріңке сұрап алу есіне келмеген екен, іштей: «Бір қапшық сіріңке сұрап алсамшы» деп өкінді. От жағатын сіріңке жоқ. Тошала үйдің қазан жағына Қанағат бай төсек етіп жататын топырақ сұпы бар еді. Көзі сәл үйренген соң сипалап солай барды. Сұпының үстінде азырақ шөп бар екен, сол шөптің үстіне шығып киімшең қисая кетті. Дардай уақытқа дейін ұйқысы келмеді, миын түрлі-түрлі ойлар шырмап алды. «Ауылдағы байқұстар да менің пәлем тиетін болған соң бір жаққа көшіп кеткен ғой» деп ойлады. Жаман тошаланың ағаш есігін жауып қойып еді, үй іші едәуір жылынған сияқты болды. «Ертең елдің жағдайын сұрайтын біреу кезігер» деп үмітін ертеңге артып, құнысып жатып еді, қуғыншы келіп осы тошаланы ақтаратын сияқты сезінді. Оның үстіне екі аяғы да тоңа басталы, ол қайта тысқа шықты. Бұрынғы Қанағат байдың шөп жиятын шарбағында бір үйінді ескі шөп тұр екен. Бекбай қуанып кетті. Жүгіріп келіп арқандағы атын қайта шешіп әкеліп шөп үйіндісінің түбіне байлап қойды да, өзі шөпті үңгіп кіріп жатып қалды. Бекбайдың қатты ұйықтағаны сондай, күн едәуір көтерілгенде барып бір-ақ оянды. Күн шайдай ашық екен. Торы ат та шөпке әбден тойыпты. Шөп арасынан шығып бой жазып қора маңында арлы-берлі жүрді. Біраздан соң қарнының қатты ашқанын сезді. Атын ерттеп қойып, Жайнаның үйінің жұртына келді. Мұрнына бір кездегі отын алып жүргендегі Жайнаның тамағынан көтерілген жағымды иіс кеңсірігіне келіп ұрылғандай болды. Өзін ұстай алмай теңселіп кетті. Көзін жұмып аз тұрды, көз алдына Жайнаның жымысып ғана миығынан күлген әдемі сұлу кескіні елестеді. «Абақтыдан шықсам ауылға жетіп барамын ғой, сағынышпен сарғайған Жайнаға кезігем ғой» дейтін тәтті қиялы бір-ақ көкке ұшты. Бекбай өзінің қаңғырып далада қалғанын енді білді. Құлағына бір кездегі Қанағат байдың: «Қайда барсаң да бала оқытасың, баласын оқыта алмай отырған ел көп, жау мал-мүлкіңді тонаса да, бойыңдағы біліміңді тонай алмайды» деген сөзі естілгендей болды. Бекбай көзін ашып, өзіне таныс қыстаулықтың айналасына көз салып тағы біраз тұрды. Бір кезде бала оқытам деп өзін сұрап келген Әшім дейтін орташа ғана малы бар кісі есіне түсті. Онда Қанағат бай:

_ Өз балаларым әлі сауатын ашып болған жоқ, _ деп Бекбайды Әшімге бермей қойған.

Бекбай ойлана-ойлана атының қасына келді. «Неде болса сол Әшімнің ауылына барайын, артыма түскен іздеуші болмаса біраз күн балаларына сабақ беріп, күн әбден жылынған соң ауылды табайын» деген ойға келді. Әшімнің ауылына үш жылдың алдындағы қыста бір барған болатын. Атына міне салып солай тартты. Бүгін анық байқады. Бұрынғы бай ауылдар отыратын тұңкелі қыстауларда бірде бір жан пендесі жоқ екен. «Бұл не сұмдық» деп Бекбай өзінен-өзі қайран қалды. Аяңдап Әшімнің қыстауына келді. Тошала үйден түтін шығып жатыр екен. Әшімнің ауылы бар екен деп Бекбай қуанып кетті. Аттан түсіп үйге кіргенше сыртқа шыққан пенде болмады. Бекбай есіктен сәлем беріп кіріп келді.

_ Ассалаумағалайкүм!

_ Уағалайкүм уассалам! _ деп төрден қудай арық қара шал басын көтерді де күркілдеп булығы қатты жөтеліп жастығына қайта жантайды. Бекбай шалдың қасына таман келіп отырды. Шалдың дәл өзіне ұқсайтын ап-арық шүйкедей кемпір қазан жақта балшық мешке от жағып күйбендеп жүр.

Шал жөтелі басылып, тынысы сәл кеңейген соң, басын баяу көтеріп, Бекбайға тігіле қарады:

_ Балам, қайсы баласың? Мен тани алмай отырмын ба?

_ Сіз танымайсыз ғой. Төменгі Қанағат байдың жиені едім. Шұңқырдан іздеп келіп едім.

Ауылы жоқ екен.

_ Е, балам, оларды мынау гоманданды елсіз қалдырамыз деп, Өр Алтайдың партизандары өткен жылы көшіріп кетті ғой. Ұзынқұлақтан естуге қарағанда, сол ел қатты жұтаған сияқты. Бірнеше ауыл ақ қар, көк мұзда осында қайта көшіп келді, малдарының жартысынан айрылып қалыпты деп естідім, _ деді.

Мұнда кемпір-шалдан басқа ешкім көрінбейді. Шал ауру екенін Бекбай білді. Қара кемпір шәй қайнатып әкеліп құйды. Бекбайдың қарны қатты ашқан еді, құрт-ірімшік араласқан бидайды жей отырып бір шыны шәй ішкенде маңдайынан тер бұрқ ете түсті.

_ Нағашымның қыстауына кеше ақшамда келгемін. Онда ешкім жоқ болып шықты. Сол маңайда жөн сұрайтын ел жоқ екен, далаға түнеп шықтым, _ деді Бекбай.

_ Е, қарағым, далада түнегеніңді айтпасаңда біліп отырмын. Десе де мынау уақытсыз уақытта нағашыңды іздегенің қалай? _ деп шал шүңірейген көзін Бекбайға қадады. Бекбай дереу жал тапты.

_ Дұрыс айтасыз, мынадай уақытта кісі жолаушы жүреме, түрімнен де байқап отырған шығарсыз. Әке-шешем өлген жетім едім. Байдың жүйрік атының өліміне себепші болып, нағашымды паналағалы қашып келіп едім. Бұл ауыл жоқ болды, _ деді Бекбай жалғаннан мұңайынқы кескін байқатып.

_ Оларды Сартоғайға барыпты деп естігем, _ деп шал басын көтеріп дастарқанға жақындап отырды, _ сол өңірді қыстаған шығар, солай жағалап барсаң тауып аларсың. Ел іші ғой, біреу болмаса біреу біледі ғой.

Айтарға болмаса Бекбай аз болса да дерек ұққанына қуанып кетті. Жолды шалдан сұрап алғысы келді:

_ Сартоғай осы араға қанша күндік жер? _ деді.

_ Атың мықты болса үш-ақ күндік жер, мынау қара өзек көктем шағы ғой, асықпай аяндап отырсаң, үш қонып төртінші қоналқада Сартоғайдағы елдің шетіне ілініп кетесің.

_ Сонда осы Ертісті жағалап өрлей берсем болатын шығар.

_ Жоқ, балам, қазір мұз еріген жоқ, өткел бар ғой, осы тұстан өтіп ал да, Ертісті сағалап өрлей бер. Адыр арасында көне күре жол бар. Сол жолмен жүрсең ары барғанда, Беген шабылған қара сеңгір алдыңнан қаздыып көрінеді. Сол қара сеңгірдің оңтүстік бөктерімен аз жүрген соң, оңтүстік жағындағы ақдаланың жазығымен ойға қарай тартып отырсаң болғаны Сартоғайға жетіп барасың.

Таңертеңнен қалай жүрерін, Қанағат байдың ауылын қалай іздерін білмей дағдарып қалған Бекбай, енді көзі ашылып, өзінің жүрер жолын да межелеп үлгірді. Шәй ішіп, дән шайнап едәуір қаужанып қалды.

_ Үлкен кісі, сізге рақымет! _ деп Бекбай кетуге оңтайланып орнынан қозғалды.

_ Әй, кемпір, _ деп шал таяғымен оң жақ бұрыштағы қапты нұсқады, _ мына балаға ана жемнен екі ілетін салып бер, талқаның болса бір шыны бер. Басына жаман күн туған азамат екен.

Кемпірі шалының сөзін екі еткен жоқ. Қырық құрау ескі жемқалтаға жем салып Бекбайдың қолына ұстатты. Онан соң:

Талқан аз қалып еді, _ деп матаның бір шаршы қиығына орта шыны талқан түйіп берді. Қоштасып есікке бет алған Бекбайды шал қайта шақырды:

_ Әй, балам, бері бұрылшы.

Не айтарыңыз бар дегендей Бекбай сұраулы көзін шалға қадап қайта қайрылды.

_ Асықпа, балам, тізеңді бүгіп аз отыр.

_ Рақымет, үлкен кісі, _ деп Бекбай шалдың алдына бір тізерлеп келіп отырды.

_ Жалғыз жолға шығыпсың, балам, ел іші тыныш емес, мына Сарсүмбедегі үкімет Өр Алтайдың елі бұзылды деп қайта-қайта әскер аттандырып жатыр. Кім кезіксе де жөніңді айтпа, жоқ

қарап жүрмін десең болды. Қанағаттың ауылыныкімін, ауылым Сартоғайда десең болды ғой, шал жөтеліп алып қайта сөйледі, өзеннен арғы қабақта біздің ұл аз ғана ұсақты қайырып жүр. Күре жолдың зұрығын сол көрсетіп жіберсін. Жаныңда пышақ бірдеңе бар ма?

— Сізге мың рақымет, жақсылығыңызды ұмытпаспын, жанымда пышақ жоқ еді, деп Бекбай шалға жалтақтай қарап орнынан түрегелді.

— Жолың болсын, балам! Пышағың жоқ болса мына кездікті ал, деп шал қонышынан сары сапты кездікті алып Бекбайға ұстатты. Бекбай асығыс шығып атына мінген соң, өзенге қарай жөнелді.

Өзеннің арасындағы шилі дөңге шығып, Қанағаттың қыстауына көз салды. Мыжырайған екі тошала үйдің шалғайдан бұлдырап төбесі әрең көрінді. Көз алдына өзі Сарсүмбеге аттанарда Жайнаның есіктерінің алдына шығып, күлімсіреп қарап тұрғаны елестеді. Ел жоқ қаңырап тұрған қыстауды қимай едәуір уақыт қарап тұрлы. Кенет қыстауға екі атты адамның келгенін көрді. «Иен қыстауға келген кім» деп ойлады. Сол екен, жүрегі зу ете түсті. «Мені іздеп жүргендер болмасын» деді өзіне-өзі күбірлеп. Сөйтті де дөңнен желіп түсті. Өзеннің қой, сиыр шұбырып өтіп жүрген мұз өткелінен асығыс өте шығып, Ертістің оңтүстік жағындағы биік қабаққа шығатын тар жылғаны өрлей жөнелді. Қабаққа да шықты. Қабақ үсті мидай жазық екен. Бекбай қорқып кетті. Әлгі жырамен қайта шауып түсіп, өзен жағасындағы бадамша талдың арасымен желдіре жөнелді.

Осылайша Бекбай күн батын қас қарайғанша өзенді жағалап өрлеп отырды. Жол-жөнекей кезіккен қыстаудағы елдің біріне де бұрылған жоқ. «Менің атымды жалған айтып шығып кеткенімді біліп, соңыма қуғыншы түскен болса, бұл төңіректегі елдің бәріне ұқтырады ғой, бұл елден алыстап кеткенше ешкімге кезікпейін» деп ойлады. Түнімен шөпке тойып тұрған ат әзірше болдырар емес, қамшы салдырмай бұрқыратып тартып келеді. Әйтеуір елдің мал айдаған шуырынды ізі біріне-бірі жалғасып, көз байланып, ештеңе көрінбей қалғанға дейін адастырған жоқ. Қараңғы түскен соң, Ертістің оңтүстік қабағын жағалаған, сүрі қарды кесіп түскен болымсыз көне ізге түсіп алды. «Бұл Өр Алтайдан келген, немесе кеткен біреулердің ізі шығар, осы ізбен кете берейін» деп ойлады. Дегенмен Бекбайдың мөлшері теріс кетпеген екен. Түн ортасы болған мезетте, жол қиялап Ертістің оңтүстік жағындағы биік қабақтың үстіне шыға жөнелді. Қабақ үсті тақыр жазық сияқты сезілді. Жол анда-санла ғана болымсыз ағарлардан өткенімен, көбінде қары босай бастаған жазықта келеді. Бекбай көзіне ұйқы тығылғанша жүрді. Ат үстінде қалғып кеткен екен, шошып ояңған Бекбай, атының бір топ шиге жайылып тұра қалғанын білді. Қарды есіп жатқан жол да көрінбейді. Атынан түсіп, маңайын байқап еді, екі беті жусанды бір шилі қобыға келген екен. Атын шиге арқандап, астына ат көрпесін салып, бір топ үлкен шидің түбіне жата кетті.

Бекбай таң әбден ағарып атқанда ояңды. Екі аяғы қатты тоңып жатыр екен. Аты жайылып тұр. Орнынан тұрып айналасына көз салды. Ұсақ сары адырдың ішіне келген екен. «Әлгі шалдың айтқан сары адыры осы екен ғой» деп ойлады. Күндіз беті жібіп, түнгі қатқақта беті қабыршақтап қалған қарды күтірлете басып Қобының оңтүстік жағындағы дөңге шықты. Солтүстік жағында шығыстан батысқа қарай Алтай тауы мұнарлана көсіліп жатыр. Түндегі өзі келген жолдың қайда қалғанын білгісі келіп, қайта атының қасына келді. Атын ерттеп, шалдың үйі берген талқаннан бір-екі уысын қармен араластырып азырақ оразасын ашты. Сонсоң атына мініп, өзінің келген ізін іздеді. Аты үлкен күре жолдан тым көп бұрылмаған екен. Шилі жыраның ауызынан қырқып, шығысқа қарай жосылып жатқан көне жолға жетіп келді.

ӨР АЛТАЙҒА ЖОЛ

Бекбай күре жолға түсіп шығысқа қарай жол алды. Ұйқысы қанып едәуір сергіп қалыпты. Бұл жолмен түйенің де, аттың да, сиырдың да, ұсақ малдың да жүрген ізі анық көрініп жатыр. «Өр Алтайға баратын жол осы ғой» деп ойлады Бекбай. Сөйтті де тәуекелге басып, жүрісін тездете түсті. Кешегідей емес торы аттың арыны басылып, аяғы сәл ауырлаңқырап қалған екен. Еңістен желсе, өрден аяндап, күн түс ауғанша тоқтаусыз жүріп, кіші бесін шағында кішкене бастауға жетіп келді. Жақын маңда ел жоқ сияқты. Жақында қонып аттанған елдің от жаққан жұрты жатыр. Жұрттан күре жолға қарай жүрген көштің ізін шалып еді, Алтайға қарай кеткен көш екен. «Алдымнан осылар сияқты Алтайға көшкен ел кезіксе жақсы болар еді» деп ойлады. Атынан түсіп, бастаудың басына келді. Көшкен ел ұмытса керек, бастаудың көзінде қаңылтыр шөміш жатыр. Шөмішпен су алып беті-қолын жуды. От жағуға сіріңке не тас шақпақ жоқ, суық суға азырақ талқан араластырып жеді. Қанша дегенмен дән ғой, қарны ашып, бойы қалтырап тұр еді, азырақ бойына қуат біткендей болып, денесі жеңілдеп қалды. «Бұл да болса маған кезіккен олжа ғой» деп өзіне-өзі күңгірлей сөйлеп, қаңылтыр шөмішті қанжығасына мықтап байлап алды. Бастау басы тап-тақыр екен. Шөбі бар жерге барып, жайылтып атының белін көтертіп алғысы келді.

Құлазып жатқан жұртқа қарап сәл тұрған соң, Бекбай тағы жолына түсті. Атының кешегі терін құрғата алмай жүні бұйраланып тұрғанын көріп, атының әбден болдырғанын білді.

Мұнан кейінгі жолда атын қинамай жай аяңмен ғана жылжып отырды. Сиырдың бүйрегі сияқты бұйраланған жалпақ сары адыр таусылар емес. Күн бесінге таяғанда төңіректі түгел мұнар басып, алысты тұмшалап көрсетпей тастады. Солтүстік жағынан көгілдірленіп көсіліп жатқан Алтай тауы да көрінбей қалды.

Күн райы бұлыңғыр тартып, батыс жақтан ызыңдаған суық жел пайда болды. Жел арт жағынан соққандықтан Бекбай алғашында онша сәп салмаған еді, күн кешкіре үдей түсті. Оның үстіне ыңғай балық жон быдырмақ жатаған адырда ат пен адамға пана боларлық жартас немесе жыра да кезігер түрі жоқ. Күн батуға айналған сайын Бекбайдың көңіліне бір түрлі қорқыныш ұялай бастады. Бұрынғыдан бетер жан-жағына қайта-қайта қарағыштап, аты мен өзіне пана боларлық ықтасын іздеп жапақтап келеді.

Шалқая көсіліп жатқан жәйбір белден асып алдындағы ойға еңкейген Бекбай, солтүстік жағындағы аласа төбеден біреудің сайға қарай жүгіріп кеткен қылпын байқап қалды. Атының басын тартып солай көз салып біраз тұрды. Аты да елең етіп сол жаққа құлағын тікті. Қайта бұрылып арт жағындағы биіктеу жерге шықты. Ештеңе көрінбейді. Манадан бергі селдір тұман қоюлап, терісінен соққан суық боран үдей түсті. Адамның, малдың қарасы көріне ме деп Бекбай сол дөңде әлгіндегі адам бараны көрінген ағарға көз тастап едәуір уақыт тұрды. Суықтан аты ширғып, өзі де қалтырай бастаған соң, аяндап ағарға қарай құлдады. Екі көзі алдыңғы жағында. «Жау болса да, дос болса да барайын» деген ойға келді. Күн батып барады. Боран соғып, күн бұзылып келеді. Бір панасын таппаса үсініп өлері хақ. Басына қатер төнгенін сезіп қорқа бастады, айналасына көз тастап ағарда аз тұрып еді, атының төрт аяғы жерге келіп бүрісіп қалшылдап кетті. Нар тәуекел деп әлгінде адам қылпы көрініп қалған төбешіктің етегін жағалап ағарды құлдады. Тұман одан ары қоюлап күн жаууға айналды. Ағардың аяғы құлдап келе тар шилі қысаңға айналады екен. Қысаңға таяған шилі дөңкілдің ар жағынан Бекбайдың көзіне тұман арасынан болымсыз көкшулан түтін көтерілгендей болды. Атын тебініп шилі дөңге шыға келді. Шидің етегінде басын бұған екі үй тұр. Бекбай қуанып кетті. Екі үйдің ортасында жатқан жүз шамалы аз ғана қойдың шығыс жағымен айналып, шығыс жағындағы үйге таман келіп атынан түсті. Бекбай атын байлағанша үйден екі жас жігіт шықты, атын шылбырынан шиге бұрап байлап басын көтерген Бекбайға екі жігіт қатар сәлем берді.

_ Ассалаумағалайкүм!

_ Уағалайкүм уассалам!

_ Уағалайкүм уассалам! _ деп Бекбай жігіттерге қарай жүрді.

Ұйбайу, мына кісі Бекбай мұғалім ғой, деп екі жігіттің бірі Бекбайдың бетіне таң қала қарады . Бірақ Бекбай екі жігіттің кім екенін тани алмады . Олардың бастауында үйге кірді . Міне ғажап , үш жылдың алдында өзін Қанағат байға мұғалімдікке сұрап келген Әшім кәрия үлкен сеңсең ішігін баса киіп төр алдында отыр . Бекбай :

Ассалаумағалайкүм! деп сәлем беріп, кәрияның оң жақ қатарына келіп отырды. Бекбай танығанымен, Әшім кәрия Бекбайды тани алмады . Қорыққан адам сияқты қайта-қайта жапақтап қарағыштай берді. Бекбай танитын ауылға кез болғанына қатты қуанды. Әлгіндегі түнге қалсам үсіп өлемін бе деп қайтерін білмей дағарған үрей лезде көңілінен ғайып болды. Өз үйіне келгендей тынысы кеңіп , бойы жадырап сала берді. Бекбай қатты тоңған еді, алдына қарай жылжып, екі алақанын отқа қақтады. Аттан түскенде Бекбайды таныған он бес жастардағы бала жігіт :

Әке, мына кісіні таныдыңыз ба? деді күлімсіреп.

Баласының жүзіне таңдана қараған Әшім:

Жоқ, деген Бекбай .

_ Жер ерімей тұрғанда жолымды мандытып алайын,_ деп Бекбай шәйға қарамай тысқа шықты . Ақ тонды жігіт есік алдында тұр екен.

_ Неге танымайсыз, әлгі Қанағат байдың балаларын оқытып жүрген Бекбай деген мұғалім емес пе?!

Әшім Бекбайдың жүзіне қадала қарады:

Ойбай-ау, сені ауылың жоғалып кетті дегендері қайда, Әшім ауызын сылып еткізіп алып, Бекбайға бүтін денесімен бұрылды,_ сонда сен қайда кетіп, қайдан келесің?

Расында мен жоғалып кеткелі үш жыл болды. Жоғалғанымды айтсам ол өзі бір хикая, деді Бекбай күліп.

_ Мына бала өңіне қарағанда қатты қалжырап, арып-ашып келген екен, алдымен ауызын жылытып шәй ішіп алсын,_ деп Әшімнің әйелі дастарқан жайып шәй құйды .

Дастарқан тым толы болмаса да, ірімшік, құрт бар екен. Әшім Бекбайдың шынысына ұсақ ірімшіктен бір

Шеңгел салып:

_ Тартынбай іш, өңің өте жүдең екен, қиналып қалған сияқтысың ғой,_ деді.

Қызыл ірімшіктің нілі сіңген ыстық қара шәй Бекбайды сорпа ішіп, ет жегендей-ақ жадыратып жіберді. Бір жарым күнде әрең кеңірдегінен бір уыс талқан ғана өткен Бекбайды аштық пен суық әбден меңдеткен еді. Бір шәугім қара шәйды сарқып барып бір-ақ тоқтады. Соңғы шыны шәйді сарқып ішіп, шынының бетін қолымен жауып артына шегінген Бекбайға Әшім тағы қадала қарады :

_ Сені Қанағат пен балалары екі жыл іздеді . Әуел десең, анау Қыран өзенін бит қарағандай-ақ тінтті . Сені іздеп Қанекен біздің ауылға да бірнеше дүркін келді,_ деп Бекбайға сұраулы көзбен қарады .

«Қанағат байдың ауылын қайтсе де осы кісі біледі ғой» деп ойлаған Бекбай :

_ Сонда біздің ауылдың қайда кеткенін білесіздер ме?_ деп Әшімге қарады.

_ Ауылың өткен күзде Бұлғынның ауызында отырған , сол маңды қыстаған шығар,_ деді Әшім .

Бекбай қуанып кетті. «Қайтсем де жетемін ғой» деп ойлады. Көз алдына Жайнаның әдемі сұлу кескіні елестеді.

_ Біздің ауыл түгел аман ба екен?_ деді Бекбай.

_ Аман, қарағым, аман, күзде Қанекен үйінен бір шәй ішіп аттанып кеткем .

_ Олар отырған жерге қанша күнде жетемін.

_Онша ұзақ емес, _Әшім Бекбайға жақындаңқырап отырып сөйледі,_ десе де мынау «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін» шағы ғой, атыңды қинамай жүрсең екі жарым күнде барып қоярсың , тез жүрсең бүрсікүні ілінесің .

Екі жарым күн деген сөз Бекбайдың жүрегін зырқ еткізді.

Ойпыр-ай, әлі алыс екен ғой, деді Бекбай мұңайыңқы кескінмен .

_ Е, Бекбай балам,_ деді Әшім көзін бір ашып , бір жұмып,_ біз де жырғап келе жатқамыз жоқ. Ондағы елдің малы бір-ақ жұтап қалды. Мен әйтеуі бір адыр ішін қыстап ем, ұсақ малымыздың жұрнағы қалды . Жылқыны түгел ұрыға бердік.

_ Өр Алтайға неге көштіңіздер?

_Ойбой, қарағым, мен қайдан білейін, төменгі жақтан жаудың әскері келе жатыр екен, бекер қырылғанша Өр Алтайға көшеміз деп елбасы адамдар көшкен соң, жұртта қалатын емес, соңынан кеттік емес пе, «есің барда елің тап» деп жыла қонақтап жаяу-жалпылы жылжып келеміз. Соза көшкенге мал арық. Әйтеуір ұсақ малдың жайыла-жайыла жеткен жеріне түнеп, шөптесіндеу жерге бірер күндей ерулейміз. Ертістің мұзы ерімей өтіп кетсек жеткен деген сол ғой, осы аз ғана малдың жұрнағы қалғанына да шүкіршілік. Қарлы боран болмаса, аман-есен жетерміз .

Әшімнің әйелі қазанға ірі қараның жалғыз тал жуан жілігін салып қойды. Қазан астындағы от күшейіп, үй іші сәл жылынын көңілділік орнай бастады. «Біздің ауылдың малы да жұтаған шығар, адамдары аман болса болды ғой » деп ойлады Бекбай. Тағы көз алдына Жайна елестеді. Дәл осы шақ ауылын, Жайнаны аңсаған сағыныш жүрегіне ағып кірген ғажайып бір жылы ағыс сияқты көкірегінің ішін қыздырып жібергендей болды. Қазан астындағы оттың кер қызыл жалынына қадала қарап үнсіз отырып қалды.

Тыныштықты тағы Әшім бұзды:

_ Иә, Бекбай бала, сені рулы ел болып екі жыл іздеп таба алмаған еді , сонда сен қайда кеттің?

Бекбай артына қарай жамбасымен сырғып отырған соң, кең тыныс алып сөзін бастады:

_ Мен жоғалатын күні Қанекең астыма ат беріп, Сарсүмбедегі Қасым деген ұйғыр тамырына барып , тапсырған нәрселерін әкелуге аттандырған. Мен қалаға барып Қасымдыкіне қонып ертеңі қайта қайтқанда, төрт әскер қаладан шыға бергенде қоршап ұстап алды да, апарып абақтыға қамап тастады. Қанағат деген байдың баласымын , мені қоя беріңдер деп зарладым. Ешкім сөзімді тындамалы, үш жылды өткіздім. Жақынла бір ораты болып шығып кеттім. Олар қоя берген жоқ, әйтеуі ебі келді. Тартып отырып ауылдың қыстауына келсем қаңырап бос тұр . Өзенді өрлесем , сіздің тошаладан түтін шығып жатыр екен . Келсем арық көксау қара шал мен қара кемпір бар екен. Сол үйден лән татып жанымды шақырдым,_ деп Бекбай түрмеге түскенін, жақында түрмеден шыққанын қысқаша баяндады .

_ Сені ұстап кетті деп кім ойлайды. Ыңғай даладан іздеді,_ деді Әшім,_ біздің қыстаудағы ол әлгі молла ғой , демікпе ауру адам болатын , ел көшкенде , көше алмаймын, көше алмайтыным атқа жүре алмаймын деп қалып қалған. Алдымызда үй бар бслғаны тағы жақсы болды .

Қазандағы жалғыз сүйек қайнап пысқанша Бекбай Әшіммен кеңесіп, едәуір нәрселерді білді.

Алыстан арып-ашып, көшіп келе жатқанымен Әшімнің үйінде киім-кешек мол екен. Әшім Бекбайдың атын жемін жеген соң жабулатып төменгі жылы түкпірге арқандатып тастады.

Ұзақ жол жүріп шаршағандыкі ме, жоқ тоңып келіп жылына қалғандыкі ме, әйтеуір Бекбай басы жастыққа тиісімен ұйқыға кетті.

Бекбай таңертең жай оянды. Сырттағы адамдардың дабырынан басын көтерді. Әшімнің әйелі мосыға шәугім асып, шәй қайнатып жатыр екен. Бекбай өзінен басқалардың бәрінің тұрып кеткенін байқап орнынан тұрды. Іңірдегі аңыраған желдің дауысы басылып қалыпты . Киімін киіп тысқа шықты. Кешегі тұман айығып, аспан ала бұлттап ғана қалған екен. «Мыналарға да, маған да күннің ашық болғаны жақсы болды ғой» деп ойлады .

Бекбай атын әкеліп ерттеп үйге кіргенде, шәй да дайын болған еді, Бекбай бетін жуып төрге шыққанша Әшімнің көзінің өзіне бөлекше қадалғанын сезді. Ал Әшім үш жыл жоғалып аяқ астынан, әсіресе, мынау Өр Алтайдың жолынан шайтандай пайда болған Бекбайға түнімен күдікті көзбен қарады. «Осы пәлекет ел ішінде жүрген тәйни болмасын» деп ойлады. Оның үстіне Бекбайдың астындағы жұлынып тұрған семіз торы ат та Әшімнің күдігін асқындырып жіберді .

_ Қарағым Бекбай, _ деді Әшім алдына сырғып, _ мен саған сенбей отырғам жоқ, десе де, сен маған өліп қалған адамның тіріліп жетіп келгені сияқты сырлы болып отырсың.

Әшімнің өзіне құманды көзбен қарағанын Бекбай енді анық білді . «Әлгі Қанағаттың қыстауына келген адамдардың ауру шалдың үйіне келетіні анық , менің түрмеден шыққанымды, қалай шыққанымды сол шалдың үйінен білер» деп ойлады .

_ Расында, менің түрмеге түсуім, одан шығуым үлкен хикая, оны өз қыстауларыңызға жеткенде ұғасыздар. Тіпті менің ізіме түскедер сіздерден сұрауы да мүмкін , көрмедік десеңіздер болды ғой , _ деді Бекбай .

_ О, Бекбай, сен құйрығыңды шұалтып келе жатқан қу екенсің ғой, білдім, білдім, енді шәйінді тез іш те жолыңа түс, әлі үкімет қармағындағы өңірден шыққан жоқсың, қуғыншы қосар атпен қуса қазір-ақ жетіп келеді, _ Әшім шынысын қолына ала отырып сөйледі, алдындағы қара Тұңкеде үкімет әскері бар деуші еді, қазір бар-жоғын білмедік, біз бері қарай түнделетіп өттік. Сен сияқты жалғыз жүргіншіні көрсе ұстап алады. Сен қара Тұңкеге соқпай Ақ даламен кет. Шәйдан соң жол көрсетіп жіберейін, айтпақшы, жарым-жалғыз жүрсін, ыдыс, шәугім бірдеңе бар ма?

Бекбай үнсіз басын шайқады. «Ыдыс есіме келмепті ғой» деп ойлады.

_ Кемпір, әлгі кішкене шәугімді Бекбайға бер, ауылына жеткенше әлі бірнеше күн жүреді, _ деді Әшім.

Бекбайдың жүрегіне қорқыныш ұялай бастады. Шәйді Бекбай да, Әшім де тез ішті. Шәйдан соң Әшім балаларына малды өргізіп , үйлерді жыға беріндер деп тапсырып , өзі Бекбайды жолға салғалы тысқа шықты. Әшімнің әйелі киіз қалтаға салынған шәугімді әкеліп Бекбайға беріп :

_ Басқа ыңғайлы ыдыс жоқ, сәл кішілеу болды, _ деді.

_ Рақымет сізге, _ деп Бекбай шәугімді алып қанжығасына байлап алды.

Әшім Бекбайды ертіп, күре жолдың оңтүстігіндегі биік сары доңғылыға шықты. Бұл шақта кешеден жалғасқан қара бұлт ыдырап, ұзыннан-ұзақ көсіліп жатқан Алтай тауы анық көріне бастаған. Бекбай атынан түсіп Әшім көтсеткен жаққа көз сала қарап біраз тұрды. Әшім тобылғыға саптаған қамшысымен нұсқап :

_ Әнеу қара шоқыны көрдің бе? _ деп шығыс жақты көрсетті, _ сол көрінген қара шоқы Беген шабылған Қарасеңгір деп аталады. Дәл соның бергі жақ түбі Қаратұңке, өткен жылы сол жерде Гоминданның әскері бар деп әрең өткеміз . Қазір бар-жоғын білмеймін, сонда да сен оңтүстік шығысты бетке алып жүр. Күн батпай Ақдалаға ілініп кетесің , күн батқанша жүріп отырсаң Сартоғайдың аңғары да байқалар, ертең өзенге түсіп ап өрлесен, ел ішімен жүресің . Ұқтың ба?

_ Ұқтым , _ деді Бекбай басын изеп.

_ Ұқсаң бүгін күн батқанша жүріп, атыңды қинамай жеткен жеріңе жат. Ертең түске дейін Сартоғайдың өзен бойына ілінесің. Ел жұтап ашығып отыр деп естимін. Елге қонба, біреу-міреу атыңды сойып тастамасын. Біреуден шәй-шалаң ішкен соң қайта бергі қырға шығып өзенді өрлей берсең болды. Жете алмасаң далаға қон.

Бекбай Әшімге қол беріп қоштасты.

_ Рақымет Әшеке, маған істеген жақсылығыңыз менен қайтпаса құдайдай қайтар! _ деді әсерленіп.

_ Қанағат байға сәлем айт, _ деп Әшім ауылына қарай жөнелді. Бекбай Әшім ұзап кеткенше соңынан қарап тұрды. «Өзі момын адам болғанда сергек екен ғой» деп ойлады. Сөйтті де Әшім

көрсеткен бағытты бойлап тартып берді. Аты да, өзі де дем алып, азықтанып едәуір ширап қалған екен. Адырдың қары алабажақ болғанымен, жазық жерлердің қары әлі эппақ жұмыртқадай болып жылмиып жатыр. Анда-санда ғана көлденең өткен аттың немесе түйенің ізі кезігіп қалады. Қар қымтаған жатаған сары адырда қыбыр еткен тіршілік байқалмайды. Бекбайдың екі көзі алыста. Жау әскерлерінің шолғыншылары кезігіп қала ма деп көңілі қатты аландаулы. Күн түске таяғанда солтүстіктен оңтүстікке қарай көсіліп жатқан үлкен жайбір белге шықты. Ат басын тартып алдыңғы жағындағы миқы сары адырға дейінгі көсіліп жатқан қарлы жазыққа көз салды. Қыбыр еткен жан жоқ. Күннің нұрына жіпсіген қар беті күмістей жарқырап, көзін шақты. Жел үрдеп қарайып қалған қырдандардан тарбиған аласа жусандардың исі бұрқырап аз да болса көктем лебін байқатады. Сары жазықтың қары едәуір қалың екен, торы ат алғашында астынан босай бастаған сүрі қарды күртілдете басып, тебінмен көсіле аяндап еді, жазықтың арғы шығыс жиегіне таяғанда қолтықтары мен екі құлағының түбі терлеп, аяғы ауырлап, жүрісі сәл босаңсығандай болды.

Бекбай баяу аяндап адырдың жиегіне келді. Бұл арада тау жақтан анау ойда мұнартып жатқан Үліңгір өзеніне қарай шұбырған жол бар екен. Тіпті күні кеше ғана жүрген жүргіншілердің аты мен түйелерінің ізі ап-анық көрініп жатыр. Бекбай жол бойына аялдаудан қорықты. Жолдан өте шығып адыр арасына кірді. Аласа екікезеңнен асқан соң, шилі қобыға келіп түсті. Қобының шығыс жағындағы төбешікке шығып төңірегіне әбден көз салған соң, шидің шетіндегі тақыр төмпекке келіп атынан түсті. Ши жиегінің дөңкілдеу жерлеріндегі ақ шөбі мен жусаны едәуір жақсы екен. Атының ауыздығын алып қойды да, беттегі төмпекке бірдем жамбастап жатты. «Кешке осындай жер кезіксе атымды арқандап қойып, ішігіме оранып жата кетермін» деп ойлады. Торы аттың ақ шөпті қармен қосып обырлана жеген қимылына сүйсіне қарап басын қайта көтерді. Айнала тым-тырыс. Анда-санда қар астынан жылтың етіп шыға келген сары шұнақ тышқандар қар үстіне шоқшия қалып, айналасына сақсына қарайды да, лып етіп індеріне кіріп кетеді. Қыс бойы қыбырсыз меңіреу жатқан мынау шилі жыраға торы аттың аяқ дыбыры мен ноктасының шылдырмағының сылдыры тірлік хабарын әкелген сияқты. Мынау бірінен соң бірі қар астындағы індерінен шығып жылтыңдаған сары шұнақ тышқандардың қимылы бейне өзін мазақтаған сияқты сезілді Бекбайға. Олар бірінен соң бірі жер бетіне шығып, «біздің шұрайлы тыныш мекенімізге сен қайдан қаңғып келдің? «Мынау тәңір бізге ұсынған, біздің тіршілігімізге тірек болған жан ұямыз. Өсіп, өркендеп жатқан құт мекеніміз» деп тұрған сияқты. Мұнда пайда болған сылдырлаған жат дауыс олардың үрейін ұшырып, сақтығын арттыра түссе керек.

Бекбай екі жеңін құшынып, өзінен алыстай жайылған атының қимылына қарай отырып ойға батты. «Ей, Алла, мынау жер шары сынды жұмыр ғаламда тірлік атаулының бәрінің тағдыры, бәрінің тірлік қимылы ұқсас қой, жан барлық тірлік иесі үшін қымбат, барлығы жан үшін күреседі. Мынау тышқан екеш тышқандар да жан үшін, ұрпағы үшін шиқылдап жүріп, жарық дүниенің жапасын шегеді. Кейбірі әлде қандай жыртқыштардың жеміне айналады» деді күбірлеп. Дәл осы кезде көз алдына Жайнаның сұлу кескіні елестеді. Жасыл тысты пұшпақ тымағының астынан сарғыш кекілі көрініп, жымыып күліп тұрған сияқты, Бекбай Жайнаның кескінін көз алдынан кетіргісі келмеді. Көзін жұмып едәуір отырды. Жайна мойнын сәл оң жағына қисайтып қиыла қарайтын әдетімен алыстан қарап тұрғандай көрінеді. Қанша ынтықса да Жайнаның сұлу жүзі айқын көрінбеді. Біресе әлде бір жаққа қарап қырындап тұрғандай көрінсе, енді бірде кекілі желбіреп жүгіріп келе жатқан сияқты елестеді. «Жайна, сүйікті Жайна, өзіңді сағындым, білдің бе, мен сені іздеп келе жатырмын» деп дауыстай сөйледі. Осы сөзді айтты, Бекбайдың көзінен жас төгілді. «Жоқ, бүйтіп егілмеуім керек, мен мұндай бордай үгілетін ынжық емеспін» дегенде, Бекбайдың дауысы саңқ етіп қатты шықты. Анадайда жайылып тұрған торы ат басын көтеріп Бекбайға қарады. Торы аттың алыстамай өзін айнала жайылғанын Бекбай енді байқады. Торы атқа сүйіне қарады. Дәл осы шақ бетегелі дөң Бекбайдың жамбасына мамық көрпе сияқты әрі жұмсақ әрі жылы болып сезілді, ақ шөп пен бұйра

жусанның жұпар исін иіскеп жата бергісі келді . Өзінің үш жылдан бері абақтыда жатып мынау кең даланың жұпар исін сағынып қалғанын енді сезді . Бекбай иен даланың өзіне бір түрлі тәтті ләззат бағыштап , жанын желпіндіріп бара жатқанына қайран қалды . Ол осылайша әр түрлі ойлардың жетегімен түс ауғанша атын дем алдырып , оттатып алды. Қалтасындағы аз ғана талқаннан қармен дымдап азырақ жеді . Қарны қанша ашса да шыдауға бекіді. Орнынан тұрып атының қасына келді. Бағанадан байқамапты . Атының тұсауы шешіліп бос жүр екен . Қаша жөнелмесін деген сақтықпен ақырын еңкейіп , шолақ шылбырдың ұшынан еппен ұстады . Бекбайдыкі тым артық сақтық екен , торы ат тұрған орнынан қозғалған жоқ. Ауыздығын салып атына мінген соң , шығыс оңтүстікті бетке алып тағы жөнелді. Бағанағыдай емес, торы ат едәуір тыңайып, аяғы жеңілдеп қалыпты. Сар желдіріп отырып сары жазыққа шықты . Жүрген сайын жер еңіс тартып , қары бағанағыдай емес , жұқара бастағанын , жүрген сайын жел үрдеген қара қырандардың қары еріп , жазықтың қары босай бастағанын Бекбай анық білді .

Бекбай торы аттың басын еркін қоя беріп, сары даланың ортасында соза аяндап тартып келеді . Жүрген сайын қарлы дала разинкеше созылып көсіле түсті . Дәл осы кезде Бекбайдың көңілінде Жайнаны көруден басқа ешқандай арман жоқ . Көзін жұмса да , ашса да Жайнаның сұлу елесі көз алдынан бір кетпеді. Ол абақтыда жатқан үш жылды көз алдына елестеген Жайнаның елесін жанына алғау қылып өткізді . Енді міне сол Жайнаның елесін қуып , күнді түнге жалғап келеді .

Адам баласы ең әуелі көңілге сүйеніп жасайды . Ғылыми тілмен айтқанда , рухқа сүйеніп жасайды . Күлкі мен жылау адам өмірінің екі түрлі гүлі сияқты . Тамаша пәк махаббат адам рухының күдіретті әрі мызғымас тірегі . Сондықтан кіршіксіз пәк махаббат шынайы өмірде сирек кезігеді . Махаббат дегеніміз көңіл , көңіл дегеніміз рух .

Қазір Бекбай өзінің қандай жетекке еріп келе жатқанын мүмкін сезбеген де шығар . Ол осы арманның жетегінде қилы-қилы қияндарды кешіп , ажал жиегін жағалар, бірақ мұның бәрі Бекбай үшін бақыт болып сезілетіні хақ .

2

Бекбай күн бесігіне таяғанда , селдір-селдір сары адырдан шығып , құс қанаты талатын бұдырсыз қарлы жазыққа шықты. Жазықтың қары жұқалау болғанымен біркелкі екен . Жүрген сайын жазықты шимайлаған ірі қара малдың, ұсақ малдың іздері жиі-жиі кездесе бастады, «өзендегі қыстаған елдің ұсақ малының өрістеп жеткен жері осы ғой» деп ойлады. Күн батарға жақындағанда тік оңтүстік жағынан, шалғайырақтан мұнартып өзен аңғары сияқты қаранор ой байқалды. Күн батуға айналды. Бекбай ат пен өзіне пана боларлық ықтасын жер шолып, екі жағына кезек қараумен келеді. Аздан соң қамшылар жағынан түйенің жапырақ өркешіне ұқсап екі аласа төбешік көрінді. «Соның маңайынан ат арқандайтын жер табылар» деп ойлап, ат басын солай бұрды . Күн енді ғана батқан еді, Бекбай аяндап келіп төбешікке шықты. Төбешіктің айналасы ешқандай ықтасыны жоқ жадағай әрі тап-тақыр екен . Алдыңғы жаққа көз салып біраз тұрды. Шығыс жағынан сызықталып болымсыз қабақсоқты көрінді. Батқан күннің алакеуім жарығында анық көрінгенімен недәуір жер секілді байқалды. «Не де болса соған жетейін, тоңып бара жатсам атымды жетелеп жаяу жүріп ел шетіне ілінермін» деп ойлады. Төбешіктен түсіп солай тартты. Көз байланып қараңғы түскенше қабаққа жетуге асығып қаттырақ жүрді. Бекбай қанша қатты жүргенімен көрінген қабақ оңайға жеткізбеді. Ел орынға отырған уақыт мөлшерінде кішкене ағарға келіп түсті, жазықта көрінген қабақ осы ағардың шығыс жақ қабағы екенін білді. Ағардың шығыс жақ қабағының қары жұқа әрі азырақ жусаны бар екен. Атынан түсіп, тізесін жазып арлы-берлі жүрді. Анау оңтүстіктегі өзен аңғары жақтан баяу есіп суық жел соғып тұр .

Атын тұсап қойып, шығыс жақтағы қабаққа шығып біраз отырды. Жемқалтада азырақ жемі бары есіне түсті. «Атқа жем іліп қойып, бірдем көз шырынын алайын, тоңсам оянып кетермін» деп ойлап орнынан тұрды. Торы ат та оқыранды, жануар Бекбайдан жем дәметсе керек.

Бекбай атына жемқалтаның түбінде қалған жемді қармен дымдап жіберіп шылбырын білегіне мықтап орап, ерінің көрпесін астына салып жантайды. Алғашында көз алдына ауылы, әсіресе Жайна елестеп ұйықтай алмай жатыр еді. Аздан соң қорылдап ұйқыға кетті. Қанша уақыт ұйықтағаны белгісіз, бір уақытта түсінен шошып оянды. Өне бойы мұздап, екі аяғы ағаш боп тоңып жатыр екен. Қатты қалшылдап басын әрең көтерді. Орнынан сенделектеп жүріп эзер тұрды. Торы ат ана жемін тауысып аязда тықыршып әрең тұр екен. Бекбай орнынан тұрысымен оқыранып, Бекбайға қарай жылжыды. Бекбайдың атқа қарарлықтай халы қалмаған еді. Екі аяғын тепкіленіп, қолдарын ысқыланып аз қимыл жасаған соң, атының тұсауын шешіп, жемқалтасын қанжығасына байлап, атын жетелеп осы ағардың шығыс қабағындағы қара қырдаңмен құлдады. «Ой, Алла, тағы Берікбол ағам, енді біраз ұйықтасам өледі екем» деп өзіне өзі күбірледі. Әлгіндегі көрген үрейлі түсі көз алдына елестеді. Баяғы оқушы кезі секілді. Бірнеше оқушы үюлі жатқан тастардың үстіне шыққан сияқты. Бұл тастар тас емес, мұзға айналып, аяғын, қолын қарып тоңдыра бастады. Дәл осы шақ қолына ұзын бишік ұстаған, қабағы қатулы Берікбол ағасы жетіп келді, Бекбайды бишікпен тартып-тартып жіберді. Аяқ-қолын бишік осқан Бекбай «баж» етіп шошып оянған еді. Енді біраз ояна алмай ұйықтап қалса, Бекбай мәңгі орнынан тұра алмай қалуы да мүмкін екен. Көңіліне осы қорқыныш келгенде, Бекбайдың жүрегі сәл қобалжығандай болды. «Иә, Алла, мені марқұм Берікбол ағамның әруағы әлі қорғап еріп келе жатыр екен ғой» деп ойлады. Бойын тезірек жылытып алғысы келіп, аяғын жіті басып тез жүрді. Жүріп едәуір құлдағанда, екі аяғы азырақ жылынғандай болды. Бірақ екі қолы көпке дейін жылынбай, саусақтарының ұшы дызылдап келе жатты. Марқұм ағасы Берікбол Бекбайдың қолы тоңып тызылдап кеткенде:

— Басыңды тырнасаң дереу басылады, — дейтін. Сол есіне түскен Бекбай, атының шылбырын білегіне орап жіберіп, екі қолының саусақтарымен басын тырналады. Дегенмен Бекбайдың мына әдісінің де едәуір өнімі болды. Екі қолының саусақ ұштарының тызылдауы басыла бастады. Берікбол ағасының сұп-суық кескінмен келіп, бишікпен аямай осып-осып жібергендегі сұрлы кескіні әлі көз алдында тұр. Бисмилладан басқа бір ауыз аят білмейтін Бекбай, ішінен Аллаға сиынып, ағасы Берікболға иман тілеп, аз тұрған соң тағы жүрді.

Бекбай атын жетелеп жүрген сайын денесі қаңбақтай жеңіл болып, үп еткен желге ұшып кететін сияқты сезілді. Сәл баяуласа болғаны сыртқы денесі емес, кеудесінің іші қалтырап, суық жел көкірек қуысынан соғып тұрғандай білінеді. Аяғын бұта қағып бірнеше дүркін жығылды. Бағанағы ұйықтап оянғандағыдай емес, Бекбайдың көзі төңірегіне үйірлесіп, ұра-жыра, алдындағы теріскен сияқты аяқ қағатын нәрселерді анық көретін болды. Үстіндегі ескі қара сеңсең ішік Сарсүмбеде алғаш кигенде, екі иығынан басып ауыр сияқты сезілген еді, сол ауыр ішік бүгін жұқа шапаннан да жеңіл болып кеткендей білініп, барған сайын үстіне пана болмай барады. Қаңырап жатқан иен қарлы далада не бір аң, болмағанда шикылдап ұшқан құс атаулы көрінбейді. «Мүмкін, түнде бәрі ұяларында түнеп қалған шығар» деп ойлады Бекбай. Жүре келе Бекбай ұсақ малдың шұбырған шуырынды ізімен жүрді. Осы іздің қайтсе де бір ауылға апаратыны оған айдай анық еді. Кенет аты шылбырды тартып қалып, Бекбайды шалқасынан түсірді. «Ат бірдеңен үрікті ғой» деп ойлаған еді, ат ештеңеден үрікпеген екен. Бекбай шынтағымен жер тіреп басын зорға көтерді. Жүгеннің жақтауына іле салған тізгін салақтап кетіпті де, ат алдыңғы аяғын сол тізгінге өткізіп алған екен. Бір қолымен жер тіреп, енді бір қолымен аттың шылбырына сүйеніп, орнынан тұрмақшы болып еді, тұар алмады. Бекбай өзінің халінің азайып, дымының құрып кеткенін енді сезді. Құлағына ағасы Берікболдың: «Сен тірі қал, әйтпесе тұқымымыз бір-ақ құриды» деп сұрлана ақырған ашты дауысы естілгендей болды. Демін алып аз отырды. «Мен ата-бабамның атын өшірмеу үшін өлмеуім керек»

деп күбірледі. Көз алдына Жайнаның күлімсіреген тәтті кескіні елестеді. «Бекбай сені тосып күнде шәй қайнатып қойып, таң атқанша көз ілмей отырамын, сен қайдасың, тез келсеңші» деп айғайлап тұрғандай. Қардан шығып тұрған жусан түбіріне оң шынтағын тіреп әуелі тізерлеп алды, онан соң екі қолымен жер тіреп орнынан тұрды. Бекбай қуанып кетті. Қалтасынан қара шал берген кездігін алып, тізгінді қиып, аттың аяғынан шығарып, жүгеннің жақтауына қайта орады.

Бекбай шуырынды ізбен тағы жүрді. Бағанағыдай емес, екі тізесі бүгіліп кететін сияқты болып, бағанағы қаңбақтай денесі енді ауырлай бастағанын сезді. Осылайша сенделектеп қанша жүргені белгісіз, бір уақытта алдындағы ойдан шулап үрген иттердің дауысы естілді. Аттың шоқтығына сүйеніп аз демін алып, айналасына көз салды. Шығыстан ағарып таң белгісі көріне бастаған екен, «па, шіркін! Ел шетіне келдім ғой» деді Бекбай. Ол алдыңғы жағының жайбір қабақ екенін енді байқады. Шуырынды жол қабырғалап кетіп жатыр. Өзен жағасының қалың қаранот теректері қараңғылық ішінен түнеріп көрініп тұр. Жаттық жазықтан ептеп жығылмай-сүрінбей елге ілінгеніне іштей қуанды.

Бекбай бар қайратын бойына жиып, қабырға жолмен еңкейді. «Еңістен тез түсіп кетемін ғой» деп ойлаған еді, бірақ олай болмады. Еңістен түсу Бекбайға жазықта жүргеннен қиын болды. Екі-үш аттап еңкейіп еді, қайта-қайта сол тізесі бүгіліп, екі қолтығы дірілдеп жығылып кете жаздады. Оң жағынан ентелеп келген атының жалынан ұстап біраз тұрды. Екі көзі өзен жақта. Осы қабырға жолдың қалың терекке ілінген жеріндегі болымсыз дөңнің ар жағынан бұрқ етіп түтін көтерілді. «Ел тұра бастады» деп ойлады Бекбай. Ол енді ердің пыстанындағы басытқыдан оң қолымен мықтап ұстап, аттың сулығын босатып еді, аты қабырға жолмен жүре жөнелді. Мынау жақсы ақыл болды. Бекбай аттың еріне жабысып ар жағынан түтін шығып жатқан дөңнің қасына таяды. Бекбайдың екі аяғы енді тіреуге кемеі қалды. Азырақ тыныстап алғысы келіп, сол қолындағы аттың тізгінін тартты. Ат Бекбайдың халы кеткен қолының тартқанына тоқтамады. Бекбайды сүйреп дөңкілге шыға келді де, алдындағы киіз үйге қарай тартты. Анадайтын жерде қолында құманы бар шылауышты әйел қарап тұр еді, ернін сылп еткізіп, белдеуге келіп тоқтаған ат пен адамға қарай жүрді. Әйел жеткенше Бекбайдың қолы басытқыдан босап жығылып түсті. Сасқалақтаған әйел қолындағы құманын қоя салып:

— Әй, Мұстапа, тез шықшы, белдеуге келіп бір адам жығылып қалды, — деп дауыстады. Өзі келіп аттың тізгінін Бекбайдың қолынан алып белдеуге байлады. Үйден ішігін жамылып жас жігіт жүгіріп шықты.

— Мынау үсініп қалған адам сияқты, сүйеп үйге кіргізейік, — деді әйел. Сөйтіп екеуі Бекбайды екі қолтығынан демеп үйге кіргізді. Үйде от маздап жанып, шәугім асулы тұр еді. Шешелі-балалы екеуі Бекбайды оттың басына көрпе салып жатқызып қойды. Бекбайдың буыны кеткенімен есі дұрыс еді, өзіне жасалған қамқорлықтың бәрін біліп жатты. Тек екі көзі бұлыңғырланып, үй іші мен адамдарды анық көре алмады. Сәлден соң:

— Бұл кім екен? — деген қартаң адамның күжілдеген барылдақ дауысы шықты.

— Атынан түскен соң қайта міне алмай қалған сияқты, атының жалынан ұстап белдеуге әрең жетті. Кім екенін қайдан білейін. Есін жиған соң сұрармыз, — деді әйел. Төр жақтан ыңқылдап-гүрсілдеп бір үлкен адамның киініп жатқанын Бекбай дыбысынан анық біліп жатты. Үлкен адам гүрс-гүрс жөтеліп сыртқа шығып қайта кірді:

— Әй, мынау үсінген адам емес, аты күйлі, киімі де қалың екен, кәртен адам гүрлідей сөйледі, — ашығып қалған адам ғой, шәй қайнаса, әуелі ауызына жылытпақтап шәй тамызыңдар.

Оттың жылуы ма, жоқ жатып біраз тыныстаған соң бойына қуат біте қалды ма, әлгіндей емес, Бекбайдың тынысы кеңіп, қол-аяғына жан кіре бастады. Манадан бұлыңғыр тартқан үй іші ап-анық болып кетті. Бар қайратын бойына жинап басын көтермек болып еді, басын көтере алмады. Жас жігіт жүгіріп келіп Бекбайды қолынан тартып басын көтертті.

_ Әй, кемпір, мына жігітке орта шыны қара шәй бер. Әуелі өзегін жалғасын , _ деді шал бұйырып .

Бекбай әуелі орта шыны қара шәй ішті . Онан соң тағы да шалдың нұсқауы бойынша шәйға сүт қосып ішті . Бір шәй қайнатымнан соң , кемпір ірімшік араластырған азырақ тары салып шәй құйып берді . Тары мен ірімшіктің дәмі шыққан ыстық шәй Бекбайдың ауызына балдай татыды . Маңдайынан тер де бұрқ ете түсті . Тарыны жеп , шәй ішіп болғанда , Бекбай ет жеп , сорпа ішкен адамдай ерек рахаттанды. Қарны тоя қалған сияқты сезілді. Өне-бойы жеңілдеп , аяқ-қолына кәдімгідей жан кіріп серпіле қалды . Қолындағы шынының бетін қолымен жауып артына қарай шегініп отырды.

Бекбай енді анық байқады. Тәрдегі жасы сексенді құсырған өлмелі кәрі шал екен. Шалдың арықтығы сондай, қабақ сүйектері маңдай терісін тесіп шыққалы тұрғандай арсиып , екі көзі суалған құдықтай үңірейіп кетіпті. Кемпірі шалдан едәуір жас сияқты. Бүйрек бет, қара торы әйел екен. Ал, жасы жиырмалардағы домалақ қара жігіт Бекбайға қайта-қайта жалтақтап қарап қойып, есік жақта біртізерлеп отыр .

Шал Бекбайдың ауызын жылытып, бойына жан кіргенін білді. Көсілген екі аяғын жиып, Бекбайға қадала қарады :

_ Жә, жігітім, өзің тәп-тәуір азамат екенсің , көктен түскендей қайдан жетіп келдің? _Шал сұраулы көзін Бекбайға қадады , _ жөніңді білейікші .

_ Қанағат байдың баласымын. Ауылымды іздеп келемін. Былтыр жазда Қабадағы нағашыларыма жолаушылап кеткемін. Қар жауысымен ауылға оралсам , біздің елден ешкім жоқ. Біреулер : «Ауылың сыртқы Моңғұлияға көшіп кетіпті» деді . Лажым жоқ, қайта нағашыма барып қысты өткіздім. Солай көшіп бара жатқан біреулерден нағашым біздің ауылдың Бұлғынның құйғаны деген жерді қыстап отырғанын естіпті. Жол білмеймін әйтеуір, жол-жөнекей біреулердің көрсетуімен келе жатырмын . Кешеден бері нәр татқамын жоқ. Ашығып қалғаным шын, _ деді Бекбай .

_Қанағат деген байды естімеген екемін.Осы өткен күзде мынау партизандар Сарсүмбе, Буыршын, Бурылтоғай елін осында айдап келіп, қалың ел мұнда симай қалды ғой. Естуге қарағанда, алдыңғы ел Моңғұлияның жеріне өтіп қыстаған тәрізді. Оның үстіне қар қалың болды да, алыстан ауып келген елдің көбі жұтап қалды. Ауып келген елдің баласы екенсің ғой, _ шал басын изеп аз отырып барып сөйледі, _ Бұлғынның құйғаны алыс емес . Атың семіз екен ғой , осыдан соза аяндап отырсаң екінтіге жетпей жетіп барасың .

_ Онда, таяп қалыппын ғой! _ деді Бекбай қуанып.

_ Егер, _ деп қазан жақтан кемпір сөзге аралаласты .

_ Ауылың Бұлғынның құйғанын қыстағаны сенімді хабар болса, балам, Алла жеткізсе кеште үйінде отырасың .

Қарны тойып, аз дем алып есін жиған соң, Бекбайдың кеткісі келді .

_ Ата, сіздерге рақымет, осы үйге жолықпасам әуелі өліп қалар екем, жақсылықтарыңыз менен қайтпаса құдайдан қайтар. Ренжімей жол көрсетіп жіберсеңіздер , мен аттанайын , _ деп Бекбай орнынан тұрды .

_ Әй, кемпір, _ деді шал орнынан тұрғалы қозғалып , _ мына баланың ауылы әлі алыс , жолдағы елдің бәрі жұтап отыр.Жеткенше малтап барсын , бірер тал құрт берші .

Кемпірі орнынан нарау тұрып ағаш кебеженің қайыспен байланған ауызын шешіп , қақпағын ашқан соң едәуір айналып, кішілеу екі тал құрт алып шықты.

_ Ал, қарағым, көп бергенге өзіміз тіске сыздық қыларлық ғана қалды, _ деп қара кемпір екі тал құртты екі кесек алтын бергендей салмақтап әкеліп Бекбайдың қолына салды .

Бекбай рақымет айтып, кәрияға ілесіп тысқа шықты .

_ Жә, балам, көзінді жұмып осы өзенді өрлей берсең болды жетіп барасың, _ деп шал Бекбайды аттандырғалы ертіп атының қасына келді .

Аттың алдына азырақ шөп тастап қойса керек, аш ат сыпырып-сиырып жеп болыпты. Аздаған шөптің қоқымын теріп жеп тұр екен. Шал анадайдағы шарбақтың ауызын ашып ұсақ малдарды шығарғалы жатқан ұлына қарап :

_ Әй, Мұстапа, бері келші, _ деп қасына шақырды.

Елтірі тымағын баса киген Мұстапа жүгіріп әкесінің қасына келіп, не жұмыс дегендей сұраулы көзбен әкесіне қарады .

Мына жігіттің қанжығасындағы жемқалтасын алып, шөптің қоқымынан нығап толтырып әкелші, _ деп шал Бекбайдың қанжығасындағы жемқалтаны иегімен нұсқады, _ жолда ауылдарға түсіп шәй-пәй ішсе атына берсін .

Мұстапа әкесінің сөзін екі еткен жоқ , жүгіріп барып шөп үгіндісін жемқалтаға тырсыта толтырып әкеліп Бекбайдың қанжығасына байлады. Айтарға болмаса, Бекбай қатты қуанды. Бір күнге аужал боларлық азық, атының тісіне сыздық болатындай шөп берді. Бекбай атына мінген соң кәрияның жүзіне сүйіне қарады .

_ Атай, сізге рақымет, Алла амандық беріп, ауылымды тауып алсам, өзіңізге амандаса келермін .

_ Е, қарағым, мынау ел іргесі қопақтаған апалас-төпелес заманда кім азып-тозбайды дейсің, екі күннің алдында тағы бір жігіт елін іздеп осында қонып кетті, _ деп шал Бекбайдың қолын алды, _ біраз күннің алдында бір бөлім ел Боғдаға көшіп кетіпті деп естігеміз. Ауылың солай кетіп қалмаса, ертеңнен қалмай тауып аларсың .

Шалдың мына сөзі Бекбайдың жүрегін қобалжытып тастады. Атын ұрып жіберіп , өзеннің солтүстік қабағының үстіндегі жолмен шығысқа қарай тарта жөнелді. Күн көзі шығысымен өзен сағасының ала шабырланған қары жіпсіп , күңгейлеу жерлердің тоңы жібіп, жылымық тарта бастады . Өзен аңғары қанша суық болғанымен , күн көзі көтерілген соң ызғары қайтып, түске таяғанда едәуір маужырап жылынып кетті .

Өзенді өрлей қолтық-қолтықтың бәрі иін тірескен ел екен . Бір бөлім ауылдар көшіп жатыр . Өрлеген сайын өзен қабағының үстіндегі жазық азайып , аңғар тарыла бастады. Жол біресе өзен жағасына келсе, енді бірде солтүстік жақтағы күңгейді жағалайды. Тіпті кейде қыстап отырған ауылдардың іргесінен өтіп жатыр. Күн түске таяғанда Бекбай қатар отырған төрт-бес үйлі екі ауылдың қасынан өтті. Іргесінде түйелері матаулы тұр, тегі көшкелі отырса керек , теректердің арасындағы алаңқыда бір топ сиыр күн шуақта сілейіп тұр. Ұршығы айналып, көздері үңірейген өңшең арық сиырлар Бекбайдың көзіне бір түрлі қорқынышты көрінді .

Бекбай елді аралап өзен ішімен күн түс ауғанша жүрді. Торы ат екі құлағының түбі терлеп, аяғы ауырлап, жолда кезіккен ауылға қарай бұрылғыштай берді. Торы ат аштан бұрлығайын деп қалған еді, әйтеуір қыстан семіз шыққан жілігіне сүйеніп ғана келе жатыр , ұзақ жол мен аштық екі жақтап тең меңдеткен жануар әдеттегі қамшы салғызбайтын елпек адуындылығынан айрылып әрең келеді. Атының жайын Бекбай анық білді. «Алда ауыл кезіксе бір үйге түсіп, атына жемқалтадағы шөпті іліп , шәй ішіп аттанайын» деп ойлады . Сөйтті де алдыңғы жағына көз салды. Өзен ішіндегі ел сирей бастаған сияқты. Оңтүстік жақтағы қабақ үстінен мал айдаған адамдардың бараны көрінеді .

Бекбай айналасына көз салып едәуір жүрді. Көшкен елдің жұрты ғана жатыр. Ауыл кезікпеді. Күн бесінге таяғанда төрт үйлі шағын ауылға жетіп келді, тайдай-тайдай үш қара ит бірінен соң бірі атылып келді. Көздері қып-қызыл , қатты семіріп алыпты. Бекбайдың қамшымен жасқағанына қарар емес, арсылдап ат үстіне қарғиды . Шеткі ақ үйден екі-үш бала шығып , ит қамалаған Бекбайдың қасына жүгіріп келіп, иттерді айқайлап жасқап қойды .

Бекбай шеткі үйге келіп түсті, сәби балалардың бастауымен атын белдеуге байлап үйге кірді .

_ Ассалаумағалайкүм! _ деп Бекбай есіктен кіріп келді .

Қазан жақтағы қайқы бас төсектің алдында жіп иіріп бір кемпір отыр. Әлі желегін алмаған жас келіншек оң жақ босағада кір жуып отыр екен .18 жастар шамасындағы аққұбаша қыз қазан жақтағы төсектің үстінде кесте тігіп отыр .

Кемпір желкесіне кеткен шылауышын оң қолымен маңдайына қарай жөндеген соң, Бекбайға қарап ауызын жыбырлатты. Бекбай кемпірдің дауысын естіген жоқ. Амандасқан сыңайын байқап , төрге шығып отырды. Төрте ақ киіз бен қара киізден ойыстырып тіккен от киіз жатыр.Су жаңа екен . Ал анау киіз үйдің бас құр, ораулы шилері бәрі де өнерлі қолдан шыққаны білініп жарқырап тұр. Мынау үйдің мүлкі мен адамдардың киімінен-ақ едәуір ауқатты семия екенін Бекбай білді .

Келіншек кірін жуа берді. Төсектегі қыз кестесін тігіп қозғалар емес, кемпір иіріп отырған ұршығын бір-екі рет зырлатып-зырлатып жіберген соң, ұршығын оң жамбасына сүйеп қойып, Бекбайға қарады :

_ Қай ауылдан жүрген баласың ?

_ Қаба жерінен ауылымды іздеп келемін, _ деді Бекбай қысқа ғана .

_ Е, ұзақтан келеді екенсің ғой, _ деп кемпір оң жақ босағада кір жуып отырған келіншекке қарады , онан соң арт жағындағы төсекте кесте тігіп отырған қызға бұрылды :

_ Мына бала шалғайдан келе жатқан жолаушы екен , шәй қайнатындар, _ деді .

Қыз кестесін төсектің іргесіне сүйеп қойып орнынан нарау қозғалып қазан жаққа барды .

Мына үй ауқатты семия сияқтанғанымен Бекбайдың көзіне адамдары өте жүдең көрінді . Кемпірдің екі ұрты суалып , өңі көкшіл тартып қатты жүдепті.Ал, анау келіншектің де сырты жылтырағанымен , екі көзі кілмиіп , екі бетінің ұшы шытынап жарылып кетіпті. Өңінің қаралығынан болса керек, анау шәй қайнатқалы қозғалған бүйрек бет қара қыздың жүдеңдігі анша байқалмады. Ол отты маздатып жағып, мосыға шәугім асты .

Шәй қайнап, от басына түсірілісімен Бекбай тысқа шығып, қанжығасындағы жемқалтаға салған үгінді шөпті атына іліп қойып қайта кірді. Қыз шыны жуып дастарқан жайғанда , кемпір орнынан тұрып қазан жақтан жайпақ ағаш табақты алып Бекбайдың алдына қойды. Табақтың түбінде бір уысқа жетер –жетпес құрт-ірімшіктің қоқымы бар екен. Шәй құйылған соң, кемпір Бекбайға бұрылып :

_ Қарағым, мал отарға, Қаптық деген жерге кетіп еді, жұтап қалыпты деп естиміз. Қолдағы малда пышаққа жарар ештеңе жоқ болып, тілімізді тістеп отырмыз, _ деді. Кемпірдің өңі сәл қызғылтым тартып, құрғақ шәй құрғанына қысылғаны байқалды .

_ Рақымет, шешей, ел жағдайын біліп келемін ғой _ деді Бекбай .

_ Қарның ашқан шығар, қарағым, қоқым болса да шайға малып іше ғой, бұл ауылдағы еркектің бәрі жаумен соғысамыз деп кеткен . Өлмелі шалымыз бар еді, сыртта жүр, _ деп кемпір ағаш табақты Бекбайдың алдына қарай жылжытып қойды .

Абақтыда көп отырып ішегі қуырылып қалған ба, жоқ өзіне осындай бір ынсап біте қалды ма, әйтеуір қанша аш жүрседе Бекбай аштыққа төзімділік көрсетіп келеді. Мына үйде де қарны қатты ашып қиналып отырсада өзін салмақты ұстады. Бес-алты шыны шәй ішіп аяқ-қолы жылынғанша құрт пен ірімшіктің қоқымын алғау қылып асықпай жеді. Бекбайдың ашығып келе жатқанын кемпір біліп отырса керек.

_ Қарағым, құрғақ шәй құйды деп ренжіме, жайымыз осы , _ кемпір ұршығын қайта қолына алды, _ сонда баратын ауылың қайда еді?

_ Бұлғын өзенінің құйғанында деп естіп келемін . Қанағат деген кісінің ауылыныкімін, _ деді Бекбай .

_ Е, Бұлғынның құйғанында болса ұзақ емес , бас жақта ғана ғой, _ деп кемпір иегімен жоғарғы жақты нұсқап қойды .

_ Рақымет, шеше, мен жүрейін,_ деп Бекбай орнынан тұрды. Кемпір артына қарай сырғып отырып жатып :

_ Әй, ана баланы ит қаппасын, итті қорыңдар,_ деді . Төсектегі кестесін ұстай алған кара қыз еріксіз төсектен түсіп барып Бекбайға есік ашты. Аты шөбін тауысып тықыршып тұр екен. Бекбайды көріп оқыранып жіберді. Жемқалтаны қанжығасына байлап жолына түсті.

Кемпірдің «бас жақта ғана ғой» деп иегін көтере салғанына қарап Бекбай «ауылыма келіп қалған шығармын» деп ойлаған еді. Содан күн батарға таяғанда әрең Бұлғынның құйғанына жетті. Ақ шекпен шапан киген , қолында таяғы бар қартаң адам екі сиыр айдап жаяу өрлеп барады екен. Бекбай атын қамшылап көп ұзатпай қуып жетті. Екі сиырда ұршығы айналып арықтан өлгелі тұрған малдар екен . Артынан дүрсілдетіп қатты келген ат дүбіріне жалт қараған жаяу, таяғына сүйеніп тұра қалды. Сиыр айдаған қартаң сары әйел екен :

_ Амансыз ба?_ деп ат үстінен амандасты .

_ Иә, қатты жүріп келесің ғой , қарағым , қайсы ауылдыкісің?_ деді әйел .

Әйелдің дауысы ерлердің дауысы сияқты күрілдеген бір түрлі жуан екен .

_ Қанағат деген кісінің ауылы қайда екенін білесіз бе?

_ Әлгі Бейсенбай деген ұлы бар Қанағат па?

_ Иә, иә,_ деді Бекбай қуанып .

_ Олар қыстай бізбен қанаттас қыстаған болатын, малдары едәуір жұтады . Осы екі күннің алдында ғана өз жерімізге кетеміз деп көшіп кетті .

Бекбай қайтерін білмей тұрып қалды. Бекбайдың қиналғанын мына әйел біле қойды .

_ Қиналма , бала , жаяу-жалпылы көш екі күнде қанша жерге барды ғой дейсің, атың семіз екен , ертең қуып жетесің,_ деді .

Мына сөз Бекбайға едәуір алғау болды. Сиыр айдаған әйелмен ілесіп сол ауылға келді. Үш үйлі шағын ауыл екен. Бекбай атын белдеуге байлап кемпірдің соңынан үйіне кірді. Төрде өңшең қара шолақ тон киген екі жігіт сұлап жатыр екен. Сырттан кірген бөтен адамды көріп бастарын көтерді. Осы сиыр айдаған әйелден басқа мұнда әйел адам жоқ сияқты. Әйел от жағып мосыға шәугім асты. Бекбай кіріп отырмай жатып-ақ мына үйдің ыңыршағы шыққан кедей уй екенін білді. Төрінде түнде жамылғы боларлықтай бір нәрсе көрінбейді. «Әйтеуір, үйдің іші ғой, киімшене қисая кетсем де үсіп өлмеспін» деп ойлады. Екі жігіт тысқа шығып кетіп Бекбайға шәй құйылған соң қайта кірді .Кемпір әуелі бармақтың үлкендігіндей ақ ірімшіктің сынығын шеті кетік қадыра шыныға салып , Бекбайға шәй құйып берді. Бекбай үш шыны шәй ішкенде ірімшік әрең жібіді.

Әлгі екі жігітке шәй құйылмады .

_ Қораның ауызын бекіттіңдер ме?_ деп кемпір екі жігітке бір түрлі сұрлы кескінмен қарады .

_ Бекіттік, _ деп екеуі бірдей жауап қайтарды .

_ Е, қарағым, алыстан келеді екенсің, мұндағы ел үкіметке қарсы бұзылып, қызыл-қырғын соғыс болғалы төрт-бес жыл болды,_ кемпір бүйірі қабысқан ескі мыс шәугімді отқа қарай итеріп қойды,_ құдайдың қарі ме, патшаның қарі ме, әйтеуір биыл ақ сүйек жұт болды. Бәрімізде күнді талшықтап, шиқылдап әрең өткізіп отырмыз .

_ Елдің жағдайын көріп келемін ғой, шеше, _ деді Бекбай .

Кемпір таудан-баудан мұндағы ата-бабаларының жағдайын сөйлеп іңірді өткізгендей болды. Бір кезде Бекбайдың аты сілкініп оқыранды .

_ Жануар жем жейтін жылқы екен ғой,_ деді кемпір күңгірлей сөйлеп ,_ жемді атқа бергенді қойып , адамға таба алмай отырмыз .

_ Мына жігіттің атын мен анеу түбекке арқандап келейін,_ деп аяқ жағында отырған тонды жігіт орнынан тұрды .

_ Атымның мінезі өте шаркез, кісі жатырқайтын мінезі тағы бар, шөптесін жерді меңсесең өзім арқандай салайын, _ деп Бекбай ішігінің белін буынып тонды жігітке ілесіп тысқа шықты. Шәй мезгілінде екі жігіттің бір-біріне қарап ымдасқаны Бекбайдың көңіліне аз күдік түсірген болатын. «Не болса да бұларды алдап тастап қашып кетейін, ашығып әрең отыр екен , атымды сойып тастамасын» деп ойлады . Сөйтті де қасындағы жігітке бұрылып :

_ Үйлерінде атқа жабулайтындай бірдеңе бар ма екен? _ деді .

_ Шеше, әлгі қара биенің жабуы қайда? _ деп жігіт үй сыртынан дауыстады .

_ Ар жағындағы сиыр қораның додегесіне жаба салғам, _ үйден кемпірдің дауысы естілді .

Жігіт тастан жиған аласа қораға таман барып , бір нәрсені көтеріп келді. Бекбай алып жазып еді , кәдімгі аттың жабуы екен.

_ Мынау жақсы болды ғой, _ деп Бекбай жабуды ерінің үстінен атына жауып, лып етіп қарғып мініп қасындағы тонды жігітке бұрылды, _ әнеу төменгі түкпірдің ішінде қияқ бар сияқты ғой, сол жерге өзім арқандай салайын .

Бекбай атына мініп құлдай жөнелді. Тонды жігіт сұқты көзін қадап, оның соңынан қараңғылыққа сүңгіп көрінбей кеткенше қарап тұрып үйге кірді .

Ол :

_ Төменгі түкпірге арқандағалы кетті, _ деді шешесіне .

_ Мынау сақ бала екен, түнімен сендерді аңдиды ғой, ол ұйықтағанда біреуің барып атты жарып тастаңдар да, лып етіп келіп жата қалыңдар .

_ Мен барып жарайын, _ деді аяққы отырған тонды жігіт .

3

Бекбай атына мініп құлдап бара жатып артына қарап еді, әлгі тонды жігіт қаққан қазықтай қаздыып соңынан қарап тұр екен. «Ойпыр-ай, мыналардың ниеті қатты бұзылған екен, атымды сойып тастамасын, бір түнге үсіп өле қалмаспын, кетіп адыр ішіне барып жатайын» деп ойлады. Аяңдап ат арқандаймын деген түкпірге келді. Қыстай мал шиырлаған жерде аттың тісіне сыздық боларлық ештеңе жоқ сияқты. Атынан түсіп, әлгі жабуды әдемілеп бүктеп ерінің артына бөктеріп алды да, бағана өзі өткен мұз үстіндегі шұбырынды ізбен Шіңгіл өзенінен өтіп, солтүстік жақтағы сұлбасы ғана мұнартқан қара тауға қарай тарта жөнелді. Бекбайдың жүрегі адыр шетіне ілінгеннен кейін ғана орнына түсті. Төңірегін шолған жоқ, қарсы алдындағы тар жылғаның ауызын өрлей жөнелді. Жылғаның ауыз жағы қысаң, тар болғанымен, жоғарғы жағы кең екен. Күнге беттерде аздап қума-қума жусан бар сияқты. Қары жұқалау жусанның басы көбірек көрінген жерге келіп атынан түсті. Торы ат та ашығып бұралып кеткен еді, Бекбайдың ауыздығын алғанына қарамай жусанға бас қойды. Бөктеріп алған жабуды қосып ерін алған ол, арқаны мен шылбырын жалғап ұзартып , ноктасынан бір түп тобылғыдан мықтап арқандады. Онан соң ері мен жабуды көтеріп, күнге беттегі қары жоқ қырдаңға келді. Ерін жастық етіп, жабудың жартысын астына салып, жартысын үстіне жамылып қисая кетті.

Бекбайдың түн ортасы ауғанға дейін көңілі қобалжып ұйқысы келмеді. Көз алдына қайта-қайта Жайнаның мұңлы кескіні елестеді . «Жайна! Жайна! Өзіңді қатты сағындым, сен қайдасың? Алла жол берсе, саған жетпей тоқтамаймын. Қанша жапа шексем де саған кезікпей тоқтамаймын» деп күңгірлей сөйледі. Дауысының қатты шыққанын өзі сезген жоқ . Тымағының төбесінен азырақ суық жел соққандай болды. «Тымақтың киізтөбесінен жел өте шығады екен-ау» деп ойлады. Сөйтті де ішкі шапанының қалтасына қолын жүгіртіп бет орамалын тауып алды . Оны илектеп тымағының төбесіне нығап басына қайта киіп жантайды. Әлгіндегідей емес, тымағының төбесінен гуілдеген жел азайып қалды .

«Ауылдағылар мені өлді деп ұмытып кеткен шығар, бәрі ұмытса да Жайна мені мәңгі ұмытпайды» деді күңгірлей сөйлеп. Бекбай өзінің жападан жалғыз дауыстап сөйлеп жатқанын енді сезді . «Жынды адам сияқты иен далада жападан жалғыз сөйлеп жатырмын ғой . Енді сөйлемей ұйықтап алайын» деп ойлады. Көзін жұмып едәуір жатты. Жүрегі қобалжығандай болып , көңілі бір нәрсеге алаңдаған сияқты алақызып, басын көтеріп отырғысы келді. Басын қайта көтергенге ерінді . «Өлгіндегі ашығып отырған үйдің адамдары ептеп менің атымды сойып алмақшы болды . Содан қорқып кеткендікі шығар» деп ойлады . Расында, Бекбай семия адамдарының жаман ыңғылын сезген соң, олардан қалай тез құтылудың амалын қарастырып, мыналар атымды жарып тастай ма деп қатты қорыққан еді. Өзеннен өтіп адыр ішіне кірген соң ғана көңілі орнына түсіп, қорқыныштан сейілгендей болған. Енді ерін жастанып жантайған соң көңілі тағы қобалжыды. Үстіне жабылған жабу едәуір қамсау екен. Қазірше тоңған жоқ. Қарны ашқан еді, қалтасындағы екі кішкене құрттың бірін ауызына салып малтай бастады. Тісімен сындырып жегенге қимады. Көз алдына осы екі тал құртты беріп жатқандағы бүйрек бет қара кемпірдің нығызсыған кескіні көз алдына елестеді. Кемпірдің былтиған домалақ қолы құрт емес, екі кесек алтын ұстағандай дірілдеңкі көрінген болатын. «Рас, мына екі тал құрт қазір мен үшін екі кесек алтыннан әлде қайда қымбат қой» деп ойлады. Бекбай малтаған сайын құрт кішірейіп , Бекбайдың бойына қуат кіріп , екі аяғының жылына бастағанын сезді . «Жарты малта ас болған» мұндай қиын кешуді кешемін деп Бекбай сәби шағында ойлағанды қойып, естімеген де шығар.

«Мен көктен түскендей ауылға жетіп барсам, бәрі қайран қалады ғой, шіркін! Жайна сонда қандай қуанар еді» деп ойлады . Осылайша Бекбай түрлі тәтті ойлардың жетегінде жатып көзі ілініп ұйқыға кеткенін білмей қалды.

Бекбай ұйықтай салып, көп ұзамай түс көрді. Күн бұлыңғыр екен. Қалың шиді жағалап, бүгін кеште өзі кезіккен үйге келіпті. Ақсиған қара кемпір гүжілдей сөйлеп, екі тонды жігітке бірденелерді айтып жатқан сияқты. Үлкен тонды жігіт Бекбайдың етегінен ұстап :

_ Әй, біз аштан өлгелі отырсақ, сен семіз атпен шауып жүрсің. Бізге жан керек. Атыңды сойып алайық , _ дейді дауыстап .

_ Жоқ,_ деп Бекбай быжалақтайды, _ жаяу қалсам азық-түлігім жоқ. Ауылымды таба алмай қаламын ғой.

_ Атыңды соямыз , _ деп екі тонды Бекбайдың екі етегінен ұстап жібермейді .

_ Жоқ , атымды соймаңдар!_ деп Бекбай атына қарай ұмтылады. Жуан қара тонды Бекбайды құшақтап астына басып алады. Анадайда тағы бір тонды торы аттың ерін алып тастап екі аяғын тұсап , кәдімгі соғымға соятын малша топ еткізіп жығып , кеңірдегінен бауыздағалы жаталы . Дәл осы кезде : «Әй, жауыздар, атымды соймаңдар!» деп айғайламақшы болып бұлқынады. Бірақ Бекбайдың дауысы шықпайды. Қара терге түсіп жан дәрмен жұлқынып айғайлайды. Көзі сығырайған қара тонды жуан қара жігіт торы атты тамағынан орып жіберді. Торы аттың тамағынан қып-қызыл қан атқақтайды. Бекбай :

_ Атымды сойма ! _ деп айғайлап шошып оянды . Басын көтеріп сай тағанындағы атына қарады, аты көрінбейді. Бекбай қорыққанынан орнынан ұшып тұрды. Таң сызып келеді екен. Жан дәрмен сайға қарай жүгірді. Ат арқандаған текшенің аяқ жағы болымсыз жыра екен. Жырадан екі қасқыр қарғып шығып , анадайға барып қайрылып қарап тұрды.

_ Ойбай-ай, атымды жеп қойған екен ғой,_ деп дауыстап жыраға қарай жылай жүгірді. Жыраның ішінде торы ат мойны астына қайрылып бүктетіліп жатыр. Ес ақылы шыққан Бекбай қолына жуан тас алып, анадайдан қарап тұрған екі қасқырға қарай тұра ұмтылды. Қолындағы тасты қатты кектеніп лақтырды. Екі қасқыр Қобыны өрлеп барып, торы аттың жемтігін қимағандай тағы қайта қайрылып тұрды. Бекбайдан қорқар түрі жоқ. Әуелі Бекбайдан торы аттың жемтігін тартып жегісі келетін сияқты. Бекбай аяғын бір басып, екі басып жемтіктің қасына келді. Таң лезде ағарып ,

жер-жүзі жап-жарық болып кетті. Арқан тобылғыда байлаулы беті жатыр, ат қатты үріксе керек, арқанды тартып қалғанда мойыны астына қайрылып жығылыпты. Сол заманда жан үзгенін Бекбай іштей межеледі. Сілейіп біраз тұрған соң, орнынан тұрды. Кездігімен арқан мен шылбырды жалғаған жерінен киды. Қасқырлар аттың ішін жарып, ішек-қарнын жыраға шығарып тастаған екен. Аттың астында қалған шылбырды тартып, аттың қайрылып астына басылған басын түзеді. Торы аттың кекілін қолымен сылап едәуір отырды. Бекбайдың кеңісігі ашып, көзінен аққан жас торы аттың кекіліне сорғалады. «Қайран, жануар-ай! Адамнан да ақылды мал едің, мені қаңғытып жалғыз тастадың ғой...» деп жылай отырып сөйледі. «Ей, Алла, бірінен қашсам, бірінен құтылмадым ғой, мен неге осынша сорлы жаралып қалдым. Енді жаяу қаңғып ауылымды қайтіп табамын...» Бекбай жылауын тоқтатып айналасына жынданған адамдай алақтай қарады. Тау басына жарқырап күн түсе бастапты. Анау батыс жақтағы аш кезеңде екі қасқыр қатар Бекбайға қарап әлі жатыр. Олар Бекбайдың торы аттың жемтігін тастап кетуін тосып жатқаны Бекбайға анық еді. Ол «жоқ, мен өлмеуім керек, сөзсіз Жайнаға жетуім керек» деп орнынан сөйлей түрегелді. Көз алдына ағасы Берікболдың сұрлы кескінмен: «Сен тірі қалмасаң ұрқымыз бір-ақ құриды! деген ашшы дауысы тағы естілгендей болды. Тісін тісіне басып айналасына тағы бір рет кектене қарады. Ол аты үшін қайғырып, мұқалу емес, енді тірлік жолын іздеуге бекіне бастады. Қонышындағы кездікті алып, әуелі торы атты кәдімгі тірі атты бауыздағандай кеңірдегінен бауыздады. Онан соң алдыңғы бір қолының терісін сойып, кәрі жілігінің етінен кесіп алып қардың үстіне қойды. Енді болары болды, не болса да ет асып қойып, азырақ қақтап оразамды ашқан соң сояйын» деп ойлады. Күнгей беттегі аршаның қуын теріп, өзі жатқан текшенің қасындағы аласа жартастың түбіне үйді. Аздап жылқының қу тезегін әкелді. Екі көзінің алдында жолдан тауып алған мөлдір ақтасты жемқалтадан алып, ішкі шапаның астарын жыртып, азырақ бұл алды. Оны ердің үзеңгі темірінің қырына қойып, ақ таспен ұрды. Шүперектің дода-додасы шығып қыршылды. Ақ тас үзеңгіге ұрылған сайын жарқылдап от шығады. Бірақ қу шүперек от алмады. Едәуір жағаласты. Әлгі аз ғана шүперек ұра-ұра қыршылып түгеді. Бекбай естігені болмаса, мұндай жолмен от тамызып көрмеген еді. Шапанның астарынан тағы біраз бұл жыртып алды. Енді бұлды үш қабаттап үзеңгінің иығына келтіріп қойып ақ таспен бар күшін салып ұрып қалды. Шүперектен түтін бұрқ ете түсті. Бекбай қуанып кетті. Аз желемікпен от тұтанып, шүперек кеміктеніп күйе бастады. Жылқының қу тезегіне қоя қойды. Тезек дереу от алды. Лезде лап етіп қызыл жалын көтерілді. Жартастың түбіне аршаны өртеп жағып тастады. Шәугімге қар ерітіп, кәрі жіліктің етін жұқалап салып қайнатып қойды да, төстен жұқалап шокқа тастап пысыра бастады. Манадан кезеңде Бекбайдың кетуін күтіп торуылдап жатқан екі қасқыр да көзден ғайып болды. Мүмкін, от жанып түтін шыққан соң Бекбайдың қазірге кетпейтінін білсе керек. Осылайша, Бекбай асықпай әуелі ет қақтап жеп қарнын тойғызды. Шәугімге қайта-қайта ет пысырып, пысқан етті алып тобылғыға жайып дегдіте берді. Ендігі жолды жаяу басатындықтан Бекбайға азықтан басқа аяғына тартатын шақай керек еді. Ол торы аттың терісінен төрт-бес шақайлық тері алды. Сорпа мен етке әбден тойды. Күн батарға таяғанда көзіне торы аттың басы түсті. Бастың қасына келіп кекілінен сипап біраз тұрды. «Аз күн болса да жаным сая жан серігім болған едің, сұңғылалығыңмен өлімнен алып қалып ең. Басыңды қасқыр кемірмесін» деп ойлады. Сөйтті де торы аттың басын көтеріп, өзі түбіне от жаққан жартастың кісі бойынан биік жеріндегі кішкене үңгірге шығарып қойды.

Оттың кереметін Бекбай бүгін білгендей болды. Күнгей беттен сиырдың тезегін теріп әкелді. Таң атқанша отты өшірмей осында қонуға бекіді. Биік жалға дейін шығып, жуан-жуан қу аршаларды жұлып әкелді. Шәугімге ет қайнатып қойып, көпке дейін ермек қылды. От жанғалы Бекбайға өзі ғана жылынғандай емес, мынау жылғаның іші бір-ақ жылып кеткен сияқты сезілді. Етке тойғандыкі ме, жоқ от жағып қол-аяғы жылынғандыкі ме, әйтеуір Бекбайдың қайта-қайта ұйқысы келіп маужырай бастады. Күндізгі ызындап кешке дейін соғып тұрған аңызғақ жел де қараңғы түскен соң

тынып қалды. Ерін жастанып , жабудың жартысын астына салып, жартысын үстіне жамылып қисайды. Бекбайдың ұйқысы қаншалықты қысқанымен қайта-қайта шошып оянып ұйықтай алмады. Қайта-қайта орнынан тұрып от жақты . Осылайша бір ұйықтап, бір оянып жүріп Бекбай бұл таңды да атырды. Таң ата отты маздатып жағып, шәугімдегі сорпаны жылытып , етке тойып алды. Пысқан етті ұсақтап жемқалтаға толтырып салды. Шикі еттен біразын шақайлық теріге орап буып қоржынға салып , жемқалтамен қосып көтеріп алды. Ердің айыл-тұрман, жүген ноқтасын буып-түйіп беліне буынды.

Аяңдап жылғаның басындағы биік шоқыға шықты . Әлгі қара сеңгір болса керек, батыс жақта мұнартып биік қара шоқы көрінеді. Күн шайдай ашық, шоқының төбесіндегі тасқа отырып төңірегіне ұзақ көз салды. Сәлден соң батыс жақтағы кең аңғардың арғы бетіндегі қара шоқы жақтан бір жылғаның ішінен көтерілген болымсыз көкшулан түтінді көрді. «Кім болса да, соған барайын» деп ойлады. Дем алмай тоқтаусыз жүріп , түтін шыққан жылғаның ауызына түс ауа жетіп келді. Жылғаның ауызын өрлеген көп малдың ізі бар екен. «Қалайда, мұнда ел бар ғой» деп межеледі. Аз дем алған соң жылғаны өрледі. Бір шәй қайнатымдай жүрген соң, жартастың түбінде отырған бір үйге жетіп келді. Иттен қорқып, үйдің маңайына жасқана көз тастап еді, ит көрінбеді. Басқа мал да көрінбейді. Көтеріншегін қолына алып үйге кіріп келді .

_ Ассалаумағалайкүм !

Үйден сәлем алған ешкім болмады. Қазан жақтағы жер төсектен иегі үшкірейген арық сары кемпір басын көтеріп Бекбайға үдірейе қарады. Бекбай қолындағы көтеріншегін үйдің оң жағындағы керегеге сүйеп қойды да, төсекте отырған кемпірге :

_ Амансыз ба? _ деп амандаса келіп төрдегі киізге шығып отырды. Қар еріп сылбыраң тартып кеткендіктен Бекбайдың кең көн етігі шылқылдап су болған еді. Кемпір төсекте отырып сөйледі :

_ Қайдан жүрген баласың?

_ Шеше, жолаушымын. Қанағат деген байдың ауылын білдіңіздер ме?

_ Ой , әлгі өзіміздің Қанағат па ?

_ Бейсенбай, Сейсенбай деген ұлдары бар .

_ Ол гүжілдеп таңертең келіп кеткен . Көшіп бара жатырмын, Қара сеңгірге таман жағалап қонамын деген. Малы арық, жаяу-жалпылы қанша ұзап көшеді дейсің, солай жағалап қонған шығар. Жол берсе біз де ертең жылжығалы отырмыз. Малды бір-ақ жұтқа бердік .

Кемпірдің кейісті кескінінен бұл семьяның да жырғап отырмағанын білді. Қанағаттың ауылына жақындағанын сезді.

_ Шеше, мен онда жүрейін, _ деп Бекбай орнынан қозғалды .

_ Е, қарағым, арып-шаршап жаяу жүр екенсің, құр ауыз кететін болдың ғой, келін мен немерем мал соңында жүр. Ұл Сартоғай бойында нағашы бар еді , қоштасып келемін деп солай кеткен .

Бекбай кемпірдің хикаясын тыңдап тұрғысы келмеді. Оның сөзі аяқтамай-ақ көтеріншегін алып үйден шықты.Өзі артындағы мал жатқан көңіріктің көлеміне қарап, бұл үйдің жүзден артық малы бар екенін межеледі .

Көтеріншегін арқасына салып, тағы жолға түсті . Сайды аз құлдаған соң Қара сеңгірге баратын кенерге шықты .

Таңертеңгідей емес, күнгейлеу жерлердің қары еріп, кейбір жерлер былжырап батпақ болып кеткен екен. Түстен бұрынғыдай емес, жүгі иығын кесіп, еріген қар мен батпақ дала ілгері басқан аяғын кейін кетіріп, жүрісін онша мандытпады. Күн бесінге таяғанда, кенеренің еңіс жағындағы миқы адырдан шуап тау етегіне қарай батыс солтүстікті бетке алып кеткен көштің ізіне келіп қосылды. Бекбай қуанып кетті. «Дәл осы Қанекеннің көші ғой» деп ізге қадала қарады. Түйенің де,

аттың да, аздап сиырдың да ізі бар екен. Бекбай ізбен тарта жөнелді. Екі-үш жаяу адамның да ізі бар екенін байқады .

Бекбай көштің ізімен дем алмастан сылбыраң даладағы еріген қарды былшылдата басып күн батарға таяғанша жүрді. Тамақ жеуге де аялдағысы келмеді. Жемқалтадағы пысқан етті жүріп келе жатып жеді. Күн батып қас қарая бергенде, шұбырынды із тау жақтан түскен тар жылғаны өрлей жөнелді. Бекбай аласа тас тұмсықтағы домалақ тасқа отырып азырақ дем алды. Кенет біреулердің мал айдап ысқырған дауыстары естілді. Бекбай асығыс орнынан ұшып түрегелді. Алдыңғы жағына қарай жүре дыбысқа құлағын тікті. Алдыңғы жағындағы тұмсықшаның ар жағында ғана бір-екі адам мал айдап жүрген сияқты. Бекбайдың аяғы жеңілдеп , көңілі лепіріп кетті. Аяғын жіті басып лезде алдындағы тұмсықтан айналды. Расында үш жаяу адам бір топ ұсақ малды ілбітіп айдап барады екен. Ақшам жарығында қарлы даладағы адам мен мал ап-анық көрінді . Бекбай мал айдағандарға бірдемде жетіп келді. Мал айдағандар Бекбайды әбден қастарына келгенде бір-ақ көрді. Бекбай әуелі кесек денелі адамның соңынан келіп сәлем берді :

_ Ассалаумағалайкүм!

_ Уағалайкүм уассалам!_ деп Бекбайға үдірейе қарады .

Бекбай Қанағат байды дауысынан-ақ таныды .

_ Амансыздар ма, Қанеке, _ деп Бекбай таныстық берді, _ мен Бекбаймын .

_ Не дейді, қайсы Бекбай ?

_ Өзіңіздің жоғалып кеткен Бекбайыңыз .

Бекбай деген сөзді естіп қой айдаған екі жігіт те Бекбайдың қасына жүгіріп келді. Екеуі екі жағынан келіп Бекбайдың бетіне үңілді .

_ Амансыңлар ма?_ деп Бекбай Бейсенбай мен Сейсенбайға қол беріп амандасты .

_ Ойбай-ау, Бекбай мұғалім , жоғалып кетіп едіңіз ғой, көктен түстіңіз бе, жерден шықтыңыз ба? _ деді Сейсенбай таң қалып .

_ Оны ауылға барған соң айтайын, болдырып кеттім, _ деді Бекбай. Бейсенбай қасына келді :

_ Жүгіңіздің жарымын мен көтерейін , _ деді .

Бекбай қоржынды Бейсенбайға көтертіп, жемқалта мен ат көрпені өзі көтерді. Ауыл аласа белегірдің астында ғана екен. Төртеуі аз ғана ұсақты жылжытып айдап жетіп келді . Бекбай Қанағат үйінің айналасына қанша көз салса да басқа қалқиған үй немесе күрке көрінбейді .

Бекбайдың көңілі құлази қалды. Қанағаттың әйеліне амандасқан соң алдына қарай аз жылжып :

_ Мәрия кемпірдікі сіздерден бөлініп кеткен бе?_ деді.

_ Е, Бекей балам,_ деді Қанағаттың кемпірі күрсініп,_ мынау «байтал тұр ғой бас қайғы» заманда кімге кім қарасады дейсің. Қыстай екі үйіміз бір болатынбыз. Ұсақ малдың көбін жұтқа бердік. Ірі қараның көбін ұры әкетті. Көшпесек құртуға айналды. Сосын есіміз барда жерге жетіп алайық деп жылжыдық қой .

Қанағаттың кемпірінің сөзі ұзарған сайын Бекбайдың тағаты таусылып, Жайнаның үйінің хабарын білуге асығып шырығып кетті .

_ Сонда Мәрия шешейдікі басқа жаққа кетті ме? _ деп Бекбай асығыс тағы сұрады .

_ Е, қарағым, соны айтқалы отырмын ғой,_ Қанағаттың кемпірі оттағы бықсып жатқан аршаның жас шаласын сырып қойып сөйледі,_ тегінде Мәрияның шалының бір інісі қарындасымен мал айдап жүріп жоғалып кетті дейтін . Қыста аяқ астынан сол қайнысы сұрастыра жүріп тауып келіпті .

Кезінде ауған елмен ілесіп Мори, Шонжы жеріне кеткен екен. Қарындасын ұзатып, өзі үйлі-баранды болған көрінеді. Қыстай бір-екі рет келіп еді, осы айдың басында Мәрияны көлік әкеліп көшіріп әкеткен.

_ Сонда ол кісілер қай жерде екен?

Сөзге енді Қанағат араласты :

_ Кемпір-ау, езбекілемей жөнін айтсаңшы, _ деп Қанағат Бекбайға бұрылды , _ олар Боғданың елі ғой , өткен күзде партизандар Бәйтiкке көшіп келген екен . Сөз ләмдеріне қарағанда солар да жұтаған секiлдi . Қайтып Боғдаға көшеміз деген , көшіп кетті ғой .

Бекбай отбасындағыларға айнала көз тастап, үнсіз мелшііп отырып қалды . Өз ауылына емес, иен далаға келгендей көңілі құлазып , жүрегiнiң бiр жері шым-шым етiп ауырғандай сезiлдi .

Тыныштықты Қанағаттың сөзі бұзды :

_ Жә, балам, Бекей, қайда жоғалып, қайдан қаңғып келдің? Соны білейікші .

_ Қаке, _ деді Бекбай орнынан сәл көтеріліп, _ өлгемін жоқ, онан басқаның бәрін көрдім. Сіз жіберген күні Қасымдыкіне бардым. Өлгі жолаушылардың хатын апарып бердім. Ертеңінде Қасым жолға салып қойды. Сарсүмбеден шыға бергенімде төрт әскер алдымнан шығып ұстап апарып қамап тастады. Жөнiмдi қанша айтсам да тындайтын пенде болмады. Сіз iздеп келедi ғой деп көп дәмелендiм. Келе жатып Әшiм шалдың үйiне қондым. Ол кісілер сіздердiң ыңғай далада, судан iздегендерiңiздi айтты .

_ Қарағым-ау, _ деді Қанағат , _ сені үйтіп қамады деп кім ойлайлы. Біреу өлтіріп кетті ғой дедік емес пе

_ Бес-алты күннiң алдында мен аттас бiреудiң себебiмен абақтыдан шығып қыстауға келсем , тошаларыңыз қаңырап бос тұр . Сол маңдағы елден сұрап жолға шыққамын. Астымда атым бар едi . «Сорлыға сойыл бұрын тиедi» деп түнде қасқыр жарып кеттi. Содан жаяулап, елден сұрай-сұрай жеткенiм осы, _ дедi Бекбай .

Қанағаттың үйiнiң азықтан тарығып отырғанын Бекбай бiлдi . Қоржындағы терiге ораған аттың шикi етiн алып, Қанағаттың әйелiне бердi :

_ Мынау сол аттың етi. Қыстай жемде тұрған жануар ғой, етi тәттi екен, _ деп Бекбай жемқалтаны пысқан етiмен керегенiң басына апарып iлiп қойды .

_ Ойпыр-ай, балам, атыңнан айрылғаның қиын болған екен, _ дедi Қанағат күйзелiп, _ ат адамның қанаты ғой. Атың болса қайда болса да жетесiң .

_ Атыңыздың қалған етi сол жерде қалды ма? _ деп сұрады Бейсенбай .

_ Па, _ деп Қанағат Бейсенбайға ренжи қарады, _ сөз емес сөздi сөйлейдi екенсiң ғой, қалмағанда, иен далада кiмге берушi едi.

Қанағаттың үйi мұнда үш күн еру болды. Көкектiң онына таяп, саулық қойдың iшi өсiп кеткендiктен жыла қонақтап тез көшпесе де болмайтын едi. Қанағат ертең көшемін деген күнi Бекбай Қанағаттың қасына келдi. Үйдiң шығыс жағындағы төбеде ұзаққа көз тастап ауыр ойда отырған Қанағат, Бекбай қасына келгенде бiр-ақ көрдi.

_ Кел, кел, _ деп Қанағат Бекбайға оң жағын нұсқады, _ күн жарықтық төрт-бес күннен берi жадырап жақсы тұр ғой, бiз Ертiске iлiнгенше бұзылмаса көрiм болды .

_ Күн райы жақсы ғой, бiрнеше күн бұзыла қалмаспа екен, _ дедi Бекбай отырып жатып .

_ Айтқаның келсiн! _ деп Қанағат Бекбайға күлiмсiрей қарады .

_ Сiзге кеңесейiн деп келiп едiм, _ деп Бекбай Қанағаттың жүзiне тесiле қарады, _ сiздiң үйдiң дәмiн көп таттым. Балаңыз сияқты болып кеттiм. Қырсық болып арада үш жыл нахақ қамауға түстiм. Өзiңiз де бiлесiз, жиенiңiз Жайнамен уәделескен едiм. Өзiңiз бен Мәрия шешей де қосылған едiңiздер. Ұлықсатыңызды берсеңiз, сiздерден бөлiнiп сол ауылды iздесем деп отырмын .

_ Ойбай-ау, олар Боғдаға кетсе қайтып жетесiң? Болмаса бiр-екi күндiк жер емес. Астыңда көлiгiң тағы жоқ.

_ Бойымда жаным болса , қайда болса да iздестiре жүрiп табамын ғой, _ Бекбай көзiнiң қырымен Қанағатқа қарап қойды .

_ Оларды тауып алсаң жақсы-ақ болар еді, жұт мынау, оның үстіне жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілетін қара өзек шақта жаяу қаңғығаның қиын болар ма екен , саған бере қоятын көлік бізде де жоқ. Түгел жаяу келеміз .

_ Салт бас, тепсе темір үзетін азаматпын ғой, оның үстіне күнде жылынайын деп қалды. Алла жол берсе , тауып алармын,_ деді Бекбай .

Қанағат Бекбайдың жүзіне қарап дардай үнсіз отырды. Ол Бекбайдың өңіндегі сенімділікті көрді .

«Мынау оларды іздеп таппай тоқтамайды екен» деп ойлады .

_ Болады, балам,_ деп Қанағат орнынан тұрды , _ белінді бұған екенсің, мықтау бу, қиындық ер жігітке бұйым емес. Бұл дүниеде адам баласы жеңбейтін қиындық жоқ. Алла тағала бүгін жапасын берсе, ертең рахатын әкеледі.

Қанағат пен Бекбай кеңесіп үйге келді. Қанағаттың әйелі құры су қайнатып отыр екен. Екі-үш тал қатқан құртты дастарқанға салып, қара суды құйды. Бекбай орнынан тұрып керегеге ілулі тұрған жемқалтаны әкеліп, ондағы паршалап пысырған еттен екі кесегін алып дастарқанға қойды :

_ Аттың етінен біраз пысырып жемқалтаға салып алған едім, тағы жол жүрсем, керек бола ма деп отырмын.

_ Апыр-ау, өзің ұқыпты екенсің ғой. Мұны несін дастарқанға салдың,_ Қанағат әсерлене сөйледі._ Қазір күн салқын, ет бұзылмайды. Олар малды өз жерімізге жетіп төлдетеміз деген. Сен ұзақ жол жүресің , азығыңды үнемдеп же.

_ Бекей, қайда бармақшы?_ деп Қанағаттың әйелі таң қалды.

_ Қайда барушы еді, Мәрияның үйін іздейді. Кезінде Жайнамен сөз байласқан емес пе?!

_ О,_ деді Қанағаттың кемпірі, Бекей жоғалғаннан кейін сол бала санадай сарғайып қатты жүдеп кетті. Бекбайдың жоғалғаны бәрімізден бұрын сол Жайнаға қатты батқандай көрініп еді. Біз сырттарыңнан бастарыңды құрап қояйық деп ойлағамыз, екеуіңнің тіл табысқаныңды білгеміз жоқ қой .

_ Кемпір,_ деп Қанағат пысқан етті турай отырып сөйледі,_ Бекейді жолынан қалдырмайық . Ана өзі әкелген қоржынды алсын. Жалғыз адамға от жолдас . Сіріңке болса алсын, біз өле қалмаспыз, құрт-ірімшігің болса молырақ салып бер. Жаяу адамға етік үш-ақ күнге шыдайды. Көбінде шақай тартады, бау керек. Сол үшін анау уықтың берік әдемісінен оншақтысын алып алсын .

_ Рақымет, сіздерге,_ деді Бекбай қуанып,_ алдымен Бәйтiкке барамын ғой .

_ Иә, таңертең осыдан шығып, жазықпен бетке тартып Сартоғайға бар. Күн батқанша қалайда жетесің. Сол жерде ел болса қон. Өзеннен өтіп алып өрлей берсең, Бәйтiкке баратын Жолсайдың ауызына барасың. Сол жолмен жүре берсең, Бәйтiк тауы алдыңнан көрінеді. Елден сұрай-сұрай табарсың,_ деді Қанағат .

Бекбай таңертең ерте оянды. Таң ағарып атып қалған екен. Киіз үйдің жыртығынан таң сәулесіне қарап біраз жатты. «Жол жүретін болған соң, ерте қатқақта жүргенім жақсы ғой» деп ойлады. Киімін киіп тысқа шықты. Жоғарғы жақтағы шоқыдан түсіп үйге қарай келе жатқан Қанағат байды көрді. Ашаршылық жайлаған елде ұры-қары да көп еді, «Қанекен мал күзетін ұйықтамаған-ау» деп ойлады. Сөйтті де Қанағатқа қарай жүрді .

_ Ассалаумағалайкүм !

_ Уағалайкүм уассалам ! Ерте тұрып кетіпсің ғой . _ «Ұшатын құстың басы ілгері» деп, жүретін болған соң, ертерек жолға шығайын деп тұрдым .

_ Жарайсың, балам, дені сау адамға қиыншылық деген түк емес,_ деп Қанағат үйіне қарай жүрді .

Бекбай қоржын-қосқалаңын жөндегенше шәй да қайнап үлгірді. Шәйлан соң Бекбай Қанағаттың үй ішіндегілермен қоштасып, Сартоғайға қарай қайта жол алды .

БӘЙТІККЕ ЖОЛ

1

Бекбай күн көтерілмей-ақ сайдың ауызына шықты. Күн шәйдаи ашық . Кеше аздап жіпсіп еріген сүрі қардың беті күнмен шағылысып айнадай жалтырайды. Анау Сартоғайдың өзені жақтан баяу ескен көктем желі алдынан қарсы соғып, сұп-суық болып маңдайына ұрылды. «Таңертеңгі қатқақта жолды мандытып алайын» деп ойлады. Қанағат байдың көрсеткен бағыты бойынша шығыс оңтүстікті бетке алып жүрісін тездете түсті. Күн түске таяғанша жол мандығандай болып еді, түс болған соң қойны-қоншына жылу жүгіріп, аздап терледі. Төңірегінiң бәрі күн нұрымен жіпсіп маужырап балқып бара жатқандай сезілді. Бекбай өз бойындағы таңертеңгі ширақылықтың барған сайын азайып, ал мынау қарлы жазық жүрген сайын ары қарай созылып кеңіп бара жатқан сияқты көрінді. Дәл түс кезінде, тау жақтан өзенге қарай созылған жусанды ағарға келді. Жырадағы қардан омбылап өтіп, ағардың шығыс жағындағы қара қырдаңға шығып, жүгін жерге қойып аз дем алды. Қардан қылтиып шығып тұрған жусан бастары көктем лебімен бусанып жіби қалса керек. Жусанның жұпар лебі келіп кеңірсігіне ұрылды. «Қардың астынан жібитін кезі келді» деп ойлады . Жемқалтаның ауызын шешіп, ондағы пысқан еттен бір жапырақ алып жеді. Өзен жаққа көз салып еді, өзеннің арғы жағындағы аласа қара адыр бұлдырап әрең көрінді. «Әй, ұзақ екен, күн батқанша жете алмаймын ғой» деп өзіне өзі күбірледі. Сөйтті де жемқалтаның ауызын буып, көтеріншегін көтеріп қайта орнынан тұрды. «Қалайда бүгін түнімен жүрсем де өзенге жетіп, мұз ерімей тұрғанда өтіп алуым керек» деді жігерлене сөйлеп. Жыраның шығыс жағындағы қара қырдаңмен өзенге қарай жүре жөнелді. Қарын жел үрдеп қара жатқан жайбір қырдаңның дөңкіл жерлері дегдіп, аласа жерлері ғана еріген қардың суымен былжырап жатыр екен. Бекбай бірде дегдіген қатқақ жермен жүрсе, енді бірде байқамай беті құрғақ сияқты болып, асты езіліп жатқан жерлерді басып алып, етігін мойнына дейін былғады. Біраз жерге дейін дегдіген қырдаңдарды қуалап жүріп еді , аздан соң одан жалтайды. Себебі қара қыраңдарлы қуып жүре берсе жол ұзарып кететін болды . Қары өте қалың жыра болмаса , кіші-гірім ағар жыралардан түзу өтіп тарта берді . Күн бесінге таяғанда , жазықтың ортасына біткен аласа төбешікке келді. Түйе жетелеген екі адам шығыс жақтағы тау етегінен шығып , өзенге қарай кетіп барады екен . Бекбай төбешіктен түсіп, өзенге еңкейгендердің соңына қарай қиыстай жөнелді. Күн батып қас қарайғанша Бекбай екі жүргіншінің баранын анық көріп отырып еді, төңіректі қараңғылық торлаған соң көрінбей кетті. Мүмкін, өзен қабағынан өзенге қарай түсіп кеткен болуы керек. Қараңғы түскен соң Бекбайдың аздап қарны ашты. Сонда да шыдап жүрісін тездетті. Түн қараңғылығы қоюлаған сайын , ауа суық тартып, бағанағы қойны-қоншындағы тер құрғап, жер де тоңазып қатқақси бастады.

Бекбай шаршағанына да, етігінiң жүрген сайын аяғына батып ауыртқанына да қарамай тоқтаусыз жүрді. Ай жап-жарық. Қарлы далада жақын маңдағы шәугімдей тасқа дейін анық көрінеді . Бекбай түрлі-түрлі ойдың ермегінде қанша жүргенін білген жоқ. Әйтеу, ай батуға таяғанда үңірейіп алыстан қарауытқан өзеннің қаратор теректері көрінді .

«Келдім» деп Бекбай қуана дауыстады. Оның дауысын өзеннен басқа ешкім естіген жоқ. Елге жеткендей тынысы кеңіп көңілі жадырай қалды. Бірақ Бекбай жүрген сайын , қап-қара болып үңірейіп тұрған өзеннің қалың тал-терегі ары қарай жылжып бара жатқан сияқты, алдындағы жазық ұзара түсті. Екі аяғының ауырлап мойнындағы қоржынының да иығын баса түскенін сезді. Өзен аңғарына жақындағанын көрген заман бойын кеңге салып, бағанағы қажырын жоғалтқанын Бекбай енді білді. Бойын сергек ұстап өзенге тез жетуге асықты. Кенет шәуілдеп үрген иттің дауысы шықты. Ит дауысы шыққан жаққа қарай жүрді. Өзен жағасының кейбір жері саз, кейбір жері шылпылдаған батпақ екен. Бекбай тайғанақтап жүріп талдың арасындағы қатар отырған екі үйге жетіп келді. Ай батып қараңғы түскенімен әлі қызыл іңір секілді. Бергі үйдің табалдырығынан жылтылдаған оттың жарығы көрініп тұр. Бекбай жақындай бере кішкене ақ ит шәңкілдеп шәбелене кетті. Үй ішінен қырылдаған қартаң ер адамның дауысы шығып еді, үйден ақ тонын желбегей жамылып біреу шыға келді:

_ Аққоян, жат!_ деп итке дауыстап Бекбайдың қасына келді. Бекбай үйге қарай бұрылып амандасты

_ Ассалаумағалайкүм!

_ Уағалайкүм уассалам!_ деп ит қорыған ақ тонды адам есік ашып Бекбайды үйге кіргізді .

Төрде үш адам қатар отыр екен .

_ Ассалаумағалайкүм!_ деп Бекбай мойнындағы қоржынын оң жақ босағаға қойып , шеткі қонақтың аяқ жағынан келіп отырды. Төрдегілер түгел Бекбайға үдірейе қарады. Төрдің қазан жақ шетінде отырған қаба сақал, екі көзі бадырайған кексе адам үй иесі болса керек. Алдына қарай сырғып отырып Бекбайға қадала қарап:

_ Түн қатып қайдан жүрген азаматсың?_ деді . Бекбай бұдан былайғы жерде Қанағаттың баласымын деп айтудың жөні жоғын енді білді. Оның үстіне іздеп келе жатқаны Мәрияны, яғни қайнапасының үйі ғой . «Не де болса Жайнаның атасының атын айтып , сол кісінің баласымын дегенім жөн екен» деген ойға келді.

Бекбай бұдан былайғы жерде Қанағаттың баласымын деп айтудың жөні жоғын енді білді. Оның үстіне іздеп келе жатқаны Мәрияның, яғни қайнапасының үйі ғой. «Не болса да Жайнаның атасының атын айтып, сол кісінің баласымын дегенім жөн екен» деген ойға келді.

_ Ақбай деген кісінің баласымын . Былтыр күзде нағашыма көмектескелі Қабаға жолаушылап кетіп жақында оралсам ауылым Өр Алтайға көшіп кетіпті . Әкем өлген . Шешем мен жалғыз қарындасым бар еді. Соларды іздеп келемін. Жолдан естісем оларды Жақай деген туысымыз Бәйтікке көшіріп кетіпті,_ деп Бекбай өзін қысқаша таныстырды .

_ Е,_ деп ыңыранып отырған қаба сақал оң жағындағы түлкі мұрт қызыл сары адамға бұрылып,_ ел-жұртынан айрылып жүрген біреу болды ғой,_ деді.

_ Сонда Бәйтікке кетіп бара жатқаның ба?_ деп қызыл сары адам Бекбайға таң қалды .

_ Иә, Алла, жол берсе ауылымды іздеймін ғой,_ деді Бекбай .

Түнгі әңгіме ұзаққа созылған жоқ. Оттағы қазан түсіріліп, қонақтар мен үй иелеріне бір-бір аяқ сұйытқыл сок көже құйылды. Бекбайдың қарны қатты ашқан еді. Сұйық болса да ыстық сок көже аузына балдай татыды. Тамақтан соң, төрге екі қонаққа , оң жаққа есік жақта отырған ақ тонды жігіт пен Бекбайға төсек салынды. Бұл үйде ыңғай ескі сеңсең теріден жасалған үлкен-үлкен тері тон көп екен . Бекбайға да бір тон тиді .

Жаяу жүріп дінкелеп келген Бекбай басы жастыққа тиісімен «қор» етіп ұйқыға кетіп , таңертең сылдырлаған әлдене нәрсенің дыбысымен оянды. Басын көтеріп еді, таң әбден атыпты. Үй иесі әйел отты маздатып жағып, шәй қайнатып отыр. Үй иесі мен екі қонақ төр алдында тоңқандап намаз оқып жатыр екен. Кешегідей емес, денесі едәуір ширап жеңілдеп қалыпты. Қасында жатқан ақ тонды жігіт те тұрып кетіпті. Бекбай асығыс тұрып тысқа шықты. Күн шайдай ашық екен. Әлі күн

шықпапты. Ақ тонды жігіт қой қамаған шарбақ қораның аузында ескі жаман ағаш ергеншекті жіппен шанып таңып жатыр. Бекбай аяндап қасына келді. Жігіт Бекбайға басын көтеріп қарап :

_ Бүгін көктеулікке көшпекшіміз. Басқа үйлер он күннің алдында көшіп кеткен. Олар энеу таудың ішінде,_ деп Бекбайға тау жақты нұсқады.

_ Бәйтiкке қай жолмен кетеді?_ деді Бекбай.

_ Өзеннен өтіп алып өрлей берсең, оң қол жағыңнан үлкен көш жолы кезігеді. Сол жолмен жөнеліп кезеңіне шықсаң , шығыс оңтүстік жағыңнан биік қара тау көрінеді. Бәйтiк деген сол,_ деп ақ тонды жігіт қолымен нұсқап Бәйтiк тауы жақты көрсетті,_ өзеннің мұзы әлі босаған жоқ.

Бекбай іштей қатты қуанды . Шәйға қарамай , жердің жібімей қатқақ тұрған кезінде кетіп алғысы келді. Аяндап үйге кірді .

Төрдегілерге дастарқан жайылып, шәй құйылғалы жатыр екен. Бекбай оң жақ босағада тұрған қоржынын алып есікке бұрылды .

_ Ой, азамат, шәйға кел,_ деді қаба сақал қара.

_ Жер езілмей тұрғанда жолымды мандытып алайын,_ деп Бекбай шайға қарамай тысқа шықты. Ақ тонды жігіт есік алдында тұр екен.

_ Ренжімнсең, маған өзеннің ел өтіп жүрген өткел жерін көрсетіп жіберші,_ деді Бекбай.

Бекбай үшін осы жылы ұйықтап шыққанының өзі үлкен олжа еді . Ақ тонды жігіт аз іркілген соң :

_ Өткел осы тұста ғой, жүр, үнемі мал шұбырып өтіп жолға айналған мұз бетіндегі жолға келді. Ақ тонды жігіт:

_ Ар жаққа өткен соң, өзен жағаламай қырдаңмен кет. Өзен жағасы күн жылынған соң езіліп батбақ болып кетеді,_ деді.

Бекбай өзеннен өткен соң қырдаңға шығып алып , өзенді өрледі де отырды. Бес-алты күннің алдындағы өзен бойындағы елден ешкім жоқ. Баяғыда көшіп жоқ болыпты. Бұл елді көктеулікке кеткен шығар деп Бекбай іштей межеледі. Күн көтерілген соң Бекбайдың қарны ашты. Жол шетіндегі құрғақ тақыршақ жерге отырып, қоржынындағы аттың пысқан етінген кішкене бір кесегін алып оразасын ашты, азырақ қар жеп шөлін қандырды. «Мұнда көп айналмайын , ертерек жер езілмей тұрғанда жолды ұтып алайын» деп өзіне өзі күбірледі . Сөйтті де орнынан тұрды. Қоржынын мойнына асып тағы жолға түсті. Қыстай жоғары-төмен ел шұбырған сығырдаң жол бірде өзен қабағына шығып адыр шетін кенерлесе, енді бірде өзен жағасына түсіп тал-теректер жиі өскен саздауытқа қатқан мұзды жағалайды. Тіпті кейбір өзен жағасындағы тақыр дөңдерде әлде кімдердің үш тасты ошақ етіп от жаққан жерлері жатыр. Бұлардың бірнеше күннің алдында ғана бір түнеп өткен елдің жұрты екенін Бекбай анық білді. «Тағы да қыстаулықтан көктеулікке көшкен елдің жол-жөнекей қонған жұрты ғой » деп ойлады . Күн түске таяғанда қар еріп , жыра-жыралардан сыздықтап аз-аздан су аға басталы . Көн етігі мойнына дейін шылқылдаған су болды . Бір тәуірі түс ауғанға дейін етігі қанша су болса да аяғына су өтпеді. «Сол күні Суайттың тілін алғаным қандай жақсы болған» деді күбірлей сөйлеп . Аяғына қарады , екі етігінің желкесі де аппақ сор болып, басы былбырап кеткен екен. Құлағына абақтыдан шығардағы Суайттың сөзі қайта естілгендей болды. Ол қоштасын тұрып :

_ Абақтыға жатқалы ауылыңнан хабар алып па едің?_ деп Суайт бетіне қадала қараған.

_ Жоқ,_ деген Бекбай.

_ Онда басыңа алда әлі қандай күндер туатынын сен білмеген екенсің. Қазір ел өрлі-қырлы ауып былығып кетті деп естігем. Ауылыңды таба алмай қалсаң, далада қаласың. Киім деген жалғыз адам үшін өте керек. Мә, мына етікті аяғыңа киіп ал,_ деп Суайт бас жағынан бір пар көне тоз көне етікті алып Бекбайға берген .

Осы бір пар етікті Бекбай ауырсына да ішігіне орап ала кеткен еді. Бірақ ол шақта Бекбай мұндай қаңғып қалармын деп ойламаған. Абақтыдан шыға салып ауылыма жетіп барамын деп ойлаған. Ақыры Суайттың айтқаны келді. Енді міне Суайттың берген етігі ат мінгізгеннен артық, сылбыраң жолда аяғына су өткізбей келеді. Осы ойдан соң Бекбайдың денесі ширап, екі аяғы жеңілдеп, мойнын басқан қоржынның салмағы да жеңілдеп қалғандай сезілді. Бағанағыдай емес, жүрісі тездеп кетті. Лезде алдыңғы жағынан көрінген қара тұмсықты айналды. Әр тұмсықты айналған сайын, алдынан ауыл шықса екен деп дәмеленді. Жетіп келгенде, көшіп кеткелі екі не үш күн болған иен жұртқа кез келеді. Осындай иен қаңырап жатқан жұрттан оншақтысын кезіктірді.

Күн түс ауып кіші бесінге таяғанда, тағы бір қыстау жұртқа келді. Қатарынан үш киіз үйдің жұрты жатыр. Жұртта аздап отын қалыпты. Оның үстіне жұрттардың айналасы қары кетіп құрғап қалыпты. «Осында дем алып, су қайнатып ішіп жолға шығайын» деп ойлады. Қоржынын тақыршаққа қойып, құрғақ отындарды жинастырды. Кішкене ақ шәугіммен су әкеліп, үш тастан ошақ жасап, шәугімді отқа қойды. Шәугім қайнағанша қоржындағы аттың пысқан етінен азырақ алып, қоржынның аузына турады. От жанған соң, қаңырап құлазып жатқан ескі жұртқа да көңілділік орнай бастады. Кенет Бекбайдың құлағына жылаған әйелдің дауысы ма, жоқ ән айтқан әйелдің дауысы ма, әйтеуір бір әйел дауысы естілгендей болды. Бекбай дереу орнынан тұрып айналасына көз тастады. Ештеңе көрінбейді. Адам көрінбеген сайын Бекбайдың көңіліне аздап қорқыныш ұялай бастады. Ол айналасына жалтақтап тұрып оттағы кішкене шәугімдегі судың қайнап кеткенін байқамай қалды. Тасыған шәйдің «бор» етіп отқа төгілген дауысымен дереу шәугімді жеңімен ұстап жерге түсірді. Бір тостаған ыстық суға бірнеше жапырақ етті айналасына жалтақтай отырып салып жей бастады. Дәл осы кезде жоғарғы жақтағы бір топ талдың арасынан бері қарай келе жатқан ақ шылауышты әйелді көрді. Арқасына көтерген бір нәрсесі бар сияқты. Бекбай қуанып кетті. «Жақын маңда ел бар екен ғой, шіркін-ау, мына кемпірден жол сұрап алатын болғанымды қара» деп саңғырлай сөйледі. Кемпір тұп-тура Бекбайға қарай түзу жүрді. Өлгіндегі дауыстың осы кемпірдің дауысы екенін Бекбай ол келмей жатып-ақ межеледі. Кемпір қасына таяғанша екі жапырақ ғана ет жеп, судың жартысын ішіп, оны тосып отырды. Кемпір қасына келгенде:

Амансыз ба, шеше? деп Бекбай орнынан тұрды. Кемпір:

Отыр балам, отыра ғой, тамағыңды іше бер, бар болса маған азырақ су берсең болды, деді.

Бекбай дереу тостағанына кішкене шәугімнің түбіндегі суды құйып кемпірге ұсынды. Кемпірдің тостағанға созған қолы қап-қара күс болып тілініп-тілініп тұр екен. Тілінген жерлері қызарып қанталап кетіпті. Кемпір тостағанды лып еткізіп алып, ыстық суды үш-ақ ұрттап тауысты. «Ойпыр-ай, мына кісі аштан өлгелі қалған екен ғой» деп ойлады Бекбай. Сөйтті де қоржынының аузын ашып, етті алып жатқанда кемпірдің жүзіне қарап еді, оның екі көзі қып-қызыл болып қанталап тұр екен, әжім айғыздаған жүзі қап-қара көмірдей тотығып кетті. Бекбайдың бүкіл назары енді мынау сырлы кемпірге ауды. «Жалғыз кемпір далада неге қаңғып жүр. Өлгі ертегілерде айтылатын жалмауыз осы болмасын» деген ой жүйкесін тырнай бастады. Алғашында қайыршы ғой деп ойлаған еді, кемпірдің кескіні мен қимылы Бекбайды тіксіндіріп тастады. Ештеңе сезбеген адамның кейпіне келіп:

- Шеше, ауылыңыз қайда? - деді Бекбай.

- Е, балам-ау, ауылым болса бүйтіп қаңғып жүремін бе, ауылды жау бір-ақ қырып кетті-ғой, ешкім тірі қалған жоқ. Неше күннің алдында осы арада Қойшыбайдың ауылы бар еді, көшіп кете қалыпты ғой. Сол ауылға қыдырғалы келгем.

- Енді қалай кетесіз?

- Енді ме, енді Шіңгілді өрлеп елге барам. Ал, өзің қайдан қаңғып жүрген баласың?

- Бәйтікке кетіп барам. Нағашыма жолаушылап барып ем, жолда атымнан айрылып қалып жаяу кетіп барамын.

- Е, - деді кемпір басын изеп, - мен отын әкелейін, сен су алып кел, шөліңді қандырып алып жолыңа аттан. Мына шәугімнің ауыз жарымайтын кішкене екен ғой.

Бекбай кемпірден тез құтылуға асықты. Кемпір шөмшек тере бастағанда, ол қабақ астындағы бастаудан су әкелуге жөнелді.

Бекбай су әкелгенде кемпір отты маздатып жағып жіберген екен. Бекбай шәугімжі отқа қойып, қоржынның ауызынан азырақ ет алып кемпірдің алдына қойды.

- Балам, азығың мол екен. Бәйтiк деген мына тұрған жер, екі-ақ күнде жетіп барасың. Егер атың бар болса бір-ақ күнде барушы едің. Ер жігітке екі күндік жер түк емес қой, - деді кемпір.

- Бәйтiкте елім бар ма, жоқ па алаңдап келемін, естуімше бір бөлім ел Боғдаға көшіп кетіпті.

- Ер адамға Боғда дегенде онша ұзақ жер емес қой.

Бекбайдың көңілінде “ Жайнаның үйі Боғдаға кетсе қайтіп жетемін» деген қорқыныш бар еді. Кемпірдің мына сөзі ол қорқынышын үмітке айналдырды.

- Боғда сонда жаяу адамға қанша күндік жол?

- Дені сау адамға жаз болса он күндік жол. Ал қыста он бес күндік жол ғой.

Кемпірдің жаз, қыс деп бөлгенін онша түсінген жоқ, қайталап сұрағысы келмеді. Оттағы су да қайнап кетті. Бекбай тостағанына су құйып жатып :

- Шеше, өзіңізде ыдыс жоқ па? - деді.

- Болымсыз бірдеңе бар еді, - деп кемпір артына бұрыла бергенде, оның шиге сүйеп қойған ескі қарала дорбасы құлап қалды. Кемпір дорбасын көтергенше, дорбаның ауызынан жалпақ пышақтың ұшы жарқ етіп көрінді. Кемпір теріс қарап дорбасына қолын тығып, үлкен ағаш саптаяқты алып еді, саптаяқтың түбіне бір нәрсе жабысып ілесе шықты. Кемпір жан дәрмен лып еткізіп оны дереу дорбасына салды. Арт жағынан үңіле қараған Бекбайдың көзіне әлде бір нәрсенің аяғы шалынып қалды. Жүрегі зу етіп тас төбесіне шықты. Бекбай қорыққанын білдірмеуге тырысты. Оттағы шәугімді алып, кемпірдің саптаяғына су құйып берді. Кемпір алдындағы етті саптаяғына салып, терлеп-тепшіп жеп жатыр. «Алла, Алла , мынау нақ жалмауыз кемпір екен» деп ойлады Бекбай. Ол осыны ойлаған сайын денесі бір ысып, бір суып, жүрегі дүпiлдеп соға бастады. Азырақ су ішті, ет жегенге көңілі қобалжып тәбеті тартпады. «Мына жалмауыз кемпірді тойғызып жолға салып құтылайын» деп ойлады.

- Жеп-ішіп алыңыз, елдің бәрі қыстаудан көшіп кетті ғой, бар болса әнеу адырда бар шығар, - деді Бекбай.

- Жоқ, балам, ел көктеулікке кеткен жоқ. Түгел жан-жаққа ауып кетті. Осы өзеннің бойында қыбыр еткен жан қалған жоқ. Үш күн болды, өзен бойынан өзіңнен басқа тірі пенде кездестірмедім. Қаңырап-қаңырап көшкен елдің жұрты жатыр.

- Ал, шеше, жолыңыз болсын ! - Бекбай Қоржынның ауызынан және бір кесек ет алып кемпірге берді, қараңғы түскенше жолды біраз ұтып алайын.

- Рахымет, балам, жолың болсын !

Бекбай жүген-ноқтасын шылбырымен шумақтап беліне буды да, қоржынын иығына салып жолына түсті. Ол едәуір өрлеп, өзеннің шығыс қабағындағы дөңге шығып, өзі су қайнатқан жердегі кемпірге көз тастап еді, ол әлі от басында сопайып отыр екен. Отты маздатып жағып қойыпты. «Мына жалмауыз кемпір соңымнан ілесіп келіп өлтіріп кете ме» деп қорыққанда Бекбайдың бойында жан қалмады. Оның әлгі от жаққан жерден әлі қозғалмағанын көріп, жүрегі сәл орнына түскендей болды. «Ей, көзге көрінгенді жегізген заман-ай» деп орнынан тұрды. Бекбай осыдан соң күн батқанша тоқтамай жүрді. Екі көзі қып-қызыл болып қанталаған әлгі кемпірдің сұрлы кескіні көз алдынан бір минутта кетпей қойды. Қайта-қайта биіктеу жерлерге шығып соңымда әлгі кемпір келе жатыр ма екен деп қарап қойып отырды. Ол үрейленіп қанша қарасада, әйтеуір кемпірдің бараны байқалмады. Күн батуға айналғанда оңтүстік жақтағы тар сайды өрлеп жатқан үлкен соқпақ жолға

жетіп келді. «Бәйтікке баратын жол осы екен ғой» деп Бекбай өзіне өзі қуана сөйледі. Жол аузында көп тұруға тақат қылмады. «Бәйтік қайдасың» деп жол сайды өрлей жөнелді. Сайдың іші көз көрім жерге дейін түзу жаттық екен. Осы жаттықты тауысып артына қайрылып қараған Бекбайға елбеңдеген ештеңе көрінбеген соң көңілі тіпті орнына түсті. Күн батып кеткенімен, әлі ақшам қараңғылығы түсе қоймаған еді, Бекбай тағы жолға түсті.

Адам баласы үшін өлім оншалықты қорқынышты нәрсе емес. Өйткені ес-ақылы жайындағы әрқандай адам өзінің қашан да бір өлетінін біледі. Мәселен оның қорқынышты болатын жері, өлімнің қалай болуына байланысты ғой. Адам баласы өлімді таңдап алмайды. Солайда тағдыр әркімге әртүрлі өлімді кез келтіретіні анық. Дәл осы шақ Бекбайдың құлағына, көз алдына аласа жаралған быртық Суайттың жалпылдап тез сөйлейтін шіңкілдек дауысы естілгендей болды. Суайттың кескінін көз алдынан кетіргісі келмей көзін жұмып сәл тұрды. «Шіркін ! Қасымда Суайт бар болса қандай жақсы болар еді» деді күбірлеп. Қарадай Суайтты көргісі, онымен кеңескісі келді. Бірақ Бекбай Суайтты сағына қалғанын мүлде сезген жоқ. «Суайт мені өтірік айтып абақтыдан шығарып жіберді ғой, бірақ өтірік айтып ажалдан құтылып қалуға болмас» деп ойлады Бекбай. Сөйтті де өз ойына өзі қайран қалды. Десе де, біздің геройымыз бұл жерде сәл жаңылыс кеткенін жасыра алмаймыз. Ол өзі өтіріктің кереметімен ажалдан қалып отырып, оны өзі мойындағысы келмей отыр.

Оқырман, есіңізде болар, Бекбай торы атын қасқыр жейтін күні шәй ішкен үйінен өтірік айтып қашып кетпеген болса, аты да, өзі де бұл дүниемен мәңгі қоштасары хақ еді. Өтірік айтып өлімнен қалу деген осыдан артық емес шығар. Десе де, өтірік бүкілдей қоғамға және адамдардың жеке басына өте пайдалы нәрсе екен деп қалмаңыздар. Өтіріктің адамдарды жоғарыдағыдай өлімнен алып қалатын жері де, көбінде адамдардың басын өлімге байлап беретін жері де бар.

Бекбай жүріп келеді. Өлім туралы ойлап келеді. Суайттың әлде кімдермен қар күреген шақта керкілдесіп :

- Ей, ақымақтар, атамыз қазақтың : «Шынға бергісіз өтірік, өтірікке бергісіз шындық бар» дегенін білмейсіздер ме? - деп айғайлағанын есіне алды.

Әрине, біреулердің өтіріктің кесірінен абыройы шашылып, халық алдында қадірі кетіп жатса, ал, енді біреулердің өтіріктің арқасында беделі биіктеп, абыройы көтеріліп жатады. Мұны қалай түсінуге болады?! Мәселе «өтірік» деп отырғанымыз өтірік пе, емес пе? Нас басқанда біздің осыны парықтай алмай отырғанымыз айдан анық.

Жүрген сайын Бекбайға мынау жол сайдың іші әрі жаттық, әрі жарық сияқты білінді. Ақшам жарығы сөнгеннен кейін де сай ішінің едәуір жері анық көрініп тұрды. Бекбай жүріп келеді, ойлап келеді, өйткені ой әлде кіммен кеңескен сияқты жолды қысқартуға едәуір пайдалы екен.

Мынау жол сайдың төменгі жағы тарлау болғанымен, өрлеген сайын іші кеңіп, екі жағындағы таулары да жаттықтап кетті. Бекбай іздеген сайын отын боларлық бұта-бүрген мүлде табылмады. Болмаса ықтасын боларлық жартас, болмаса үңгір сияқты ештеңе де кезікпеді. От жағып байпағын кептіріп алатын, отыны бар жерге жетуді армандап қараңғы түскен сайын шамасы келгенше тез жүрді.

Жүрген сайын сайдың екі бетінің қары азайып, беткейлер қарая бастады. Мынау қардың жұқарып, азайғаны оны «отынды жерге таяған шығармын» деген ойға келтірді. Үміттенген сайын тез жүрді. Алдыңғы жағынан баяу ескен ызғырықты да елеген жоқ. Екі етігі де қатып аяғын қыса бастады. Қырсық болғанда, ол жүрген сайын жер тақырланып, мүлде шырпысы жоқ тастақ адырға айнала бастады. Мына даңғыраған көне жолда аз күннің алдында ғана жүрген ат, түйе сияқты ірі қара малдардың ізі жатыр. Жан ұшырып қатты жүргендікі ме, жоқ, мынау сайды өрлегендікі ме, Бекбайдың аяғы сәл ауырлағандай болды. Жүрген сайын қара қырдаңдар көбейе бастады. Сайдың екі жағындағы беттерде, арлы-берлі шұбырған қойдың көне іздері аппақ қар бетінен анық көрініп жатыр. «Бұл жерлерді де мал қыстаған ғой» деп ойлады. Ол тоқтаусыз жарым күнге таяу жүргенде,

мынау даңғырап жатқан үлкен қан жолдан бірде-бір пенде кезікпеді. Татыртаң қара дөңкілге бұрылып, қоржынын жерге қойып аз дем алды. Иығы суып, бойы сәл тоңазығандай болғанда, қайта жолына түсті. Азырақ отыны бар ықтасын жер тауып танды атырмасам, өліп қаламын ғой» деп өзіне өзі күбірледі.

2

Бекбай тоқтаусыз жүрді. Жүрген сайын отыны бар жер кезікпеді. Сай іші бұрынғыдан сәл тарайып, іңір қараңғысы қоюлаған мезгілде, жол сайдың шығыс жағынан түскен тар жылғаның аузы кез болды. Жылғаның басы көрінбейді. Едәуір ұзақ секілді. Оның үстіне бұл жылғаны өрлеп-құлдаған көне іздерде көп екен. Ел қыстаған қора кезігер ме деп дәмеленді. «Не болса да осы жылғаны өрлеп, бір ықтасын жерге барып дем алайын» деп ойлады. Сөйтті де, қара-қара қырдан жерлерді қуып, жолдан бұрылған ізін қалдырмай жылғаның күнгей бетіне ілінді. Қара жерге ілінген соң, күнгейді жағалап жылғаны өрледі. Екі тұмсық айналғанда, күнгей жақта биік жартас бар екен. Жартастың түбі бір кезде ел отырған көңірік / көңірек - біраз малшылар қой түнеткен аз көңі бар қоныс / екен. Елдің ошақ етіп шәй қайнатқан үш тасы да анық көрініп жатыр. Жартастың түбіндегі кішкене үңгір көзіне түсті. Жүгіріп сонда келді. Үңгірдің ішіне үңіліп еді, дардай отындық томар жатыр екен. Мойнындағы қоржынын жартастың түбіне қойды. Беліндегі нокта-жүгенін шешіп тастады. Ішігі ауырлау сезілсе де «тер қатып қалмасын» деген оймен шешпеді. Әуелі жартас түбіндегі қары жоқ тақыршақ жерге үш тасты қойып, онан соң үңгір ішінде жатқан құрғақ томарларды алып шығып от жағуға кірісті. Жартас түбінде отарлаған малшылардан қалса керек, азырақ сиыр тезегі де бар екен. Бәрін жинап от жақты. Кішкене шәугімге қар салып ошаққа қойды. Жартас түбіне от жанған соң, Бекбай дәл бір ауыл үйге келгендей жадырап тынысы кеңи бастағанын сезді. Қар еріп су қайнағанша маңайынан шөмшек, тезек сияқты нәрселерді теріп жинай бастады. Су қайнаған соң ескі қоржынын қасына алып келіп, болымсыз үйілген көңнің үстіне қойды. Тостағанына су құйып, қоржынын ақтарып ет салған дорбаға қол салып еді, кішкене жалғыз кесек ет ғана қолына ілінді. Бекбайдың жүрегі зу ете түсті. Қоржыннан дорбаны суырып алды. Дорбада түк жоқ. Аздап еттің қоқымы ғана бар екен, жолда қырданда ет алып жегенде дорбасы толып тұрған сияқты болатын. «Бағанағы қақпас мені суға жіберіп жайлаған екен ғой» деді күңіреніп. Дорбада қалған жалғыз кішкене кесек еттің жартысын ғана жеп, қалғанын дорбаға қайта салып қойды. «Әттеген-ай, аштан өлгенім осы ғой, кемпірде нем бар еді. Өз жолыма кете бермей» деп көзінен аққан жасты сүртіп, бір сәт отқа телміре қарап отырып қалды. Екі көзі қып-қызыл болып қанталаған, бетін өрмекшінің торындай әжім айғыздаған, қап-қара кемпірдің қорқынышты кескіні көз алдына тағы елестей қалды. Саптаяқтың түбіне жабысып шығып салақтай қалған әлде бір нәрсенің тізесіне дейінгі бір аяғы, оны сасқалақтап дорбасына асығыс салған кемпірдің күс-күс болып тілінген қап-қара қолы көз алдынан шұбырып өтіп жатыр. Бекбай сиыр тезегінен бірнешеуін отқа тастап қойып, отқа жақындап отырды. «Рас, жалғыз қаңғып жүрген жалмауыз кемпір екен» деді күңгірлей сөйлеп. Бекбай бала күнінде жалғыз көзді, орсак тісті жалмауыз кемпір туралы ертектерді көп естіген болатын. Адамның сәбилік шағы қандай тәтті десеңізші ! Ауылдың қойшысының аузынан сол жалмауыз кемпір туралы ертектерді көздері ұйқыға барғанша естіп, қарадай үрейленетін. Тіпті кей күндері түнде түсінен шошып оянып үй ішінің мазасын алған кездері де болған. Енді нақ жалмауыздың өзін өз көзімен көріп отыр. Үнемі қойшы жігіт әңгімейтін жалмауыз кемпірдің айласы қиын көп еді. Рас, жалмауыз кемпірдің айласы көп, бүгін менің көп күнге жететін азығымды ұрлап алды. Тіпті маған сездірген де жоқ. Жалмауыздың дәл өзі. Мүмкін, түнде кезігіп қалсам, мені де бауыздап бірталай күнге азық ететін шығар. Бекбай өз ойынан өзі шошып кетті. «Жоқ, мен одан құтылып кеттім. Оған жеткізбеймін». Ол жүрегінің аздап дүпілдей бастағанын сезді. Мүмкін, сонау сәби шағында жүрегіне қорқыныш ұялатқан жалмауыз кемпір туралы ертегілердің үрейі бір заман ұмтылып кеткенімен, бүгін қайта жаңғырды. Сондықтан қорқып отырған шығар. Оттың жалыны

басылып, қызыл шоққа айналып, төңірекке түсірген жарығы әлсіреген сайын, әлгі қызыл көз кемпірдің сұрлы кескіні көз алдына елестей бастады. Орнынан тұрып ең соңғы жалғыз тал томар мен тезекті отқа салып қойып, төңірегіне сақтана көз тастады, айналасы түгел қоршалған тау, ай жарық болғанымен бетін шарбы бұлт басып, төңірек бұлыңғыр ғана көрінеді. Қарсы беттегі қарлы теріскейдің ортасындағы кішкене қара жартас түнде ерттеулі тұрған атқа ұқсайды екен. Қадала қарап едәуір тұрды. Мына жартас дәл өзінің әлгі қасқыр жарып кеткен тор атына ұқсайтын сияқты көрінді. «Адам сияқты ақыл-есі бар жануар еді ғой» деді күбірлеп. Сол екен, кеңісігі ашып көзінен еріксіз жас саулады. «Алдырар күні жаздырар». Сол күн атының шылбырын білегіне орап жатпағанына қатты өкінді. Қайта жүріп от басына келіп отырды. Өзінің тіршілік иқуатының әлі кем екендігін мойындап іштей қатты кейіді. «Түсте кемпірге кезігіп суға барғанда қоржынды ала жүрсем де болады ғой, көсенің ақылы есіне кейін түседі деген осы екен-ау» деді міңгірлеп. Көз алдына қызыл көз кемпір тағы елестеді. Оның көзінің қызылы қызыл болғанда бір түрлі қорқынышты күрең қызыл екен. Ал, екі қолының тілінген жерлерінің қанталаған қызылы да сол көзі сияқты күп-күрең қызыл.

Жалмауыз кемпір туралы ертегілерде көп айтылғанымен, нақ жалмауыз кемпірдің өмірде бар-жоғына Бекбай онша сене қоймайтын, бүгінгі кемпірдің кездесуі оны нақ жалмауыз кемпірдің өзіне жолыққандай күйге келтірді. «Шіркін, жарық дүние қандай қымбат, ойлап отырсаңыз, ең ұсақ жәндік құмырысқа мен шыбыннан тартып, тірлік атаулының ең құдіреттісі адамға дейінгілердің өміріне көз салсаң, бәрі де жарық дүние үшін, жарық дүниенің бір күнгі, тіпті бір сағаттық нұрлы да тәттілігі үшін тырбанады екен. Баяғы мен де соның бірімін. Әйтеуір аштан не басқа бір кесепаттан көз жұмып бақиға кетпесем, Жайнаны тірі көрер күн болса, осы тартқан жапа-машақатымның бәрі бір күнгідей болмас еді-ау, рас, әлгі қызыл көз кемпірді мен жалмауыз кемпір деп қарғанып отырмын. Мүмкін, иен далада жалғыз қалып, аштан өлетін болған соң, көзіне көрінгеннің етін жеп жүрген шығар. Ол да тірлік иесі адам ғой, мына жарық дүние басқа адам пенделеріне, күллі тірлік иелеріне қаншалық қымбат болса, оған да сондай қымбат болатыны хақ. Ей, бейшара, менен ұрлап алған еті тағы бірнеше күн мынау жарық дүниенің тірлік атаулы мәңгі қия алмайтын құдірет нұрын көруге нәсіп етер, мен аштан өлмеспін, ол қалайда ана ғой, етімді ұрлап алғаны да жөн болған екен». Бекбай ауыр ойдан есінеп аспанға қарады.

- Ойпыр-ау, өзі не ойлап кеттім, - деді күңгірлей сөйлеп. Осы шақ Бекбай өзінің сол қызыл көз кемпірге жаны аши қалғанын сезді. Томарлар мен тезек әбден жанып, қызыл шоқ ағарып күлге айналып барады екен. Орнынан тұрып аяқ-қолын созып, біраз бой жазған соң, отқа тағы бір-екі тезек салып қойды. Ай батып кетіпті. Бағанағы ат сияқты жартас қарсы бетте қап-қара болып түнеріп тұр. Көңіріктің бетіндегі күндізгі жылымық та еріп, енді қабыршақ мұзға айналған, тақыршақты сықырлата басып, көңірікті бір айналып шықты. «Не де болса да осы таңды ұйықтамай атырайын, күн ашық екен ғой, күн жылымық тартқанда қара күнгейдің біріне шығып көз іліндіріп алармын» деп ойлады. Екі аяғы аздап тоңазығанымен денесі онша тоңбаған екен. Көңірікті баяу аяндап тағы бір рет айналып шықты. Шалғайдан жылаған баланың дауысына ұқсайтын бір құстың шикылдаған дауысы естілді. Бекбай осы құстың дауысын бұрын бір рет естігені есіне келді. Онда Бекбайдың әке-шешесі тірі болатын. Күздің қар жаңа бір жауған кезі еді. Ауылдары Қалбаның батыс салмасындағы қара адырды қыстағалы көшіп барған. Мал қораланып үй ішіндегілер кешкі асқа отырған шақта, бейне жылаған баланың дауысы сияқты бір дауыс қайта-қайта жалықпай шақырған. Сонда Бекбай қорқып :

- Ойбай, бұл ненің дауысы? - деп үрейлене қалған. Бас жағында отырған Берікбол :

- Бұл кісі жейтін құстың дауысы, тыныш отырмасаң сені жейді, - деген. Шешесі күліп :

- Қойшы, Бекей әлі кішкене, қорқытпасаңшы, - деп Бекбайдың басынан сипаған, - ол байғыз деген құс. Оның дауысы осындай. Бұл бейшара таң атқанша зарлайды.

- Неге зарлайды, - деген Бекбайға шешесі күлімсірей қарап :

- Бұрын Сүлеймен деген патша болған екен. Ол күллі тіршілік иесінің тілін біліп бәріне ұқық жүргізіпті. Сол патша ерекше сұлу әйел алыпты. Әйелі не талап қойса, патша екі етпей орындайды екен. Күндердің бірінде әйелі патшаның қасына мұңайып келіпті.

- Не болды? - деп сұраған патшаға :

- Қазір, патша ағзам, сіз не істеймін десеңіз қолыңыздан келеді. Маған құстардың сүйегінен бір сарай салып беріңіз, - дейді.

Сүлеймен патша күллі дүниедегі құстарды түгел жиып :

- Сендерге қоятын екі сұрағым бар. Соны таба алмағандардың бәрінің басын аламын, тапқандарды қоя беремін, - дейді.

Патшаның екі сұрағына жауап бере алмай, құстар мұрындарынан тесіліп тізіле береді. Ең соңында түгендесе байғыз деген құс жоқ болып шығады. Сүлеймен патша дереу алып келуге шақырушы жібереді. Шақырушылар келгенде байғыз бір тастың үңгірінде жатыпты. Шақырушылар :

- Сені Сүлеймен патша шақырады, - дейді. Сонда байғыз басын әрең көтеріп :

- Байғыз деген құс едім, басым ауырып жатыр едім, - депті.

Шақырушылар оны дедектетіп патшаның алдына әкеліпті.

Патша байғызға :

- Екі сұрағым бар, жауап бере алмасаң, ана құстардың қатарына мұрныңды тесіп тіземін. Жауап берсең қоя беремін, - дейді.

- Мақұл, сұрағыңызды қабыл алармын, - дейді Байғыз.

- Бірінші сұрақ, - дейді патша нығызданып, - дүниеде өлі көп пе, тірі көп пе?

- Тақсыр, патша ағзам, байқасам тірілер мен өлілер тең екен. Егер күні бойы ұйықтайтын жалқауларды да өліге есептесем, тіріден өлі көп болады екен, - дейді Байғыз.

- Екінші сұрақ, - дейді патша орнынан тұрып, - дүниеде әйел көп пе, ер көп пе?

Байғыз басын иіп :

- Патша ағзам, байқасам дүниеде ер мен әйел тең екен . Егер әйелінің тіліне ерген ерді әйелге қоссам әйел көп болады екен, - дейді.

Осылайша, Сүлеймен патшаны жеңіп байғыздың тұмсығы тесілмей қалыпты дейді.

- Онда байғыз жылаған бала сияқты шырылдағанымен шешен құс екен ғой, - дейді Берікбол.

- Ойбой, балам, - деген шешесі күліп, - байғызды сүйгеніне опасыздық істеген бір қыз екен, ол өкініште қалыпты, сондықтан таң атқанша зарлайды дейді ғой.

Осы ойдың жетегінде Бекбай көзін жұмып, сол орында едәуір уақыт тұрды. Құлағына шешесінің қоңырлаған жағымды дауысы естілгендей болды. Көздерінен еріксіз жас саулады. Көзінің жасын сеңсең ішігінің жеңімен сүртіп, оттың қасына келді. От сөнуге аз қалыпты. Күлге айналып бара жатқан тезек шоғының солғын алауына екі алақанын қақтап азырақ жылынды. Қоржынын ашып, Қанағаттың әйелі мен Сартоғайдағы қонған үйінің әйелі берген бес тал құрттың кішкене біреуін алып, жайланып отырып пышақпен төртке бөлді. Төрт бөліктің біреуін аузына салып, қалған үш паршасын ішкі шапанының қалтасына салды. «Қалайда түн ортасы ауды, енді жолға шығайын» деді өзіне өзі. Сөйтті де жүген-ноқтаны шылбырымен шумақталған беті күндегісінше беліне буынып орнынан тұрды. Басын көтеріп аспанға қарады. Шарбы бұлттар ыдырап, жұлдыздар жайнап тұр. Қоржынын иығына салып жылғаны құлдап жолсайдағы үлкен жолға түсті. Жүріп келеді. Қыбыр еткен нәрсе көрінбейді. Түн болғанымен ала шарбы қардың жарығында жол ап-анық көрініп жатыр. Бұл жолмен жүргеніне қанша уақыт болғаны белгісіз, шуырған түйелі көштің ізі қарлауыт жерлерде ап-анық жосылып қалыпты. «Шіркін ! Осы елге жетсем Жайнаның үйінің дерегін білер едім» деп ойлады. Осы шақ көз алдына Жайнаның Ертіс бойында отын алып жүргендегі өзіне күлімсірей қараған сүйкімді кескіні елестеді. Оң жақ бұрымының төрт-бес талы күрең торғынмен тыстаған пұшпақ тымағының маңдайы астынан жібек сияқты судырап шығып, қысқы самалмен желбірей

қалған еді. Қайрыла ұзын жаралған қоп-қою қара кірпіктері дөп-дөңгелек бота көзін ерекше әдемі көрсетіп жіберген болатын. Әсем қыздың сұлу кескініне Бекбай мас болғанын білмей қалды. Еріксіз келіп Жайнаның қолынан ұстады. Оның кіп-кішкене саусақтары ып-ыстық екен. Махаббат сезімін ұяты жеңіп Жайна шегіншектеп еді, Бекбай өзін ұстай алмады. Жайнаны қапсыра құшақтап бетін бетіне басты. Сол шақ сәби баланың иісі тәрізді тамаша жағымды иіс мұрнына келіп ұрылған. Сол тәтті иіс тағы мұрнына келгендей болды. Бекбай Жайнамен кеңесіп келе жатқандай тәтті сезімге кенелді. Бойын керемет бір күш кернеп, жүрісі тездей түсті. Кенет көз алдындағы тәтті елес көзінен ғайып болды да кетті. Жартылай мұзға айналып жолға қатқан бір кесек қар аяғын қағып қалған екен, сүрініп кеткен ол жығылып қала жаздап барып оңалып алды. Әлгінде ғана Жайнамен әгімелескендей бойы жадырап талай жылдан бергі өзегін өртеген сағынышы аз болса да жеңілдеп қалғандай сезілді.

Басын көтеріп алдыңғы жағына қарады. Сайдың басы барған сайын кеңіп үлкен белге айналып кетеді екен. Сайдың басындағы жайбір белге таяп қалыпты. Жүрісін тездетіп белге шықты. Шығыстан құлан иектеп таң ағарып келеді екен. «Жолдың нақ беталысын таң әбден атып, жерге жарық түскенде бір-ақ мөлшерлеп алармын, қазірше көштің ізімен жүре берейін» деген ойға келді. Қоржынын жерге қойып аз дем алған соң, тағы жолға шықты. Таң әбден ағарып атып күн көтерілгенде, жол шығысқа қарай көлденеңдеп тағы бір жайбір белге шықты. Алды өте кең болмаса да едәуір көсілген құнан шаптырым жазық екен. Жазыққа көз салып едәуір тұрды. Жол жазықтың ортасынан кесіп өтетін сияқты. Кенет Бекбайдың көзіне сол жазықтың арғы жиегінде кетіп бара жатқан үш қарайған нәрсе түсті. Бір үлкендеуі алдында, ал екі кішкенесі артында кетіп бара жатқан сияқты. «Екі бұзау ерткен сиыр ма екен» деп ойлады. Не де болса соған жетуге асықты. Ішігінің екі етегін қайырып белбеуіне қыстырып алды да жүрісін тездетті. Түндегідей жер өр емес, жаттық болғандықтан, қанша шаршағанымен жүрісіне онша бөгет болған жоқ. Сол маңда ел бар шығар деп дәмеленді. Жазықтың қары жұқа екен.

Бекбай түйелі көштің ізімен суыт жүріп, жазықтың дәл ортасына келгенде, жолдың солтүстік жағынан жолға қосылған үш адамның ізіне келді. Қоржынын қойып үш ізді анықтады. Біреуі теріден шарық тартқан үлкен адам екен. Қалған екі із баланың ізі секілді кішкене іздер. Олардың кигендері етік екен. Табаны мен өкшесіне қағылған нәлдерінің ізі ап-анық көрініп жатыр. «Біреуден бірнеше жолдас болған жақсы ғой, осыларды қуып жетейін, екі бала қаншалық жүре алады» деп ойлады.

Бекбай сиыр түстік шағында жазықтан өтіп, алдындағы жатаған сары адырдың шетіне ілінді. Баланың бірі шаршап қалса керек, жолдың жағасындағы қары жоқ қырдаң жерге отырып дем алыпты. Ештеңе жемеген сияқты. Дем алған соң жүріп кетіпті. Бекбай қоржынын қара жерге қойып, жүргіншілер отырған жерге отырды. Таяғын қарға шаншып, тымағын таяғына кигізіп қойды. Асықпай отырып қоржынын ашып, қызыл көз кемпірдің ұрлығынан қалған жалғыз жапырақ етті алып, таңертеңгі оразасын ашты. Ет аузына балдай татыды. «Алдағы күнім қалай болады, ештеңе табылмай иен далада аштан өліп қалмайын» деп ойлады. Сөйтті де қолындағы еттің жартысын пышағымен кесіп алып қайта қоржынына салды. Қоржынның аузын түймелеп орнынан тұрды. Ирелелендеген көш жолы тастақ жаралған тау жолын бойлап адыр арасына сүңгіп кіріп жатыр.

3

Бекбай отырған жерінде, өткен түні бүгінге қалдырған жарты жапырақ еттің жартысын жеп, азырақ қаужанып қалды. Сиырдың бүйрегіндей бұйраланып жатқан мынау сары адырдың ала шарбы қары көктем жылымығымен еріп, жыра-жырғалардың бәрі көлкіген суға айналып кеткен еді, ол қоржынын жерден алып аз тұрды. Қолына қоржыны жеп-жеңіл болып кеткен сияқты білінді. Қоржыны ауыр болсын, жеңіл болсын, оның ішінде не бары Бекбайға айдан анық. Қоржынның түбіне жабысқан шөп-шалаңды қағып, иығына салды. Қоржынның бір басының ішінде екі рет шарқ етіп аяғына тартуға жететін торы аттың терісі, бір жұп көне киіз байпақ, Қанағат байдың әйелі

берген жейде-штаны бар. Ал тағы бір басында күнде су қайнатып ішіп жүрген, үлкендігі жұдырықтай ғана ақ шәугім, кетік ағаш тостаған, аттың пысқан етін салған жемқалта бар болатын. Енді бұл қалтаның түбінде бір шайнар ет, төрт тал қатты құрттан басқа ештеңе қалған жоқ. Қанағат байдың үйінен Сартоғайға бет алғанда, жемқалтадағы пысқан етті ең кемінде төрт күн азық етермін деп ойлаған еді, жол-жөнекей қаңғырған кемпірге кезігіп, еттің көбінен айрылды. «Осы төрт тал шағылдақ құрт мені қанша күнге апарады» деп ойлады. Кенет қасынан бір нәрсе сырт ете түскендей болды. Артына жалт қарады. Су орып жыраланған көне жолдың бет жағындағы қабақтан бір кесек еріген қар жыраға құлап түсіпті. Бекбай өзінің ой-ойлап тұрып қалғанын сезді. Алдындағы бараны көрінген жүргіншілерді қалайда қуып жетуге бел буды. Жолдың оңтүстік жағындағы қара қырданға шығып жолына түсті. Біраз жүрген соң алдындағы адырдың аласалау жерінен мұартып бір биік қара таудың төбесі көрінді. «Бәйтiктің тауы сол ғой, мына көрiнісiне қарағанда ертең қалайда жете алмасам да жақындап қалармын. Ұлы тау екен ғой, онда ел бар шығар» деп ойлады.

Бекбай тоқтамай жүріп келеді. Екі көзі белегірлерге шыға келгенде, қаңқиып анық көріне қалатын қара тауда. Ол «Жайнаның үйінің хабарын білер, өзек жалғап жанын сақтап қаларлық азық жардем етер ел табылар» деп бар үмітін сол тауға артып келеді. «Шіркін, Жайнаның үйі осы тауда бар болса екен» деді күбірлеп.

Ат тұяғы мұжып шұңқырлап кеткен топырақ жол шылқылдап лайсаң батпаққа айналып кетті. Бекбай көбінде жолды тастап, адырдың қары жоқ қырдақ қара жерлерін қуып, қара тауға қарай төте тартып келеді. Ол өте тез жүрген екен. Жолдың оңтүстік жағындағы қара қыратты қыраттап, сол қырат салмалап жатқан қара төбеге шыға келді. Төбенің асты болымсыз ғана тақыр жазық екен. Үш жүргінші сол жазықайдың ортасына енді ғана ілініпті. Бекбай төбеден жүгіріп түсті. Қары жоқ тақыр жазық дегдіп қалыпты. Бекбай аяғын жіті басып, жүргіншілерді жазықайдың шетіне іліне қуып жетті. Жүргіншілер Бекбайды әбден қастарына жақын келгенде бір-ақ көрді. Үшеуі қатар арттарына қайрылып қарады.

Үш жүргіншіні көргенде ауыл үйді көргендей қуанып тез жүргендіктен Бекбай азырақ алқынып кеткен еді.

- Ассалаумағалайқұм ! - деп Бекбай еңтіге сәлем берді.

- Уағалайқұм уассалам ! - екі баланың ортасындағы шоқша сақалды қара шал сәлем алды. Өздеріне тағы бір жүргіншінің қосылғанына бұлар да қуанып тұрған сияқты.

- Жә, азамат, бері таман кел, дем ала отырып жөн сұрасайық, - деп шал екі баланы жетелеп, қасындағы тақыршақ дөңге барып отырды. Бекбай да келіп шалдың алдынан қарсы қарап орын алды. Екі баланың да еріндері тілініп, өңдері қап-қара болып түтігіп кетіпті.

- Жә, азамат, қайдан келесің, қайда барасың? - деп шал басындағы тымағын қолына алып Бекбайға күлімсірей қарады.

- Сарсұмбеден келемін, - Бекбай жөнін айта бастады, - былтыр жазда нағашыма жәрдемдескелі кетсем, ауылым Шіңгілге ауып кетіпті. Шіңгілдегі ел Бәйтiкке кетті дейді. Тағы біреулер Боғдаға кетті ме екен деседі. Әйтеуір, ауылымды тапқалы қаңғып келемін.

- Бәйтiк деген мына алдымыздағы тау ғой, - шал Бәйтiк тауы жақты иегімен нұсқады, - Алла жол берсе, ертең-ақ Бәйтiктегі елдің шетіне ілінерміз. Әй, ол ел де жырғап отырған жоқ қой, - шал қолындағы тымағын сілкіп басына киді.

- Сонда өздеріңіз де осы Бәйтiктегі елге келе жатырсыздар ма? - деді Бекбай.

- Е, қарағым-ай, Бәйтiкке келе жатсақ жеттік емес пе, біз сорлы анау Боғда деген тауға кетіп барамыз ғой. Мінеу қарғадай екі баланы жеткізе аламын ба, алмаймын ба, білмеймін. Азығымыз да жоқ. Бәйтiкте ел болса, талшық қылатын бірдеңе табылар деп үміттеніп келемін.

- Сонда, ақсақал, Боғда қанша күндік жер?

- Қанша күндігін сұрайсың, - шал мұңайынқы кескінмен шоқша сақалын сылап қойды, - атты кісіге алыс емес. Ат мықты болса үш-ақ күнде-ақ ел шетіне ілініп кетеді. Біз сияқты жаяу-жалпылы, бала-шаға жетелеген адамға жердің түбі ғой. Қанша күнде ел шетіне ілінуді құдай ғана біледі.

Шалдың дауысы Бекбайдың құлағына жылап отырған адамның дауысы сияқты дірілденкі әрі мұңлы естілді. «Жайнаның үйі Боғдаға көшіп кетсе, осылармен еріп кетермін» деп ойлады Бекбай ішінен.

Бекбайдың көзіне шалдың жүзінен өмірден күдер үзіп қатты торыққан адамның белгісі көрініп тұрғандай байқалды. Мынау екі кішкене бала да қатты қиналса керек, болдырып әбден діңкелеп қалған екен. Көздері шүңірейіп, екі ұрттары ішіне кіріп әбден арықтапты.

- Бүгін қайдан шықтыңыздар? - деді Бекбай.

- Әнеу адырдың ішінде, - деп шал иегімен келген жағындағы қара адырды нұсқай сөйледі, - бір көң қора бар еді, түнде сонда келіп от жағып, таңды сонда атырдық. Әйтеуір боранға ілікпей келе жатырмыз ғой.

- Бүгін ел шетіне ілінге алмайтын сияқтымыз ғой, - деді Бекбай орнынан сәл қозғалып, - ерте жарықта отын бар жер тауып, байпағымызды кептіріп алайық, мына балалар да шаршап қалған екен.

- Әнеу қара адырдан асқанда бір ой бар, сонда бұрын сексеуіл болушы еді, күн батпай сонда жетіп алайық, - деп шал таяғына сүйеніп орнынан тұрды.

Қанша шаршағанымен баланың аты бала ғой, екі бала дем ала қалған сияқты, орындарынан лып-лып етіп тұрып, шалдың соңынан томпаңдай жөнелді.

Бекбайды аштық бір діңкелетсе, ұйқы тағы мендетіп, бүгін едәуір босандап қалған еді. Мыналарға кезіккен соң бойына қайта қайрат біте бастағанын сезді. Мынау шал мен екі бала да мандыған азық жоғын олардың көтеріншегінен-ақ білді. «Бұл сорлылар да мен сияқты ашығып әрең келе жатыр екен ғой» деп ойлады.

Төрт жүргінші осылайша кіші бесінге дейін тоқтаусыз жүрді. Адам не малдан ештеңе көрінбейді. Жүрген сайын жердің қары азайып, жыра-жыраларда ғана қалды.

Шалдың айтқаны дұрыс екен. Күн батуға таяғанда бұлар көсіліп жатқан үлкен сары ойдың шетіне ілінді. Жыралардың қабағында аздап кума-кума сексеуіл бар екен.

- Осы жыралардың тереңірек бір жеріне дем алып от жағайық, су қайнатып көрейік, - деді шал.

- Қолайлы жерді белгілеңіз, мен отын жиып от жағайын, - деді Бекбай.

- Әнеу кішкене төбешікке таман барайық, сексеуілдің қуын тере жүріндер, - деп шал жазықтың шетіндегі аласа төбеге қарай тартты. Бекбай жолындағы сарбалақтың жуантық томарларын бір етегіне жинай жүріп еді, екі бала да ұсақ томарларды етектеріне жиып Бекбайға ілесті. Алыстан жалғыз төбешік сияқты көрінген қара төбешік шығыс оңтүстікке қарай созылған шағын қыратша екен. Шал төбешіктің шығыс жақ бауырын айналып жоқ болып кетті. Аздан соң екі баланы ертіп Бекбай да жетті. Қыратшаның орта шенінде кішкене қобы бар болып, қобының аузында бір қора қойдың орнындай шұқыр қойнау бар екен. Шал сонда келіп, мойнындағы қоржын-қолаңын қойып, қу теріскеннің шөмшегін жинап жүріпті. Бағзы заманда бір жүргіншілер шәй қайнатып ішсе керек, ортасына от жағып шәугім асқан үш тас сояуланған қара жусанның арасынан анық көрініп жатыр. Бекбай етегіндегі сексеуілдің томарларын сол үш тастың қасына әкеліп тастап, мойнындағы қоржынын жерге қойды. Екі бала да етектеріндегі томарларын тастап, жусан исі бұрқыраған қағыр жерге шалқаларынан жата кетті.

Бекбай үш тастың арасындағы сабалақ жусанды аяғымен таптап, сексеуілдің қу шөмшегін ұсақтап от жаққалы жатыр еді, қасына шал келді.

- Астына мына теріскеннің қуын сал, тез тұтанады, - деді.

Бекбай шалдың қолындағы ұсақ қу шөмшекті алып, үш тастың арасына салған соң, ішкі қалтасынан тас шақпағын алып, ақ тасқа ұрып тұтандырып отты лезде лап еткізді. Екі бала қуанып бастарын көтерді.

- Кеше көп жағаласып отты әрең жағып едік, мына кісі пәле екен, тез жағып жіберді ғой, - деді баланың үлкенірегі қуана сөйлеп.

- Кеше құрғақ отын жоқ болып, әуреге салды емес пе, - деп шал жақтырмаған раймен балаға көзінің қырымен қарап қойды.

От жанған соң, мынау құлан даланың бір түкпіріндегі шұңқырда тіршілік қимылы басталды. Шал қоржынындағы кішкене тоғаны алып, жырадан қар әкеліп отқа қойды. Бекбай да кішкене шәугіміне қар салып оттың бір шетіне қойды. От қызып су қайнаған соң, от басына көңілділік орнады.

- Бізде мандыған азық жоқ, - деп шал қоржынының бір түкпірінен ұзындығы бір қарыстан ұзындау қазыны алып шықты, - бар болғаны осы. Неше күннен бері осымен өзек жалғап келеміз.

Шал Бекбайда азық бар шығар деп дәметсе керек, қолындағы қазыдан сары кездігімен жұқалап үш дөңгелек кесті. Онан соң сенде не бар дегендей Бекбайға қарады.

- Мен де қып-қызыл аш келе жатқан сорлымын, - деп Бекбай дорбасындағы түстен қалған жарты жапырақ етін алып шығып шалдың алдына қойды, - енді төрт тал құртым бар. Ол түгесе қайтерімді білмеймін.

Шал Бекбайдың бетіне бір, өзінің алдында тұрған үш жапырақ қазы мен жылқының жарты кесек етіне бір қарап аз отырды.

- Сенде бірдеңе бар екен десем, сен байқұста құрып келеді екенсің ғой, - деп үш жапырақ қазының бірін Бекбайға ұсынды.

- Балаларыңызға беріңіз, - деп Бекбай қолын созбады.

- Ал, - деп Бекбайдың тартынғанына қарамай бір жапырақ қазыны оның алақанына зорлап салды. Қалған екі жапырақты екі балаға берді. Жарты кесек етті өткір пышағымен тең төртке бөліп, үшеуін екі бала мен Бекбайға ұстатып, бірін өзі жеді. Бір жапырақ қазы, бір шайнам ет ыстық сумен қосылып Бекбайды едәуір қауғандырып тастады. Балалар да өзек жалғап жандана қалғандай болды.

- Жә, балалар, - деді шал орнынан көтеріліп, - отқа томарды көбірек салып қойыңдар, шок түскен соң байпақтарыңды кептіріп алыңдар.

Шал орнынан тұрып қолына босаған тоғаны алмақшы болып еді, Бекбай орнынан лып етіп ұшып тұрып тоғаны қолына алды :

- Ақсақал, сіз қозғалмаңыз, қарды мен әкелейін.

Шал үнсіз қайта орнына отырды. Бекбай жүгіріп барып теріскейдегі аласа жартастың түбіндегі қардан бір тоға қар алып келіп отқа қойды. Екі бала шалдың нұсқауымен аяқтарындағы шылқа су болған киіз байпақтарын отқа жақындатып жайып қойды да, аяқтарын ішіктерінің етектеріне орап бүрсііп-бүрсііп отыра қалды.

- Жә, ақсақал, - деді Бекбай аяғын отқа жайып жатып, - «адамның басы Алланың добы» деген осы екен ғой, бүгін ойда-жоқта өздеріңізге кез болдым. Үйімді таба аламын ба, жоқ па, оны білмеймін. Сіздерге кезіккен соң едәуір көңілденіп, сергіп қалдым.

- Е, қарағым жалғыздықтан қиын нәрсе жоқ, мынау екеуі бала болса да бір-бірімізге ес болып келеміз ғой, енді міне жақсы болғанда сен қосылдың, - шал Бекбайдың бетінен көзін бұрып, отқа қадала қарап сөйледі, - қанша су ішеріміз бар, оны бір Алла біледі. Мынау Қарамайлыға қарай еңкейсек сылбыраңнан да құтыламыз ғой, қоян сияқты бір нәрсе кезіксе ұстап жерміз.

- Сонда, ақсақал, өз атыңыз кім? - деді Бекбай шалға қарап.

- Ұйбай-ау, екеуіміз жөн сұрасқанды ұмытыппыз-ау, - шал Бекбайға күлімсірей қарап, алдына құлап түскен сексеуіл томарын оттың үстіне қарай сырыстырып қойды, - менің молла азан шақырып

қойған атым Қапар екен. Шешем жарықтық еркелетіп Қапи атандырып жіберіпті. Ал мына екі бала өзімнен кейінгі үшінші інімнің балалары. Өзімнен кейінгі інім Жапар деген біз Алтайға ауғанда, қайнатасы екеуі әскердің атын бағып Шонжы жерінде қалған еді, мыналардың әкесі Сапар деген інім әйелімен қыста қайтыс болған. Кемпірім бала көрмеген кісі еді, соған сай қару-қайраты да мығым адам болатын. Мына екі бала мен мен үшін аз ғана азықтан аузына салмаған беті, жалынғанымызға да көнбей көпе-көрнеу аштан өлді. Енді отыра берсек туыс-туғанымыз жоқ, түгел қырылып қалатын сияқтымыз. Сол кемпіріміздің өсиеті бойынша мына екеуін Жапарға жеткізейін деп кетіп барам. Мори, Шонжы деген көп жыл мекендеген өз жеріміз ғой.

Қапи шалдың әңгімесі осы жерге келгенде, екі бала бір-біріне сүйеніп шұрылдап ұйықтап кетті. Қапи баяу түрегеліп қоржын-қоланын екі баланың арт жағына сүйеніш етіп қойып, отқа тағы бір томар салған соң орнына келіп отырды.

- От жанып тұрса тоңа қалмас, - Қапи шал оң қолының алақанымен бет-аузын уқалап аз отырды, - Алла жол берсе, пәле-қазадан аман болсақ, әйтеу, бір жетерміз. Күн де жылынып қалды ғой.

«Күн де жылынып қалды ғой» деген сөз Бекбайға едәуір әсер етті. Кеше өзі түнеген жерде күнгейдің қары кеткенімен, теріскейдің қары сол беті сіресіп жатыр еді, ал мына жерде мандыған қар қалмапты. Жыра-жырадан сусындық қар әрең табылатындай екен. Кеше түнгі бетіне ұрылған аяз бұл арада жоқ секілді. Күн түн болса да көктем тынысы білініп, маңайынан жағымды қоңыржай леп келіп бетіне тиіп тұрғандай сезінді.

- Кеше түні оттың қасында қошақтап отырып таңды әрең сыздырып едім, бүгін күн жылы сияқты ғой, - деді Бекбай Қапи шалға бұрылып .

- Ой, қарағым-ау, ол анау Армантының белі биік жер емес пе, ал мынау оған қарағанда ой жер ғой, - Қапи шал алдында жатқан жуантық сексеуілімен отты қағыстырып қойды, - Алла амандық берсе, ертең әуелі бүтіндей қара жерге шығып кетеміз. Биыл қар ерекше қалың жауғандықтан мына жерлерде қар жатыр ғой, бұрын бұл уақытта мұнда қар қалмайтын болса керек...

Қапидың әңгімесін тындап отырып, Бекбай қалғып кетті.

- Әй, Бекбай, - деп Қапи Бекбайды иығынан тартып оятты, - ұйқың қатты келген екен. Түнде ұйықтай алмаған болуың керек. Ұйықтап ал, мен балаларға күзетші болайын, күйіп қалмасын. Бекбай екі тізесін отқа қақтап, қоржынын басына жастанып ұйқыға кетті.

Бекбай дүрс ете түскен дауыстан оянып, басын көтерді. Қапи шал жуандау бір сексеуілдің томарын от басына тастай салған екен.

- Ұйқың қанды ма? - деді Қапи саңғырлай сөйлеп.

- Айтпаңыз, ұйқым қанып, ересен сергіп қалыппын, - Бекбай орнынан тұрып, айналаға көз салды, - по, шіркін, бүгін де күн ашық екен ғой.

- Бұл да болса біз мүсәпірлерге жасаған Алла тағаланың қамқорлығы шығар, - деп Қапи екі ыдыстағы қайнай бастаған суды оттан кейін тартып қойды.

Екі бала әлі пырылдап ұйқыда жатыр. Шығыстағы биік қара қыраттың оңтүстік жағындағы кетіктен сап-сары алтын тегенедей дөңгеленіп күн көтеріліп келеді. Бекбай ары-бері жүріп, керіліп-созылып бойының құрыс-тырысын жазды. «Күн өте әдемі шықты ғой, бізге Алладан бір жақсылық болар» деп ойлады. Сөйтті де анадайтын төбешіктің теріскейіндегі аласа жартастың түбіндегі қарға барып беті-қолын жуды. Қардың еңіс жағы еріп ағып жатыр екен. Үлкен бір кесек сығырдаң қарды опырып алып, жатқан жерге келді. Қапи екі баланың ұйқысын қимай отыр еді.

- Балаларыңызды оятыңыз. Беттерін жусын, - деп Бекбай қолындағы қарды жалпақ тастың үстіне қойды.

Бекбайдың дауысымен екі бала бастарын көтерді. Даланың салқын ауасы оларды тез сергітіп жіберді. Құп-құрғақ болып кеуіп тұрған байпақтарын киіп, беттерін жуды.

- Анау, - деп Қапи шал Бекбайға үлкенірек баланы нұсқай сөйледі, - биыл он екі жасқа шықты. Аты Мұхаммет, ал, мына жұқа сарының аты Мұстапа.

- Аттары өте жақсы екен, - деп Бекбай күліп, ең соңғы пайғамбардың атын қойыпсыздар. Әулиелердің атын қойған соң бұлар да осал болмас.

Қапи шал мойнындағы қалтасынан әлгі қазының кертпегін алып шығып, екі балаға жұқалау екі дөңгелек кесіп берді. Өзі қағаздай жұқа бір тіліп аузына салды. Ал Бекбай төрт құртының бірін алып асықпай кездігімен төртке бөлді. Екеуін екі балаға, бірін шалдың қолына салып, бірін өзі аузына салды. Үлкендігі ешкінің асығына таяудан тиген құрт төрт жүргіншіні едәуір қауғандырып тастады. Бір-бір шыныдан ыстық су ішкен соң, бұлар Қапи шалдың соңынан шуап Бәйтiк тауынан бергі аласа ойға қарай еңкейді. Бір тәуірі, бұлар жүрген сайын қағырлап дегди бастаған құрғақ жерге іліне берді. Анау Бәйтiктің ала шарбы қар жапқан бөктеріне дейін көсіліп жатқан сары ойда түске дейін жүріп, бесін ауа қуму-қума қары бар тобылғылы ағынға келді. Төңіректеріне мал не адам сияқты қыбыр еткен нәрсе көрінбейді.

- Мынау жерге біраз дем алайық, - деп Қапи шал жусан, бетегесі тақырланған дөңге отыра кетті. Екі бала мен Бекбай да келіп отырды. Кенет арт жағына / оңтүстік / елендей қараған кішкене Мұстапа :

- Ата, біреу келе жатыр. Атты кісі, - деді қуанып. Бәрі тегіс Мұстапа көрсеткен жаққа қарады. Расында баран атқа мінген бір адам бұлардың оңтүстік жағындағы ағардың ар жағындағы дөңнен бері қарай түсіп келеді екен. Қапи шал тақат қыла алмай орнынан тұрды :

- Басқа бір жаққа бұрылып кетпесін, жүгіріңдер, мына дөңге шығып, дыбыс беріп тілдесейік, - Қапи дөңге қарай жүрді. Бұлар дөңге шыққанда атты жүргінші екі арадағы ағардан өтіп осы дөңге қарай қайқайып келе жатыр еді.

Бекбай жүргіншіні жақындағанда байқады. Оның астындағы аты тың болғанымен, үстіндегі киімі едәуір жұтаң екен. Ол алдындағы дөңде үркердей болып тұра қалған төртеудің қасына лезде жетіп келді.

- Ассалаумағалайкүм ! - деп Қапи шалға атынан түсіп қол беріп амандасты.

Жасы отызды аралаған, қыр мұрынды, көк көз сары жігіт екен.

- Қайдан келесіздер? - деді таңқалыңқы кескінмен.

- Қайдан дерің барма қарағым, Алтайдан қаңғып келеміз, - Қапи шал оң қолының жеңімен жасаураған көзін сүртіп қойды, - шынымызды айтсақ, қып-қызыл ашпыз. Бұл маңда су-суан ішетін ел бірдеңе бар ма?

- Бері қарай жүріңдер, - деп атты жүргінші атын жаяу жетелеп жыраға қарай түсті. Дәл қастарында біреу аңдып тұрғандай маңайға көз салды, - ұзақтан келе жатыр екенсіздер, бұл маңда мандыған ел жоқ. Анау тау бөктерінде үш ауыл бар, бәрі қосылғанда он үйге толмайды. Бірақ оларды Ұластайдағы әскерлер күзет қойып, тырп еткізбей аңдып отыр. Сол ауылдардан бірқанша адам әскердің қолында қамауда жатыр. Алыстап осы маңға келіп малдарын төлдетуге де жібермеді. Аз ғана малдарын сары қарға төлдетіп жатыр ғой.

- Сонда, біз ол елге бара алмаймыз ба? - деп Бекбай асыға сұрау тастады.

- Сендерді неғып жүрген адамдар дейміз, әскерлер арлы-берлі жүрген некен-саяқ адамдарды ұстап, тексеріп әурелеп тұр. Оның үстіне, - деп атының шылбырын білегіне орап аз тұрды, - мұндағы елдерде сіздерге жәрдем ете қоярлық ештеңе жоқ. Қалт-құлт етіп жандарын әрең бағып отыр.

Бекбай сөздің аяғын тоса алмады. Алдына қарай бір адым жылжып, оған жақындап келіп :

- Сол оншақты үйдің ішінде Жақай дегеннің үйі барын білдіңіз бе? - деді.

Әлгі жігіт білегіндеі атының шылбырын қолына алып :

- Жақай сенің неменең еді? - деді.

- Жақай менің туған ағам, шешемнің аты Мәрия, - деп Бекбай асыға сөйледі, - оларды білесіз бе?

- Қыстай бізбен көрші отырған еді, екінші айдың аяғында Боғда жеріне көшіп кетті.

Бекбай өзегіне бір кесек мұз түсіп кеткендей көкірегінің мұздап кеткенін сезді. Екі көзі жасаурап кеберсіген жусанды беткейге сылқ етіп отыра кетті.

- Үмітінді үзбе, - деп көк көз жігіт Бекбайдың оң жақ қасына келіп отырды, - қыршын жігіт екенсің, Алла жол берсе аз күнде жетіп барасың.

Мынау сөз Бекбайға еләуір қуат бергендей болды. Айтарға болмаса Қапи шал да дағдарып қалды. «Бәйгікте Бекбайдың туыстары болса, жәрдем көрсетер» деп келе жатыр еді, енді ол үміті бүкілдей үзілді.

Қапи Бекбайдың сол жағына келіп отырды. Көктемнің желі ұрғылап жасаураған көзін алақанымен сүртіп :

- Бекбайдың ауылы осында болса, септігі тиер деп келе жатыр едім. Бұл қиын болды ғой, - Қапидың дауысы шіңкілдей қатты шықты, - азық тақа таусылды. Не қолымызда қару да жоқ. Мылтық болса аң атып жесек те өлмейміз ғой.

- Сіздерге қиын болған екен, - көк көз жігіт Қапи шалға қарап сөйледі - мен ауылдың малшысымын, ондағы әскерлерді танимын. Сіздер мына алдағы белден аспай, әнеу қара шоқының батыс жағына қапталдасандар бір терең жылға бар, сонда жата тұрыңдар. Мен сіздерге елден азық жинап жеткізіп берейін.

Қапи шал қуанғанынан орнынан ұшып тұрды :

- Әй, қарағым-ай, жақсылығың бізден қайтпаса құдайдан қайтар, - деп көк көз жігіттің білегінен ұстады.

- Бұл ел де ашығып әрең отыр, десе де ел ғой, бірдеңе табылар, - деп көк көз атына мініп жүруге оңтайланды.

- Сонда, қарағым, қашанға дейін орала аласың? - деді Қапи.

- Алла жөнін келтірсе, ертең таңертең сіздерді табамын. Әутеу биік шоқыға шығып албаты бой көрсетпеңіздер, - деп көк көз атына қамшы басып тақыр дөңнен аса жөнелді.

- Жә, Бекбай, - деді Қапи шал, - әлгі жігітті бізге құдай кез қылған екен. Соның көрсеткен жылғасына барып су-суан ішіп дем алайық.

- «Өлмегенге өлі балық жолығады» деп шешем марқұм айтушы еді, - деді Бекбай қуанышын жасырмай, - тым болмағанда өлген малдың жемтігі де кезікпей келе жатқанда мынау көрім болды ғой.

Төрт жүргінші оңтүстікке қарай быдырмақ қара адырды бөктерлеп жадағай үш қобыдан өткен соң, аузы батысқа қараған кішкене тар жылғаға жетіп келді. Теріскейінде азырақ қар қалыпты. Күнгеінде кісі бойындай аласа қара жартас бар екен. Олар жартастың түбіндегі тегіс жерге жетіп келіп мойындарындағы қоржындарын жерге қойып, үш тас әкеліп, от жағып қар ерітуге кірісті. Әлгі көк көз жігіт азық әкелемін дегенге қуанып кетті ме, жоқ бүгін ұзақ жүрмей бойдарын алдырмады ма, екі бала тың еді. Бекбай от жаққанша екеуі екі жақтан жүтіріп сарбалақтың томарын жиыстыра бастады. От жаққан соң, адамдардың алақаны жылынып, от басына жағымды көңілділік орнай бастады. Қар ерітіп, су қайнатып, қалталарындағы азын –аулақты дәмдерін қаужанып, таңды атыру үшін ұзын сонар кеңеске түсті.

- Қапеке, осы барған сайын жер бетінде қар қалмауға айналып бара жатыр. Алда жоқ болып қалса қайтер екеміз? - Бекбай көңіліндегі күдікті ақтарды.

- Ертең-ақ қары жоқ тақыр далаға өтіп кетеміз. Суы бар жерлерді қуып жүреміз ғой, - Қапи шал сәл қабағын түйіп ойланды, - кейбір сулардың арасы біз сияқты жаяуларға алыс. Ыдыстарға су құйып алып жүрерміз. Мынау далалан болмаса елден қалған жаман-жұтық түйеде кезікпей қойды.

- Елдің қорасындағы малды ұрлап тоқтатпай жатқанда, далада қайдан түйе жүрсін?! - деді Бекбай күліп.

- Нағашыңнан жаяу келесің бе? - деп Қапи Бекбайдың жүзіне қадала қарады.

- Оны айтпаңыз, - Бекбай өзіне өзі кейіп сөйледі: - Астымда зулап тұрған семіз атым бар еді, Бұлғынның аузындағы ел сойып тастауға аз қалды. Ашығып әрең отыр екен, өтірік айтып қашып кетіп, адыр арасына жатып едім, көзім ілініп кеткенде қасқыр жарып кетті. Бәрі де өзімнің осалдығымнан болды.

- Па, недеген оқыс болған, шылбырын тақымыңа басып жатпаймысың, - Қапи дәл өз атын қасқыр жарып кеткендей кейіді, - бұл да болса бұрын сыртта жүрмегендігің ғой, егер ол атың бар болса Боғдаға үш қонып жетіп алатын едің. Енді өкінгенмен бәрі бір орны толмайды.

4

Қапи мен Бекбай әңгімелесіп түн ортасы ауғанша от жағып отырды. Азықтары тақа таусылуға айналды. Екеуі де кешегі жігіттен үміттенулі әрі күмәнданулы еді.

- Бекбай, сен азырақ көз іліп ал, мен отырайын, - деп Қапи орнынан тұрды. Осылайша Қапи мен Бекбай кезек-кезек ұйықтап, кезек-кезек от жағып қалған таңды әрең атырды.

Бекбай таң әбден ағарып атқанда басын көтерді, Қапи шал жылғаның аузынан өрлеп сарбалақтың томарын сүйретіп келеді екен. Мұхамет пен Мұстапа төбелерін бір-біріне тигізіп, ішіктерінің жеңін құшынған беті пырылдап ұйқыда жатыр. Бекбай сіресіп қалған аяқ-қолын созып орнында едәуір отырды. Жамбасынан онша сыз өтпепті. Екі сәбиге жаны ашыды. «Жетім байқұстар аштық пен суыққа әбден үйреніп кетті ғой» деп ойлады. Кеше кеште байқамапты, аласа жартастың түбі бұрын мал түнеген көне көңірік екен. Жамбасынан сыз өтпегенінің сырын енді білді. Түп-түп қара жусанның түбінде қойдың әппақ болып қуарған құмалағы үйіліп жатыр. Бүгін де күн шайдай ашық екен. Бекбай беттегі сүрі қардан қар әкеліп ыдыстарды отқа қойғанда, сарбалақтың томарын көтеріп Қапи шал да жетті. Ол құшағындағы томарларды жерге тастап, кішілеу екеуін отқа салды.

- Бұл маң ел қыстаған жер емес екен, - Қапи оттың шетіндегі шала жанған шалаларды сырыстырып сөйледі, - күзде ғана біраз уақыт мал жайылған сияқты. Ел қыстаған жер болса, сүйек-саяқ бірдеңе болса да табылушы еді.

Бекбай Қапидың отын үшін емес, кеңірдекке талшық қыларлық бір нәрсе іздеп қаңғып келгенін енді білді.

- Мен кешегі жігіттен бірдеңе дәмепіп тұрғам жоқ, - деді Бекбай, қары ери бастаған кішкене шәугімді шоққа қарай итеріп жатып, - көзінің қарасы ойнақшып тоқтамайтын адам екен, одан жақсылық күтуге болмас.

- Ой, өзің қиынсың ғой, мен де ішімді тартып қалып едім. Бірақ саған айтпаған едім. Екеуміздің ойымыз бір жерден шықты, - Қапи Бекбайға қадала қарады, - сен жас баласың ғой, көзінің қарашығына дейін сәп-салғаныңды қарашы, жарайсың.

- Мен, - деп Бекбай әлі ұйқыда жатқан екі балаға қарап қойды, - жыбырлап ақырын сөйлеген жылбысқа адамнан қорқамын. Одан қалса басын көтермей дұғдиып үндемей жүретін адамнан қорқамын. Өйткені ол адамның сырын оңай білмейсің, ол баяғы үндемей келіп қабатын ит сияқты, байқатпай бір-ақ күнде ала түседі.

- Ой, Бекбай-ау, өзің білінбей отырып тәп-тәуір сыншысың ғой, - Қапи қарқылдап күлді, - жә, сыншы болсаң, маған бір баға айтшы.

- Ойбай-ау, Қапи аға, мен сыншы емеспін, әншейін көңіліме бүккен нәрсені зерігіп отырған соң айта салғаным ғой, - деді Бекбай сасқалақтап.

- Қандай кейіптегі адамның харектірінің қандай болатынын айтып отырған кісі неге сыншы болмасын.

- Ақыры сіз сыншыға айналдырып алдыңыз ғой, артық-кем болса ренжімеңіз, - деп Бекбай Қапидың жүзіне жана көрген адамдай қадала қарады. Қапи Бекбайдың көзінің өңменінен өтіп бара жатқанын сезді. «Мынау бақсы болмасын» деп ойлады. Сөйтті де Бекбайға қадала қарады. Бекбайдың ақырын ғана көзінің оң жақ қырымен қарағаны бір түрлі қорқынышты, сұрлы екен. «Рас, бақсы, бақсы» деп аузын жыбырлатып, оттағы сексеуілдерді қағыстырды.

- Сіздің мінезіңізді айтсам ренжімейсіз бе? - деді Бекбай.

- Не десең де ренжімеймін, - Қапи орнынан күлімсірей түрегелді, - адам деген өте сырлы нәрсе ғой. Сондықтан біздің қазақ : «Адамның аласы ішінде, малдың аласы сыртында» дейді емес пе, бетіме қарама, айта бер.

- Айтсам айтайын, - деп Бекбай күлімсірей орнынан тұрып, айналасына қарап, кәдімгі үлкен үйдің төріне отырғандай иығын басып тұрған ішігін шешіп қоржынның үстіне қойды :

- Сіз, - деді Бекбай орнынан көтеріліп, - көсіліп ел алдына озбайтын, басыңызға қиындық келсе, жүдеп-жадап тозбайтын қайсар адамсыз.

Қапи қарқылдап күліп кетті. Оның күлкісінен екі бала оянып бастарын көтерді. Балалар да дем алып, ұйқылары аз да болса қанып қалған секілді. Орындарынан тұрып аяқ-қолдарын жаза бастады.

- Е, Бекей, біздің қазақ «басқа түссе баспақшыл» дейді. Кім жанын далаға тастағалы жүрғой дейсің, - Қапи Бекбайдың жүзіне күлімсірей қарады, - мінеу екі жетім бала үшін бәріне төздім. Өйткені бұл екі бала ұрпақ қой, адам баласы ұрпақ үшін жасайды. Мен жасарымды жасап, асарымды асадым. Көруге тиісті көргілігімді көрдім-ақ көрдім. Енді қанша көргілігім бар, оны тек бір құдай ғана біледі.

Бекбай суы қайнаған күреше мен өзінің кішкене шәугімін оттан алыстатып қойды. «Мына шал ұрпақ үшін қаңғып жүр екен. Сонда мен кім үшін қаңғып келемін, мен Жайна үшін, сүйген жарым үшін мынау жарық дүниенің бар михынатын кешіп келе жатырмын. Менің де Жайнаға кезіге алу, алмауымды бір құдай біледі» деп ойлады. Екі бала да беттегі қарға барып, беттерін жуған соң, от басына келді. Қапи әлгі бір қазысын қойнынан шығарып екі балаға пышақтың қырынан сәл қалыңдау етіп екі тіліп ұстатты. Өзі жұп-жұқа тіліп алып, қайнаған су құйылған саптаяғына салды. Бекбай қалтасындағы қалған үш құрттың бірін алып шығып екіге бөлді. Оның жартысын тағы екіге бөлді. Осылайша қалған құртты асықпай төртке бөліп еді. Бір адамға дәл ешкінің асығындайдан келді. Екеуін екі балаға берді. Бірін Қапи шалға беріп, бірін өзі аузына салды. Қапи шал Бекбайға қазысынан аз да болса бермегеніне іштей ыңғайсызданды. Дереу қойнындағы қазысын қайта алып, жұп-жұқа бір дөңгелек кесіп Бекбайға ұсынды.

- Мына екі балаға обал болады, маған бермей-ақ қойыңыз, мен біраз күнге шыдап кетермін, - деп Бекбай қолын созбай қойып еді, Қапи шал ыңғайсызданғандай болды.

- Ренжіп қалдың ба? - деді Қапи.

Ренжіп қалдың ба деген сөз Бекбайға әсер етті.

- Көріп біліп отырып неге ренжимін, - деді Бекбай.

- Онда мынаны ал, - деп Қапи қолындағы қазының қиқымын Бекбайдың тостағанына салды.

Бұлар аз ғана дәнмен қайнаған суларын ішіп, едәуір қаужанып қалды. Көп өтпей күн де көтеріле бастады.

- Кешегі жігіттің бараны көріне ме, байқайыншы, сіздер отыра тұрыңыздар, - деп Бекбай кешегі жігіт кеткен шығыс солтүстік жақтағы, жазық анық көрінетін аласа қара шоқыға қайқайды. «Шіркін, көлік табылмаса қойсын, он күн талшық қыларлық азық табылса да жақсы еді» деп ойлады. Ол төбенің дәл үстіне шыққан жоқ. Төбеге таяғанда еңкейіп келіп құлаған тас обаның түбіне отыра қалды. Сонау тау етегіндегі ауыл бар деген сай аузынан түйдектеліп бір топ атты адам шыға келді. Бекбай сонда да бой көрсеткен жоқ. Обаның қалқасында бұғынып отыр. «Бізге көмекке келе жатқан

адамдар болса екен» деп ойлады. Аттылар тез жүріп Бекбайлар түнеген жылғаның төбесінен түскелі жазықтағы жолдан бұрылып, қамшылар жағындағы қара қыратқа қарай тартты. Жақындағанда байқады, келе жатқан бес адам екен. Екеуі тымақ киген қазақ, қасындағы үшеуінің киінісі басқаша. Бекбай қорқайын деді. Лып етіп орнынан тұрып, сайға жүгіріп түсті. Қапи мен екі бала да үркердей болып орындарынан тұрды. Бекбай ентігіп кеткен еді.

- Қапа, бес атты адам келе жатыр. Екеуі нақ қазақ. Біреуі кешегі жігіт сияқты. Қалған үшеуін әскер ме деп қалдым, - деді ентіге сөйлеп.

- Кім болса да келсін, қашқанмен бәрібір құтылмаймыз. Әскер біз сияқты аш-арыққа не қылады дейсің, - деп Қапи Бекбайдың көңілін жұбатты.

Бұлардың сөзі аяқтағанша бес атты бұлар жатқан жылғаның басындағы кезеңнен еңкейді. Алдындағы кешегі жігіт екенін бәрі тани қойды. Енді біреуі кәртен адам сияқты, атқа отырысы жалпиыңқы екен. Бұлар қоржын-қоландарын жинастырып болғанша аттылар да жетіп келді. Қапи мен Бекбай екі қазаққа орындарынан тұрып сәлем берді. Аттының бірі расында бурыл сақалды, жасы жетпіске таяған қартаң адам екен.

- Уағалайқұм уассалам ! - деп ең алдымен кәрия сәлем алып аттан түсті. Оның соңынан кешегі жігіт атынан түсті. Қалған үшеуі ат үстінде қақиып тұр.

Бурыл сақалды шал басындағы түлкі тымағын қолына алып, Қапиға амандаса келіп, әлі шоғы толық сөне қоймаған оттың өр жағына келіп отырды. Ол Қапиға қарап :

- Жә, жігіттер, отырып жөн білісейік, - деді.

Қапи мен Бекбай да кәрияның қасына жүрелеп отырды.

- Жігіттер, қорқып кетпендер, ана үшеуі осындағы Шонжыдан келген үкіметтің әскері. Мән-жайларыңды мына жігіттен естіген соң, көмегі болар ма деп әтейі ертіп келдік, - деді кәрия.

- Басымызға күн туып, туыс іздеп бара жатырмыз. Көріп тұрсыздар, көлігіміз жоқ. Аяғымыз сау ғой, әйтеуір жетерміз. Ең қиыны азығымыз жоқ болып қиналып келеміз. Бізді қойшы, мынау екі балаға өте обал болды, - деді Қапи.

Шал азырақ қытай тілін біледі екен. Қапидың сөзін ат үстінде тұрған үшеуге жеткізгендей болды.

- Сендерде қару жоқ па? - деді кәрия Қапиға бұрылып.

- Е, ақсақал-ай, мылтығымыз болса, ашығамыз ба, арық болса да аң атып жеп, кетіп қалмаймыз ба, - деді Қапи.

- Үкіметтің түзімі бойынша, қоржындарыңызды ақтарамыз, - дейді мына әскерлер, - деді кәрия.

- Ой, қоржында ештеңе жоқ, ақтарам десе ақтарсын, - деп Қапи қоржынын ыдыс-аяқтарын шалдырлатып шалдың алдына қарай тастай салды.

- Әскерлеріңіз көрсін, керекке жарайтын бірдеңе болса аямаймыз, бірақ ыдыс-аяғымызды бере алмаймыз, - деді Қапи.

Бекбай да қоржынын шалдың алдына тастады. Бір әскер атынан түсіп әуелі Қапидың қоржынын ақтарды. Су қайнататын кішкене тоға мен үш саптаяқ, ұсақ-түйек іш киімдер шықты. Әскер Қапидың қоржынын тастап, енді Бекбайдың қоржынының аузын ашты. Әуелі әскердің қолына жұдырықтай шәугім мен ағаш тостаған ілінді. Одан соң Бекбайдың бір пар жейде-ыштаны шықты. Соңынан әскер бүктелген торы аттың төрт пұшпақ терісін қоржыннан суырып алды да тастай салды. Әскер екі ауыз сөз айтып қайтып барып атына мінді.

- Әскер қоржындарын жиып алсын, күмәнді нәрсе жоқ екен дейді, - деп әлгі шал да орнынан тұрды.

- Жә, ағасы, әлгінде мына әскерлер көмек көрсетеді дедіңіз, оның үстіне бұлар Шонжыдан келіпті. Ал біз де Шонжыға кетіп барамыз. Тегі Шонжының еліміз ғой. Сонда расында бізге бір рақымы жоқ па? - деді Бекбай.

Кәрия мына сөзді естіген соң, орнынан тұрып атты әскердің қасына барып қытай тілінде әлденелерді әңгімелесті. Әскердің түсі бір түрлі суық еді, Бекбай олардан көмек дәметпеді, қайта, «не қылып жүрген жандар деп басымызға пәле салмаса болды ғой» деп ойлады. Әскерлер мен шалдың әңгімесі созылғанға Қапи көмегі болама деп дәмеленді. Шал әскерлердің қасынан Қапи мен Бекбайдың қасына келді.

- Бұлар, біріншіден, көлік көмек ете алмаймыз, бірімізде бірден ғана ат бар, екіншіден, азығымыз он күнге әрең жетеді деп тұр. Сонда бұлардан сендерге қайыр жоқ болды, - деді.

- Көпті көрген үлкен адам екенсіз, - Бекбай шалға жақындап сөйледі, - осы тұрған төртеуімізде тіс айқастырар дән жоқ. Мүмкін, мықтағанда екі күнге шыдармыз. Бәрі бір өлетін шығармыз. Бәріміз де қазақ баласымыз ғой. Іргелі ел екенсіздер, аз болса да мына екі балаға азырақ азық жәрдем етсеңіздер.

- Жә, - деп кәрия бурыл мұртын сипап аз ойланды, - сендер жолдарыңнан қалмай ақырын жылжи беріндерші, мен ауылға барып үй-үйден бірдеңе жинап жеткізіп берейін.

- Рақымет, сізге ! - деп Қапи көзіне жас алды. Бірақ шалдың сөзіне Бекбай онша сене қойған жоқ. Әскерлердің ұлықсатына қарамай қоржынын мойнына асты.

- Жүріңдер Мұхамет, Мұстапа, - деп жылғаны құлдай жөнелді. Әскерлер ештеңе демей қалшыып ат үстінде тұр.

Қапи ат үстінде тұрған шал мен жігітке :

- Қайыр, амандықпен көрісейік ! - деп қоштасып, үш жолдасының соңынан жөнелді. Шал ауылына жөнелді. Кешегі жігіт пен үш әскер обасы бар биік шоқыға қайқайды.

Жүргіншілер тура оңтүстікке тіке тартып, Қапидың бастауымен алдарынан шығыстан батысқа қарай көлбеп жатқан аласа тас қыратқа шықты. Артына шұғыл қайрылып қараған Бекбай, үш әскер мен жігіттің обасы бар биікте әлі өздерінің соңынан қарап тұрғандарын байқады.

- Аналар, соңымыздан әлі қарап тұр екен, - деді Бекбай.

- Мүмкін, бізді қай беталысқа кетеді деп аңдып тұрған шығар, - деді Қапи.

- Дұрыс, олар бізді Алтайға бет алсақ ұстамақшы, ал Боғдаға бет алған соң, тиіспеген болуы керек, - деді Бекбай.

Осы көктемде, Алтай партизандары Бәйтiктен Алтайға кетiп, мұндағы елдің көбi Алтайға, аз бөлегi Мори, Шонжыға кеткендiктен, аз уақыт Шонжыға қарасты Ұластай шекарасы бос қалған. Осы орайда Гоминдаң үкiметi бiр звод әскер жiберген болатын. Олар Бәйтiкте қалған аз ғана елге ие болып, оларды ешқайда көшiрмей ұстап отыр едi. Қапи да, Бекбай да негiзiнен дұрыс межеледi.

Бұлар жүрген сайын қар жоғалып, бүкiлдей қара жерге өте бастады. Бекбай ендi аштан емес шөлден қорқайын дедi. Жер жүрген сайын жазықтап, құлан қаққа айналып бара жатыр едi. Көңiлiндегi күдiгiн жасырғысы келмедi, ең алда кетiп бара жатқан Қапиға келiп қатарласты.

- Қапа, барған сайын шөл далаға шығып барамыз ғой, оқыстан су табылмай қалып, қиналып қалмаймыз ба? - дедi.

- Қорықпа, - деп Қапи жүре сөйледi, - бүгiнше қар табылар, ертең суға жетемiз.

Мына сөзге Бекбайдың көңiлi едәуiр орнығып қалды. «Бұл шал қалайда жол бiледi екен» деп ойлады.

Жүргiншiлер қара адырды кенерлеп тартып отырып түс ауа бергенде терең ағарға келiп түстi. Ағардағы терең жыраның анда-санда жерiнде аздап сүрi қар бар екен. Қапи әлгi шалдан әлi үмiтiн үзбеген едi.

- Бекей, осы араға дем алып, су қайнатып ішіп, әлгі шалды байқастырайық, үміт дүниесі ғой, - деді.

- Мен ол шалдан үміттеніп келе жатқам жоқ, әйтеуір біздің көңілімізді аулады ғой, ал анау кешегі бізге жолығып аналарды бастап келген жігіт нағыз қылқұрттың өзі. Бізден мылтық шығып қалама деп әскерге жағатсып, әскерді ертіп келіп отыр, - Бекбай жүре сөйлеп қары молдау қабақтың тұсына тоқтады, - осы арада отын мол екен. Дем алсақ дем алайық.

Қабақтың батыс жағындағы қалың қарағанның арасындағы тақыршаққа қоржындарын қойып, отын жинап, шәй қайнатуға кірісті.

- Бекбай, - деді Қапи күлген сияқты сәл ыржиып, - бағана қоржынында бір жылқының терісі жүрген секілді еді.

- Иә, шақай тартамын ба деп алып алған, атымның төрт пұшпағы болатын.

- Онда жақсы болды, - деді Қапи қуанып, - ол бізге бірнеше күнге азық болатын болды.

- Ойбай-ау, Қапа, тері жеуге келе ме? - деді Бекбай таң қалып.

- Жеуге келгенде қандай, өте күшті болады, оның қалай тамақ болатынын қонған жерде көрсетемін. Жазға салым бізге елдің соғымға сойған ірі қараларының терісі табылмай қалды емес пе?!

Жүргіншілер әңгімелесе отырып, өздерінің болымсыз азықтарынан аздап тамақтанып алды. Қарағанның түбіндегі жұмсақ та құрғақ ақ топыраққа аяқтарын көсіп тұс ауғанша дем алды. Қапидың екі көзі әлі Бәйтік тауы жақта еді, Бекбай мен екі бала күннің алауымен маужырап азырақ көздерін іліп ұйықтап алды. Қапи қайта-қайта басын көтеріп тау жаққа қарап, көз ілген жоқ. Тұс қиған соң оның да үміті үзілді.

- Ал, балалар, жүріңдер, - деп дауыстай сөйлеп орнынан тұрды. Мынау Мұхамет пен Мұстапа да таңертеңгі шал сөзінен үміттеніп келе жатыр екен. Орындарынан тұрған соң, Мұхамет ренжи сөйледі :

- Таңертең бұрыл сақалды шалдың ауылдан жинастырып азық жеткізіп берейін дегені қайда. Өтірікші екен, - деді.

- Мен де сол шал азық әкеліп береді екен деп ойлап едім, өтірік болды ғой, - деді Мұстапа ернін шошайта сөйлеп.

- Екеуің, - деді Бекбай қоржынын мойнына салып жатып, - бұл дүниедегі пәк адамсыңдар. Өйткені сендер әлі мынау жалған дүниенің жалғандығын мүлде білген жоқсыңдар. Осы жалған дүниеде жасап жатқан пенделердің бәрінің бірін-бірі алдап күн кешіп жүргенін әлі түсінетін жасқа жеткен жоқсыңдар.

- Олай деме, деп сөзді Қапи бұзды, мүмкін, ол шал бір себеппен кешігіп жатқан шығар, не болмаса аты босанып кетіп таба алмай жүр ме, кім біледі. Адам баласы басына ауыр күн туғанда дүниеден күдер үзбеу керек, барлық нәрсені адамның рухы жеңеді.

- Кешіріңіз, - деп Бекбай жыраның қабағын жағалап жүре жөнелді.

Бекбай өзінің екі баланың алдында оқыс қәте сөйлеп алғанын білді. «Енді, сөз жоқ, бұларға қуат беретін, бойына жігер қондыратын сөздер сөйлейін» деп ойлады.

Төрт жүргінші ағынды құлдап келіп ағардың шығыс жағына өтті. Бұл жақ быдырмақ аласа қара адыр екен. Адырдың арасын кесіп тік оңтүстікке кеткен көне көш жолы даңғырап жатыр.

Жолға түсіп аз жүрген соң Қапи :

- Мына жол түп-тура Шонжының көмірін басып, Шонжыға алып барады, - деді.

- Онда, жолдан адаспайды екеміз ғой, - деді Бекбай.

- Бірақ, - деді Қапи Бекбайға бұрылып, - үнемі үлкен жолмен жүру қәтерлі, осы жолды жүлгелеп шығыс жағымен кетеміз.

Жүргіншілер қара адырдың шығыс жағындағы жәйбір белге шыққанда, көтеріншіктерін жерге қойып аз дем алды. Кенет Мұстапа :

- Арт жағымыз да біреу келеді ! - деді қуана дауыстап.

- Кешегі шал екен, - деді Бекбай күліп.

- Ештеңесі болмаса да әйтеу бір хабарласып кетеді , - деп Қапи тақыршаққа отырды, - осы арада тосайық.

Расында сол бурыл сақалды шал екен. Көк атын шоқырақтатып бір шәй қайнатымнан соң әрең жетті. Атының екі қолтығы терлеп, мойын жүндері бұйраланып, едәуір бусанып кетіпті.

Ол атынан түсе Қапиға келіп қол беріп амандасты.

- Қандай, шаршадыңыздар ма? - Ол Қапидың қарсы алдына отырды, - сендер онша ұзай алған жоқ қой десем, тіпті құры аттың жүрісін жүріпсіндер ғой.

Шалдың қанжығасында болымсыз қара дорба байлаулы тұр еді, Қапи мен Бекбайдың көзінің сол дорбаға қадала бергенін ол сезе қойды.

- Сендерге ұятты болдым, мандыған азық әкеле алмадым. Мұндағы ел де қалтылдап әрең отыр. Бар үміті мынау әскерде, оған азық-түлік келсе, елді аштан өлтірмес, - деп шал орнынан тұрып, атының қанжығасындағы дорбаны шешіп алып келіп Қапидың алдына қойды, - табылғаны осы болды. Мына екі бала болмағанда екі-үш күн аужал қылар.

- Осыңызға да рақымет ! - деп Қапи алдындағы қара дорбаның аузын ашты. Дорбаның аузында алақандай үш жапырақ отқа көмген нанның сынығы, түп жағында бір қос устай қуырған арпа бар екен. Қапи арпадан саусағының ұшымен шымшып алып қасындағы екі бала мен Бекбайдың алақанына үш іліп салды. Мұқамет пен Мұстапаның кішкене алақаны толып кеткен еді. Қуырылған арпаның иісі кеңіректерін жарып, бәрі обырлана күтірлетіп шайнады. Бекбай дәл осы шақ бір шымшым арпа емес, мәңгі дәмі аузынан кетпейтін бір түрлі керемет бал шайнап отырғандай сезінді.

Боғдаға жол

1

- Жә, ақсақал, сіздің аты-жөніңізді білмедік қой, - деп Қапи жүруге оңтайланып орнынан тұрды.

- Аз нәрсе әкеліпті деп ренжімеңіздер, - деп шал орнынан тұрып Қапиға қол берді, - Атым Көкебай, Шіңгілдің шақабайымын. Мына Көкебай шалдың қолының саусақтары Қапидың көзіне бір-бір сырғауыл сияқты әрі ұзын, әрі жуан көрінді. Ол ішінен «жортуылға көп жүрген алып күштің иесі, жырындының бірісің ғой» деп ойлады.

- Қош, Көке, Қапи оның күректей жалпақ алақанын қатты қысты, «барына пайғамбар разы» дейді ғой аталарымыз. Осы әкелген азығың да бізге көп қуат болды.

Төрт жүргінші белден еңкейіп, тағы бір бөлек аласа адырға кіріп, көзден ғайып болғанша Көкебай шал белде ұзақ қарап тұрды. Ішінен мына төрт жаяу мүсәпірдің Боғда еліне аман-есен жетуін тіледі. «Анау кетіп бара жатқан екі сәби сияқты екі немерем бар ғой, алдағы күндерде олардың басына қандай күндер келерін кім біледі» деп ойлады.

Дегенмен әлгіндегі бір-бір уысқа таяу арпа екі балаға едәуір қуат бітірген екен. Оның үстіне жер еңіс. болымсыз үзік-үзік ат жолмен Қапи мен Бекбайға жеткізбей безіп келеді.

Бәрінің де арман-тілегі бір күн болса да туыстары бар елді мекнге тез жету. Екі бала да дәл қазір алда, аштан өлеміз-ау деген ой мүлде жоқ. Өйткені олар Қапи мен Бекбайға қалайда азық табады деп сенеді.

Түстен бұрын Мұхамет пен Мұстапа расында шалдан мол азық келеді деп дәмеленіп тез жүрген. Бір-бір шайнам болса да арпа жеген соң, олардың бойына қуат бітіп, рұхтары көтеріліп тыңая қалғандай болды. Аз ғана арпа мен екі жапырақ қара нан екі балаға едәуір мол азық сияқты

сезілді. Бүгін кеште жұқаланған бір тілім қазыға қосып кішкене бір уыс арпа жейтіндеріне көздері жетті. Осы алғау олардың жүрісін тездетіп жіберген еді. Бұлар тағы бір аласа белден асқан соң, көктемнің суық бораны шығыс оңтүстіктен соға бастап еді, жәйбір қара адырға кіргеннен кейін тіпті де үдеп алды. Алдарынан қарсы ызындаған қара боран, жаяу әрі аш келе жатқан жүргіншілердің қойны-қонышын кеулеп, ілгері басқан аяқтарын кері кетіріп, діңкелетіп жіберді. Әсіресе Мұхамет пен Мұстапа, аласа кезеңдерге шыға келгенде желге ұшып кететін қанбақтай, бойларын билей алмай Қапи мен Бекбайға ықтап әрең жүріп келеді. Қатарынан үш қырқадан асып, терең ағынға қарай еңкейгенде Қапи :

- Біздің қазақ «кедейдің қырық қаңтары бар» деуші еді, қырсық болғанда мына албасты желдің алдымыздан қарсы соққанын қарашы, - деп ренішті кескінмен жел оскылап жасаураған көздерін оң қолының алақанымен сүртті.

- Жел ғой басылып қалар, осы жел бұлт шақырып тұр ма деп қорқып келемін, - деді Бекбай көңіліндегі күдікті жасырмай.

- Төртінші айға таяп кетті ғой, күн жылынады. Бір-екі күнде Керішке қарай еңкейсек, әуелі күн ысып кетеді, онда үстіміздегі ішіктеріміз жүк болуы мүмкін, - деп Қапи зорлана күлімсіреді.

- Уа, қоян ! - Мұстапаның дауысы саңқ ете түсті. Алдарындағы аз ғана шиі бар сортаң ағынның батыс жақ шетіндегі бір топ жыңғылдың ар жағына өтіп шоқия қалған сұр қоянды бәрі де көрді.

- Әлгінде мына шидің арасынан қашты, - деді Мұстапа ентіге дауыстап.

- Қолымызда мылтығымыз жоқ, ол ұстатпайды ғой, - деді Қапи шал.

- Суға қашан жетеміз, - деп Бекбай Қапиға қарады.

- Көрдің бе? - деп Қапи адыр арасынан сәл биік шығып тұрған қара шоқыны қолымен нұсқады, - сол шоқының желкесінен ассақ, көң қора бастау бар. Ол жерде де қоян көп шығар. Барған соң Мұхамет пен Мұстапа тұзақ құрып көрсін.

- Ана шоқы көрініп тұрғанымен, ұзақ секілді ғой, бүгін жете алмайтын шығармыз, - Бекбай сұраулы көзін Қапиға қадады.

- Бүгін жете алмаймыз. Алдымызда кей жылдары төртінші айдың басына дейін қар жататын, теріскей жартас бар. Онда қар бар, қар болмаса тоқтау су бар балар, Бара көрейік, - Қапи қоян отырған дөңге қарай жүре жөнелді. Қоян үркіп дөңнен арғы ағынға құлдап көзден ғайып болды.

Төртеуінің де көзі қашқан қоянда, бәрінің де көңілінде алдарында бір дорба ет қашып бара жатқан сияқты еді. Қашып бара жатқан қоянды Мұстапаның қиғысы келмеді.

- Мына қоянның соңынан қалмай еріп отырсақ, бір жерге барғанда шаршап жығылып қалатын шығар, - деді. Қапи күліп жіберіп :

- Әй, балам-ай, ол тұзу жолмен қашады дейсің бе, қазір-ақ бұрылып кетеді емес пе, - деді.

Бекбай сәбидің көңілін аяп кетті :

- Бұрылса бұрылар, соған дейін соңына түсейік, кім біледі, Мұстапаға Алла тағала бірдеңені білгізіп тұрған шығар, - деді.

- Онда сөйтеік, - деп Мұхамет шоқырақтап жүгіре жөнелді.

- Жүгірмеңдер, оған жүгіріп жете алмайсыңдар, - Қапи жөн көрсете сөйледі, - қолдарыңа көп ұсақ тас алыңдар, қоян қалай қашса солай лақтырып, жасқап отырайық. Мүмкін, шаршаса қаша алмай қалар.

Қапи қоянның ұстатпай кететінін біле тұра, Бекбайдың Мұстапаның көңілін жұбатқанын біліп, өзі де оны жұбатқысы келді.

Екі бала ортаға жүгіріп, Қапи мен Бекбай ағынның екі жағына шығып алды. Қоян ағынды құлдап қаша берді. Алғашында қоян бойын көрсетпей ұзақырап қашып кеткен еді, бара-бара жүрген сайын бойы оңай көрінетін болды. Ағар аздан соң кілт батысқа бұрылып, жол кенереге кетеді екен.

Осы араға келгенде қоянды ағынды құлдатпай оңтүстікке қарай кетіп жатқан түйе жолға қарай айдауға тура келді.

- Жол анау оңтүстікке қарай кезең асып жатқан ақ жолақ , - деді Қапи. Қапидың ойын Бекбай біле қойды, ағардың батыс жағымен құлдап жүгіріп, қоянның алдына тас жіберді. Қоян үркіп әлгі кенерге қарай жөнелді.

- Иә, сәт, - деді Бекбай айғайлап, - бізге расында бұйырғалы тұрған жануар сияқты.

Бұлар ағардан бұрылып қоян кеткен кенерге бет алғанда, қоян аласа жәйбір белден асып көзден ғайып болды. Қапи мен Бекбай қоян асып кеткен соң, бір жаққа бұрылып кетеді ғой деп ойлаған еді. Кезеңге шығып, бір-біріне қарап қайран қалды. Қоян жолдан бұрылмай кенеремен кетіп барады екен.

- Түзу кетіп барады екен ! - деп кішкентай Мұстапа қуана айғайлады.

- Расында осы қоян бізге бұйырады ғой деймін, - деді Мұхамет күліп.

- Алла сен сәбилердің тілегін беріп, бұйыртса екен, - деп Қапи шал да көңілдене қалды.

Қоян кенермен барып тағы бір жайбір кезеңнен асып кетті. Қоян асқан кезеңге жүргіншілер сүт пысырым уақытта әрең жетті. Кезең асты терең жылға екен. Кезеңге елден бұрын жеткен Мұхамет :

- Ой, әлгі қоян жоқ, басқа жаққа кеткен секілді, - деді айғайлап. Екі баланың соңынан Бекбай мен Қапи да кезеңге шықты. Терең жылғаның екі жағы қожыр тас, ал, жылғаның тағаны қума-қума сарбалақ екен. Төрт жүргінші құмдауыт еңісті гүрілдете басып, сай тағанына таяғанда бір топ сарбалақтың түбінен қоян ытқи жөнелді.

- Әне қашты қараңдар, - деп тағы кішкене Мұстапа айғай салды. Қоян ағынды құлдай қашып барып шығыс жақтағы жүктей аласа жартасқа қарай шошақтай жөнелді.

- Иә, сәт, үңгірге кірсе екен, - деп Бекбай жалбаңдап қоянның соңынан тұра жүгірді.

Қоян қашып барып жүктей жартастың түбіне барып жоқ болып кетті.

- Үңгірге кірді ! - деп айғайлады Мұхамет.

Бекбай иығындағы қоржынын тастай салып, бет жақтағы қоян жоқ болып кеткен жүк бойындай аласа жартасқа қарай өрмеледі. Құмдауыт тік беттен аяғы қайта-қайта сырғанап, жартастың түбіне әрең жетті. Жартастың түбіндегі сығырайған кішкене үңгірді көріп Бекбай қуанып кетті. «Қоян, сөз жоқ осында тығылды» деп ойлады. Екбеттеп жата қалып үңгір ішіне үңілді. Үңгір онша терең емес екен. Көкше қоянның жүні үңгір түбінен ағарып анық көрінді. Ішігін тез шешіп үңгірдің аузына нығарлап қойып, артына қайрылып қарады. Қалған үшеуі де осылай өрмелеп келеді екен.

- Үңгір таяз екен, қоян көрініп жатыр ! - деп Бекбай қуана дауыстады.

- Бекей, үңгірдің аузын баса тұр, қашып кетеді, - деп Қапи еңтіге айғайлады.

Әуелі Мұхамет, онан соң Мұстапа жетті.

Бұлар еңтіктерін басып болғанда, үңгір аузына Қапи әрең шықты. Ол жартасқа сүйеніп отыра кетті. Қуанышты кескінмен Бекбайға қарап :

- Қол жететін бе? - деді.

- Жететін секілді, - деді Бекбай.

Бекбай үңгірдің аузына жатып, ішіктің бір жағынан қолын тықты. Қоянның жұп-жұмсақ жүні Бекбайдың саусағына тиді. Саусақтан үріккен қоян үңгірдің тағы бір жағына қашпақшы болса керек. Ол тырбынғанда, бір аяғына Бекбайдың қолы сап ете түсті. Бекбай қоянды бақыртып үңгірден суырып алды.

- Байқа, Бекей, қолыңнан шығып кетіп, еңбегіміз еш болмасын, - деді Қапи.

- Пышағыңызды әкеліңіз, - деді Бекбай Қапиға бұрылып.

- Міне, дайын , - деп Қапи беліндегі ағаш қында тұрған сармойнақ пышағын алып Бекбайға ұсынды.

- Екеуің аяқтарын ұстандар, - деп Бекбай қоянды бауыздауға ыңғайланып еді, Қапи :

- Тоқта, Бекей, - деді қолып көтеріп, - сайға түсіп қоржынымыздың қасына барған соң бір-ақ бауыздайық , қаны бекер ағып кетеді.

- Бұл да жөн екен, - деп Бекбай бір қолымен қоянның алдыңғы екі сирағынан ұстап орнынан тұрды.

- Ішігіңізді мен алып түсейін, - деп кішкене Мұстапа Бекбайдың ішігін көтерді. Төртеуі қатар сырғанақтап қоржындары жатқан жылғаның жаттық тағанына түсті.

- Бүгін баратын жерімізге қаншалық қалды? - деді Бекбай.

Қапи орнынан тұрып, оңтүстік жақты қолымен нұсқады.

- Әнеу арғы қаздиган шоқының солтүстік түбінде.

- Онда бауыздап қанынан дәм татайық та, іші-қарнын сонда барып бір-ақ шығарайық, - деді Бекбай.

Қапи дереу қоржынынан саптаяғын алып шығып ішін сүртті :

- Мұхамет, торсығыңдағы суды әкелші, мынаған біраз құяйық, бұл байқұста қанша қан бар дейсің, - деді.

Мұхамет қоржындағы кішкене өркеш торсықты алып шығып тығынын ашып, саптаяққа ортасынан келтіріп су құйды.

Мұхамет пен Мұстапа қоянның төрт аяғын екі-екіден ұстады. Бекбай қозғалтпай ұстап саптаяққа қоянды бауыздады.

Орта саптаяқ су лезде қып-қызыл қан болып кетті.

- Мынау өте жақсы амал болды ғой, - деді Бекбай қуанып, - құдайдың бізге жазған бір рыздығы екен. Ең үлкеніміз сіз ғой, алдымен сіз ауыз тиіңіз, қалғанымыз сізден соң бір-бір ұрттайық.

- Рас, ата, сіз ауыз тиіңіз ! - деді кішкене Мұстапа қуана дауыстап.

Қапи саптаяқтағы қан аралас суға ерні дірілдеп едәуір қарап тұрды. Онан соң Бекбай мен екі балаға кезек қарады.

- Иә, Алла, жолымызды оңғара көр ! Осы дәмді жолқтырғаныңа рақымет ! - деп аз іркіліп , - бисмилла рахыман рахим ! - деп саптаяқтағы қан аралас судан бір ұрттады да, Бекбайға ұсынды. Бекбай бір ұрттап Мұхаметке берді. Мұхамет бір ұрттап Мұстапаға ұсынды. Мұстапа саптаяқты қолына алып аз тұрды. Саптаяқтағы су бұрынғысынан онша көп орталамаған еді.

- Сіздер ішпепсіздер ғой ! - деді ол таң қалып.

- Сен кішкенесің ғой, көбірек іш, - деді Бекбай.

Мұстапа бір ұрттап атасы Қапиға ұсынып еді, Бекбай :

- Мұстапа, сен тағы бір ұртта, ұрттағанда ауызыңды толтырып көбірек ұртта, - деп саптаяқты Мұстапаның өзіне итерді.

- Балам, ұрттай ғой, Бекей ағаң дұрыс айтады, - деді Қапи. Мұстапа қайта бір ұрттап басқаларға берді. Осылайша төртеуі кішкенедең үш айналып ұрттағанда су түгеді. Әсілі төртеуінің бір-бір ұрттағанынан қалмайтын, орта саптаяққа жетпейтін судың үш рет айналғанына кішкене Мұстапа әлі қайран. Екі бала ішсін деп Қапи мен Бекбай қанды судың дәмін ғана алып ұрттамаған болатын. Мұны Мұхамет білді.

- Екеуіңіз Мұстапа екеуімізді аялап, нәр татпай келесіздер. Сіздерден айрылып қалсақ, бәрібір бізде өлеміз ғой, - деп Мұхамет кемсеңдеп жылап жіберді.

- Жылама, Мұхамет, сен жігіт болып қалған, көп нәрсені білетін азамат тұрсаң, біз қоянның етін пысырған соң жейміз ғой, - деп Бекбай жылап тұрған Мұхаметтің иығынан сипады.

Бекбайдың мынау тәтті мейірі Мұхаметтің көңілін тіпті де босатты. Дәл қазір Бекбай оның туған әкесінен де мейірімді сияқты сезілді.

Бұлар жолға шыққан соң Мұхаметтің көз жасы тоқтамады. Ол жүріп келе жатып әкесін есіне алды.

Қыстың орта мезгілі болатын. Даладан кірген Мұхаметті төсек тартып жатқан әкесі қасына шақырған. Ауру мен аштық тең меңдеткен әкесі әппақ шөлмек болып жамбастап жатыр еді. Екі бетін суық қарып, тоңып келген Мұхамет әкесінің қасына келді. Әкесі етінен арылып, ағаштай болып арықтаған қолымен Мұхаметтің маңдайынан сипады.

- Балам, сен он үш жасқа шығасың, жігіт болғаның осы, шешең мен бауырыңа қайырымды бол ! - деп тері күрменің сыртқы қалтасынан асықтай малта құртты алып Мұхаметтің қолына ұстатты. Мұхамет сол құртты алғанда әкесі оған өмір бойы жесе де таусылмайтын азық бергендей қуанған еді, бірақ ол әкесінің бір күннен соң жарық дүниемен біржолата қоштасып, өздерін мынау жапасы мен михынаты мол хикімет тағдыр кешуге тастап кететінін мүлде ойламаған.

Бекбайдың қолы иығынан сипағанда, иығына Бекбайдың қолы емес әкесінің қолы тигендей сезінді. Аштықтан қаншалық қиналып тұрса да, Бекбайдың Мұстапа екеуіне өз әкелеріндей аяушылық етуі Мұхаметтің көңілін босатып, Бекбайға деген бір керемет сүйіспеншілік орнатқан еді.

- Бекей аға, сіз өте жақсы адам екенсіз, - деді Мұхамет көзінің жасын ішігінің жеңімен сүртіп.

Мұхаметтің әсерлі сөзі Мұстапаға да әсер етсе керек, ол Бекбайға қатарласып :

- Бекей аға, Мұхамет дұрыс айтады, сіз өте жақсы адам екенсіз, - деп Бекбайдың білегінен ұстады.

- Ой, балаларым-ай, - деді Қапи шал күлімсіреп, - Алла тағала сендердей екі сәбидің тағдыры үшін Бекейді бізге жолықтырды ғой, бүгін міне көп-көрім семіз қоянды жолықтырды.

- «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген мақал осындайдан қалған екен ғой, - деді Бекбай күліп.

Бұлар күн батуға айналғанда, қоналқа жерге әрең жетті. Қапидың айтқанындай жартастың теріскей түкпірінде қар бар екен. Жартастың қарсы жағындағы кішкене текшеге қоржындарын тастап, маңайларынан отын тере бастады. Екі бала су орған терең ағардан сексеуілдің томарларын бірдемде от жағатын жерге үйіп жіберді. Бекбай қоянның ішін жарып, ішек-қарын, өкпе-бауырларын ыдыстарға салып тазартқанша, Қапи қар әкеліп, отты маздатып жағып жіберді.

- Қапеке, мынаны асып жейміз бе, жоқ қақтаймыз ба? - деді Бекбай қоянның жіңішке ішегін шайқап жатып.

- Алдымен басын кесіп тастап, қоянның өзін ұйтып жібер. Қоянның басында у бар деуші еді, сақ болайық, - ұйтып болған соң, тоғаға бұрқ еткізейік. Балалар сорпа болса да ішіп тыңайсын.

Бекбай қоянның басын кесіп тастап, ұзын сексеуілге өткізіп жүнін ұйтты. Онан соң тап-таза жуып Қапидың тоғасына салып асты.

- Бұл пысқанша жүрек жалғап отырайық, - деп Қапи шал таңертең Көкебай шал берген аз ғана арпа мен кішкене нанды алып шықты, - Мұхамет сен ана қайнаған суды ыдыстарға құй.

Мұхамет төрт ыдысқа қайнаған су құйып, Қапидың алдына тізіп қоя қойды. Қапи арпадан бір шымшым алып төрт ыдыстағы қайнақ суға септі. Онан соң асықпай беліндегі ағаш қыннан пышағын алып наннан жұқалап төрт тілім тіліп, бір-бірден таратты. Жүргіншілер аздап арпа себілген су мен бір тілкім нан жегенге едәуір қаужанып қалды.

Бекбай алғашында аштыққа шыдай алмай қатты қиналған еді, екі күннен бері, қарны оншалық қатты ашып кетпеген сияқты сезілді. «Адам баласы о дүниеге барғанда жеті күнде тозаққа да үйренеді деуші еді, адам аштыққа да үйренетін көрінеді ғой» деп ойлады. Ол бір кезде абақты да жатқанда ауыр уайым қайғы мен суықтың қысымында, қарынның ашқан-ашпағанын мүлде білмей

қалғанын енді сезді. Жылан бір тышқан жұтса үш ай азық болады екен деп естигін. «Мүмкін, адамдар бір айда бір рет тойып тамактанса да өлмей шыдай беретін болса керек» деп ойлады Бекбай. Ол өз ойына өзі таң қалды. Бекбайдың жылан туралы естігені расында шын еді. Жылан бір тышқан немесе торғай жұтса, бір-екі ай аш жүре береді екен. Бірақ адам жылан емес қой, жылан аштыққа шыдағанымен, адам шыдай алмайды. Адам атаулы жыланды көрді болды өлтіреді. Мүмкіндігі бар тірі жібермейді. Жыланды үлкен жау санайды. Бұған адамдар мынадай патуа айтады : Сонау Нұқ пайғамбардың заманында адам өсіп жер бетіне симай кетіпті. Айтуларға қарағанда жетпіс миллиярдан асып кеткен екен деседі. Адамның көптігінен қылмыс көбейіп, адамдарды басқару өте қиын болса керек. Сол заманда Нұқ пайғамбарға Алла аян беріпті дейді : Ей, Нұқ, жер бетін топан су басады. Үлкен кеме жаса, әр хайуаннан бір жұптан кемеге алып шық. Топан су қырық жылда қайтады. Сен қырық жылға жететін азық дайында.

Нұқ алып кемені жасатып болғанда, Нұқты келекелеген адамдар қаптап келіп дәретке отырып, кемені дайраққа толтырып тастайды екен. Мұны көрген Нұқ тәңірге елу жылда әрең жасаған кемемді дайраққа толтырды, бұйрығыңды орындай алмайтын болдым деп жылапты. Осыдан көп өтпей сол өңірдегі адамдарға жазылмайтын қотыр ауруы тараған деседі.

Сол қотырға кемедегі дайрақты жақса жазылады екен дейтін сөз тарайды. Денесі қотыр болып қиналған қалың адам кемедегі дайрақты таласып үстілеріне жаққанда, кеме тазарып айнадай жарқырайды. Сонық артынан топан су келіп, Нұқ әр хайуаннан бір жұп алып кемеге бекінеді. Жер бетін бүкілдей су басып, Нұқтың кемесі су бетінде қырық жыл қалқып жүреді. Сол күндерде аштыққа шыдамаған тышқан кемені кеміріп тесіп тастайды екен. Бұл тесікті бекітудің шарасы табылмай, Нұқ пайғамбар қатты қиналады. Ол кемедегі барлық тіршілікке :

- Кім кеменің тесігін құрылыққа шыққанша бекітіп тұрса, не тілегі болса да қабыл етемін, - дейді. Сол шақта жылан ирелендеп Нұқ пайғамбардың қасына келіп :

- Мен бекітіп тұрамын, - деп өз денесімен тесікті бітеп алыпты. Осыдан көп өтпей топан су төмендеп, кештер құрылықты тауып, шүйіншіге зәйтүн ағашының жапырағын әкелген екен. Кеме де құрылыққа жетіп, бар тірлік табанымен жер басады. Сонда жылан бағанағы уәде бойынша Нұқ пайғамбарға келген дейді. Сонда Нұқ пайғамбар :

- Не тілегің бар? - деп сұрапты.

- Тақсыр, бұрын мен топырақ жеп келдім, енді не нәрсенің қаны тәтті болса, соны қорек қылсам, - депті. Нұқ пайғамбар араны шақырып алып :

- Сен мына барлық хайуандардың қанынан татып көр. Қайыссының қаны тәтті екен, соны маған жеткіз ! - деді.

Пайғамбардың бұйрығы бойынша ара хайуандарды бірден шағып қанын татып, қайтып келе жатса алдынан қарлығаш шығыпты. Ол :

- Ненің қаны тәтті екен? - деп сұрапты. Ара іркілместен :

- Адамның қаны бәрінен тәтті екен, соны Нұқ пайғамбарға хабарлағалы келемін, - дейді. Мұны естіген қарлығаш арамен еріп Нұқ пайғамбар мен жыланның қасына келеді. Ара енді сөйлей бергенде, қарлығаш лып еткізіп оның тілін қыршып алады. Ара ненің қанының тәтті екендігін айта алмай ызыңдап қалады. Жылан қарлығашқа тұра ұмтылып құйрығынан бір тістеп қалады. Араның ызыңдайтын, қарлығаштың құйрығының жырық болып қалуы содан екен. Содан бері адам жыланмен өш, қарлығашпен дос болған деседі. Бірақ адамдар қалай хикая тоқысада, жылан адамдардың өзі тиіспесе тиіспейді. Адамдар жылан тиіссін, тиіспесін кезіккенін өлтіре береді. Өздері жаман көрген адамдарын улы жылан секілді деп жыланға ұқсатады. Өмірдің шынайы өз мәніне көз салсақ, адамдардың жыланнан неше есе улы екенін, ал жыланның уы емдесе оп-оңай сауығып кететінін, ал адамдардың уы мәңгі сауықпайтынын аңғарамыз. Күллі тірлік атаулың бәріне көз жіберсек, адамнан басқа ешқандай хайуан бір-біріне еш себепсіз қастық жасамайды екен. Адамдардың ішінде жыланды

қойып, айдағардан да қиын адамдардың бар екенін адамдар өзі біле бермесе керек. Біздің қазақта : «Жатқан жыланның құйрығын басқан өзің емес пе» дейтін сөз бар. Бұл да жыланның еш себепсіз адамға тиіспейтіндігін ұғындырып тұрған жоқ па?! Айтуларға қарағанда, Африкада бала бағатын, ұры ұстайтын буылтық жылан деп аталатын жыландар бар екен. Олардың иесіне адалдығы сондай, балаларды қорғау жолында өлімнен де қорықпайды деседі. Бұлай болғанда, жылан адамдардың жауы емес, керісінше досы болды ғой. Адамдар қалайша өзі достасуға тиісті жауларымен жауласады? Осының бәрін де адамдардың жеке мүддесінің ең жоғары, ең маңызды орында тұрғандығынан осылай болса керек.

Сондықтан мүдде де адам ешқандай тіршілік иесіне жол бермейді. Тіпті бірі-біріне жол бермейді. Жер бетінің қырқысы да осыдан болып жатқан жоқ па?!

Бекбай лапылдап жанған сексеуілдің кер қызыл жалынына көз тастап, көп ойдың жетегінде ұзақ отырып қалғанын сезген жоқ, басын көтеріп Қапи шалға қарады. Ол қоржынын жастап оң қырымен шынтақтап жатыр екен. Мұхамет пен Мұстапа бір-біріне сүйеніп қалғып кетіпті. «Кішкене байқұстар-ай, шаршап қалдыңдар ғой» деп күбірледі Бекбай.

Бекбайдың дауысын Қапи естіді. Ол басын баяу көтерді :

- Бала деген ақымақ шаршағанын білмейді емес пе, оның үстіне қарындары аш, бүгін сенің арқаңда бір қаужанып қалатын болды, - деді.

- Қапеке-ау, бұл менің арқам емес, құдайдың бұйрығы ғой, - деді Бекбай күліп, - мына шөл едәуір үлкен шөл сияқты ғой, сіздің жол білгеніңіз мұндай жақсы болама, мен жалғыз жүрсем сүйегім далада қалар екен.

- Е, Бекей ешкімге қастығы жоқ, жаны жақсы адамға ежелден жамандық аз, жақсылық көп қой, кім болса да жамандыққа өзінің ниетінен жолығады, - Қапи басын көтеріп отқа жақындап келіп отырды, - менің бұл дүниенің дәмін тауысатын күнім ұзақ емес. Мына екі баланы өзіңе тапсырамын ғой, алдын ала айта отырайын. Менің осындай күнге қалатын жөнім бар. Әңгімені басынан бастайын, мен кешігіп үйленген адаммын. Әкеміз ауқатты адам екен. Қасқырдай төрт ұлы іркестіркес тең ержеттік. Әкем өзі ертіп барып татулыққа жақсы деп шешемнің туған сіңілісінің қызына құдалыққа барды. Сәл өңінің қаралығы болмаса, ерттеген аттай әдемі қара торы қыз екен. Әкешесі әкем екеуімізді бәйек болып күтіп жатыр. Әкем бұрыннан емеурін білдіріп жүретін болса керек, құдалыққа келгенімізді олар айтқызбай-ақ білді. Бірін-бірі құда-құдағи деп әзілдеп жүрді де кетті. Қойшы әйтеуір, мұнда қозғалмай он күн жаттық. Бара-бара мен де қалыңдығыма тіл қатып әзілдесетін жерге жеттім. Біз аттанардан бір күн бұрын далада ат ерттеп жүр едім, қалыңдығым қасыма келіп :

- Мынау саған берген естелігім болсын, - деп қолыма кішкене кестелі түйіншекті ұстатты да лып етіп үйге кіріп кетті. Әдемі кестелі бет орамалға түйген күміс жүзік екен. Осылайша ақ батамен құдаласып ауылға қайттық. Осы жылдың күзінде біздің ауылға жылқымызды бағатын болып Баймырза деген көшіп келді. Әкем Баймырзаны шақыр деген соң, үйлеріне жетіп барсам, қазан жақта жалғыз қыз іс тігіп отыр. Басқа ешкім көрінбейді.

- Үлкен кісілер бір жаққа кеткен бе? - деп едім, - жоғарғы үй шайға шақырып кетті, - деп қыз менің бетіме тігіле қарады. Қыздың бетіне қадала қарап қалсам керек, қыз :

- Сенбей тұрсыз ба? - деп сылқ-сылқ күлді . Ыңғайсызданып қалдым. Сонда да жігіттігіме басып :

- «Жақсыны көрмекке» дегендей, сұлу жүзіңнен көзімді алғым келмей тұр, - дедім күліп.

- Онда көзіңді тастап, өзіңіз кете берсеңіз болды ғой.

- Қабыл алсаң, қарындас, көзімді қойып, өзімді де осында тастаймын, - дедім.

- Иесіз адамша сөйледіңіз ғой, - деп қыз тағы сылқ-сылқ күлді. Күлкісі бөлек жағымды екен.

Осы танысқаннан соң, оны-мұны сылтауратып қыздың үйіне күнде баратын болдым. Сөйтіп жүріп

қызбен сөз байласып та үлгірдім. Ақыры бұл қылығымды әкем біліп қалыпты. Аздап мені сабап ашуын шығарды. Қыс өтіп күзге айналғанда, қалыңдығымды әкелуге мені құдаласқан қайныма аттандыратын болды. Қалай бұлтақтасам да әкем бұлқындырмады. Қасыма мықты жігіттен екеуін қосып аттандырды. Жамандық жатама, менен бұрын мұнда менің өсегім баяғыда жетіп болған екен. Қайнатамның қабағы қарс түйолі, қайнапам ғана азырақ жылудық білдіргенсиді. Онысы бер жағы ғана сияқты. «Не болса да қатын алғанды қойып қашып кетейін» деген бекімге келдім.

Көз алдымнан жылқышының аққұбаша қызының өңі кетер емес. Жұрт таңғы ұйқыға кеткенде, білдірмей киім-кешегімді қолтығымға қысып далаға шықтым. киімімді киіп болып, сылдыратпай далада жиулы тұрған ерімді алып, арқандаулы аттың қасына келсем, атымның қасында біреу тұр. Қасына таяп келсем қалыңдығым екен. Ол менің бұзылып кетуге ыңғайланғанымды біліп қойыпты. Қалайда айтарын айтып қоштасып қалмаққа атымның қасында жүрген секілді. Атымды ерттегенше үндемей қарап тұрған еді, атымның айылын тартқанда аяндап қасыма келді:

- Қапи, бүйтерің бар, құдаласпасаңдар болатын екен. Сені тосқалы тұрғаным жоқ. Мені тірі өлтіріп кеттің. Туған бөлем сенің көрсеткенің осы болса, саған рақымет. Жолың болсын ! - деп қыз ауылына қарай жүре жөнелді. Айтарға болмаса көңілім бір түрлі болып, қайтерімді білмей аз тұрып қалдым. Қыздың жылап бара жатқанын білдім. Бір ауыз жауап та қайтара алмадым. Сол күні түні ауылдың сыртында бекініп жатып, келесі күні түні жылқышының қызын алып ұзатқан апайымның ауылына безіп бердім. Сол бөле қарындасымның қарғысы тиді, әйелім бала көтермей менімен отыз жыл жолдас болып, дүниеден биыл өтті. Әлгі бөле қарындасым бір ауылды аузына қаратқан атақты әйел болды. Дәл қазірге дейін оның бетіне түзу қарай алмай өтіп келемін.

Қапи шалдың хикаясы Бекбайдың ұйқысын ашып жіберді. Қоянның етін асқан тоғаны оттан шегіндіріп, Қапиға күлімсірей қарады :

- Қазір томардай болып отырғаныңызбен, кезінде бірін тастап, бірін алып қашқан мықтының бірі екенсіз ғой, - деді Бекбай.

- Е, Бекей, онда не мықтылық тұр дейсің, біреудің жылтыраған бетіне қызыққан ақымақтың қылығы ғой. Қазір ойласам, өзіме өзімнің ашуым келеді. Адам біреуді жақсы көрсе, көзіне одан басқа ештеңе көрінбей қалатын сияқты ғой.

Бекбай Қапидың сөзін естіп күліп жіберді.

- Күлме, - деді Қапи, - басыңа келгенде бір-ақ білесің.

- Басыма да келген, көзіме ештеңе көрінбей қалғанды мен де көргем, мен де сіз сияқты ақымақтың дәл өзімін, - деді Бекбай.

- Онда дәл табысыппыз ғой, - деп Қапи қарқылдап күлді. Мұхамет пен Мұстапа мына ашты күлкіден оянып бастарын көтерді.

Бекбай тоғадағы қоянның етін тоғаның қақпағына салып Қапидың алдына қойып :

- Мынаны өз қолыңызбен бөліңіз, - деді.

Қапи үндеген жоқ, ағаш қындағы сары мойнақ пышағын шығарып қоянның етін асықпай екіге бөлді. Жартысын бөлек қойып, қалған жартысын бірдей етіп төртке бөлді.

- Жартысын ертең түске қалдырайық, - қоянның етінің төрт бөлегін төрт ыдысқа салды. Қапидың бөлісіне ешкім үн қатпады. Бәрі тең етке қол қойды. Бір-бір жапырақ еттерін жеп болғанша ешкім тіл қатқан жоқ. Қоянның еті аузына ерек татыса керек, кішкентай Мұстапа саптаяғын жерге қойып :

- По, қоянның еті недеген тәтті, мен өмірімде осындай тәтті ет жеп көрмеппін ғой, - деді.

2

Төрт жүргінші таңертең күн көтеріліп келе жатқанда бастарын көтерді. Аспанда шыбарланған аздап ала бұлт ғана бар екен. Бекбай орнынан тұрып, бықсып жатқан сексеуіл томарының шоғына

қураған шөмшек салып от жақты. Мұхамет пен Мұстапа жартас түбіндегі қарға барып беттерін жуып, от басына келді.

- Алла, түндегі қоянның еті недеген тәтті, - деді кішкене Мұстапа тамсанып.

- Е, балам, көктемдегі көке жасық қоянның еті ғой, қазір бізге жеуге келетін не нәрсе болса да бәрі бал татиды емес пе, - деп Қапи дорбадағы арпадан төрт ыдысқа төрт шымшым сеуіп берді. Күндегі әдеті бойынша қойнындағы кішкене қазыдан жұқалап кесіп, Мұхамет пен Мұстапаға ұстатты.

Бекбай арпа себілген суға қалтасындағы құрттың бірінің шекесінен пышағымен бір шағылдақ түсіріп салды. Бір шайнам арпа, бір шайнам құрт, қайнаған су Бекбайды таңертеңгі шәйін жайғасып ішіп отырғандай рахат күйге келтірді. Ол қайнаған суды ішіп болып ыдысын жинастырды. Көз алдына тағы Жайна елестеді. Бұрынғысындай жымыып күліп тұрған сияқты. Ол күлгенде екі көзінің артында болымсыз сызық пайда болып, күлкісінің артында бір мұң жатқандай өңін сынық көрсететін. Дәл қазір де солай кескін байқатты. Бекбай мынау әсем елеске құныға қарап көз алдынан жібергісі келмей, саптаяғын ұстаған беті бір тізерлеп отырып қалды. Бекбайдың мынау қалыпсыз қимылы ең әуелі кішкене Мұстапаның назарын аударды.

- Бекей аға, неге меңірейіп отырып қалдыңыз? Бір жеріңіз ауырды ма? - деп орнынан ұшып тұрып Бекбайдың қасына келді. Бекбай ұйқыдан ояғандай Мұстапаға таң қала қарады.

- Ештеңе болған жоқ. Бір тәтті ой ойлап қалып едім, - деп Бекбай күлді. Көз алдындағы тәтті елес лезде ғайып болып артынан қайта пайда болды.

Төрт жүргінші жолға шығып едәуір жерге келгенге дейін Жайнаның кескіні Бекбайдың көз алдына қайта-қайта елестеді де тұрды. Үстіндегі киімі онша айқын көрінбейді. Екі бетінің еті орталап, арықтап, өңі аққұбашаланып кеткен сияқты. Бекбай ішінен : «Ей, Алла, жолымызды оңғарып, Жайнаға аман-есен жеткізегөр, жанымның азығы болған асқақ арманыма жеткізегөр !» деп қайта-қайта тіледі. Ол Жайнаның қайта-қайта көзіне елестегенін жаманға жорымады. Қайта Жайна мені сағынып жүр екен ғой деген қортындыға келді. Сөйтті де тағы ойға батты. «Жайна бойжетіп үлкен қыз болды. Боғда жеріне барғанда, менен күдерін үзіп біреумен некеленіп кете ме кім біледі. Алыстан азып-тозып ауып барған ел әлі есін жиған жоқ шығар. Пәленің басталатын жері осы жаз болар, мал тойынып, ел есін жиғанша жетсем екен, шіркін !»

Бекбай түрлі ойдың жетегінде қанша жүргендерін білмей қалды. Барған сайын күн ысып, үстіндегі күндіз киім, түнде көрпе болып келе жатқан шолақ ішігі екі иығын басып, аяғының ауырлай бастағанын сезді. Ескі көн етігінің де екі өкшесі ішіне қарай желініп, жүрген сайын аяғының мойнын ауыртып келе жатыр еді.

- Осы көш жолы бізді тастақ көк адырдың ішіндегі бір шұқанақ суы бар ағарға апарады - деді Қапи жүріп келе жатып, - сонда жарым күн тынығайық. Одан ары күн қатты ысып кетсе, мына қалың киімдерімізді жеңілдетеміз ғой.

- Қазірдің өзінде мына ішік маған ауыр болып келеді, - деді Бекбай.

- Күн қанша ысып кетседе қалың киімді түгел қалдыруға болмайды, адамға ыстық өткен жаман, киім адамды ыстықтан қорғайды, - Қапи ыстықтан қорғаудың қамын жасау туралы сөйледі, - алда қандай күнге кез боламыз, оны бір құдайдың өзі біледі. Құмның жаман жері күндіз адам төзгісіз ыстық болса, ал түнде оның керісінше қатты салқын болады.

- Сонда құмға қашан жетеміз? - деп Бекбай Қапидың бетіне тесіле қарады.

- Ойбай-ау, құмға жетсек жеттік емес пе, мынау шөл адыр оңай түгемейді, онан ары керіш тағы бар, - Қапи басын шайқап-шайқап қойды.

Мына сөз Бекбайдың үмітін селге кетіргендей болды. «Үш тал құртпен әуелі құмға да жете алмайтын сияқтымын ғой» деген ойға келді. Өзінен сәл оза жөнелген Қапиға тез жүріп қатарласты :

- Сонда, Қапеке, құмға мөлшермен неше күнде жетеміз?

- Алла жол беріп осы жүрісімізден айрылмасақ, енді жеті күнде құмға ілініп қалармыз.

- Ойпыр-ай, ұзақ екен ғой.

- Олай деме, - Қапи алдыңғы жақтарында алыстау кетіп бара жатқан Мұхамет пен Мұстапаны меңзей сөйледі, - аналар естіп қалмасын, кішкене ғой, рұхтары майрылып, жігерлері жасымасын.

Бекбай үнсіз күлімсіреп бас изеді. Ол қалтасындағы азығының жағдайына қарай айтып қалғанын Қапиға айтқысы келді. Бірақ айтпады. Қапидың қоржынында қаншалық дән бар ол Бекбайға анық. Ал Бекбайдың қалтасында үш тал кішкене құрт барын Қапи да біледі.

Бұлар осы сорап ізбен тоқтаусыз бес күн жүрді. Ең алдымен Бекбайдың құрты таусылды. Қоржындағы шақайлық тері ғана қалды. Ағын-ағын шөл адыр таусылатын емес. Оның үстіне күн де барған сайын шыжып, аспан айналып жерге түсетіндей ысыды. Төртеуінің де аяғындағы киімдері тесіліп дал-дұлы шықты. Мұстападан басқасы қызыл табанымен жер басқанның аз-ақ алдында келеді.

Күн бесінге жақындағанда бұлар биік қоңыр белге шықты.

Бекбай енді құмға жақындаған шығармыз деп келе жатыр еді, анау оңтүстікке қарай қатпар-қатпар болып көсіліп жатқан қара сұры адырды көргенде жүрегі айнып кетті. Қапидан сұрауға жүрегі тартпады. Бекбайдың көңілін Қапи білді. Күлімсірей келіп Бекбайдың иығынан ұстады :

- Алдағы екі белді ассақ, терең ағынға түсеміз. Ағынның төменгі жағында көлденең аласа жартас бар еді, сонда құландар тарпып су ішетін жылтыраған аз суы бар жырашық болатын. Қас қарайғанша соған жетсек, тағысын тағы көерміз, - деді.

Қапидың су бар деген сөзі Бекбайға алдыңғы жақта ауыл бар деген сияқты әсер етті. Буыны құрып қайта-қайта отыра кеткісі келіп әрең келе жатыр еді, қайтадан буыны қатайып, бойына қуат біте қалғандай болды. Осыдан соң екі баланың да жүрісі тездеп, жолды едәуір ұтып жіберді. Күн енді ғана ұясына еңкейгенде, жүргіншілер терең ағынға жетті. Расында көлденең жолдың төменгі жағында, дәл ағардың орта тұсында кішкене жартас бар екен. Екі бала да, бекбай да солай қарай жүгіре басып жөнелді. Төртеуі де бүгін қатты шөлдеген еді, жартас түбіндегі жыраға ең алдымен жеткен Мұхамет жыраны өрлеп-құлдап аңтарылды да қалды. Қасына енді келген Бекбайға ол :

- Су жоқ екен, - деді.

- Атаң келсін, сол кісі біледі - деп Бекбай мойнындағы қоржын-қолаңын алып жарастың түбіндегі ақ топырақты тақыршаққа қойды. Бекбай Қапидың аяқ алысының күндегідей емес едәуір ауырлап қалғанын байқады. Су ұрған бұйрат-бұйрат ұсақ жырашықтардан баяу аттап аяғын санап басып ғана келеді. «Е, шалым-ай, сенің де халің азайған екен ғой» деді Бекбай ішінен. Қапи Бекбай қоржын қойған тақыршаққа мойнындағы қоржынын тастай салып, су ұрған ағарға бұрылды.

- Бекей, - деді ол жыраның ортасындағы үшкір тас шығып тұрған құмдауытты қолымен нұсқап, - үшкір таспен андағы құмды қазып жіберші. Су бұрқ ете түседі.

- Міне, - деп Бекбай үшкірлеу тастан бірді алып, құм үстіне жүрелеп отыра қалып қаза жөнелді. Қапи расында біледі екен. Екі қарыс тереңдемей-ақ су бұрқ ете түсті. Анадайда отын теріп жүрген Мұхамет Мұстапаның «су,су» деп айғайлаған қуанышты дауысымен жүгіріп келіп :

- Алла ! Жақсы болды ғой, атам недеген біледі. бағанадан «бүгін торсықтағы суды түгел ішіп алдық. Мына жерден су шықпаса, шөлден өлемізбе» деп ойлап едім. Жақсы болы ғой ! - деді қуанышты кескінмен.

Лезде жыраға от жағылды. Тоғаға су құйылып, үш тастан жасалған ошаққа қойылды. Күн де ұясына батты. Бекбай қоржынындағы дегдіп сіріге айналайын деп қалған торы аттың екі пұшпақ терісін алып Қапидың алдына тастап :

- Мынаны қандай жөндейміз, отқа ұйтамыз ба, жоқ жүнін қырамыз ба? - деді.

- Мен жөндеп жіберейін, - деп Қапи беліндегі ағаш қыннан сары мойнақ пышағын алып аттың пұшпағын, жүнін сыртына қаратып бүктеп, бір жағын Мұхаметке ұстатып, енді бір жағын өзі

сол қолымен ұстап, жүнін қыра бастады. Тоғадағы су қайнап болғанша, Қапи бір пұшпақтың жүнін тап-тақыр етіп қырып үлгірді. Онан соң ортасынан екіге бөліп Бекбайға қайта берді :

- Бір жуып жіберіп тоғаға сала ғой, жас жылқы болса екі қайнағанда-ақ жеуге келеді. Ал, сегіз-тоғыз жастан асқан кәрі жылқы болса, едәуір қайнатпасақ, тісіміз батпайды ғой. Сөйтсе де әйтеуір бірнеше күнге азық болатын секілді, - Қапи сөйлей отырып алдында тұрған торсықтағы сумен қолын жуды, - жүні қою екен, алты-жеті жастардағы ат секілді. Тез пысып қалар.

Тоғадағы пұшпақ тері бір қайнаған соң, Қапи Мұхамет пен Мұстапаға сорпасынан орта саптаяқтан құйып беріп, қойнындағы қазыдан екеуіне жұқалап екі кесіп ұстатты.

- Осыны ішіп-жеп екеуің қисайып дем алыңдар, - деді Қапи.

Саптаяқтағы терінің нілін ұрттап жіберіп, Мұстапа қуанып кетті.

- Кәдімгі еттің сорпасы секілді дәмді екен ! - деді.

- Осындай жас тері табылса да аштан өлмес едік, - деді Қапи.

Терінің нілі мен бір тілкім қазыларын жеп, Мұхамет пен Мұстапа шұр етіп ұйықтап кетті.

- Мыналардың ұйықтағаны жақсы болды, - деді Қапи, - мына тері әзірге пыса қоймайды. Бағана олардың көңілі үшін айттым ғой, мынау кәртең жылқының терісі секілді. Пұшпақ тері де болымсыз ақ қылшықтар бар екен, көбірек қайнасын. Қойылтып нілін ішейік. Терінің сорпасы расында күшті болады. Сен аштыққа төзімді екенсің.

Терінің нілінен аз-аздан құйып ұрттап, Қапи мен Бекбай кеңесіп едәуір уақыт отырды. Пұшпақ терінің нілін Бекбай ішкен сайын ішкісі келді. Бір кезде сүйектің нілін қайнатып ішіп, талай күн жан баққандарын есіне алды.

- Мен ашаршылықты енді ғана көріп отырғаным жоқ, - деп бастады Бекбай сөзін, - бір рет емес, талай рет аштан өліп қала жаздағаным бар.

- Бұдан бұрын Алтайда ашаршылық болғанын естімеген екенмін, жасым алпысқа таяды ғой, жұбыма жетіп аштыққа ұшырағаным бірінші рет екен.

- Мұндай болғанда төзімді қайсар адам нақ сіз екенсіз, - деді Бекбай күліп.

- Е, Бекей, не жырғағаннан қайсар болып отыр ғой дейсің, «басқа түссе баспақшыл» деген осы емес пе, - Қапи алдындағы жана-жана жартысы ғана қалған сексеуілді оттың ортасына қарай сырғытып қойды, - пендешілік адамға не қылғызбайды дейсің. Қарын тоқ, қайғы жоқ күнде астамсыған шақтарым да болған шығар. Қанша күнә өткіздік оны бір құдай өзі біледі ғой. Осы жасқа келгенше болмаса намазды да үйреніп алмаппын.

Қапидың мынау дүние сөзін сөйлеп, өткен өміріне өкінішпен үңілгені Бекбайдың көңіліне жақпады. Бекбайдың көзіне Қапи енді сора-сора болып жылап отырған адам сияқты көрінді. «Өткенге өкінудің өзі барып тұрған ақымақтың ісі» деп ойлады Бекбай. Сөйтті де Қапидың екі көзі жасаураған жүдең жүзіне қайтадан қадала қарады. Қапидың томпиған екі бетінің ұшынан басқа бетінен мойнына дейін әжім шимайламаған жері жоқ екен. «Әжім дегеннің өзі Алла тағала адам баласына салған кәріліктің таңбасы екен ғой, көп өтпей бұл таңба менің де бетіме түсетін шығар» деп ойлады ол.

- Пысқан шығар, - деп Бекбай шолақ ожаумен тас ошақтың үстінде баяу жыбырлап қайнап тұрған тоғаны екі құлағынан жеңімен көтеріп жерге қойды.

- Ішіндегіні тоғаның қақпағына алшы, езілді ме екен көрейік, - деп Қапи беліндегі ағаш қында тұрған сары мойнақ пышағын суырып алып жуа бастады.

Бекбай тоғадағы теріні ожаумен алғалы көтеріп еді, тері екі рет сусып қайта тоғаға түсті. Бекбайдың қолына тері үлкейіп әрі ауырлап қалған сияқты әсер берді.

- Мына тері қайнап-қайнап кесек етке айналып кеткен бе? - деді Бекбай күліп.

Ол үшінші рет ожау салғанда барып екі терінің бірін әрең алып шықты. Міне қызық, тері бұрынғысынан қалыңдап, бейне қойдың төс шандырына ұқсап кеткен екен. Оның керісінше, көлемі

едәуір кішірейіп кетіпті. Қапидың көзіне де, Бекбайдың көзіне де екі қиқым тері екі кесек ет сияқты болып көрінді. Қапи терінің қиқымы салынған тоғаның қақпағын алдына тартып, пышағын қолына ұстаған беті дардай отырды. Неге бұлай отырып қалғанын Қапидың өзі де, қасындағы Бекбай да аңғара алмады.

- Жә, Бекей, «бұйырған асқа тісің тисін» деген осы, - деп Қапи терінің бірін қолына алып асықпай кішкене бір тілім кесіп, «биссмилла» деп аузына салды. Екінші рет одан сәл үлкендеу кесіп Бекбайға ұсынды. Кәдімгі құйқа сияқты екен. Бекбай шайнап отырып, өзінің шақайлық теріні жеп отырғанын ойлады. Осы екі шақайлық терінің тағы бірнеше күн өздеріне талшық болатынын әбден межеледі. Алғаш торы аттың екі пұшпағын кесіп алғанда, Бекбай оны жаяу жүріп аяқ киім жыртылса, шақай етіп тартамын деп алған еді. Енді міне жүрек жалғап, азық үшін тамсана дәмін алып отыр. Жылбырап керемет жұмсап кеткен екен. Бір тілкім теріні жеп болғанда екеуі де ет жерген адамдай жадырай қалды. Қапи терінің қолындағы қалғанынан тағы екі кесіп алып Мұхамет пен Мұстапаға қалдырды да, қалғанын аз болса да екіге бөлді :

- Мә, мына бір бөлегін сен же. Қалғанын мен жейін, ана қалған бөлегін жігіттерге қалдырайық, - деп Қапи қанағаттанғандай көңілдене сөйледі, - сен аттың пұшпағынан шақай тартуды ойламасаң, бізге бұл қайда, адам қанша ақылды болғанымен қарны тоқ, қайғысы жоқ кезде ештеңені ойламаған екен ғой.

- Қарны тоқ кезде адам аш қалатынын білмейді ғой, тіпті өлерін де білмейді. Ондайда ашаршылық туралы ойлаудың қажеті жоқ. Адам басына ауыр күн түскен сайын, күллі дүние адамға жұдырықтай ғана болып көрінетін сияқты. Үрейлі ойлар да миды қоршап алады екен, - деді Бекбай.

Қапи пысқан теріден тағы бір кесіп өз алдына қойды да, екінші рет кесіп бекбайға берді. Терінің сорпасын Бекбай екі саптаяққа ортадан сәл молдау етіп құйып, бірін Қапидың алдына, бірін өз алдына қойды. Саптаяғын қолына алған Қапи шырт ұйқыда жатқан бала жігітке қайта-қайта жалтақтап қарап қойып аузына апарды. Екі бала ұйықтап жатқанда, Қапидың кеңірдегінен ас өтпей отырғанын Бекбай білді.

- Екі баланың амандығы жақсы ғой, екі баланың амандығы үшін сіз де тірі жасауыңыз керек, - деді Бекбай. Бұл жолы Бекбайдың даусы әрі кескін, әрі қатаң шықты.

Бекбайдың сөзі қамшы болса керек, Қапи саптаяғындағы терінің қою сорпасын көзін жұмып ұрттай бастады.

Бекбай сорпаны екі ұрттағанда-ақ маңдайынан тер бұрқ ете түскен еді. Саптаяғындағы сорпаны ішіп тауысқанда, кәдімгі еркек қойдың сорпасын ішкен адамдай еңсесі көтеріліп, тынысы кеңіп қалды.

Жүргіншілер тері жеп отырған жоқ, тамақ жеп отыр ғой. Қапи мен Бекбай құйқаның қою сорпасынан екеуі екі шыны ішкен соң, қалғанын Мұхамет пен Мұстапаға қалдырып ұйқыға кетті.

Бекбай таң ата оянды. Мұхамет пен Мұстапа күбірлеп сөйлесіп жатыр екен. Бекбай орнынан тұрып еді, олар да орындарынан тұрды. От жанып, су қайнауға айналғанда барып Қапи шал басын көтерді. Бекбай екі бала жігітке құйқадан екі кесіп ұстатып, сорпасын жылтып саптаяқтарына құйып берді. Екі баладан асқан азырақ сорпаны Қапидың саптаяғына құйып алдына қойды.

- Өзіңеші, - деп Қапи Бекбайдың жүзіне қадала қарады.

- Сіз кәрі адамсыз, өте ашығып кетсеңіз болмайды. Мен жаспын ғой, жілігіме сүйеніп болса да талай жерге барамын.

Қапи саптаяқтағы құйқаның сорпасын ұстап аз отырды. Бірдеңе айтқысы келсе керек, Бекбайдың бетіне бір-екі рет жалтақтап қарады.

- Ішіп алыңыз, кеше кеште осында әрең жеттіңіз, - деп Бекбай ұмтылып келіп саптаяқты түбінен көтеріп оның аузына қарай жақындатты.

- Ата, ішіңіз, Бекбай ағамның тілін алыңыз, - деді Мұхамет.

- Сіз болмасаңыз біз басшысынан айрылған аққу сияқты адасып далада қаламыз ғой, - Бекбайдың үні сәл дірілдеңкі шықты, - төртеуіміз түгел Боғдаға жетуіміз керек. Бәрімізге де жарық дүние қымбат. Күн ысып келеді, азықтық бірдемені жолдан тауып жерміз. Бірнеше күнде ең болмағанда қойжуа көктеп қалар.

Қапи шал әуелі Бекбайдың бетіне қарап аз отырды. Онан соң Мұхамет пен Мұстапаға кезек қарады.

- Мен ештеңе етпеймін, қорықпаңдар, Мұхамет, Мұстапа екеуің егер бастарыңа күн туса, яғни мен олай-бұлай болып кетсем, Бекбай ағаларыңның етегінен ұстап ақылын алыңдар.

- Ата, сіз алаңдамаңыз, Бекбай ағаның тілін аламыз, - деп Мұстапа атасы Қапиға жақындап келіп отырды.

- Сіз бізбен ұқсас тамақ ішпесеңіз, біз де тамақ ішпейміз, Бекей ағаның тілін алмаймыз, - деп Мұхамет ренішті кескін байқатты.

- Ішейін, балам, ішейін, - деп Қапи зорлана күліп саптаяғындағы сорпаны ішті, - Мұхамет мені жеңді, адам болғаны осы ғой, Бекей ағаң айтты ғой, жолдан тіске сыздық болатын бірдеңе табылар.

Бүгін Бекбайдың көзіне Қапидың өңі солғын тартып, қоп-қою қара қастары ұйпаланып қалған сияқты көрінді. Анау бұрыл тартқан селдір сақалы да бұрынғысынан азайып, сұйықтап кеткендей еді. «Екі баласын аяп, шал байқұс жұбына таяп кеткен екен ғой» деп ойлады бекбай. Шалдың халінің күн сайын төмендеп бара жатқанын ол енді сезді. Жоны дөңкіп, екі иығы салбыраған жүден тұлғасына жаны ашыды.

Дегенмен шақайлық тері бүгін төрт жүргіншінің белін шынында бір көтеріп тастады, Қапи шалдың күйі қанша төмендегенімен, түнгі сорпаның күші оны кешегіге қарағанда едәуір қуаттандырып жіберген екен. Боздаған өңі аз да болса қайта жылтырағандай көрінді Бекбайдың көзіне.

Жүргіншілер таңертеңгі жаққан оттарын өшіріп, жырадағы судан ыдыстарына құйып алып әлгі жалғыз аяқ көш жолына қарай шұбыра жөнелді. Жүрген сайын бұл өңірдің табиғаты Бекбайға қорқынышты сезілді. Көзіне сылдыраған қара тастан басқа ештеңе көрінбейді. Анда-санда су орған шағын ағарлардан топ-топ сарбалақ пен жыңғыл ғана кездеседі, Беткейдегі тас арасынан көсенің сақалындай селдіреген түп-түп ақ теріскен көрінеді.

Бекбай айналасына қайта-қайта қарап қойды. «Жазатайым осы өңірде көз жұмсақ, бетіміз жасырылғанды қойып, сүйегіміз шіріп далада қалады ғой, мүмкін, құрт-құмырысқа кемірет» деп ойлады. Өз ойына өзінің ашуы келді. «Қайдағы жаман ой есіне қалай түсті» деп тез-тез жүріп алдында өзінен озыңқы кетіп бара жатқан Қапиға келіп қатарласты.

- Бекей, - деді Қапи иығындағы қоржынын оңдап, - Осы жүріспен тоқтамай жүрсек, Алла жол берсе, енді үш күнде, қара адырдан керішке өтеміз. Сонда судан біраз тарығар ма екеміз.

- Менің де алаңдап келе жатқаным сол, - деп Бекбай көңіліндегі күдігін жасырмай айтты.

3

Таңертеңгі салқын ауада, шығыс оңтүстіктен соққан болымсыз желемік жүргіншілердің сәлде болса бойларын сергітіп, тыныстарын едәуір кеңітіп тастағандай болды. Бұлар ыдыстарындағы суларын үнемдеп ішіп, үш күн дегенде қара адырдың шетіне шықты. Анау оңтүстікке қарай қабат-қабат болып, бірінен соң бірінің төбесі көрініп, ұзыннан ұзақ бұлдырай көсіліп жатқан керішті даланы көргенде, Бекбай жер шарынан басқа бір планетаға жетіп келгендей сезінді. Керіштің кейбіреуі кәдімгі қыстаулардағы қазақтың тошала үйлеріне ұқсаса, енді біреулері жазықта жатып алып аспанға иегін көтерген алып мақұлыққа ұқсайды екен. Тіпті кейбіреуі көне қалашықтың қирандысына да ұқсап кетеді. Анда-санда жердегі шұқанақтардың шетіне, көктеген жыңғылдар

үрпийіп-үрпийіп көрінеді. Жаңбыр мен жел мұжыған керіш төбелер, анау шығыстан батысқа қарай көсіліп жатқан керіш белге дейінгі ат шаптырым сары жазықтың ортасында, бейне теңіздің ортасындағы арал сияқты болып, бөлек-бөлек болып қаздып көзге түседі.

Бекбайдың екі құрты таусылып, енді кішкене жарты тал ғана құрты қалған еді. Бүгін жарты тал құртты талшық етсе, ертең тілін тістеп қалары хақ. Қапидың Мұхамет пен Мұстапаға беріп келе жатқан аужалдық қазысы да таусылуға айналды. Оны Бекбай көріп келеді. «Қалайда Қапидың қазысы бұларға тағы үш күнге талшық болады ғой» деп ойлады Бекбай, одан ары ойлағысы келмеді.

Қапи мен Бекбай үнемі Мұхамет пен Мұстапаның соңынан солардың аяғына еріп, солардың жүрісімен келе жатқан. Бүгін күн ерекше ысыған еді, Бекбайдың оң иығын торсықтағы су қиып, сол жақ иығындағы қоржыны да ауыр сияқты сезіліп, барған сайын буынының босап бара жатқанын сезді. Қапиға азырақ дем алып жүрейік демекші еді, Мұхамет пен Мұстапа жазықтың ортасындағы шұңқырдың жағасындағы аз ғана жыңғылдың көлеңкесіне барып шалқаларынан түсіп жата-жата кетті. Әйтеуір күн түспеді дегені болмаса, көлеңкенің өзі де от болып тұр еді. Бекбай иығындағы қосақтаған екі торсықты жерге қойып, үстіне қоржынын қойды. Жыңғылдың көлеңкесіне құлашын керіп шалқасынан жатты. Бұдан бұрын жол-жөнекей дәл осындай иығындағы жүгін жерге қойып жата қалғанда, немесе екі аяғын биік жерге қойып отыра қалғанда, денесі едәуір жеңілдеп, бойы серги қалушы еді, бүгін шалқалап жатқан сайын басын көтергісі келмей, денесі одан ары ауырлап, су көтерген иығының ашығаны көпке дейін басылмады. Анда-санда шығыс оңтүстіктен соққан ыстық желемік тынысты тіпті де тарылтып жібергендей сезілді.

- Атау-у, - деді кішкене Мұстапа шалқасынан жатып, - елге қашан жетеміз?

- Алла жол берсе аз қалды ғой, балам, - деді Қапи.

- Азырақ су ішейікші, ата, - Мұстапаның дауысы діріл араласып жылаған сияқты мұңлы шықты.

Бекбай басын көтеріп, өркеш торсықтағы ыстық өтіп сасып кеткен судан Мұстапаға үш ұрттам құйып берді. Мұстапаның маңдайынан тер бұрқ ете түсті.

- Шіркін ! Шөліміз қанғанша ішетін бір суға жетсек екен, - деп Мұхамет басын көтерді.

- Балам, сен де бірер ұрттап су ішіп ерніңді жібіт, - деді Қапи.

Бекбай Мұхаметке де үш ұрттам су құйып берді. Мұхамет суын ішкен соң Бекбай :

- Қайрат етейік, балалар, тұрыңдар, - деп орнынан тұрып, торсықтағы су мен қоржынын иығына салып жүре жөнелді.

Тағы екі баланы алдарына салып қойып, Қапи мен Бекбай көлденең жатқан биік керіштің беліне қарай тартып келеді. Бұлар осылайша төрт жерге дем алып, күн екінтіге ауғанда керіштің беліне әрең шықты. Керіштің үсті тағы тай шаптырым жазық екен. Мынау жіп-жіңішке болып ұзыннан ұзақ созылып жатқан ат жолдың батыс жақ жағалауында ошақ сияқты қойылған үш қара тас бар екен. Мұхамет үш тастың қасына келіп тоқтады :

- Ой, тауба, мына жерде асықтай тас жоқ. Ал, мына үш үлкен қара тасты қайдан әкелді екен? - деді ол таң қалып.

- Сен мына тасқа таң қалып жатырсың, бұл өңірде әуелі тасқа айналған орман бар. Алыстан қарасаң қураған қарағайдың өзі, ал қолыңмен көтерейін десең қозғалта алмайсың, - деді Қапи.

Бекбай үндеген жоқ. Ол үндемейін деп тұрған жоқ. Сөйлеуге шамасы келмей қалған еді. «Не де болса осы жалпақ керіш белден асып кетсек жөн еді» деп ойлады Бекбай. Сөйтті де үнсіз жүре жөнелді.

Жүргіншілер күн батарға таяғанда керіштің үстіндегі тай шаптырым жазықты тауысып, керіштің оңтүстік жағындағы, шығыстан батысқа қарай көсіліп жатқан терең жалпақ ағынға келіп түсті. Ағын іші кума-кума қалың сексеуіл екен. Бекбайдың халі азайып, алдына басқан аяғы кейін кетіп, қатты қиналып келе жатыр еді.

- Ал, балалар, әнеу тақырға барып қонайық, - деп Қапи солай бұрылды. Қапидың қасына жақындағанда, Бекбайдың денесі бір ысып, бір суып жүрегі дірілдеп отыра кеткісі келді. Бекбай өзінің бой алдырып әлсіреп қалғанын Қапи мен балаларға сездіргісі келмеді. Демін алып аз тұрып, бойын толық билеген соң, алдына қарай жүрді. Ол Қапи қоржын қойып дем алған тақыршаққа екі дем алып әрең шықты.

Бекбайдың екі көзі ішіне кіріп, аштықтан бұрауы кеткен түйе сияқты өте үңірейіп, кейпі де нашарлап кеткен еді. Қапи Бекбайдың нашарлап қалғанын сезді. Жүгіріп келіп Бекбайдың иығындағы су торсықты алып :

- Бекей-ау, өңің бір түрлі жаман болып кетті ғой, жатып дем ала тұршы. Аштық та жаныңнан өтіп кетті ғой ! - деді.

Қапидың мына сөзі Бекбайға едәуір қуат болды.

- Ештеңе етпес, осында жақындағанда азырақ басым айналды, енді жақсы болып қалдым ғой, - деп Бекбай тақыршаққа екі аяғын көсіліп отырды.

Мұхамет пен Мұстапа шөмшек әкелді. Қапи тоғаға су құйып, от жақты. От жанып, су қайнаған соң, жүргіншілер азда болса көңілденіп қалды. Бекбай қайнаған су мен жарты құрттың жартысынан ауданын жеді. Суға торсықтық сасық исі шығып, өте жағымсыз болып кеткен еді, жүргіншілер оған қараған жоқ. Алты айырықтарынан тер ағып ішті. Қапидың қойнындағы қазыдан әрең үш елі ғана қалған еді. Күндегі дағдысы бойынша Қапи Мұхамет пен Мұстапаға жұқалап бір-бір кесіп беріп, өзі пышақтың жүзіне жұққан нілді тілімен жалап аз отырды.

- Өзіңіз де азырақ нәр татыңыз, мүлде тіс айқастырмасаңыз болмайды, - деді Бекбай.

- Ата, сіз андағыдан азырақ жемесеңіз, ертең біз осы жерден жүрмей жатып аламыз, - деді Мұхамет.

- Мен де жүрмей жатып аламын, - деді Мұстапа.

Қапи қолындағы кішкене қазыдан қағаздай жұп-жұқа кесіп аузына салды.

Бекбай аштықпен жолдың азабына қанша төзгенімен, бүгін өзінің едәуір босаңсығанын сезді. Отырған жеріне қоржынын жастанын қисая кетті. Ол таңертең ерте түс көріп жатып оянды. Таң аппақ болып атыпты. Аспанда теңгедей де бұлт жоқ екен. «Бүгін тағы күн шыжып кететін болды ғой» деп ойлады. Сөйтті де әлгіндегі көрген түсін көз алдына қайта келтірді. Күндіз сияқты. Үлкен керіш төбенің түбінде келе жатыр, қасында ешкім жоқ. Қарны қатты ашқан екен. Бейне асқазанын біреу төмен қарай қолымен тартып жатқан сияқты. Кеудесінің ішін бір нәрсе мыжғылап барады, жүре алмай бүк түсіп отыра кетті. Дәл осы шақ ағасы Берікболдың : Бекбай, ана қалтаңдағы құрттың қалғанын же, сонда жаның қалады ! - деген айғайы естілді. Бекбай мына дауыстан басын көтерді. Берікболдың өзін қойып көлеңкесі де жоқ. Түс көріп жатыр екен. Бекбай басын көтеріп екі қолымен бет-аузын ысқылап едәуір уақыт отырды. Бекбайдың дыбырымен Қапи да басын көтерді. Екеуі де түнгі салқында едәуір ұйықтап, денелері ширап қалыпты. Бекбай орнынан тұрып от жағып, тоғаға су құйып отқа қойды.

«Марқұм Берікбол ағамның аруағы мені қорғап жүр-ау, айтқаны бойынша қалған құрттың кішкене шағылдағын таңертеңгі шәйда жейін» деп ойлады. Тостағандағы ыстық сумен Бекбай қалтасындағы енекөкірек етіп келе жатқан құрттың ең соңғы сынығын жеді.

Бекбайдың қалтасында енді тіске сыздық еткенді қойып дәмін алатын да ештеңе қалмады. Бір тістем құрт болса да қалтасында тағамы бар сияқты болып, көңіліне едәуір алғау болып келе жатыр еді. Енді алғау болар ештеңе қалмады. Бекбай тостағанын қоржынына салып орнынан тұрды. «Енді тіке өлімге бел буу керек» деп ойлады. Кеңірдегінен өткен ең соңғы бір шағылдақ құртпен бірге оның өмірге деген үміті де үзілген еді. Мынау шетсіз де шексіз көсіліп жатқан меңіреу шөлде үміт етер ештеңе де жоқ қой. Екі торсықты қосақтап иығына көтеріп еді, торсықтарда күндегіден жеңілдеп қалған сияқты сезілді. «Ей, Алла, суымыз да азайып қалған екен» деп іштей күбірледі. Бұл

ойын Мұхамет пен Мұстапаға сездірмеуге тырысты. Әлгіндегі бір шайнам құртқа едәуір тамақ жегендей бойына қуат біте қалғанын сезді. Осының күшімен аз да болса жолды ұтып алғысы келді. Бекбай су мен қоржынын көтеріп жолға түсті. Ол Мұхамет пен Мұстапаны алға салған жоқ. Үзік-үзік көш жолының сорабымен «Боғда қайдасың» деп оңтүстікке қарай тартты. Қайта-қайта құлағына ағасы Берікболдың күркіреген жуан дауысы естілгендей болады. Біраздан соң тіпті ап-анық құлағының түбіне саңқ ете түскендей болды. «Бекбай, қалтаңдағы құрттың қалғанын же, жаның қалады». Кәдімгі Берікболдың өз дауысы. Бекбайдың көз алдына шекарада екі аяғынан қан судай болып ағып, кішкене текшеге отырғандағы Берікболдың сұп-сұр сұсты кескіні елестеді. Сондағы Берікболдың қолындағы маузерін оқтап : - Тез жөнел, жөнелмесең атып тастаймын ! - деген ашты дауысы құлағына естілді. Бекбай ауыр оймен қанша жүргенін білмей қалды.

- Ойпыр-ай, мына қызыл-жасыл қандай жер? - деп айғайлаған Мұстапаның дауысы Бекбайды ауыр ойдан сергітіп жіберді. Басын көтеріп алдыңғы жаққа көз тастады. Шығыстан батысқа қарай тарамдалған, қума-қума сексеуілі бар керіш кенерге келген екен. «Алла жолмызды оңғарып, осы кенерден өткен соң, тіске сыздық етерлік бірдене жолқтырар ма екен, түсіме Берікбол ағам бекер кірген жоқ қой» деп ойлады. Расында басына ең қиын күн туып, өлім хаупі аузын арандай аша қалғанда, Бекбайдың түсіне Берікбол кіре қалса, немесе көз алдына елестесе болғаны Бекбайға аз ғана болса да бір жақсылық бола қалатын. Мұны алғашында Бекбай аңғармаған еді. Кейін бірнеше рет қайталаған соң, ресімі ырымдайтын болып алды. Бүгін де азығы тақа таусылғанымен, түсіне Берікбол кірген соң, дәтке қуат болсада тағы рыздығын жолдан тілейтін бір үміт оны жігерін мұқалтпай жетелеп келеді. Жүргіншілер мынау қызылды, сары болып келетін ала-құла бөктермен тоқтаусыз түске дейін жүрді. Кенет Бекбайдың ойына торсықтағы судың азайып кеткені түсе қалды. Жүрісін баяулатып Қапиды тосып алды. Бұл шақта Қапидың аяқ алысы баяулап, өңі қап-қара боп түтеп кеткен еді. Ол Бекбайға жақындағанда, әппақ тістерін көрсетіп ыржиып күлді. Мұхамет пен Мұстапа оның соңынан келе жатыр еді.

- Қапеке, торсықтағы су азайып қалды, алда сулы мекен бар ма? - деп Бекбай Қапимен қатарласа жүрді.

- Бекей, кешір, - деді Қапи тілімен қып-қызыл болып тілінген астыңғы ернін жалап, - суға баратын жолдан сәл жаңылып қалған сияқтымын. Төбесінде обасы бар биік шоқы бар еді, көрінбейді. Соның оңтүстік жағындағы терең аңғарда бір сор бастаусымақ болатын. Сор болғанымен ішуге келуші еді, сенен жасыратын емес, шынымды айтсам, үмітім үзіліп келеді.

Қапидың мына сөзі Бекбайды селт еткізді. Бастарына ең соңғы хауіптің келгенін білді. Сыздықтатып ішсе су әрең бір-ақ күнге жетеді. Ең қарысқанда ертең түске эзер шыдайды. «Бұл дүниеден көшуімізге бір сөтке уақыт ғана уақыт қалды ма? Жоқ, жоқ !» деп Бекбай ішінен күбірледі. «Көзім жұмылғанша тірліктің жолын іздеуім керек. Ата-бабамның арман-тілегі үшін, олардың мені күндіз-түні қолдаған асыл аруақтары үшін тірі жасауым керек !» Бекбай іштей өзіне-өзі жігер беріп, өлімді жеңуге тырысты.

- Қапеке, - деп Бекбай Қапиға күлімсірей қарады, - біздің қазақ «үмітсіздік шайтанның ісі» дейді. Үмітіңізді үзбеңіз.

Бекбайдың сөзі Қапиға қуат бітіргендей болды. Мынау ала-құла керіш кенере түгеп, бұлар жалпақ ағынға келіп түсті.

- Ау, Бекбай, мына ағардың тереңірек жыраларындағы құмды қазып көрейікші, су шығар ма екен ! - деді Қапи.

- Су шығатын жердің маңында ши, ақ тікен немесе қамыс болушы еді, мына ағарда одан ештеңе жоқ қой, - деді Бекбай.

- Не болса да әліміз азайғанша жүрейік, - деді Қапи. Жүргіншілер түске таяғанда қатар-қатар үш ағыннан өтіп, шығыстан батысқа қарай алып айдағар сияқты ұзыннан ұзақ көсіліп жатқан сап-

сары құм белге жетті. Бұл жердің сексеуілі күшіктеп, алды бүршіктей бастапты. Қапи белге таяғанда, бір түп биік сексеуілдің түбіндегі көлеңкеге отыра кетті. Мұхамет пен Мұстапа әлі едәуір кейін келе жатқан. Ал, Бекбай едәуір алда еді. Қапидың сексеуілдің түбіне отырып қалғанын көріп, артына қайрылып аз тұрды. Қайтып артына жүргісі келмеді. Жол шетіндегі сексеуілдің көлеңкесіне келіп отырды. Кенет көзіне сексеуілдің түбіндегі енді ғана бүршіктей бастаған ақ теріскеннің басындағы құжынап тұрған ұп-ұсақ жұлдызқұрт түсе кетті. «Ей, Алла, тамақ деген осы ғой, уақытсыз уақытта ерте пайда болған жұлдызқұртты маған жаратушым әдейі кезіктірген шығар. Төртінші айдың ортасы да болмай теріскеннің бүрлеп, жұлдызқұрттың тірілгенін көргенім осы екен» деп өзіне өзі күбірледі. Сөйтті де иығындағы торсық пен қоржынды сексеуілдің көлеңкесіне қойып, теріскеннің басындағы жұлдызқұрттарды уыстап аузына салды. Дәмі ерекше татымды екен. Теріскеннің басындағы аз ғана жұлдызқұрт Бекбайдың екі асағанынан-ақ қалмады. Ол дереу екі көзінің шырадай жанып, бойына керемет бір қуат пайда бола бастағанын білді. Сексеуілдің түбіндегі теріскеннің жұлдызқұртын бірден теріп жеген соң, орнынан тұрып, сол маңдағы теріскендерден жұлдызқұрт іздей бастады. Қырсық болғанда, табыла қойсын ба, Бекбайдың ары-бері бірдеңе іздегенін байқаған Мұхамет :

- Бекбай аға, не іздеп жүрсіз? - деп дауыстады.

Бекбай қоржын, торсықтарын алып, Қапидың қасына келді. Бір тал кішкене жұлдызқұрт оның езуіне жабысып қалған екен.

- Ой, Бекей аға, езуіңізде құрт жабысып тұр, - деп Мұстапа қорқып кетті.

- Бұл табылмайтын азық, - деп Бекбай езуіндегі жұлдызқұртты оң қолымен сипап алып аузына сала салды.

- Құдайға тәуба, жұлдызқұрт тіріліп қойып па? - деді Қапи таң қалып.

- Пайда бола бастапты. Мен бір теріскеннің басындағыны бір-ақ жеп едім, бойыма едәуір жан кіріп тіріліп қалдым, - деді Бекбай.

- Енді өлмейді екеміз, - деді Қапи қуанып.

- Сіз мына екі баламен сусын ішіп, бір нерселеріңізді жеп дем алыңыздар. Мен осы төңіректі айналып, бар болса жұлдызқұрт теріп келейін , - деп орнынан тұрды Бекбай.

- Бекбай-ау, күн мұнда шыжып тұрғанмен артында бұлт бар секілді. Тым ұзамашы, - деді Қапи шал.

Бекбай селдір-селдір ақ теріскенді бірден тінтіп жұлдызқұрт іздеді. Мұндағы анда-санда бір түп болып кезігетін теріскеннің көбі әлі бүршіктемеген екен. Бекбай аласа белегірден асып кішкене қобыға түсті. Қобының төменгі жағына төрт-бес түп теріскен бар екен. Жүгіріп сонда келді. Ортасындағы үлкен теріскеннің басында енді-енді ғана пайда бола бастаған ұсақ жұлдызқұрттар бар екен. Бекбай қуанып кетті. Жалп етіп отыра кетіп жұлдызқұртты бірден теріп аузына салды. Бекбай жеген сайын бұл дүниеде жұлдызқұрттан тәтті нәрсе жоқ сияқты сезілді. Ол жұлдызқұртпен қоса теріскеннің әлі жапыраққа айналмаған жасыл бүршіктерін де сыпырып жей бастады. Бұл да жеген сайын Бекбайдың аузына бал сияқты татыды. Жұлдызқұртты сыпырып жеп болып орнынан тұрғанда, өзінің бір уақ тойып тамақ жегендей, ерекше рахаттанғанын сезді. «Иә, Алла, өзің жар бола гөр, өлмейтін шаққа ілінгендей болдық-ау» деді Бекбай өзіне өзі күбірлеп. Сол төңіректі тағы біраз айналып еді, ештеңе табылмады. Қайта айналып жолдастарының қасына келді. Оларда әлгі аз қалған қазының жұрнағынан тағы біраздан жеп, бір-бір ұрттам су ішіп қаужансып қалған екен.

- Қапеке, жұлдызқұрт көп-көрім азық екен, әуелі менің шөлім де қана қалғандай болды. Енді жылжып отырайық, бір адым болса да ілгері басқанымыз оң, - деп Бекбай екі торсық пен қоржынын иығына салып жолға қарай жүрді.

Қапи мен балалары да едәуір дем алып ширап қалған еді, тағы сол үзік-үзік көне сорап жолмен жолдарына түсті. Түс ауа бастағанымен күн әлі шыжып тұр еді. Алдағы белегірге шығып,

артына қайрылған Бекбай өз көзіне сенбей қалды. Он күннің алдында арттарында қалған Бәйтiк тауы дәл арт жақтарында тұрғандай жап-жақын көрiндi.

- Қапеке-ау, әлi Бәйтiк тауының түбiнде жүр екенбiз ғой, - дедi Бекбай таң қалып.

- Ой, Бекей-ау, анау құмға барғанша Бәйтiк осылай артымызда жап-жақын болып тұрады. Бiз аз жол жүргемiз жоқ, - дедi Қапи.

4

Бекбайдың аяғы жолда болғанымен, екi көзi жолдың екi жағындағы шыларжын, терiскен сияқты ендi-ендi ғана бүршiктеп келе жатқан өсiмдiктерде едi. Жұлдызқұрт кезiксе болды сыпырып аузына салмақ. Бекбай бұрын көктемде бұта-бүрген бүрлеген кезде ақ терiскеннiң басына әлемi сап-сарала түгi бар жұлдызқұрттардың құжынап тұратынын талай көрген. Тiптi кейбiреуiн ұстап алақанына жүргiзiп ойнағаны да бар. Оның керемет азық боларын мүлде ойламаған едi. «Мұны да бiр Алла өзi менi тағы аз күндiк жарық дүниенiң несiбесiнен айырмау үшiн кезiктiрдi ғой» деп ойлады. Қырсыққанда, күн екiнтiге ауғанға дейiн жол бойынан бекбайға жұлдызқұрт кезiкпедi. Бiр тәуiрi, түсте тауып жеген екi уыстай жұлдызқұрт бойына ерекше қуат бiтiргенiн анық бiлдi. Көп күннен берi бiр қанбай келе жатқан шөлi де қанып, денесi жеңiлдеп, аяғы тездеп кеттi. Кенет алдарындағы жырадан бiр ақ түлкi лып етiп шыға келiп, белден аса жөнелдi.

- Апыр-ай, мына сұмның жолыққаны-ай, - деп Қапи кейiп жол үстiне сылқ етiп отыра кеттi.

- Жамандыққа жорымаңыз, кейбiр кезде түлкi жақсылыққа жолықтырады, - деп Бекбай оның көңiлiн жұбатып, қолынан тартып орнынан тұрғызды,
- мүмкiн, анау түлкi шыққан жырада жемтiк бiр нәрсе бар шығар, әуелi су бар ма екен.

Бекбайдың сөзi қайтадан Қапиға қайрат бiтiргендей болды. Орнынан тұрып түлкi қашып шыққан жыраға қарай жүрдi. Жүрiп келе жатып Бекбайдың бетiне жаңа көргендей қайта-қайта жалтақтап қарады.

- Алдыңнан түлкi шықса саған жақсылық болушы ма едi? - дедi Қапи таң қалыңқы кескiнмен.

- Әрине, - дедi Бекбай, - әр кiмнiң өзiнiң бiр ұстаған жолы бар ғой, бiреу жамандыққа ырымдаса, ендi бiреу оны жақсылыққа ырымдайды. Сондықтан мұндай нәрселердi ең жақсысы ырымдамаған жақсы.

- Иә, Алла, сенiң айтқаныңнан болса екен. Онда маңдайымызға шор-шор алтын ғой, - дедi Қапи.

Түлкi қаша жөнелген жыраға ең алдымен Мұхамет жүгiрiп барды. Ол жырадан түйенiң бiр-бiрiнен ажырамаған табаны мен жiлiншiгiн оң қолына ұстап жырадан шықты.

- Берi әкелшi, - дедi Қапи Мұхаметке, - табан жағы бүтiн бе екен, бүтiн болса құдай бердi.

Мұхамет қолындағы түйенiң қураған жалғыз табаны мен жiлiншiгiн әкелiп Қапидың алдына тастай салды. Қапи қолына алып қуанып кеттi.

- Май табаны бар екен, отыны көп жерге барып түсейiк, - деп түйенiң сирағын жiлiншiгiнен ұстап жүре жөнелдi.

Бұлар күн батарға таяғанда, топ-топ сексеуiлi бар жайдақ ағынға келiп түстi.

Екi бала сексеуiлдi жинастырып от жағудың қамына кiрiстi. Бекбай мойнындағы екi торсықта қалған азғана суды жерге қойып, ағардың оңтүстiк қабағындағы қораның орнындай кiшкене қойнаушадағы бiрнеше түп терiскендi көрiп, солай жөнелдi. Есi-дертi жұлдызқұрт, ортадағы үлкен терiскенге жұлдызқұрт түскен екен. Бекбай қуанып кеттi.

Терiскеннiң түбiне асықпай отырып алып, бiрден терiп аузына сала бердi. Жұлдызқұрттар әлi үлкеймеген, өте ұсақ екен, сонда да Бекбай бiрде –бiрiн қалдырмай жедi. «Жұлдызқұрт әрi тамақ, әрi сусын екен ғой» деп ойлады. Сөйттi де орнынан тұрып Қапидың қасына келдi. Қапи кездiгiмен түйенiң табанындағы мүйiзгегiн жонып отыр екен.

- Андағыңыздан ауызға саларлық бірдеңе шыға ма? - деді Бекбай.

- Май табаны ма екен, - деп Қапи Бекбайға басын көтеріп күлімсірей қарады, - азырақ өзек жалғайтын бірдеңе шығар.

- Суымыз өте азайып кетті ғой, үнемдегенде ертең әрең бір күнге ғана жетеді, - деді Бекбай.

- Әттең құмға бір жетсек, осы тұстағы құмда бір құдық бар еді, таяп қалдық қой, - деді Қапи тамсанып.

Мұхамет пен Мұстапа жаман шақпақты тасқа ұрғылап жүріп бір сағатқа таяу уақытта әрең от тамызды. Бұған дейін Қапи шал түйенің қураған табанында күнге шыжып әбден еріп, тек сіресі ғана қалған май табанының сыртқы мүйізгегін жонын тастап, қалдығын өткір кездікпен жұқалап турап саптаяққа салды. Ол ерінбей түйенің табанын сорайған бақайы қалғанға дейін қырып-жонды. Бір уысқа таяу сап-сары сіңір сияқты нәрсені үстіне азырақ су құйып отқа қойды.

- Түнгі салқында адам шөлдемейді, түнде су үнемдейміз. Алдағы құдыққа жеткенше әлі талай жер бар. Балаларым, шыдаңдар, - деді Қапи.

Бекбай екі балаға екі ұрттам су құйып, торсықтардың аузын жауып қойды. Өзі жұлдызқұрт жеген соң су ішем деп ойлаған да жоқ. Қаншалық шөлдеп тілі құрғап тұрса да шыдады. Мынау түйенің күн қақты табанынан аужал боларлық бірдеңе шығады деп дәметпеді, Мұхамет пен Мұстапа Қапидың қуанышына қарап түйенің табанынан дардай бірдеңе шыға ма екен деп дәметкен еді. Саптаяққа қырып түсірілген аз ғана сірені көргеннен кейін көңілдері суып, қоржындарына сүйеніп үнсіз ғана отырып қалды. Бекбайдың барлық үміті жұлдызқұртта. «Күн ысыған сайын күн ашық болса, жұлдызқұрт көбейеді ғой, жұлдызқұрт көбейсе аштан өлмейміз» деп ойлады.

- Балаларым, - деді Қапи Мұхамет пен Мұстапаға қарап, - енді азығымыз жарты күнге жетеді. Сондықтан бүгінше мына түйенің табан сіресінің нілін ішіп шыдайық. «Тірі жан, тісті бақамыз ғой», тағы бір нәрсеге жолығармыз.

Сәби болса да Мұхамет пен Мұстапа да бастарына өлім хаупінің төніп келе жатқанын әбден аңғарған еді. Бірақ бәрі де өзінің жігерін мұқалтып, рухын сындыратын, яғни мынау жарық дүниенің аз күнгі қызығынан түңілдіретін мұздай суық сөздерді айтқысы келмеді. Тек іштерінен ғана сезіп, іштерінен ғана өздерін жұбатып келеді.

Кішкене қаңылтыр тоғаның түбіне түйенің табанынан қырып-жонып алған аз ғана сірені қайнатып қойып, жүргіншілер отты айнала үнсіз мүлгіп ұзақ отырды.

- Мынаны екі балаға берейік, - суынан екеуміз екі ұрттайық, - деп Қапи Бекбайға қарады. Бекбай дереу орнынан қозғалып торсықтың ішінде неше күн жүріп борсып кеткен суға қайнаған түйенің табанынан қырып алған сірені саптаяққа салып, Қапидың алдына қойды. Қапи орнынан алдына қарай жылжып, көтеріліп отырды. Сіренің үлкендеу бір жапырағын Мұхаметтің саптаяғына салды. Осылайша, сірені төрт жапырақтан Мұхамет пен Мұстапаға тең бөлді.

- Жә, екеуің андағыны жеп алыңдар, сендерге қалайда ертең бір күндік азық болады. Бекей екеуіміз суынан бір-бір ұрттасақ болды, - деп Қапи тоғадағы бар-жоғы бір шыныдай ғана судан өзіне үлкен бір қалақ, Бекбайға екі қалақ құйды.

- Мен әлгінде аз болса да жұлдызқұрт тауып жедім, өзіңіз ішіңізші, - деп Бекбай Қапидың қолын қайтарып еді, оған Қапи ұнамады.

- Бекбай-ау, недеген қайратты жансың, тіс айқастырмағалы екі күннен асып кетті ғой, мынаны ішпесең ренжимін, - деді Қапи.

Бекбай еріксіз тағы бір ұрттады. Сорпа сияқы дәмі бар екен. Екі бала жігіт аз ғана сірені жеп, судан бір-бір ұрттап отырды.

- Әлгі түйенің табаны болғанымен, май сияқты жағымды екен, - деді Мұхамет тамсанып.

- Тамақ болғаны сол, балам, - деп Қапи Бекбайға бұрылды, - аз да болса балалар жүрек жалғады ғой, ертең Алла не кезіктіреді, оны көрерміз, енді ұйықтап дем алайық.

Бекбай жантая салысымен ұйықтап кеткен еді, ұзақ жол жүріп шаршағандікі ме, жоқ кешегі жеген жұлдызқұрттың пайдасы ма, таңертең Қапидың сілкілеуімен әрең оянды. Басын көтеріп орнынан тұрғанда, кеше тамаққа әбден тойып жатқан адам сияқты, ерекше тың түрегелді. Бекбай өзіне өзі қайран болды. Бұл күш-қуаттың сол жұлдызқұрттан келгендігін әбден білді. «Алла жол берсе, бүгінде жұлдызқұрт табылар, аштан өле қалмаспын» деп ойлады.

Айтарға болмаса, бүгін Қапидың қалтасында екі бала талшық етерлік ештеңе қалмаған еді. Түске дейін төрт рет дем алып тағы бір керіш белге шықты. Қырсық болғанда, бүгін Бекбайға жұлдызқұрт мүлдем табылмай қойды. Тіпті жол бойында жұлдызқұрт түсетін теріскеннің өзі жоқтың қасы екен.

БОРАНДЫ ТҮН

1

Шығыстан батысқа қарай көсіліп жатқан биік керіш белге шығып, дем алып ұзақ отырды. Қолдарында тіс айқастырар ештеңе қалмағанын Қапи мен Бекбай білді. Ал, Мұхамет пен Мұстапа аталары Қапидың қалтасындағы әлгі қазының аздап жұрнағы бар ма екен деп дәмеленіп келеді. Мүмкін осы үміт ғана екі баланың рухын мұқалтпай, алға жетелеп келе жатса керек. Белде отырып, шығысқа қарай бұйралана көсіліп жатқан кер далаға көз салды. Бір тал тірлік иесі жоқ құлазыған меңіреу дала, көз ұшында бұлдыраған қара шоқыға тіреліп, одан арғы жағы көкжиекке айналып көрінбей жатыр. Ол енді көзін енді батысқа қарай салбырап, қат-қабат болып, әппақ мұнар басып көсіліп жатқан шаңқан сар далаға салды. «Ойбай-ау, анау жел екен» деді ішінен. Сөйтті де орнынан тұрып батысқа көз салды. Бір керемет дауылдың келе жатқанын сезді. Дәл қазір батыс жақтан атсыз-атақсыз бір сұм ажал аранын ашып келе жатқанын, бастарына ажал хаупі төнгенін Бекбай анық білді.

- Қапи аға, қамданайық, батыс жақтан бір дауыл келе жатқан сияқты. Шама бар қалың керішке кіріп ықтасын жер тауып пананайық, - деді Бекбай. Манадан шалғайға көз салмаған Қапи Бекбайдың сөзімен орнынан түрегелді. Мұхамет пен Мұстапа да орындарынан тұрып, батысқа көз салды. Бұлт па, жел ме, әйтеуір бір мұнар батысты басып келеді екен.

- Дереу мына белден асып ағарға түсейік, - деп Қапи қоржынын мойнына асып жүруге оңтайланды.

Бекбай екі су торсықты мойнына асқанда, торсық қолына жеп-жеңіл сезілді. «Суымыз да түгеуге айналған екен ғой» деп ойлады Бекбай.

Жүргіншілер жүрістерін тездетіп, бөлек-бөлек керіші бар ағарға түсіп, сәл шығысқа қарай ойыстай жүрді. Қапидан басқа ешкім жол білмейді. Әйтеуір Қапи меңзеген жаққа тартып келеді. Күн кеш болмай-ақ алай-дүлей дауылдың алғашқы шаңыты да жетті. Бұл шақта төрт жүргінші биік керіштің шығыс жағындағы терең сексеуілді ағынға түсіп үлгірген еді. Боран құм мен топырақты тең ұшырып жетіп келгенде, екі баланы қойып, Қапи мен Бекбайдың да ес-ақылы кетіп, қайтерлерін білмей қалды. Қапи Мұхаметтің қолынан, Бекбай Мұстапаның қолынан ұстады.

- Анау үлкен керіштің ық жағына қарай тартыңдар ! - деп айғайлады Қапи. Бекбай Қапидың дауысын әрең естіді. Лезде олар бірін-бірі көре алмай, қап-қараңғы түнектің ішінде қалды. Бекбай бағана биік керіш көрінген тұсты межелеп, Мұстапаны қолына мықтап ұстап, желге ықтап сәл қырындай жүрді. Жел өте күшейіп, бұларды тоқтатпауға айналғанда, Бекбай Мұстапаны бауырына қысып бүк түсіп отыра қалды. Ал, жел сәл бәсеңдесе орындарынан тұрып тағы жүреді. Көздеріне бір адым жер анық көрінбейді. Әбден аштық қалжыратқан, оның үстіне ұзақ жол діңкелетіп хал-қуаты кетіп әрең келе жатқан бұларды жел қаңбақша ұшырып, кейде сексеуілге соғып бет-ауыздарын жаралап та алды. Мұндай боранды Бекбай бекбай болғалы көрмеген еді, оған үлкендер көп айта

беретін заман ақыр жетіп келгендей сезілді. Бұлар бір жығылып, бір тұрып, желмен бірге мал сияқты ығып келеді. Әйтеуір ауыздарына түскені : «Алла сақта ! Алла сақта !» деген бір ауыз ғана сөз. Бекбай іштей әр бір ағардан өткен шақта, өздерінің шығыс оңтүстікке қарай кетіп бара жатқанын межеледі.

Біраздан соң қараңғы түсіп, боранмен қоса табанның астындағы жерді көрудің өзі бұларға мұң болды. Бірнеше рет Қапи мен Мұхаметтің атын атап айғайлап еді, ештеңе естілмеді. Мынау сексеуілмен дөңкіл-дөңкіл ұрылып озандаған қатты боранның дауысы, түнге айналған сайын бір алып мақұлықтың өкіргеніне ұқсай ма, жоқ, айдағардың ақырғанына ұқсай ма, әйтеуір, адам пендесі естімеген ерекше ғажайып үрейлі дауыс Бекбайдың құлағының дәл түбінен өкірді де тұрды. Бекбай тоқтауға немесе шұңқырлау жерге отырға мүлде дәт қыла алмады.

«Екеуінен айрылды, оларға тірі кездесе аламыз ба, жоқ, өлігіміз мынау керішті далада құрт-құмырысқаға жем болып шіріп қалама» деген ой Бекбайдың миынан шықпай-ақ қойды. Жығылып-сүрініп жүргенде Мұстапа талай күннен бері өзіне сүйеніш болып келе жатқан таяғын сындырып алды. Арып-аршап ұзақ жолда келе жатқанда, таяқ болса да сүйеніш болған кәдімгі көліктен орны кем емес еді. Әрине, жаяу қаңғымаған пенделер, мүмкін, таяқтың кәдірін де білмейтін болар. Мұстапаның таяғының сынғанын Бекбай білмеген еді. Екеуі ұйтқи соққан боран екбеттерінен түсіріп, едәуір уақытқа дейін орындарынан тұрғызбай қойды. Сәлден соң Мұстапаны қолынан тартып орнынан тұрған Бекбай :

- Таяғыңнан айрылма?- деді.

- Таяғым сынып қалған, - деп Мұстапа жылап жіберді.

Бұл екеуі қанша жүргені белгісіз, көзге түртсе түрткісіз қараңғыда бір биік жарға келіп тірелді. Бекбай өздерінің керішке келгенін сезе қойды. Қараңғыда керіштің ық жағына қалай өту керек, мұны білу қиын еді. Бекбай не болса да оң қол жақтарына қарай керішті жағалау бекіміне келді. Оң қолына Мұстапаны жетелеп сол қолына таяғын алып керіштің түбін жағалады. Керіштен алыстап кетпеу үшін қайта-қайта таяғын керіштің қабырғасына тіреп қойып жылжып отырды. Бір шақта Бекбайдың таяғы керіштің қабырғасына тірелмей қалды. «Керіштен алыстап кеттік пе» деп ойлаған Бекбай керіш жаққа аттай беріп еді, екеуі бірдей гүп етіп жыраға құлап түсті. Жыраның тереңдігі белуардан ғана келетінін Бекбай білді. Жан-жағына таяғын сілтеп, жыраның кеңдігінің екі метрге жетпейтінін де межелеп үлгірді. «Бұл, сөз жоқ, керіштің ішінен түскен жыра. Мұның басы керіштің арасына кіреді»

деп ойлады Бекбай. Сөйтті де Мұстапаны қолынан жетелеп, еңкейген беті жыраны өрледі. Расында Бекбайдың ойы дұрыс екен. Жыраны аз өрлеген соң бас көтертпей ұрғылап тұрған боран тына қалды. Ықтасынға кірген соң тыныстары кеңіп, едәуір жайланып қалды. Жыраның да екі жағы жайбырлап, керіштің дардай бір қуысына кіргенін Бекбай іштей межеледі.

- Жә, Мұстапа енді қаңғымайық, мынау бір тамаша ықтасын жер екен. Осындағы бір жаттық жерге жантайып, әлгілерді таңертең бір-ақ іздейік, - деді.

- Атам мен ағам өлді ғой ! - деп Мұстапа жылап жіберді.

- Жылама, - деп Бекбай Мұстапаны қолынан жетеледі, - олар да осындай бір ықтасын тауып жатып алған шығар. Алла амандық берсе, таңертең бұл боран да тоқтар. Бір-бірімізді тауып аламыз. Бекбай Мұстапаны қолынан жетелеп аз өрлеп еді, сол жақтарынан қарайып бір нәрсе бұлдырап көрінді. Бекбай «жартас па екен» деп ойлап жақындап еді, үлкен үңгір екен. Мына қобы қаншалық ықтасын болғанымен бұрқыраған құм, топырақ көздерін аштырмай келе жатыр еді. Мына үңгірді көріп Бекбай қуанып кетті. «Кең үңгір екен, мүмкін, адамдар қазып пайдаланған шығар» деп ойлады. Сөйтті де Мұстапаны жетелеп үңгірге ұмтылды. Үңгірдің дәл аузына келгенде, үңгірден бір нәрсе атылып шығып Бекбай мен Мұстапаны шалқаларынан түсірді. Бекбай дереу басын көтерді. Мұстапа шошығанынан дауысы шықпай қалған еді. Ол Бекбайдың қайта-қайта :

- Мұстапа ! Мұстапа ! - деп айғайлағанына жауап қайтара алмады. Жауап қайтаруға дауысы шықпай қойды. Бекбай иығындағы қоржын-қолаңын үңгірдің ішіне қарай тастап, Мұстапаның басын көтерді. Мұстапа Бекбайды құшақтап селкілдей бастады. Бекбай Мұстапаның қатты қорыққанын білді.

- Қорықпа, Мұстапа, бұл үңгір енді біздікі болды. Әлгіндегі осында паналап тұрған аң ғой, бізден үркіп кетті, - деді. Мына сөзді естіп Мұстапаның бойына едәуір жан кірді. Бекбай Мұстапаны көтеріп үңгірге кіргізді. Үңгір іші кәдімгі үй сияқты тап-таза, бұрқыраған топырақ та жоқ, әдемі екен. Бекбай үңгір ішінің жан-жағына таяғын сілтеп көрді. Үңгір онша үлкен емес екен. Бір тәуірі төбесі едәуір биік екен. Екеуі қоржындарын жастанып, аяқтарын үңгірдің түбіне жіберіп, бастарын аузына қаратып жатты. Мұстапаның бойына аздан соң жан кірді.

- Алла, - деді ол, әлгінде үңгірден бір айдағар шығып келе жатқан сияқты көрінді. Қатты шошып кеттім, ол сізге ұмтылғанда, мен көзімді жұмып құлай бердім.

- Е, сен үңгірден қашып шыққан нәрсені көрген болдың ғой.

- Е, сіздің ығыңызда тұрып анық көрдім. Басы жап-жалпақ, екі қолы адамның қолы сияқты нәрсе екен.

- Мен үңгірден ағарған бір нәрсенің мені соғып тұра қашқанын ғана білдім. Қазақ «қорыққанға қос көрінеді» дейді, саған қорқынышты болып көрінді ғой. Осында боранда паналап тұрған аң болуы керек, - деді Бекбай.

Бекбай мен Мұстапа сөздерін тоқтатып, аз тына қалып еді, үңгірдің аузына тасырлатып бір нәрсе келгендей болды. «Әлгіндегі үңгірдегі қашқан аң шығар» деп ойлаған Бекбай басын көтеріп еді, үңгір аузына ғажайып бір нәрсе пайда болды. Бағанағыдай емес, көзі қараңғыға әбден үйір болған Бекбай, үлкен алып кесерткінің үңгір аузына төніп келгенін анық көрді. Таяғын жұлып алып еді, Бекбайды көрген ол, аузын бір ашып, бір жауып сақылдай бастады. Осы орайда Бекбай таяқпен кесерткіні бастан періп жіберді. Кесерткі шаңды үңгірге бұрқ еткізіп көзден ғайып болды. Мұстапа қорыққанынан көзін жұмып алған еді, Бекбайдың :

- Е, байқұс-ай, сенің үйінді бүгін біз тартып алдық. Бізге де жан керек, - деп күбірлегенін естіп көзін ашты. Басын көтеріп үңгірдің аузына қарады, ештеңе көрінбейді.

- Әлгі нәрсе тағы келді, ә, - деді Мұстапа. Мұстапаның дауысы дірілдеп әрең шықты.

- Қорықпа, - деді Бекбай, - сенің көргенің шын екен, үлкендігі он жастаға баладай үлкен алып кесерткі екен. Бізді кетіп қалды десе керек. Жаңа тағы келді. Басына таяқпен бір салып едім жоқ болды. Енді келмес.

- Кесерткі бізге тиіспей ме? - деді Мұстапа.

- Оның тиісуге қауқары жоқ емес пе, аузын сақылдатып өзінше азырақ айбар көрсетті, - деді Бекбай.

- Ол тістеп шақпай ма? - деді Мұстапа көңіліндегі күдікті жасырмай.

- Жылан, кесерткі сияқты нәрселердің тірілетін уағы әлі бола берген жоқ қой. Мына үңгір әсілі әлгі кесерткінің қысқы ұйқыға кететін ұясы болса керек, - деді Бекбай.

Бекбай кесерткіге қаншалық батырлық көрсеткенімен, алғашында оның да жүрегі едәуір шайлығып қалды. Еш хайуанға ұқсамайтын жалпақ бас үңгір аузына келгенде денесі бір ысып, бір суып, қайтерін білмей қалған еді. Үңгір ішіндегі кесек адамның баранын көрген кесерткі кіруге батылдық етпей дардай тұрып қалған. Бекбайдың қимылына қарсылық көрсетіп сақылдағаны сол еді. Мүмкін, Бекбайдың қатты ырғай таяғы оған қатты тиген болса керек, таң атқанша қайтып оралған жоқ. Бекбай мен Мұстапа таң атып жерге жарық түскен соң барып қисайды. Бұл шақта боран әлі далада ұйқи соғып, керіш жылғаның іші құм, топырақпен түтеп тұр еді.

Түнімен боранмен алысып әбден болдырып сілелері қатқан Бекбай мен Мұстапа үңгір аузына қисайып ұйықтаған беті күн әбден көтерілгенде барып ұйқыдан оянып, бастарын көтерді. Боран тоқтапты. Боранның соңынан азырақ жаңбыр жауыпты. Үңгірдің аузына шыққан Бекбай :

-Әй,әттегені-ай, жаңбыр жауғанда ұйықтап қалғанмыз-ай, жаңбырға киімдерімізді төсей қойсақ бір талай су сығып алатын едік ! - деді өкініп. Мұстапа да орнынан тұрып далаға шықты. Төңірек тыптыныш.

- Жүр, Мұстапа, әлгілерді іздейік, алдымен мына алдыңғы жағымыздағы биік керішке шығайық. Мүмкін, олардың баранын көрерміз, - деді Бекбай. «Баранын көрерміз» деген сөз Мұстапаға едәуір үміт әкелді. Құнжаңдап үңгірдегі өзіне тиісті нәрселерін, сынған таяғының жартысын алып Бекбайдың соңынан ерді. Бекбай керіштің жаттық-жаттық жерлерімен қабырғалап отырып төбесіне шықты. Бұл шақта қап-қара болып түнеріп басып тұрған көктемнің қою қара бұлты да батысқа аунап, күн әбден ашылып келе жатыр еді. Бекбайлар шыққан керіш едәуір биік екен, солтүстіктен көлденеңдеп Бәйтiк тауы көрінеді. Ал, оңтүстік жақтан бұлдырап шығыстан батысқа қарай созылып бір қарлы тау көрінеді, «па, шіркін! Боғда деген сол тау ғой» деді Бекбай күбірлеп.

Бекбай мен Мұстапа биік керіште төңіректеріне көз салып едәуір уақыт отырды. Бір кезде шығыс жақтарындағы терең ағардан қайқайған қалың құлан бұларды қайран қалдырды.

- Әне, қалық жылқы! - деп Мұстапа айғай салды.

- Жылқы емес, құлан деген сол. Бұл құнды қазақтар ішкін құлан дейді. Бұдан үлкен жылқы сияқты құлан бар, оны керқұлан дейді. Мыналар кәдімгі жабайы есек.

- Е, - деді Мұстапа, - құланды көргенім осы.

- Менің де көргенім осы, бұрын мен де көрген емеспін.

- Онда құлан екенін қайдан білдіңіз?

- Ойбай, Мұстапа, қузап сұрай бердің ғой, бұрын естігенмін, оқып жүргенде, кітаптан суретін көргемін. Ересек адам болған соң білемін ғой. Құланнан басқа жылқы тектес аң жоқ емес пе, - деді Бекбай.

- Құландардан соң, керіш арасынан топ-топ қара құйрықтар да шұбырып шыға бастады.

- Кешегі боранда мына хайуандардың бәрі осы керішті паналаған екен ғой. Енді өрістеріне кетіп барады, - деді Бекбай. Ол өздері шыққан керіштің бас-аяғына көз тастап ұзақ отырды. Кенет оңтүстік жақтарындағы терең ағардың ішінен айғайлаған дауыс естілді. Терең жырадан екі адам қалқиып шыға келді. Қолдарын бұлғайды. Бекбайларды жырада отырып көрсе керек.

- Аналар табылды! - деп Бекбай орнынан ұшып тұрып айғай салды. Мұстапа қуанғанынан жүгіріп келіп Бекбайды құшақтай алды.

Бекбай мен Мұстапа сүріне-жығыла биік керіштен түсіп Қапи мен Мұхаметтің қасына келді. Түндегі көрген-білгендерін Бекбай сөйлеп шықты.

- Сендерді боран ұшырып кетіп өлтірді ғой деп ойлап едік, аман қалғандарың жақсы болды, - деді Қапи.

- Бізді, - деді Мұхамет, - боран біресе ұшырып, біресе жығып, бір қалың сексеуілдің арасына кіргізді. Алғашында бір үлкен сексеуілдің ығына аз тыныстай қалып едік, боран тағы бір үдегенде ол да пана болмады, боран сындырып ұшырған сексеуілдің бұтақтары әуелі жаралап кететін сияқты, желмен ықтап тағы жөнелдік. Бір уақытта мидай тақырға шыққан екеміз, құдай сақтасын, құмды бетімізге ұрғылағанда, тызылдағанын қой. Боран айдап отырып кедір-бұдыр бір жаман жерге келдік. Бір аттасақ бір жығыламыз, екі аттасақ екі жығыламыз. Ол шақта күн батып көзге түк көрінбей қалған болатын. Әйтеуір, бір шақта терең жыраға құлап түстік. Сол жырада қозғалмай отырып таңды атырдық. Боран таңға аз қалғанда бәсеңдеп еді, әбден таң атқанда басылды. Боран басыла көзіміз ұйқыға кетті. Содан оянғанымыз жаңа ғана. Аздап жаңбыр жауыпты ғой.

- Әйтеуір, аман жолыққан соң болды, - деді Бекбай.

- Мен әуелі сендерді бүйтіп тірі қалды деп ойлағам жоқ, сүйектері де табылмайтын болды ғой деп едім. Құдай ондағанда аман-сау жолықтық, бұл да олжа ғой, - деді Қапи.

Төрт жүргінші азырақ шүйіркілесіп, түн бойы көргендерін айтысқан соң, Қапидың бастауымен тағы жолға шықты. Дөңнің үсті үлкен тай шаптырымдай жазық екен. Дөңнің оңтүстік қабағына келгенде Қапи алысқа көз тастап аз тұрды:

- Құдай жолымызды ондады!- деді ол қуана дауыстап.

- Жолымыз оң ба екен? - деді Бекбай.

- Кешеден бері адастық қой деп зәрем қалмап еді, дәл қырық құдықтың тұсына келіппіз, Алла құмға бір жеткізсе құмның үстіндегі жазықтың шетінде ғана құдық бар еді, - деді Қапи.

- Бірақ, Қапеке, құм әлі алыс сияқты ғой, - деді Бекбай.

- Жоқ, әнеу көлденең ақшыл бұйра болып көсіліп жатқан Елсіннің құмы, - деді Қапи.

Қапи жер зұрығын танып қатты қуанғандықтан, бүгінге ішер судың жоқ екенін есінен шығарған болатын. Құмға қарай қайқайып, күн түс ауып, алдыға басқан аяқтары кері кетіп, бәрі қаңсып шөлдеген шақта барып Қапи торсықта су қалмағанын есіне алды. Тағы бір аласа белегірге отырып, Бекбайдың иығындағы торсықтарды тостағанға сарқыды. Екі торсықта әрең ғана орта тостағанг су бар екен. Су болғанымен тері торсықтың ішінле иістеніп борсып кеткен су еді. Қапи Мұхамет пен Мұсапаға зорлап судың үштен екісін ішкізді. Үштен бірін Бекбайға берді.

- Өзіңіз ішіңіз, - деп Бекбай Қапиға қайта ұсынып еді, қапидың қабағы түйіліп кетті:

- Бекбай, ең соңғы үміт сенде ғана қалды. Құмның астыңғы жағында терең қамысты ағын бар. Мүмкін, сол қамыстың маңайынан бірлі-екілі қаңғыған ірі қара мал кезігетін шығар. Соған жетсеңдер, құмның үстіңгі жағында да ағар бар, ағардың батыс жақ жағалауында бір құдық бар еді, мүмкін, қырыққұдық төңірегінде мал төлдеткен ел де бар шығар. Бұдан соң тостағандарыңды қалталарыңа салыңдар. Әр кімің сигің келгенде тостағанға сиіп ішіп отырыңдар. Жандарың сонымен қалады. Мә, Бекей, соңғы бір ұрттам суды сен іш.

- Бекей аға, ішіңіз, - дегенде Мұхаметтің көзіне мөлтілдеп жас іркілді.

Бекбай тостағанды қолына ұстаса да, мына бір ұрттам су кеңірдегінен өтпейтін сияқты сезілді. Тостағаны аузына апармай дардай отырды.

- Мен деген мына екі бала үшін ғана жарқ дүниенің михынатын тартып келемін. Осы екі бала елге аман-есен жетсе болды, менің де бұл дүниедегі өтеуге тиісті борышым аяқталды, - деді Қапи.

Қапидың бұл суды ішпегеніне Бекбайдың көзі әбден жетті. Қаидың халінің тым нашарлап кеткенін де білді. Өзінің саптаяқ ұстаған қолының еріксіз дірілдегенін сезді. Қапиға қарап еді, оның көзі өңменінен өте қадала кетті.

- Іш, Бекбай. Айналма, уақыт қымбат, - деді Қапи зілді дауыспен. Қапидың сөзі Бекбайға бұйрық сияқты естілді. Бекбай еріксіз бір ұрттам суды ішті. Оның аузына су тимегелі екі күн болған еді. Мына бір ұрттам су тамағының құрғап тікенше қадалып тұрғанын басты.

Жүргіншілер орындарынан тұрып тағы жолға шықты. Әлгіндегі бір-бір ұрттам борсыған су Қапидан басқа үшеуіне едәуір жан бітіргендей болды. Күн түс ауған соң тіпті шыжып кетті. Басын көтеріп күнге қараған Бекбай:

- Төртінші айда күннің дәл осындай ысып кеткенін көрмеген екемін, - деді.

- Бұл құм дала ғой, таудағы ел әуелі тоңып отырған шығар, - деп Қапи шал астыңғы тілінген ернін тілімен жалап қойды.

3

Күн бесінге айналғанда, жүргіншілердің аяғы ауырлап, бір-біріне сүйеніп жыбырлады да қалды. Жандарында азық та, сусындық су да қалмағанын Мұхамет пен Мұстапа да анық білді. Бекбай өз тілінің таңдайына түрпідей тиіп, жұтынса тамағына бір нәрселер инеше қадалып, ауыз қуысының

құп-құрғақ болып кеткеніне қарап, өз денесіндегі судың азайып кеткенін сезді. Бәрінің де екі көзі алдыңғы жақтарында, қараңдап адам пенлесі кезіксе деп бәрі де іштей тіленіп келеді.

- Шіркін-ай, осындайда бір атты адам кезіге кетсеші!- деді Мұхамет.

- Үміт дүниесі ғой, - деді Қапи ауыр дем алып, - елге жақындап қалдық, адам не мал аз жүрген соң кезігер.

- Ата, сөйлемеңізші, сөйлесеңіз шаршап қаласыз, - деді Мұстапа атасын білегінен сүйеп.

Қапи шал үнсіз бас изеді. Оның енді сөйлерлік халы да қалмаған еді. Бұлар екінтіге таяғанда қалың жыңғыл өскен құмды бұйратқа ілінді.

- Сием, - деді Мұстапа.

- Тостағанына си, - деді Бекбай.

Мұстапа тартынған жоқ. Тостағанына сигелі теріс айналып тұра қалды. Мұстападан әрең бір ұрттам ғана несеп шықты.

- Бір ұрттам ғана екен, - деді Мұстапа.

- Бір ұрттам болсада іш, - деді Бекбай.

Мұстапа тостағандағы өз несібесін аузына апара алмай дардай тұрып қалды. Әрине, бұрын мұндай өмір мен өлім арасындағы қиян-кескі күнді басынан кешпеген жас сәби өз несібесін ішуге көңілі оңай тартпады. Мұстапаның несібесін іше алмай қиналып тұрғанын байқаған Бекбай, қолына тостағанды алып, зорланып отырып екі ұрттамдай өз несепін құйып алды.

- Міне, Мұстапа, мен несепімді іштім, - деп Бекбай тостағанды бір-ақ көтерді. Бекбайға ілесіп Мұстапа да несепесін ішіп алды. Бекбай екі ұрттам несептің өзіне едәуір қуат болғанын білді. Ол Мұхаметке жақындап:

- Әй, Мұхамет, бар болса тостағаныңды алып, сен де несепіңді іш. Адамға қуат болады екен, - деді.

Көп өтпей Мұхамет те тостағанын алып, өзінің екі ұрттам несепін тосып алып ішті.

Бұлар күн бата бұйраттың арасындаға тақыршаққа келіп киімшең қисая кетісті. Қапи шалдың халы қатты нашарлап кеткен еді. Тақыршаққа отыра алмаса керек. Тақыршақтың шетіндегі үйінді құмға барып құлай кетті. Бұрынғыдай от жағып, су қайнатамыз дейтін су жоқ. Тіс айқастырар дән жоқ. Таңертең адам жолықпаса, бәрін де ажал жалмағалы тұрғанын іштей біліп, іштерінен тәңірге жалынып отыр. Сәлден соң Бекбай қоржынын басына жастап, тақыршаққа екі аяғын көсіліп шалқасынан жатты. Мұхамет пен Мұстапа да Бекбайдың қатарына дәл осылай шалқалады.

Шалқалап жатқан Бекбайдың көзіне алқара көк аспанда жыпырлаған қалың жұлдыз көрінді. Арт-артынан бірнеше жұлдыз ақты. Аққан жұлдыздар Бекбайдың бала күніндегі бір әңгімені ойына оралтты. Ол Бекбайдың он жасқа шыққан жылы болатын. Жайлауға көшіп келе жатқан ауыл Шилі қабақ деген жерге жетіп, итарқа, қайқаймаларын қалқайтып дамылдай қалды. Ауылдың қойшысы Қасым екеуі далаға жатты. Дәл осындай жұлдызы самсыған қап-қара көк аспанға қарап жатқан Бекбай арт-артынан аққан бір қанша жұлдызды көріп, аққан жұлдыздарды санай бастады. Қойшы Қасым Бекбайды иығына қағып:

- Жұлдыз санама, жұлдыз санаса жаман болады дейді ғой,- деді.

Бағанадан жұлдыз санап жатқандықтан, Бекбай айтарға болмаса қорқып қалды.

- Қалайша,- деді таңданып.

- Анау аспандағы жұлдыздар жердегі бір-бір адамның жұлдызы екен. Жұлдыздың бірі ақса, бір адам өледі дейді. Мүмкін, біздің жұлдызымыз жарқырап тұрған шығар,- деді Қасым.

- Сонда, қасым аға, жер бетінде адам қалмағанда, аспанда жұлдыз да қалмайтын шығар?- деді Бекбай.

- Солай болатын шығар,- деп қойшы Қасым да өз сөзіне өзі шұбалана жауап қайырған. Мүмкін, оған Қасымның да толық көзі жетпесе керек.

Сондағы Қасымның сөзі құлағына қайта естілгендей болды. Қап-қара көк аспаннан жұлдыз тағы да ақты. Сондағы қойшының сөзіне сенгеніне күлкісі келді. «Пәк, сәбилігім-ай, алдай салғандарына сене салған қам-қайғысыз күндерім-ай» деді ішінен күбірлеп. Ол бір тарих болып, ұмтылып артта қалды. Тағы да жап-жарық болып, құйрығы күміс жіпше созылып жұлдыз ағып жоқ болды. Мүмкін, Бекбай бұл әлемнен екі көзі жылтыраған бір тірлік иесі ұшып кеткеніндей, шет-шегі жоқ бір алып планетаның тозаңға айналып жоқ болып жатқанын білмеген де шығар. Бір жұлдыз әлемдегі бір жарық қой, оның ағып жоғалғаны, әрине, әлемнен бір жарықтың өшкені емес пе, оның жер бетіне бір тірлік иесінің көшкенінен не парқы бар. Қойшы дұрыс айтып отыр. Жер бетіндегі бір адам бір тұрақты жұлдыз сияқты. Ол болжаусыз бір күні жұлдыз сияқты бұл әлемнен ағып бір-ақ минутта жоқ болады.

Бекбай жұлдызы самсыған тұп-тұнық қара көк аспанға телміріп тағы біраз жатты. «Бәрі де таусылды. Ертең бізде жарқ етіп, михынаты мол мынау алдамшы дүниеден құтылармыз» деп ойлады. Сөйтті де Жайнаға жаны ашыды. «Маған жан-тәнімен берілген еді ғой, бір күн көрмесек елжірей сағынып, ес-ақылымыз шығушы еді-ау, мені тосып, сары аурудай сағыныштан сарғайып жүрген шығар» деп ойлады. Осы шақ Бекбайдың екі көзі тұз құйылып кеткендей болып, кеңірсігі ішінен жел соққандай ашыды. Бірақ сонда да көзінен жас ақпады. Қасындағы Мұхамет пен Мұстапаның мұрындары пышылдап ұйықтап кеткені байқалды. Қапи шал тастай қараңғы түнде құмды жастанып, бұлардан сәл алысырақ жатыр. Оның ұйықтап не ояу жатқанына Бекбай көз жеткізе алмады. Өткен түнгі қатты боран теріскенге түскен жұлдызқұрттарды қойып, жыбырлаған ұсақ жәндіктен ештеңе қалдырмай сыпырып кеткен сияқты. Ең кемінде енді ғана тіріле бастаған шегірткелердің шырылы да естілмейді. Бекбайдың дәл ертең шөлден өле қалмайтынына көзі жетті. «Адамның жаны сірі екен ғой» деп ойлады. Сол шақ көз алдына ағасы Берікқазының бесіктегі баласының ыңырсып бір қанша күн жатып әрең өлгені есіне келді. «Кім біледі, көптен бері ашығып, жілік майымыз үзіліп келеміз ғой, қаттырақ жығылсақ жанымыз шығып кететін шығар» деп ойлады. Сөйтті де көзін жұмып ұзақ жатты.

ҚҰМДАҒЫ ҚҰДЫҚ

1

Бекбай құрқылдаған құзғынның сүркейлі даусынан оянды. Таң ағарып атып кеткен екен. Шығыс өңтүстіктен азырақ салқын леп соғып тұр. Мынау салқын леп Бекбайдың шөліне едәуір медеу болғандай сезілді. Құзғын тағы құрқылдады. «Ой, құлқыныңа тас тығылғыр, неменеге құрқылдап жүр. Бізді түгел қырылып жатыр деп жүрме» деді күбірлеп. Басын көтеріп жан-жағына қарап тағы біраз отырды. Құзғынның дуысын естігені болмаса, өзін көре алмады. Бекбайдың қыбырымен Мұхамет пен Мұстапа да оянып, бастарын көтерді. Екеуінің де көздері шүңірейіп ішіне кіріп кетіпті. Кейіптері тым кетіңкі екен. «Байқұстардың қанша су ішері бар екен, бойларында жандарынан басқа ештеңелері қалмады ғой» деп ойлады Бекбай. Ол екеуі емес, өзінің де бойында бір шыбын жанынан басқа ештеңе қалған жоқ қой. Кенет Бекбайдың көзі құм төмбекті жастанып қозғалмай жатқан Қапиға түсті. Шалда әлі қыбыр жоқ. Көзіне өлген адам сияқты көрінді. Бекбай сасқалақтап орнынан тез түрегелді. Ақырын бір-екі аттап Қапидың қасына барды. Мұхамет пен Мұстапаға сездірмей шалдың мұрнына алақанын апарды. Тынысы әлі бар екен. Қуанып кетті.

- Қапа, қандайсыз!- деді.

Қапи көзін зорға ашып Бекбайға қадала қарады. Оның бір нәрсе айтқалы жатқанын Бекбай білді.

- Жол жүре аласыз ба? - деді Бекбай. Осы шақ Бекбайдың көзіне жас іркіле қалған еді. Қапи үнсіз басын шайқады да, аздап ернін жыбырлатты. «Маған бір нәрсе айтып жатыр ғой» деп ойлады Бекбай. Еңкейіп құлағын Қапидың аузына жақындатты. Оның дауысы құлағына жер астынан шыққандай сыбырлап әрең естілді.

- Уақытты ұтындар, тез кетіндер, шығысқа қарап қиыстап жүрсеңдер терең ағын бар. Сол ағынды өрлеп құмнан өтіңдер. Ел кезігер. Алла жол бер...ер, ма...қарама...ндар.

Бекбай шалқалап жатқан Қапиға қимастықпен қарады. Оның қолын қозғауға да дәрмені қалмағанын Бекбай білді. Қапидың шұңғыл көзі өңменінен өте қадалды. Бір кезде ағасы Берікқазының өлер алдында дәл осындай қадала қарағаны есіне түсті. «Ұзағанда жарты күндік ғұмыры ғана қалған ғой» деп ойлады. Бір тірі адамды көзін жылтыратып тастап кетуге Бекбай шыдамады.

- Атам неге тұрмайды?- деп Мұстапа Бекбайдың қасына келді.

- Атаң тұра алмайтын секілді,- деді Бекбай күмілжіп.

- Ата, - деп Мұстапа Қапидың қолынан ұстады, - тұрсаңшы, орныңнан тұра аласың.

Қапи Мұстапаның қолынан ұстап, оның саусақтарын қатты қысты:

- Балаларым, тілімді алып тез жылжындар, маған қарамаңдар!

Қапидың дауысы әлгіндегідей емес сәл қатты, анық шықты. Мұстапаның үрейлі дауысымен Мұхамет те жетіп келді.

- Жә, балалар, біздің енді аялдауымызға болмайды. Бүгін қалайда құдыққа жетуіміз керек, - Бекбай сөзін қадап сөйледі, - Қапаң осында дем алып жатсын, басына көлеңке жасап кетейік, құдыққа жеткен соң, су әкеліп беріп өзім ертіп кетемін.

Мына сөзге Мұхамет пен Мұстапа көнді. Ұзын-ұзын сексеуідден үшеуін әкеліп басын қосып күркеше жасап, оған Қапидың өзінің жұқа кара шапанын жауып қойды. Екі сәби шалды өледі деп ойлаған жоқ еді, басына көлеңке орнаған соң, Бекбайға ілесіп жолға түсті. Жандарында ұрттам су, бір шайнам дәм қалмаған үш жүргінші баяу жылжып, күн түс бола бергенде кума-кума селдір қамысы бар ағынға жетті.

- Құдай берді, ана қамыстың түбінде қылтиған сүйрік бар шығар. Тамақ деген сол,- деді Бекбай. Үшеуі сенделе басып шеткі топ қамысқа келді. Бекбайдың айтқаны келді. Қамыстың арасында енді ғана қылтиып қамыс тамырынан көктеген әппақ-әппақ сүйрік бар екен. Сортаң сазға жалып-жалып етіп отыра кеткен үшеуі қолына ілуге жарағандарын бірден суырып жей бастады. Жер бетіне енді ғана қылтиған уыз сүйрік әрі жұмсақ, әрі жағымды еді. Арт-артынан бірнешеуді жеп үлгірген Мұстапа қуана айғай салды.

- Бекбай аға, мына қамыстың ұсағы ақ қанттан тәтті екен ғой.

- Тәтті болмағанда, сол ақ қантты қант құрағы деп аталатын қант қамысы болады. Содан алады емес пе, - деді Бекбай.

Сүйріктер жер бетіне қолдың бір буынынан сәл биігірек көктеген екен. Бекбай қатты қуанды. Төбелерінен төніп келген ажалдың беті азырақ қайтып кеткендей сезілді. Сүйрікті жеген сайын шөлі қанып, бойына қуат біте бастағанын білді. Мұхамет пен Мұстапа да бір топ қамыстан енді бір топ қамысқа өтіп, көк қуған қой секілді жайылып кеткен екен. Олар тіпті сөйлеуге де мұрсасы жоқ сияқты.

- Әй, Мұхамет! - деп дауыстады Бекбай,- шөлдерің қанғандай болса, енді қолдарыңа ілінгенін қалталарыңа салыңдар. Баратын жеріміз әлі алыс. Көп жеп ауырып қалмаңдар.

Бекбай әсілі бүгін бір ажалдан қалдық деп айтпақшы еді, оны айтпады. Екі баланы үрейлендіргісі келмеді. «Өлмегенге өлі балық жолығады» дегендей, мынау қамыстың тамырынан енді ғана қылтиған ұсақ сүйрік расында бұларды бір ажалдан алып қалды ғой. Мүмкін, екі сәби оны ойламаған да шығар. Бекбай сүйріктің тамақ болатынын кімнен естігенін есіне алғысы келді. Дардайға дейін есіне келтіре алмады. Сүйріктерді жұлып қалтасына сала жүріп ойланды. Ол қолына жұққан сапсары шайыр батпақты етегіне сүртіп отырып, ағасы Берікболдан естігенін есіне алды. Онда Бекбай бірінші сыныпқа жаңа кірген болатын. Бір күні түстен кейін ағасы Берікбол екеуі өріске қозы жайып шықты. Бір кезде Берікбол жырадағы бір топ қамысты көріп, солай жүгіріп кетті. Аздан соң дауысы

әдемі сырнай сияқты нәрсені сарнатып жетіп келді. Мынау дауыс Бекбайдың құлағына сондай жағымды естілді.

- Көрейінші, не нәрсе?- деп берікболдың қасына жүгіріп жетіп келді. Ол аузына жаңа көктеген қамысты тістеп алып үрлеп сарнатып тұр екен. Бекбай қызығып кетті.

- Әкелші, Берікбол, көрейін,- деп ұмтылып еді, Берікбол өзінен көп кіші Бекбайды ақымақ етіп, бере қоймайды. Ашуланған Бекбай жылап ауылға қарай тұра қашқан. Қасындағы ермегі болған бауырын алдамаған Берікбол, Бекбайды қолынан жетелеп қамыстың арасына келіп, жерден бір сүйемдей ғана көктеп көтерілген сүйріктің сәл қара көк тартып жуандаған біреуін жұлып алып, қабат-қабат ішін аршып, сыртқы бір қабағын қалдырып, Бекбайдың ерніне тістетіп:

- Енді үрлеп көрші,- деген. Бекбай үрлеп еді, аузындағы ұлпа қамыс шыжылдап әсем дауыс шығарып сарнай жөнелген. Әлгі қара көк сүйріктің ішкі жағындағы әппақ жуан шидей өзегін ортасынан сындырып, Берікбол жартысын өз аузына салып, жартысын Бекбайға берген.

- Мынау тамаша тамақ, дәмі де жақсы. Шөлдегенде шөл қандырады,- деген Берікбол. Енді Берікболдың сол сұңғылалығы Бекбайға ес қатты. Былайша айтқанда, оны тағы бір ажалдан алып қалды.

Үшеуі кума-кума шоқ қамыстың түбінен көктеген сүйріктерді жұлып, бір-бір қалталарын толтырып алған соң, аяқ-қолдарына жұққан сары батпақты қағып, ағарды өрлеп жолдарына түсті. Бұлар жүрген сайын күн шыжып, аспан айналып жерге түскендей айналалары от болып кетті.

Шығыстан батысқа қарай ақ айдағар сияқты ирелеңдеп ұзыннан-ұзақ көсіліп жатқан құм көрінгелі де міне бірнеше күн болды. Тіпті анау қатты бораннан бұрын көрінген болатын. Бұлар жүрген сайын, ары қарай қашып бара жатқан сияқты жақындатпай-ақ келеді. Таңертең құм жыра-жылғасы ап-анық көрініп жақын тұрған сияқты көрініп еді. Жарым күннен артық жол жүрді. Әлі жеткізбей қашып барады. Күн екінтіге айналғанда құмның солтүстік жиегіне әзер ілінді. Құмның ағар тұсы биік-биік құм болмаса да, ұсақ бұйрат құм екен. Ең алда келе жатқан Мұхамет бір нәрсе көргендей тұра қалып арт жағындағыларға:

- Міне жерде жаңа ғана жүрген атты адамның ізі бар екен,- деп айғай салды.

- Құдай берді, ондай із болса елге жақындаған сияқтымыз,- деп Бекбай бар қуатын бойына жинап, егілген құмды басып жүрісін сәл тездетті. Мұхамет екі құмның арасындағы болымсыз тақыршақтан өткен, кәдімгі тағалы аттың әлгінде ғана жүрген жап-жаңа ізіне үңіліп тұр еді. Бекбай келіп ізге үңіліп қараған соң:

- Мынадай болғанда ел онша алыс емес екен. Аз қайрат көрсетіп ілгерілесек, біреу-міреу кезігіп қалар,- деді Бекбай. Оның бар зейіні Қапи айтқан құдық еді, әйтеуір құдыққа жетсе, шөлдері қанса, одан ары қалайда елге де жетерміз деп ойлаған.

Олар құмның ағардың тұсындағы кесік жерінен екінтіге ауағанда әрең өтіп шықты. Құмның үстіңгі жағында сол жайпақ ағар бұрынғысындай тауға қарай қайқайып жатыр. Бекбай ағардың батыс жағындағы қабақты бойлап, тіке тауға қарай тартты. «Шіркін, күн батқанша құдыққа жетсек, мейіріміз қанып су ішсек, тағы бірер күнге шыдармыз» деп ойлады. Артына қайрылып қарап еді, Мұхамет пен Мұстапа едәуір алыстап қалған екен. Сенделіп аяқтарын әрең-әрең алып аттайды. Екеуін тосып аз тұрды. Анадай жердегі тақырда бір ірі қара малдың бас сүйегі жатыр. Жылқының басы ма, түйенің басы ма, айыра алмады. Екі бала жақындағанда, бар қайратын бойына жинап тағы жылжыды. Алды болымсыз жатық белегір екен. Не де болса сол белегірден асып дем алуға бекінді. Артына тағы қайрылып қарады. Мұхамет пен Мұстапа енді қолтықтасып бірін-бірі сүйеп келеді екен. Екі баланың да халы нашарлап кеткенін Бекбай білді. «Апыр-ай, екеуін елге аман-есен жеткізсем жақсы болар еді» деп ойлады. Қалтасындағы қамыстың сүйірігінен бір талды аузына салып, дәмін алып тағы алдына қарай жылжыды. Күн еңкейіп ұясына кіруге аз қалды. Басын көтеріп батыс жаққа көз салып батар күнге қарады. Алдыңғы жағынан тағы үміттенді. Екі балтыры талып,

екі аяғының тоғыз тарауы сәл қақсап ауырғандай болды. «Не болса да осы белгілерден асып барып дем алайық» деп күбірледі. Сөйтті де өзіне өзі жақындап қалған Мұхамет пен Мұстапаға қарамай алға тартты. Буыны құрып, жайбір белегірге Бекбай әрең шықты. Белегірдің асты қыстай мал қыстаған болымсыз қорасымақ көңірек екен. Бекбай жүгіре басып тап-тақыр болып жатқан дөп-дөңгелек киіз үйдің жұртына жетіп келді. Ол дәл осы шақта бір киіз үйдің өзіне жетіп келгендей қуанды. Анадайтын жердегі үюлі жатқан сексеуілге көзі түсті. «Құдық сөзсіз соның астында» деп өзіне өзі күбірледі. Сөйтті де лып етіп сонда барды. Бойына күш қайдан келгенін өзі білмей қалды. Сексеуілдерді жұлып-жұлып лақтырып жіберді. Құдықтың аузы үңірейіп шыға келді. Жан дәрмен құдыққа үңілді. Құдық таяз екен. Арқасына таңып алған қоржын-қолаңын жерге тастап, беліндегі жіңішке жіпті алып, кішкене шәугімді байлап құдыққа салды. Сылдырлаған құдық ішіндегі судың дауысы Бекбайдың құлағына музыканың үніндей керемет жағымды естілді. Құдықтық суы мұздай суық екен. Бекбай мейірлене жұтты. Бұл шаққа дейін екі бала мынау құдықтың қасындағы белегірге жете алмаған еді. Суды жұтып жібергенде-ақ Бекбайдың өне бойынан тер суша сорғалады. Тынысы кеңіп, бойы сергіп кеткендей болды. Енді бір шәугім су тартып алып, арт жақтағы әлі белегірге шыға алмаған екі балаға қарай жүгірді. Бекбай белегірге шыққанда, Мұхамет пен Мұстапа белегірге шығуға дәрмендері жетпей сұлап-сұлап жата кеткен еді. Бекбай:

- Су!- деп айғайлады. Сұлап жатқан екеуі де басын көтерді. Олар Бекбайдың шәугім көтеріп жүгіріп келе жатқанын көргенде, қуанғандарынан бірін-бірі құшақтай алды. Мұхамет пен Мұстапа бір шәугім қара суды кезектесіп бір-ақ жұтты. Алақандарымен маңдайларынан сорғалаған терді сүртіп орындарынан тұрды. Бұл шақта күн ұясына құлап, төңіректі қараңғылық қымтай бастаған еді. Үшеуі киіз үйдің жұртына жетіп, қоржындарын жастанып сұлай кетті.

2

Құдықтың суық суынан мейірлері қанғанша ішіп ұйқыға кеткен үшеуі, көкжиектен қызарып күн көтеріліп келе жатқанда бастарын көтерді. Бұрынырақ орнынан тұрған Бекбай қора маңын айналып, сүйек-саяқ бір нәрсе іздеді. Маңайдағы сексеуіл, жыңғылдардың түбіндегі ағарған нәрселердің бәрін көрді. Түгел атам заманғы әппақ сөңке болып қураған ірі қара малдардың сүйегі екен. Биылғы жаңа сүйек мүлде көрінбейді. «Қырсық шалса, қымыран іриді деген осы ғой, қыстай ел қыстаған, ең болмағанда жазға салым бір ай отырған жерден бірер тал сүйек табылмағанын қарашы» деп өзіне өзі қатты кейіп, күбірлей сөйледі. Мына қораны көргенде-ақ Бекбай қора маңында қалайда қысқы соғымның сүйегі бар ғой деп қатты үміттенген еді, енді үміті үзіле бастады. «Бірер сүйек табылса, оны суға қайнатып нілін ішсек, қалайда елге жетуімізге болар еді» деп ойлады. Дәл осы шақта әкесі марқұмның айтқан бір кездегі бір ауыз сөзі есіне оралды. Ол Бекбайдың сегіз жасқа шыққан жылы болатын. Үнемі өздеріне көрші отыратын Қатыран дейтін шал бар еді. Оның бар мүлкі астындағы ақ айыл шардақ тор аты, сынық мүйіз қоңыр сиыры, кемпірі, басындағы күркесі ғана. Қатыран да, кемпірі де сол күнде сексен жасқа таяған. Осы ауылдан аздап мал сауып күн көретін.

Күздің күні болатын, бетте ойнап жүрген Бекбай біреудің ыңқылдап-гүрсілдеп бір арқа отын көтеріп келе жатқанын көрді. Алғашында оның кім екенін аңғармаған. Отыншы қасына таман жақындап келіп, отынын гүрс еткізіп қоя салғанда барып ойынмен айналысып отырған Бекбай жалт қарады. Шашы күздікүнгі селеудей ағарған Қатыран шал отынына сүйеніп басынан ағыл-тегіл аққан терді сүртініп тұра қалды.

- Асслаумағалайкүм!- деп Бекбай орнынан тұрды.

- Уағалайкүм уассалам! Жарайды, балам, не істеп отырсың?

- Ойнап отырмын, ата.

- Ойнап болдың ба?

- Болдым, ата.

- Онда, мына менің отынымды көтерші.

- Мен көтере алмаймын,- деп мінгірледі Бекбай.

- Неге көтере алмайсың?

- Мен бала тұрсам, күшім жетпейді ғой, сіз шаршасаңыз, отыныңызды бөліп маған біраз буып беріңіз. Үйіңізге жеткізіп берейін,-деп Бекбай Қатыран шалдың қасына келген.

- Рақымет, балам! Рақымет! - Қатыран шал Бекбайдың маңдайынан сүйді,- ақ көңіл, жақсы адам болады екенсің, отынымды көтеріп үйіме апарып бергендей қуандым. Жүре ғой ауылға, бірге қайтайық.

Қатыран шал Бекбайды ертіп алды. «Кәрі адам болғанда не деген күшті адам» деп ойлады Бекбай. Қатыран шал отынын көтеріп өз үйіне кеткенде, Бекбай жүгіріп үйлеріне келді. Шешесі мен әкесі енді ғана шәйға отырған екен.

- Алла, Қатыран атам не деген күшті. Үлкен бір арқа отын көтеріп келді,- деді Бекбай таң қала ентігіп.

- Ой, жарықтық-ай, кемпірі ауырып қалған ғой,- деді шешесі.

- Сорлы адамдар осы Қатыран шал сияқты жанкешті болады, дүниеде сүйеніші, сенері жоқ адамдар тек өзіне ғана сенеді. Өз күші мен ақыл-парасатына сүйенеді. Сондықтан олар қажырлы, қайратты болады. Бірақ мұндай адамдар басқаларға сенбейді, басқаларға күйініп те кетпейді,- деді әкесі.

- Ойбой, елдің бәрін сен қолыңнан туғыздың ба? Бәрі де тағдырдың ісі емес пе?!- деген шешесі кейіп.

- Е,- деген әкесі,- «сорлыға сойыл бұрын тиеді»- деген мақалды естіп пе едің, әуелі «кедейдің қырық қаңтаруы бар» деген сөз де бекер айтылмаған ғой. Тағы «кедейді кезеңде тосып, ойпанда тонайды» деген аталы сөз тағы бар. Бұл кедейдің жауы көп деген сөз емес, қайта ақыл-парасаты төмен адамдар кедей болады деген сөз. Ақыл-парасаты жоғары адамдар әуелі өлім хауінінен де құтыла алады.

Бекбайдың әкесінің дауысы құлағының түбінен дәл сол күндегідей қоңырлап, ап-анық естілгендей болды. «Менің өлмей келе жатуым, ағам Берікболдың ақыл-парасатының арқасы ғой, тіпті кеше ғана қамыстың сүйірігін жеп жанымыз қалды» деп өзіне өзі күбірледі.

Бекбай аға, атам шөлден өлетін болды ғой. Ол кісіге су апарып берейікші,- деді Мұстапа.

Бағанадан ой жетегінде түс көрген адамдай меңірейіп тұрып қалған Бекбай ұйқыдан оянғандай, Мұстапаға қарады. Бұл шақта Мұхамет пен Мұстапа құдықтан шәугімдерімен су тартып ішіп, енді неше күннен бері су тимей қара қожалақ болып кірлеген беті-қолдарын жуып жатыр еді. Мұстапаның сөзі Бекбайдың жүрегін зырқ еткізді. «Марқұмның болмағанда бетін жасырып келсем жөн еді, қарға-құзғынға жем болады ғой» деді күбірлеп. Түннен бері суға шөлі қанып бойына едәуір қуат біткен еді, «ең болмағанда құммен болса да бетін жасырып, басына белгі қойып келейін» деген бекімге іштей келді. Аяғын бірден санап басып, екі баланың қасына келді:

- Екеуің суларыңды ішіп, қалталарыңдағы қамыстың ұлпасын жеп, әнеу дөңге шығып отырыңдар, егер біреудің бараны кезіксе, шапандарыңды бұлғап айғайлаңдар. Анау жұрттағы оттың орнына көң салып бықсытып қойыңдар. Түтін ұзақ жерге көрінеді. Жоқ қараған адам болса түтінге тартып келіп қалуы мүмкін.

- Мұхамет жүр,- деп Мұстапа орнынан түрегелді, - әуелі шақпақ шағып от тамызып, түтін салайық. Бекей ағам атама барсын.

Бекбай екі торсыққа толтырып су құйып алып, келген іздерімен құмға қарай жөнелді. Бүгін де күн шәйдай ашық. Аспанда тоқымдай бұлт жоқ. «Бүгін күн кешегіден де ыстық болады-ау» деп ойлады Бекбай. Сөйтті де белегірге шығып, ескі жұртта тоңқайып-тоңқайып от тамыза алмай әбігерленіп жатқан екі балаға қарады. «Әй, сәбилер-ай, аталарын әлі тірі деп жүр ғой, мүмкін, көңілдері ол кісіні өлімге қимайтын да шығар. Баруын барамын, марқұм шалдың бетін жасырып қайтармын, қайтып келгенде екеуі арсалаңдап алдымнан шығар. Сонда аталарының өлімін қайтып айтамын.» Бекбайдың ойы осы араға келгенде, Қапидың бетін жасыруға барғаннан, қайта келгенде екі балаға кездесуі

қатты қиын сияқты сезілді. «Мүмкін, мен қайта оралғанша екі баланың қасына бірер жүргінші де келіп қалар» деді күбірлеп.

Бекбай жүріп келеді, ойлап келеді. Ол алғашында Мұхамет пен Мұстапа туралы ойлап еді, енді ол Жайна туралы ойлады. «Шіркін! Жайна мені сағынып, сарғайып жүр ғой, мен аяқ астынан жетіп барғанда, қуаныштан жарыла жаздайтын шығар, өзін ұстай алмай мойныма асыла кетер. Мүмкін, шешесінен, көршілерінен тартынып дауысын қатты шығарып солқылдап жыларма екен, әлде...» Бекбай ойлап келеді. Оның көз алдына Жайнаның мөлдіреген сұлу жанары елестеді. Мойнын сәл қисайтып, бұрынғы әдеті бойынша қиыла қарап тұрған сияқты. Кенет құлағына Жайнаның сылдырлаған әсем дауысы естілгендей болды. «Бекей, сен неге атсыз-аяқсыз жоғалып кеттің» деп ренжи қарап бұртиып тұрған сияқты. «Мен кінәлімін, мен ақымақпын, айналайын, Жайна, сені зарықтырдым. Қаңырығыңды түтетіп ел шетіне қаңғырттым. Бәрін азаматтық арыммен, жігіттік намысыммен мойныма арқалауға қақылымын. Мүмкін, менің осылай бір өліп, бір тіріліп қаңғып жүруім сенің кереметің шығар...»

Бекбай жүріп келеді, міңгірлеп сөйлеп келеді. Екі шәй қайнатымға жетпей-ақ Қапи шалдың басына орнатып жауып кеткен ескі шапан жалбырап көрінді. «Кеше бір күн тірі болған шығар. Әй, бүгін марқұмның жаны сірі болса да ол дүниеге кетті ғой, дегенмен кәрі адам болғанда жаны сірі-ақ адам екен» деп күбірледі.

Қапидың қасына Бекбай өте тез жетіп келді. Бетін құм жауып қалыпты. Ойланып аз тұрды. Әуелі төңіректен жыралау жер көрінеме деп айналасына көз тастады. Аяндап биіктеу екі құм төбенің қасына келді. Ортасында тереңдеу жыра бар екен. Жүгіріп барды да Қапидың сүйегін алдына балаша көтеріп жыраға әкелді. Бетін қыбылаға қаратып, кимімен жатқызып, асықпай құммен көмді. Қапиды көміп болысымен Бекбайдың буыны құрып кетті. Дереву торсығындағы судан жұтты. Торсықтағы су таңертеңгідей емес жылып кеткен екен. Сонда да едәуір мейірі қанып, бойына қуат біткендей болды. «Елге жетсем, адам әкеліп қайта жерлермін» деп ойлады. Сөйтті де екі-үш үлкен қу сексеуілді белгі үшін бірін-біріне жіппен шандып, Қапи шал көмілген құмға шаншып қойды.

Қапидың ептеп бетін жасырған соң, Бекбай артына тез қайтты. Құмның ортасынан өткенде екі аяғы ауырлап, денесі салғырттай бастағанын сезді. Тік тұрған беті өркеш торсықтағы судан тағы бірнеше ұрттады. Бүкіл денесінен тер су болып ақты. Бар қайратын бойына жинап тағы алға тартты. Құм жиегіне ілінгенде жүрегі айнап, басы айналғандай болды. «Апыр-ай, әлгі екі балаға жете алмай қаламын ба?» деген қорқынышты ой сап ете қалды. «Жоқ, мен өлмеуім керек. Жайнаға жетіп, оны бақытқа бөлемей босаңсымаймын!» деп күңгірлей сөйледі. Лезде әлгі басының айналғаны тоқтап, аздап екі көзі қарауытты. Бағанағыдай емес, Бекбайдың бір аттағаны өзіне бір үлкен дөңбектен аттағандай едәуір ауыр сезілді.

Бекбай өзінің дәл қазір отыра кетсе қайтадан тұра алмайтынын жақсы біледі. Сондықтан сүйегіне қарысып, отырмай баяу жылжып келеді. Күн түс ауа тіпті де от болып қызып алды. Күн ысыған сайын, Бекбайдың тынысын қапырық ыстық буып, буынын әлсірете түсті.

Бекбай жылжып отырып күн бесін ауа бергенде көне қораның еңіс жағындағы белге әрең шықты. Екі баланы қойып, олардың көлеңкесі де жоқ. Сенделектеп, бықсып жатқан оттың қасына келді. Олар қоржынын да тастамай алып кетіпті. Қораның шетінен із шалды. Жаңа ғана келген түйенің ізін көріп Бекбай қуанып кетті. Оларды біреу құтқарған екен. «Қалайда, мұнда мені құтқаруға да адам келеді ғой» деп ойлады. Сөйтті де қораның батыс жағындағы аласа қабақтың үстіне шығып оңтүстік жақтан көрінген қарлы тауға қарап орнығып отырды. Енді жүруге мүлде дәрмені қалмаған еді. Құтқарушының келуін тосты.

3

Бекбай дөңде ұзақ отырды. Күн батысқа аунап екінті уағы жақындады. Түйенің ізін көргенде мұнда біреу келген ғой деп қатты қуанған еді, енді сәл қобалжи бастады. «Өз аяғынан қаңғып келген түйеге

екі бала мінгесіп кетіп қалды ма» деген жаман ой көңіліне орала бастады. Қалтасына қолын салып еді, кешегі қамыстың сүйрік уызынан бір уыс бар екен. Бірден аузына салып нілін сора бастады. Анау бұлдыраған тауға қарай-қарай екі көзі талып, жақын маңдағы сексеуіл сияқты бұталардың өзі біресе мал сияқты көрінсе, енді бірде өзіне қарай келе жатқан басқа бір құбыжық хайуан сияқты болып көрінді. Бекбай осылайша зарығып отырып ақыры күнді батырды. Бағана бықсып жатқан отқа жуан сексеуіл томарын салып қойған еді, орнынан баяу тұрып от басына келді. Екі-үш сексеуіл шаласын қолына алып дөңге шықты. Төңіректен сексеуілдерді жинап от жағуға кірісті. «Мені іздегендер болса, осы отқа тартып осында келер» деп ойлады. Бекбай қанша әлсіресе де қорқа қоймады. Біреу келіп құтқарып алатын сияқты болды да тұрды. Ақшам жарығы сөне, отты маздатып жағып тастап, өзі от қасына отырды. Қанша отырғаны белгісіз, Бекбай шаршап қалғып кетті ме, жоқ, әлсіреп есін білмей қалды ма, әйтеуір, әлде кімдердің саңғырлаған даусымен көзін ашты. Оттың жалыны өшіп, қызыл шоқ болып қалған екен. Оң жамбасымен жантайып қалыпты. Басын көтерейін деп оң шынтағын тіремек болып еді, кеудесін көтере алмады. «Менің де хаым нашарлап кеткен екен» деп ойлады. Сол шақ құлағына екі адамның сөйлескен дауысы анық естілді.

- Қораға жеттік пе?

- Жеттік, әнеу қызарған от қой деймін.

- Ой, от екен, солай барайық.

- Бекбай өзін адамдардың іздеп келгенін білді. Бар қайратын бойына жиып, тағы бір рет басын көтермек болып еді, көтере алмады. Адамдардың дабырлап жақындағанын да білді.

- Мұнда екен,- деп айғайлады біреуі.

Бір адам келіп басын сүйеп көтерді.

- Тез келіндер. Әлсіреп кетіпті,- деді дауысы гүрілдеген біреу. Бекбай қаншалық қадалып қараса да басын сүйеп отырған адамның өңін көре алмады.

- Бағана осы отты көргенде, тура тартып келсек жөн екен. Сен арбашылардың оты дедің емес пе,- деді шіңкілдеген біреу.

- Мен бұлар да от бар деп ойлағамын жоқ қой, өзі сөйлей алатын ба? Бойында жаны болса, мынаны сал,- деп тік түрегеліп тұрған адам Бекбайдың басын сүйеп отырғанға бір нәрсе бергендей болды.

- Жоқ, алдымен мынаны ішкізейін,- деп Бекбайдың басын сүйеген адам ыдысқа қараңғыда бір нәрсеі сылдырлатып құйып, оның аузына әкелді. Бекбай әрең ұрттады. Тамсанып, езген құрт екенін білді. Осылайша, екі ұрттағанда Бекбайдың көзі шырадай жанды.

- Аз дем алайыншы,- деп Бекбай қасындағы кесек денелі адамға сүйеніп аз отырды.

- Енді бір ұрттап жібер,- деп шыныны Бекбайдың аузына қайта төседі. Бекбай тағы екі ұрттады.

Осылайша, мынау екі адам қайта-қайта бір ұрттамнан сұйқылдау езген құрттың суын ұрттатып, қайта-қайта дем алдырып отырып, Бекбайды өздігінен орнынан тұра алатын күйге келтірді.

- Су ішерің бар екен,- деп гүрілдеген жуан дауысты адам,- түн қатып келмесе, ертеңге дейін үзіліп кеткендей екенсің, әйтеуір бір ажалдан қалдың.

Бекбай «бір ажалдан қалдың» деген сөзді қанша рет естігені ғой есінде жоқ. Әйтеуір талай рет ажалдан қалғаны өзіне мәлім. Десе де, мынау адамның дауысы талай жылдың алдындағы ағасы Берікбол арқасына көтеріп мектептен шығып келе жатқанда, есік бағатын арық қара шалдың дауысына ерекше ұқсайтын сияқты сезілді. Сопда ол «бір ажалдан қалдың» деп бетіне сығырая қарап еді.

Бекбайды құтқаруға келген екі адам қызыл шоқ болып жатқан отқа тағы да сексеуіл әкеліп салып, отты қайта маздатып жақты.

- Мә, мына малтаны малтап отыр, енді артық тамақ ішсең болмайды, - деп шіңкілдеп сөйлейтін адам бармақтай малта құртты Бекбайдың қолына ұстатты.

- Екі бала сіздердің ауылға барды ма? - деді Бекбай.

- Екі бала ештеңе ететін емес. Олар түйе іздеген біреуге ілесіп, ауылға тым жәй барды. Егер біздің ауылдың адамдарының бірінің қолына түссе лезде барушы еді,- деді гүрілдек.

- Біздің ауыл жап-жақын, қазір жетіп барамыз,- деді шінкілдеп сөйлейтін адам.

- Өзің көлікке мініп жүре аласың ба? - деді гүрілдек.

- Міне аламын, - деп Бекбай орнынан тұрды.

- Жарайды, онда аттанайық,- деп екі жолаушы, - құммен отты көміп өшірді де, түйелерді шөгерді. Артық бір түйе жетектеп келген екен. Оған Бекбай мінді.

- Бекбайлар келгенде ауыл әлі жатпаған екен. Төрт үйлі шағын ауылдың ортасындағы үлкен ақ үйге келіп түсті. Бекбайдың түйеге мініп ауылға жеткенше ойлағаны да, ал, ауылға келген соң, түйеден түсіп үйге кіргенше ойлағаны да кішкентай Мұстапа атасын сұраса не деп жауап беретіні болды. Расында Мұхамет пен Мұстапа Бекбайды төрт көздерімен тосып отыр екен. Бекбай есіктен кірісімен Мұстапа Мұхаметтің тосқанына қарамай жүгіріп келіп құшақтады?

- Атам өліп қалған екен ғой! - деді жылап.

- Болды, Мұстапа, атаңның арманы жоқ. Сендер елге жеттіңдер,- деп Бекбай Мұстапаның басынан сипады. Гүрілдеген қара осы үйдің иесі секілді. Бекбайды жетелеп төрге шығарды. Оң жақта жиналып бес-алты адам отыр екен. Бәрінің көзі тегіс Бекбайға қадалып қалыпты.

- Болды, түгел үйлеріңе барыңдар. Мына кісілер шаршап келді, дем алсын!- деді гүрілдек қара. Мұндағы үлкенді-кішілі ауыл адамдары бір-бірден саулап үйлеріне кетті де, іріктеліп Бекбай мен Мұхамет, Мұстапа ғана қалды.

- Аштық жандарыңызға өтіп кетіпті, тамақты бірер күн аздап ішпесеңіздер аш өзектеріңізге түсіп кетеді. Аш өзегіне түскен адам әуелі өліп кетеді,- гүрілдек қара ақыл айта сөйледі,- енді іздеген туыстарыңыз да табылады. Бүгінше қара шәй мен қара нан жеп дем алыңдар.

Үй иесінің осылай орналастыруы бойынша, Бекбай екі шыны қара шәй ішіп, бір жапырақ ғана нан жеп ғана дем алды.

- Бекбай қатты ұйықтаған екен. Маңырап шулаған қозы-лақтың дауысымен оянып кетті. Оң жақтағы тобылғыдан жасаған үйшіктен кішкене қара баланың басы қылтиды. Түнде Бекбай оң жақтағы үйшікті көрмеген еді, үйшіктің көлеміне қарап, «едәуір ауқатты семия екен ғой» деп ойлады. Жалпақ бет сары әйел сырттан қолтығына қызыл қасқа қозыны қысып келіп үйшікке тастай салып, балаға:

- Әнеу қоңыр қозыны әкел! - деді.

- Мынаны ма? - деп қара бала бір қоңыр қозыны үйшіктен шешесіне алып берді. Осылайша, жалпақ бет сары әйел мен ұзын бойлы қара қыз кезек-кезек үйшікке бір қозыны әкеліп тастап, бір қозыны әкетеді. Қолдарында кішкене ағаш шелектері жүр.

- Бекбайдың көз алдына бір кездегі Қадыш деген әйелдің қойын баққандағы, осындай мал төлдеткен шақтары келді. Онда үйшіктегі жүзден артық қозыны Бекбай өзі таңертең-кеш жалғыз алып салатын. Ал, осы жүзден артық саулықты таңертең-кеш сары ала етек болып Қадыштың өзі сауатын, онымен қоса ол сол жүзден аса саулықтың қозысын бірден танитын. Күнде қой жайып жүрмесе де, анда-санда кешкі қой келгенде, қойға көз салған ол Бекбайға:

- Бекбай балам, бүгін қойың жақсы тоймапты ғой, жүні бұзыла қалыпты. Қой жайған жағында шөп қалмаған сияқты,- дейтін.

Ал, кейде өрістен келген малына қызыға қарап:

- Бекбай балам, аз күннен бері малың тойып тұр ғой, мал реті өте жақсы,- дейтін. Бекбайдың көз алдына төртпақ семіз қара әйел Қадыштың лыпылдап тез-тез жүріп жұмыс істегендегі епшіл қимылы елестеді. «Іскер, сұңғыла әйел екен ғой» деп ойлады. Бекбай басын көтерген беті үй иелері қойларын сауып болғанға дейін қозғалмай отырды. Қозы-лақтың шулаған дауысы әсер қылмаса керек. Мұхамет пен Мұстапа әлі пырдай болып ұйықтап жатыр. Әзірге қозғалар түрі жоқ. Аштық пен

жаяушылық мендетіп, талай күн түзу ұйықтай алған жоқ қой. Бекбай осыны ойлап оларды оятпады. Аштық сынды ажалдың шеңгелі бұлардың басына төнгеніне тұп-тура бір жеті болды ғой, басына ажал төніп тұрғанда кімнің ұйқысы келеді дейсіз. Бірақ Бекбай сан рет ажал қармағынан құтылғандыкі ме, жоқ, өзінің бойында ешнәрсені елемейтін сондай бір жақсы қасиет бар ма, әйтеуір түнгі ұйқыны жақсы ұйықтайтын. «Менің неше күндер нәр татпай аш жүре алғаным осы жақсы ұйықтағанымның арқасы шығар» деді өзіне өзі күбірлеп. Үй иесі сары әйел мен қара қыз шелектеріндегі сүтті қазанға құйып қолдарын жуғанда, Бекбай орнынан тұрып тысқа шықты. Түнде аз да болса шәй ішіп жатқандыкі болса керек, ұйқысы әбден қанып, бойы едәуір сергіп кеткен екен. Ауылдан алыстап өріп бара жатқан қой табынына қарап аз тұрды. Шығыстан маужырап көтерілген күн, мынау бетегелі жусанды сары даланың таңын ерекше тамылжытып жіберіпті. Ақырын аяндап қораның арт жағындағы болымсыз шилі дөңкілге шықты. Бекбай енді байқады. Мынау төлдеулік құмның үстіндегі Боғда тауына қарай тіреп жатқан, шығысы мен батысына көз жеткісіз ұланқайыр дала құс қанаты талатын ақ дала екен. «Па, мынау төрт түлік малға табыла бермейтін тынысты жер екен ғой» деп ойлады. Дөңкілде тұрып тынысының ерекше кеңіп, бойының жадырап кеткенін сезді. Үй иесі семіз қара шығыс жақтан екі атты жетелеп үйінің қасына келді. Бекбай аяндап қораны айналып, есік алдына келіп тоқтады. Үй иесі аттардың бірін байлап, бірін тұсап қойған соң, әлгінде Бекбай шыққан дөңкілге шығып, айналасына көз салды. Мұхамет пен Мұстапаның әлі оянбағанын түрулі тұрған есіктен байқады. Олардың тынышын алғысы келмеді. Дөңкілдегі үй иесінің қасына келді.

- Мына біз отырған жер ой болады,- деп үй иесі Бекбайға бұрылды,- мына кер жазықты «Ақдала» дейді. Шығысы Баркөлге тіреледі. Қазір мұнда үш зәңгі ел мал төлдетіп отыр.

- Сонда бұл жақта да қазақ көп болды ғой,- деді Бекбай.

- Анау шығысы Аратүрік пен Баркөлден батысы ана Үшбукенге талай ел лықсып жатыр ғой,
- деді.

- Бекбай Алтай жерінде жүргенде «Баркөл» дегенді ара-тұра естіген. Ал, Аратүрік, Үшбукен дегенді мүлде естімеген. «Қалайда жер аттары ғой, қазақ қоныстанған жер үлкен екен ғой. Дүниеде қазақтан көп халық жоқ-ау» деп ойлады. Сөйтті де керіліп жатқан сары жазықтың жан-жағына тағы көз салды. Солтүстік жақтан мұнартып Бәйтiк тауының сұлбасы көрінеді. Бағанадан байқамапты, бұл мидай жазықтың ортасындағы болымсыз төбешіктің шығыс жағындағы ойда отырған ауыл екен. Бұл маңның да жусаны мен бетегесі енді ғана тепшіп көгеріп қалыпты. Оңтүстік жақта шығыстан батысқа қарай көлбей көсіліп Боғда тауы ұзыннан-ұзақ созылып жатыр. Әппақ қар қымтаған қарағайлы ұлы тау бүгін күндегіден де анық болып, сай-саласына дейін өте айқын көрінін тұр. «Талай күннен бері жете алмай зарыққан Боғда тауымыз осы болды ғой» деп ойлады. Ол үй иесіне ілесіп қора шетіндегі енді ғана бүршіктей бастаған бұйра жусанды гүртілдете басып өзі қонған үлкен ақ үйге келді. Мұхамет пен Мұстапа да оянып бастарын көтерген екен.

Қонақтар беті-қолдарын жуып төрге отырған соң, үй иесі қоңқы тұмсық семіз қара кісі орнынан алдына қарай сәл сырғып алды да, өзін таныстырды:

- Бұл менің ауылым,- деді ол Бекбайға бұрылып,- атым Майсары, көп жылдан мекеніміз осы Боғда, кеше тау жақтан келіп түйе қарап жүрген мына екі баланы тауып әкеліпті. Түнімен барып өзіңді әкелдік. Жөндеріңді тамақтан соң бір-ақ ұғысайық. Әзірше шәй ішіндер. Тамақты көп бермеді деп ренжімендер. Бір-екі күн осындай аз-аздан ішесіңдер.

Бекбай да, Мұхамет пен Мұстапа да таңертеңгі шәйді ішісімен алты айырықтарынан тер ағып, қара сорпа болды. Бірақ үшеуі де тамаққа тоймайтындай обырланып отыр еді, аз қара нан мен сүтті шәй ішкен соң, бірдемде тойып отырып қалды. Біреуі бір ғана жапырақ нан жеп, екі шыныдан ғана шәй ішті.

Дастарқан жиылған соң, Бекбай маңдайынан сорғалаған терді сүртіп, сәл шегініп арқасын жүкке сүйеп отырды. Шешесінің аяқ жағында шәй құйып отырған ұзын кара қыз қайта-қайта өзіне қадала қарағанын Бекбай анық байқады. Сымының екі тізесі жыртылып, шолақ сырмақ шапанының да етегі бұта-бүрген жұлмалап өрім-өрім болып кеткен екен. Етігінің табаны тесіліп, өкшесі ішіне қарай мұжылып қисайып кеткен соң, өкшесінің биік жағын алып тастаған. Ақ жем болып тозған көн етігі де кемпірлер киетін мәсіге ұқсап қалған болатын. Қыз көзі қайта-қайта қадалғанға өз киімінен өзі қораштанып ыңғайсыздана қалды. Мұхамет пен Мұстапа беттерін жуып, жылтырай қалыпты. Кішкене балалардың киімінің жыртығы онша білінетін емес. Дәл осы шақта киімнің жыртығы Бекбайға қатты білінді. Өкшесі жоқ етігін малдас құрған болып астына қарай жинап қойып отырды.

- Жә, жігіт, енді сендердің жөндеріңді біле отырайық, жөндеріңді білген соң, туыстарың табылатын шығар? - деп Майсары Бекбайға қарады.

- Жол бастаушымыз Қапи деген кісі еді,- деп Бекбай орнынан сәл көтерілді,- бізді құмға жеткізіп, сол жерде көз жұмды, мен шамамша бетін жасырып белгі қойдым, туыстары табылған соң қайта жерлейтін шығар. Мына екі бала сол кісінің інісінің балалары. Осы жақта бір інісі бар екен, соны іздеп келді. Мына баланың аты Мұхамет, ана кішкененің аты Мұстапа.

- Әкеміздің бұл жақтағы інісінің аты Жапар,- деді Мұхамет.

- Қай ел?- деді Майсары Мұхаметке сұраулы көзбен.

- Шерушіміз,- деді Мұхамет.

- Ой, әлгі жоғарғы жақтағы өзіміздің жалпылдақ Жапар болмасын,- деп қазан жақта шыны жиыстырып жатқан сары әйел артына қарады,- Шіңгілде бір аға, бір інім бар деп жүруші еді.

- Әйелінің аты Кемелқан еді,- деді Мұхамет.

- Дәл өзі екен, жайлауымыз қанаттас, жазда көрші отырамыз,- деп үй иесі әйел қазан жақтан Майсарының қасына келіп отырды,- Кемелқан жақсы әйел, біреуің дереу шүйіншіге аттаныңдар. Есік жақта отырған арық сары жігіт лып етіп шыға жөнелді. Қуанғандарынан Мұхамет пен Мұстапа орындарынан тұрып кетті.

- Отырыңдар балалар, Жапардыкі жақын, өзім апарамын ғой, олар әуелі хабар тапсын, асықпаңдар,- деді Майсары. Үйдің маңын дүбірлетіп әлде біреудің :

- Шүйінші! Шүйінші!- деп шаба жөнелгені анық білінді.

- Шіркін-ай, өте жақсы болды ғой, Жапар ағамның үйі табылмай ма деп қорқып едім,- деп Мұхамет өзінің күдігін жасырмай айтты.

- Мен сенен де қатты қуанып отырмын,- деді Бекбай,- Қапи аға өзі жеткен болса жақсы еді, ол кісі көз жұмғаннан кейін сендерді қатты алаңдадым. Қапене берген уәдем бар еді. Бәрі де іске асатын болды.

- Жә, жігітім,- деп Майсары Бекбайға қадала қарады,- балалардың ғой жөнін ұқтық, туысы да табылды. Сонда өзіңді ұмытып қалған жоқсың ба?

- Мен өзімді асықпай таныстырайын деп отырмын,- деп Бекбай қуана күлді,- менің Алтайда өзімнен басқа туыс-туғаным жоқ. Аға-жеңгем бар еді екеуі де қайтыс болды. Нағашыларымда жүр едім, олар да жұтап қалды. Бұл жаққа құдаласқан қайын жұртым кеткен еді, соларды іздеп келдім. Осы жаққа ауып кеткені анық. Табылатын шығар.

- Бұл өңірде Алтайдан ауып келген ел көп, біз тек жақын қоныстарды ғана танимыз ғой, алыстағыларды біле бермейміз. Десе де ел құлағы елу ғой, қайнатаңның аты кім еді?- деп Майсары Бекбайдың жүзіне қадала қарады.

- Қалыңдығымның әке-шешесі жоқ, әжесінің қолындағы жетім қыз еді, өткен күзде Алтай партизандары Өр Алтайға елді көшіргенде, елмен еріп Шіңгілге кетіпті. Қыста Бәйтіден әжесінің інісі Жақай деген барып көшіріп алыпты,- Бекбай тамағын қырынып жөткірініп алып сөйледі,- қаңғып Бәйтіді келсем, ондағы аз ғана ауылды Шонжыдан барған Гоминдаң әскерлері тырп

еткізбей ұстап отыр екен. Солардың ішіндегі бірнеше адамға жолығып ұғыссам, Жақайдың ауылы ақпанның аяғында осы Боғда жаққа ауып кетіпті. Бәйтікке жақындағанда Қапи шал мен мына екі балаға кез болғамын. Осылармен ілесіп, жарым айдан артық жаяу жол жүріп жеткеніміз осы.

- Осы жаққа келгені шын болса табылады,- деп Майсары Бекбайдың бетіне қадала қарады,- мына екі баланың ғой туысы табылды. Мен төңіректегі елге сұрау салайын, қайын жұртыңның дерегі білінгенше осында жата тұр. Шалқып жатқан бай емеспін, десе де, өзімдік айран-шалабым бар. Аш болмайсың.

- Рақымет сізге!- деді Бекбай.

- Әй, кемпір,- деді Майсары қонышындағы ұстарасын қолына алып,- екі балаға су берші, шаштарын жібітсін, мен алып жіберейін. Шаштары өте үрпиіп кеткен екен.

- Мұхамет пен Мұстапа шаштарын жібітті. Майсарының ұстарасы өткір болғанда ағып тұр екен. Лезде екеуінің шашын сыпырып жіберді.

- Менің де шашымды түсіріп жіберіңіз,- деп Бекбай шашын жібітті. Бекбайдың шашы енді алынып бола бергенде:

- Ой, шүйіншіге кеткен бала келеді!- деп біреу айғай салды. Мұхамет пен Мұстапа жүгіріп далаға шықты. Олардың соңынан Майсары мен Бекбай да далаға шықты, шүйіншіге шауып кеткен жігіт қолында жетегі бар, Майсарының үйінің қасындағы үйге келіп түсті. Жүзінен қуаныш күлкісі еседі:

- Шүйіншіге бір дөнен берді!- деп дауыстай сөйледі, - мына кісілерді ертіп кеткелі ат ерттеп жатыр, қазір келеді. Мұхамет пен Мұстапа қуанғандарынан өздерінің он сегіз күн аш-жаяу жүргендерін лезде ұмытып, орындарынан секіріп-секіріп кетті. Ауыл адамдары шүйіншіге келген дөненнің айналасына жиналып, әркім өз әлінше баға беріп жатыр.

- Белі бүкіс жылқы екен, жорға ғой деймін,- дейді біреуі.

- Жоқ, жорға емес мынау нақ жүйрік,- дейді тағы бірі.

-Әйтеуір шүйіншіге келген кері дөненге ешкім жаман баға берген жоқ. Көбінің аузынан жорға мен жүйрік шығады.

- Көпшілік дуылдасып тұрғанда, жоғарғы жақтан келе жатқан бір топ адамның қарасы көрінді. Көзді ашып-жұмғанша олар да ауылға жетіп келді. Дәл Қапи шал сияқты дембелше келген бүйрек бет қара торы кісі жүгіріп келіп Мұхамет пен Мұстапаны бетінен кезек-кезек сүйді.

- Қарғаларым-ай, жандарың аман-есен қалған соң болды,- деп кеңкілдеп жылап жіберді.

Бекбай оның қасына келіп сәлем берді:

- Ассалаумағалайкүм!

- Уағалайкүм уассалам! Ой, әлгі екі баланы осында жеткізген жігіт сен екенсің ғой,- деді Бекбайдың қолын қатты қысып.

Жапар үш ат ерттеп әкелген екен, ол мынау ауылға шәйға да қаратпай үш жолаушыны ауылына алып жөнелді. Ауылы анша алыс емес екен.Майсарының ауылынан батысқа қиыстап сәл жүрген соң, терең ағарға келіп түсті.Ағардың батыс жақ қабақ түбіндегі үш үй айқын көрінді. Туыстарына тез кез болған Мұхамет пен Мұстапаның қуанышында шек болмады. Жүректері жарылардай леріріп, өз туған ата-анасының құшағына келіп кіргендей, мынау үш үйлі шағын ауылға жеткенше ат үстінде отыра алмай желпініп кетті. Бұл шақта мынау ақ еділ дарқан елдің шетіне екі баланы ертіп аман-есен ілінгеніне Бекбайдың да көңілі судай тасып, ат үстінде жас баладай шалықтап, шалқып келеді. Үш үйдің барлық адамы сыртқа шығып бұларды тік тұрып қарсы алды.

Көктемдегі қара өзек шақ болса да,мынау семьялардың қарны тоқ, тұрмысы да едәуір жақсы екен. «Жұт, ашаршылық Өр Алтайда ғана тұр екен» деп ойлады Бекбай.

- Екі күннен соң, Бекбайдың бастауында, Жапар бір топ азамат ертіп, күмның астыңғы жағында Қапидың жаназасын шығарып арнаулы жерлеп келді.

- Ашаршылықтан құтылып, «ел іші - алтын бесік» дегендей, ырғын тұрмысқа гүп ете түскенімен, Бекбайдың ұйқысы тағы да қашып, ойы он бөлекке бөлінді. Ақыры Жайнаның кіші әкесі Жақайдың ауылын іздеу бекіміне келді. Мал қораланып ел орынға отырған шақта, Бекбай сөз бастады:

- Жапа аға, ағаңыз Қапидың тапсырған аманатын аман-есен қолыңызға жеткіздім. Құдайға шүкіршілік, бұл үлкен қуаныш болды ғой!

- Айта қалсын қуаныш болды,- деді Жапар басын изеп.

- Қарным тойды деп жата бергенім болмас. Өз ауылымды іздеп тапқаным жөн. Қайнатам ертеде қайтыс болған екен. Інісі Жақай ақпанның соңында ауылын көшіріп осы Боғдаға кетіпті. Елді аралап сұрастырсам қалайда табылады ғой. Алыстан көшіп келген бөтен ауылды отырықты елдің адамдары тез біліп қалар.

- Оның жөн, Алтайдан ауып келген бір бөлім ауылдар батыс район жақта деп естігем,- деді Жапар.

- Онда соның ішінде екен,- деді Бекбай қуанып, - егер рұқсатыңызды берсеңіз, бүгіннен бастап батысқа қарай жағалап, ауылымды тауып алайын.

Жапар басын изеп үнсіз біраз отырды. «Мүмкін, іздеген туған-туыстары онша алыс емес шығар» деп ойлады.

Басын көтеріп Бекбайға шұғыл қарады:

- Мен қанша тоқтатсам да тоқтамайтын секілдісің. Бес тұрманымен бір атты ерттеп өзіңе дайындап қойғамын. Балаларым ертіп ел аралатсын,- деп Жапар орнынан тұрып Бекбайды ертіп далаға шықты,- қолмыздағағы аттардың ең семізірегі осы, елпек, жүрдек жылқы. Бұдан да мол силық берсек жөн еді, оны ауылыңды тауып, тойыңды жасағанда көрермін.

Белдеуде әдемі кері төбел ат ерттеулі тұр екен. Бекбай қатты қуанды:

- Рақымет, Жапар аға!- деп Жапардың қолын алды,- маған істеген жақсылығыз менен қайтпаса құдайдан қайтар. Қапи аға секілді ақ көңіл адам екенсіз, ауылымды тапқан соң хабарласамын.

- Жарайды, ауылыңды тапқанша, көңілің орнына түспейді ғой, бүгін өзіңді мен ертіп аралатайын, - деді Жапар.

Бұған Бекбай онша қарсы болған жоқ. Жоқ іздегенге, әрине, біреуден екеу жақсы ғой.

Жапар түскі шайға әбден қанған соң, Бекбайды ертіп батыс жақтағы ауылдарға қарай аттана жөнелді. Мамырдың басы болса да, тау етегі әлі салқын екен. Ақ шайға қанып терлеп шыққан екі жүргінші тау жақтан ескен салқын лепке көкіректерін төсеп, едәуір сергіп қалды. Екеуі әңгімелесіп күн бесінге таяғанда балық жон аласа сары адырдың жазыққа тірелген етегіндегі бес үйлі шағын ауылға жетіп келді. Қорада үш адам бір ала жылқыны жығып тағалап жатыр екен. Бәрі Жапарды танитын секілді.

Ассалаумағалайкүм!- деп үшеуі де орнынан тұрды.

- Уағалайкүм уассалам!- деп Жапар тағашылардың қасына барды.

- Жайша жүрсіздер ме?- деді қолында балғасы бар ат тағалап жатқан жігіт.

- Жоқ іздеп жүрміз, жоқ болғанда, ол үлкен бір ауыл, - деп Жапар қасында тұрған Бекбайды көрсете сөйледі,- Бәйтiктен ауып келген Жақай дегеннің ауылын іздеп жүрміз.

- Ол ауылды анау үйде отырған жолаушы шал біледі,- деп тағашы жігіт оң қолымен шеткі ақ үйді нұсқады. Жапар Бекбайды ертіп аяңдап сонда келді. Үйдің төрінде жастықты биік қойып, семіз қара шал жамбастап жатыр. Үшеуі сәлем беріп шалдың оң жақ қатарынан орын алды. Төрде жамбастап жатқан шал Жапар мен Бекбайдың сәлемін аузын жыбырлатып қана алды да, қасына ешкім келмегендей көлбеп жата берді. Мынау шалдың ең болмағанда көзінің қырын салып та

қоймағаны Жапардың ашуын келтірді. Қара шыбар шалдың жүзіне қадала қараған ол, құйрығымен аз жылжып жақындады:

- Ақсақал, қай жеріңіз ауырып жатыр?- деді ештеңе білмеген адам сияқты таң қалып.

- Қабағын түйе шытынай қалған қара шыбар шал ызбарлана басын көтерді:

- Е, менің ауру-сауымды тексергелі келдіңдер ме?

- Кешіріңіз,- деді Жапар күліп, - қайдан білейік, сәлем алуға шамасы келмей сұлап жатыр екен деп ойладық.

- Осы ауылға батыс жақтан жолаушы келіпті деген соң, бір ауылдың жайын ұғысайық деп келіп едік,- деді Бекбай сыпайы сөйлеп.

- Онда менің жолаушы екенімді біліп келдіңдер ғой,- деді қара шыбар шал.

- Әрине,- деп Жапар шалға таман сырғып отырды,- мына жігіт Алтайдан келген жолаушы еді, осы көктемде Бәйтiктен осылай көшіп өткен туыстарын іздейдi екен.

- Е,- деп қара шыбар шал Бекбайға қадала қарады,- туысыңның аты кім еді?

- Жақай деген адам, қасында Мәрия деген жесір жеңгесінің үйі бар.

- Жә, жігітім, мені дұрыс іздеп келіпсің. Сонда не шүйінші бересің?- деді қара шыбар шал.

Бекбай қатты қуанып кетті. Орнынан атып тұрып шалға қолын ұсынып:

- Шүйіншіге астымдағы атымды атадым, - деді.

- Болды, болды жігітім, жарайсың, азамат екенсің. Жалғыз атты жолаушының астындағы атын алсам елден ұят болар. Осы пиғылыңа разымын. Қиын күнде адамға ес қатқандай азамат екенсің, болды, шүйіншіңнің керегі жоқ, туыстарыңның хабарын естуге асығып отырған шығарсың, олардың амандығын айтып көңіліңді орнықтырайын, - қара шыбар шал орнынан көтеріліп алып сөйледі,- Жақайдың ауылы дін аман, біздің қасымызда отыр. Шонжының базарынан өте қалсаң жетіп барасың. Ол жерді Дұңши дейді. Сол Дұңшиге жеткен соң, Хамиттің ауылы қайсы десең біздің ауылды елдің бәрі біледі.

- Рақымет, ақсақал,- деді Бекбай.

Қатты қуанғаннан аузына сөз түспей, жүрегі дүрсілдеп соға жөнелді. Қасындағы Жапарға бір, мына қара шалға бір жалтақ-жалтақ бір қарап отырып қалды.

- Асықсаң кете бер, асықпасаң менімен бірге қайт, менің атым Хамит,- деді шыбар шал.

- Қанша жер екен?- деді Бекбай.

- Мына жерді Моридың ақ адыры дейді, бұл жерден Дұңшиге мықты ат болса күнбе-күн жетеді. Ат қалыпты болғанда, бір жарым күнде баруға болады.

- Күн кеш болып қалды ғой, ертең мына кісімен кеткенің жөн,- деді Жапар.

Сол күні қонып, ертеңінде Бекбай Хамитқа ілесіп Жақайдың ауылына жол алды.

Хамит шал алғашында Бекбайдың көзіне қатыгез, қайрымсыз адам сияқты көрінген еді, сөйлесе келе танысып, Жайнаның ауылының жөнін ұққан соң, ол Бекбайдың көзіне аса мейірімді, қамқор адам секілді көріне бастады. Екеуі жолға шыққан соң, Бекбай астындағы атына қайта-қайта қамшы басып, жүрістерін жылдамдатып тез жетуге тырысты.

- Асыққаның жөн жігітім, бірақ мынау малдың сүйегі жұқарған қара өзек шақ, оның үстіне екеуміздің атымыз да тым қабырғалы аттар емес екен. Қатты жүрсек жолда қаламыз, асықпай жүрейік,- деді Хамит.

Бекбай ауылдан шыға шапқылай жөнелгісі келген, Хамиттан ұялып, жүрісін баяулатқан еді, мына сөзден соң Хамиттің атының аяңына ілесіп ғана отырды.

МАХАББАТ ТАҢЫ

1

Хамит пен Бекбай ертеңінде түсте Шонжының базарының үстіңгі жағынан өтіп, күн бесінге айналғанда Дұңшидегі мал төлдегіп отырған елдің шетіне ілінді. Бекбай кешеден бері қанша тез

жүргісі келсе де, Хамиттың астындағы аттың сырты қораштау көрінген соң, «жол ортада болдырып қалмасын» деген оймен ілесіп ғана отырған. Ал өз астындағы кертөбел қыстан семіз шыққан жылқы болса керек. Жүрген сайын болдырғанның орнына ауыздығын басып, қамшы салдырмай лыпып аяңдап келеді.

- Дұңши деген жер осы, аз жүрсек ауылға да барамыз,- деп Хамит қамшысының сабымен тымағының маңдайын көтеріп қойды.

- Онда ауылға да келіп қалған екеміз ғой, - деді Бекбай қуанып.

- Сонда сен анау Мәрия кемпірдің күйеу баласы болдың ба? - Хамит сұраулы көзін Бекбайға қадады, - той жасап алып па едіңдер?

Бекбай мына сұрауға сәл ыңғайсызданып күлді.

- Кеше ұқтыңыз ғой, расында мен сол кемпірдің күйеу баласымын, шынымды айтсам, енді той жасағалы отырғанда қырсық болып бұлардан айрылып қалғам, сұрай-сұрай тауып келе жатқаным осы,- деді Бекбай.

Ауылға жақындадық деген сайын Бекбайдың көңілі лепіріп, тағы да жүрегі лүпілдеп соғып, қайта-қайта тізгінін қоя беріп Хамиттан оза жөнеліп келеді.

Хамит та соза қамшыланып қойып тартып келеді. Оның астындағы аты сырты қораштау көрінгенімен, белі қатты жүріске берік жылқы сияқты, әлі сол алғашқы жүрісінен танған жоқ. Атын тізгін қақтырып қойып, Хамит қайта сөз бастады:

- Анау Жақай бірқанша жылдан бері Қоржадағы қытайларға істеп, едәуір ауқаттанып қалып еді. Ірі қарасы да, ұсақ малы да өсіп қалған. Былтыр Бәйтiкке кетіп, биыл жұтап әрең қайтып келді. Шынын айтқанда биыл Бәйтiктен келген елдің бәрі азықтан тарығып әрең отыр, десе де, жылқысы бар көрінеді.

- Дендері сау болса, жұтаған малдың орны толады ғой,- деп Бекбай Хамитқа күлімсірей қарады.

- «Басы аманның малы аман» деген сол, жас болсаң да көпті көрген, көп жасаған адам сияқты сөйлейді екенсің, кім біледі, кейін сенің аузыңа қарап отырамыз ба.

- Ойбой, ағасы, әуелі елімді тауып, есімді жиып алайыншы, елді аузына қаратқан өнер менің қай теңім дейсіз.

- Олай деме, бала, Хамит қарқылдап күліп кетті, - Болат шыңдаудан кейін шығатынын білмейсің бе, сен шыңдалып жатқан болат көрінесің.

- Ағатай, мен болат та, темір де болмай-ақ қояйын, жер бетінде өзіме тиісті рыздығымды теріп, қалқиып жүрсем ғана болды ғой.

- Ой,- деді Хамит алдыңғы жаққа мойнын созып, ауылыңа аз қалыпты. Мен шүйінші сұрап оларды дүрліктірмей-ақ қояйын.

Бекбай күліп үнсіз басын изеді. «Мына Хамит жөн білетін, жүйеге жүйрік сұңғыла адам ғой» деп ойлады. Сөйтті де қайта-қайта Хамиттің көктем желі тоздырып бозарған жүзіне қарағыштады. Оның сыр білдірмей өзіне баға беріп келе жатқанын да іштей білді.

- Аз жүрген соң, жүрегiнiң соғуы тездеп, көңiлi айныған сияқты болып, басы азырақ зеңи қалд. Ол «аттан жығылып қаламын ба» деп сәл алаңдап еді, аз жүрген соң оналып кетті. Денесінен аз тер шыққандай болды. «Мүмкін, өте қатты қуанып кеткен шығармын, бұл қалыпсыздық содан болды ғой» деп ойлады.

Бекбайдың өңінің бір құбылып қайта қалпына келгенін Хамит байқай қойған екен. Бекбайдың бетінен бірдеңе көргендей көзін жыпылықтатып қадала қарады:

- Балақай, бұл ауылға күйеу келді дейтін уақытқа жақындағанда баратын болдық. Қысылып-қымтырылма, Мәрия кемпірмен де биыл әбден таныс болдық, өзім бастап барайын.

Бекбай Хамиттің өз көңіл-күйін өте жадағай мөлшерлеп келе жатқанын білді. «Мен есіктен кіріп барғанда Жайна қандай күйде болар екен, шіркін, жүтіріп келіп амандасатын шығар, жоқ Мәрия

шешейдің артында жылап тұрып қалар ма екен. Мәрия шешей сөзсіз жылайды» деп ойлады. Ауылға жақындаған сайын, Бекбайдың ойы сан-саққа жүгірді. Көз алдына Мәрия кемпір мен Жайнаның кескіні қайта-қайта елестеді. Бекбай осындай көп ойдың жетегінде Хамитке ілесіп шет-шегі жоқ көсіліп жатқан шилі даланың шығыс бүйірінен кіріп, топ-топ болып жайылып жатқан жылқы, сиыр, түйе аралас қалың ірі қара малдың арасын аралап тоқтаусыз жүріп келеді. Анда-санда балық жон шилі дөңкілдердің түбінен көкшулан түгін көтерілген киіз үйлердің төбесі көрініп қалады. Хамит жақындап қалдық дегеннен кейін де Бекбайға көп жүрген секілді сезілді. Дегенмен бір-біріне қосылып алқа-қотан жатқан қалың мал Бекбайдың назарын едәуір бұрды. «Мал да қалың, мұнда шөп те көп екен ғой» деп ойлады Бекбай. Сөйтті де жол жағасындағы нар шилердің түбіндегі томырылып жатқан қалың қияққа таң қала қарады:

- Хаке-ау, мына жердің шиінің қияғы әлі күзді күнгідей желкілдеп тұр ғой, не деген жақсы жер,- деді.

- Е, Бекбай бала,- деді атын қамшылап, - бұл мал мен егінге тең жаралған, топырағы құнарлы, түгін тартса май шығатын түңкелі жер ғой, мұнда мекендеген ел аз емес.

Екі жүргінші осылайша әңгімелесе отырып күн екінтіге ауаған шақта шилі дөңкілдің шығыс жақ түбіндегі үш үйлі шағын ауылға жетіп келді.

- Жақайдың ауылы осы, кімдікіне түсеміз? Мәрия кемпірдің үйіне түсеміз бе?- деді Хамит.

- Әрине, сонда түсеміз ғой,- деді Бекбай.

Бұл шақта Бекбайдың жүрегі біресе дүрсілдей соғып, біресе дірілдеген сияқты болып, бір түрлі қым-қуыт күйге түскен еді. Жолдан бұрылып ауылға жақындаған сайын, бүкіл денесі бір ысып, бір суып, жауырынының ортасы терлеп, денесі қызып бара жатқан сияқты болды.

Бұл ауылдағы үйлердің кім-кімдікі екенін Хамит әбден біледі екен. Ол атының басын үш үйдің батыс жағындағы кішкене қара борша үйге қарай бұрды.

- Қайнапаңның үйі осы,- деп Хамит Бекбайдан оза жөнелді. Үрген иттің шәбелеңдеген дауысымен шығыс жақтағы екі үйдің біреуінен екі кішкене бала шықты да, енді бірінен жастау әйел шығып, Бекбайларға көз сала қарап тұрды. Белдеуіне екі атты адам келіп түсіп үйге кіргенше, мына қара борша үйден ешкім тысқа шықпады. Бұл үйде ит те жоқ секілді. Әлгіндегі шәбелеңдеген иттер екі үйге қарай қайтып кетті. Бекбай атын асығыс байлай салып, жүгіріп келіп Хамитқа есік ашты.

- Ассалаумағалайкүм! - деп ең алдымен үйге сәлем беріп Хамит кірді. Хамиттің соңынан Бекбай кірді. Мәрия әже қазан жақта күйбеңдеп жүр екен. Хамит:

- Құдағи амансыз ба?- деп амандаса төрге өрлегенде, Бекбай жүгіріп келіп Мәрияға қол беріп амандасты.

- Амансыз ба, шеше, дендеріңіз сау ма?

- Аманбыз ғой, қарағым, - деп Мәрия мынау өзіне қадала амандасқан бейтаныс жігіттің жүзіне қадала қарады. Ол қанша қадалып қараса да Бекбайды тани алмады. Бұл күнде жылай-жылай Мәрияның көзі де әлсіреп кеткен еді. «Бұлар көктен түскендей жетіп келген қайдағы жолаушылар екен, бізді іздеп келе қоятындай туыс-туғанымыз жоқ еді ғой» деп ойлады. Үлкен көнетоз жез шәугімге су құйып мосыға ілді. Хамитті орнына отырған соң бір-ақ таныды.

- Құдай-ау, ұят болды-ау, сіз Хамит екенсіз ғой, көршіні танымай қалғанымызды қараңыз, көз де әлсіреп кетті,- деді Мәрия отқа отын салып жатып.

- Күнде көріп жүрген мені танымай қалғаныңызға қарағанда, мына жігітті мүлде тани алмайтын секілдісіз,- деп Хамит қалжындап күле сөйледі.

- Ойбой, Хамит-ау, мен де не күй бар дейсің, әйтеу, бойдан жан шықпаған соң тырбаңдап отырған ғой,- деп Мәрия кішкене ағаш тақтайға үш шыны қойып бірден жуа бастады. Мәрияның Хамиттің сөзінің нарқын түсінбегенін Хамит та, Бекбай да білді. Мәрия қайтіп сөйлеген жоқ. Қазан жақтағы Мәрияның жер төсегінде біреу бүркеніп жатыр. Үйде Жайна көрінбейді. «Анау жер төсектегі мынау

туыстарының бірінің баласы шығар. Жайна мынадай бейуақытқа жақындаған шақта бүркеніп жатпас, сөз жоқ, басқа біреу» деп ойлады Бекбай.

Мал төлдеп әрбір үйдің оң жағындағы үйшіктер қозыға толып тұратын бұл шақта, бұл үйде үйшікті былай қойғанда, бірен-саран қозы да жоқ екен. Бүрісіп-бүрісіп екі-үш лақ ғана тұр. «Бұл үйде тегінде ұсақ аз еді, енді тіпті ештеңе қалмаған екен ғой» деп ойлады Бекбай. Шәй қайнап төрге дастарқан жайылғанда, Хамит алдына қарай құйрығымен сырғып отырып:

- Жә, Мәрия, мына жігітті тани алдың ба?- деп Бекбайды қолымен нұсқады.

- Е, Хамит-ау, менде көз дейтін көз қалған жоқ бағана айттым ғой, бұл баланың бет-әлпеті жылы ұшырай береді, сонда да тани алмай отырмын. Әйтеуір бір жерден көрген сияқтана беремін,- деп Мәрия Бекбайға ұмсынып бар зейінімен қадала қарады.

- Мен балаңыз Бекбаймын ғой, тани алмай отырсыз,- деді Бекбай күліп.

- Ой, қарғам-ау, тірі екенсің ғой, - Мәрия орнынан жылай түрегелді. Жүгіріп келіп бекбайдың қолынан сүйді, - қарғам-ау, не пәлеге ұшырап жоғалдың, келгеніңнің жақсы болғанын қарашы.

Мәрия көзінің жасын сүрте жүріп Хамит пен Бекбайға шәй құйып, тағы Бекбайға қадала қарады. Кәдімгі Бекбайдың өзі. Әбден таныды. Енді орнынан қуана түрегеліп, өз төсегінде басын шапанмен бүркеніп жатқан адамға қарай жүгірді.

- Жайна балам, басыңды көтерші, Бекей келді! - деп Жайнаның бетіне жабулы жатқан шапанды алып, Жайнаны оятты. Жайна басын нарау көтерді. Бекбай Жайнаға қарады. Бірақ тани алмады. Бұрынғы екі беті қып-қызыл алмадай албырап тұратын, жүзінен нұр тамған Жайна емес, әппақ шөлмек болып жүдеген, иегі сорайған бір тірі әруақ, әлде неден шошынғандай Бекбай мен Хамитқа үрейлене қарады.

- Бекбай, мына Жайнаға амандасшы, сені тани алмады ғой,- деп Мәрия күңкілдеп жылай жөнелді.

- Жайна, амансың ба? Мен Бекбаймын, сендерді іздеп келдім,- деп Жайнаға жақындап еді.

- Жоқ, сен Бекбай емессің, мені алдай алмайсың,- деп Жайна қара шапанды басына бүркеніп қайтадан тоңқайып жатып алды. «Бұл сорлыны біреулер қорқытып тастаған екен ғой» деп ойлады ішінен.

- Күдерін үзіп кетті ғой, ақырын таныр,- деді Бекбай.

- Қарғам-ау, сен қайда жоғалып кеттің?- деді Мәрия көзінің жасын шылауышының шалғайымен сүртіп,- табаны күректей үш жыл іздедік. Бір тал дерегінді білсек бұйырмасын. Жайна содан тоқтаусыз бес жыл жылады ғой, ақыры осындай кісі танымайтын ауруға кіріптар болды. Сені таныса сауығып қалар еді ғой, шіркін!

Хамит шәйдан соң, Бекбайға қош айтып ауылына аттанып кетті де, ауылдың үлкен-кішісі түгел осында жиналды. Бәрінің де Бекбайдың аяқ астынан жоғалып кеткенінен хабарлары бар сияқты. Аман-сәлемнен соң Бекбайдың жүзіне таң қала қарасады. Бекбай өзінің аяқ астынан қалай жоғалғандығын, одан кейінгі тартқан жапа-машақатын Мәрия кемпір бастаған ауыл адамдарына қысқаша айтып берді. Бірақ он күнге дейін Жайна Бекбайды тани алмады. Бекбай өзін таныстырып қалай кеңессе де, көп-көрім танып келе жатып баж етіп жалт ете түседі. Содан «Бекбай емессің» деп зар қақсайды. Көзінен жас суша сорғалайды. Бұл шақта шешесі Мәрия да қосылып жылайды. Мынау адам жанын жегі құртша кемірген аянышты халді көзімен көріп тұрған Бекбай алғашында Мәрия кемпірге тоқтау айтып, көңілін жұбата жүрді. Ол өзінің іштей үгіліп, қатты қиналғанын қай уақытта да Мәрия кемпірге білдірмеуге тырысты.

Бекбай тыста едәуір жүріп таңертеңгі шәйға келді. Мәрия төрге дастарқан жайыпты. Жайна төрдің қазан жағында отыр екен. Бекбай оның сол жақ қасына келіп шәйға отырды. Жайна күндегідей емес, Бекбайдың жүзіне қайта-қайта қарады. Бекбай ішінен «мені шырамытып отыр-ау» деп ойлады. Маған бірдеме айтарма екен деп дәмеленді. Бірақ Жайна жалтақ-жалтақ қарағаны болмаса, ешқандай

таныстық білдірмеді. Бекбай қолындағы шәйді сарқып ішіп, шынысын дастарқанға қойып Жайнаға қарады:

- Жайна, мен Бекбаймын ғой, сенің мұғалімің Бекбаймын, - деп еді, Жайна Бекбайға бір нәрседен шошынғандай, екі көзі шарасынан шыға үрейлене қарады:

- Жоқ, алдама, Бекбай емессің, ол жоғалған!- деді жыламсырап.

- Жайнаш-ау, мен расында Бекбаймын!- деп еді Бекбай, Жайна артына қарай шегініп, қолындағы шәйді Бекбайдың бетіне шашып жіберді. Ыстық шәй Бекбайдың бетін күйдіріп кете жаздады. Бекбай алғашында он күнге дейін Жайна қашан болса да таниды ғой деп жүрген еді, осыдан соң аздап көңілі қайтып қалды. Бір қорқынышты торығу жүйкесін жаулап, Мәрия кемпірдікінде отырғысы келмейтін күйге түсті. Тірлігіне сүйеніш болған өмір арқауы үзіліп кеткен сияқты сезініп күн сайын жүдеді.

2

Бекбай Ертіс бойындағы Қанағаттың үйінен Сарсүмбеге аттанып кеткен соң, үш күнге дейін ауыл адамдары Бекбайды жоғалды деп ойлаған жоқ. Сарсүмбенің базарында базар аралап жүр дескен. Төртінші күнге айналғанда, Қанағат бай да, Мәрия кемпір де алаңдай бастады. Таңертеңгі шәйін шала-шарпы ішкен Мәрия Қанағаттыкіне келді. Ыбылжып күнде жәй тұратын Бейсенбай мен Сейсенбай да ерте тұрып алыпты. Қанағат сыртта жүр екен. Мәрияны көріп ол да үйге кірді. Сөзді ең алдымен Мәрия бастаты.

- Қанағат-ау, әлгі Бекбайға не болды, қалада қанша жұмысы болса да келетін уақты болды ғой,- деді.

- Соны айтам,- деп Қанағаттың әйелі Мәрияны қостады, - тіпті мұндай төрт күн жүретін жөні жоқ. Бір пәлеге ұшырады ма деп қорқып отырмын.

- Бүгін қалаға барып, әлгі Қасымдыкінен жөнін білейін, - деп Қанағат Мәрияның көңіліндегі алаңдаушылықты сәл бәсеңдетті.

Осыдан соң шәйін іше сала атына қонған Қанағат, тізгін ұшымен тамыры Қасымдыкіне келген, ол Бекбайдың келген күнінің ертеңінде-ақ, Қасымның дайындап қойған нәрселерін алып қайтып кеткенін білгенде, жүрегі тас төбесіне шықты.

- Ойбай, ол пәлеге ұшыраған екен, әлі қайтып барған жоқ,- деді.

- Рас, пәлеге ұшыраған екен, оны қайдан іздейсіздер?- деді Қасым.

- Осы қаладан сіз сұрастырыңыз, мен дереу қайтып, өлі ме, тірі ме, ел ішіне сұрау салайын. Әй, ел ішінде болса, біреу-міреу аты мен мүлкін тонаса, бір хабар болса керек еді. Суға кетті ме, кім біледі,- Қанағат қатты дағдырған кескінмен Қасымға қарады.

- Қаладан хабар-ошар білінсе, өзім-ақ хабарын жеткізейін,- деді Қасым.

Қанағат сол күні ел ішінен Бекбайды сұрастыра-сұрастыра ауылына келді.

Бекбайдың осылайша ұшты-күйді жоғалуы Жайнаға ерекше ауыр келді. Бекбайдың жоғалған хабарын Қанағат әкелген күні Жайна таң атқанша ұйықтамай жылады. Оның жылап жатқанын Мәрия білсе де, алғашқы күні не деп тоқтау айтарын білмеді. Екеуі кішкене қара борша күркенің төрінде дөңбекшіді де жатты. Таң атқан соң қызы екеуі шәйге отырғанда:

- Балам Жайна, біздің қазақ «кебенек киген келеді, кебін киген келмейді» дейді. Бекей кебенек киіп кетті ғой, үміт үзбейік,- деді Мәрия.

Мына сөз Жайнаға өте жақсы алғау болды. Осыдан соң, Бір жақтан Бекбай сияқты немесе ертең жетіп келетіндей бір тамаша үміт оның көңіліне үлкен демеу болды.

Қанағаттың ауылының адамдары, басқада көрші ауылдар болып, өзенге мұз қатқанша Ертіс пен Қыранның жағасын бит қарағандай тінтті. Жаз шыға тағы да Бекбайды іздеу басталды. Осылайша, бұл ауыл Бекбайды табаны күректей үш жыл тоқтаусыз іздеді. 1944 жылдың күзінде Өр Алтай партизандары Шиң шысай үкіметін халықтан құр қол қалтыру мақсатында Сарсүмбенің елін Өр Алтайға көшірді. Қанағат ауылы да еріксіз көшкен. Бекбай жоғалған үш жылға жақын уақытта

Жайна Бекбайды сағынды болды, бір кезде Бекбай өзіне отын алысып беретін түбекке барып, Бекбай екеуі тұңғыш бірін-бірі сүйіп, жүрек сөздерін айтысқан, алғашқы махаббаттың оттай ыстық ләззатты минуттарын көз алдына келтіріп, бірер сағат көз жасын көлдетіп жылаған соң үйіне қайтатын. Бірнеше күнге дейін едәуір шері тарқағандай кеңіп, Бекбайдың қасынан келгендей бойы жадырап қалатын.

- Ел өрлеп Өр Алтайға көшкенде, Жайнаның көңіл-күйі тіпті нашар болды. Көшкен елдің адамдары: «Жаудың өтінде қаламыз ба, малымыздан айрыламыз ба, не болмаса соғыс өрті ішінде жанымыздан айрыламыз ба» дегенді ойлап көңілдері алаң болса, Жайнаның көңіл-күйі мүлде басқаша. Ол мал, өлім дегендерді мүлде ойлаған жоқ. Ертіс бойында өзінің тұңғыш махаббат пірі Бекбай қалып бара жатқандай, ұзап кетсе, оны көре алмай қалатындай болып, жүк артқан түйенің үстінде, көзінің жасы көл болып бордай үгіліп бара жатты. Ол өзінің көңіл күйін Қаратүнеңкеге барғанда шешесіне еріксіз айтты:

- Апа-ау, тегінде осы жаққа көшіп, малдан да, адамнан да айрылып, өз басыңыз сопиып қайтқан екенсіз, осы бір тозғындаған жаққа тағы көштік ғой,- деді Жайна.

- Е, қарғам-ай, онда жалғыз қалғанда, не күн көреміз, Боғдадан ел келсе, әлгі Жақайдан бір хабар бола ма деп ойлап едім,- Мәрия от жағып отырған Жайнаға қадала қарады,- қарағым, Өр Алтай болсын, Сарсүмбе болсын, бәрі де Алтай ғой. Бекей балам тегін бала емес, ол бір қиындыққа ұшыраса керек, Алла денін сау қылса, бізді қайда болсақ та табады, үміт үзбейік. Біздің қазақ: «Үмітсіздік шайтанның ісі» дейді. Өрқандай адамды үміт дейтін алтын жіп бір биікке алып шығады.

- Апа, сіз бүгін ерекше білгір болып кеттіңіз ғой, тіліңізді алайын,- деді Жайна.

«Жақсы сөз - жан азығы» дейді. Осыдан соң Жайна едәуір серпіліп, еңсесі көтеріңкі жүрді. Қыс қысып, Қанағаттың үйінің ұсақ малы қырылып, жылқыларын ұры алып, өздерінің аз ғана ұсақ малы қырылып азая бастағанда, бүкіл ауыл болып күңіренді. Қанағат байдың еңсесі түсіп, ес-ақылы шығып қайтерін білмей: «Бізді құдай қаңғытты ғой» деп күнде кеште күңірене қақсайтын. Бірақ осының бәрі Жайнаға ауырлық сияқты. Яғни адамның жанын жегідей жейтін жамандық сияқты сезілмейтін. Зарланып қақсағандарды жақтырмайтын. Әкесінің інісі Жақай іздеп келгенде жүрегі зу ете қалды. «Алтайдан кетсек, Бекбай бізді қай заманда табады, тіпті мүлде таба алмайды ғой» деп ойлады. Дереу Жақайдан:

- Бәйтiк қанша жер?- деп сұрады.

- Балам-ау, Бәйтiк мына белдің асты емес пе,- деген. Сәби Жайна бұған да әбден сенді. Бәйтiкке, туыстардың қасына барсақ барайық дегенге келді.

Осылайша Жақай Жайнаның үйін ақпанның басында Бәйтiкке көшіріп келді. Алғашында Жайна мынау кер жазықты жерсінбей көңілі құлазып жүрді. Десе де, Жақайдың ержеткен ұл-қыздары оның көңілін көтеріп, кейде мал қайыруға ертіп шықса, кейде өздерімен бірге отынға апарып, оны жалғызсыратпады. Бұл азда болса Жайнаның еңсесін басып тұрған сағыныштың сары бұлтын едәуір сейілтiп тастайтын. Қырсық аз күннен соң болды. Ел арасында: «Мори мен Шонжыдан қалың әскер айропланмен шығыпты, Бәйтiктегі ел Мори, Шонжыға көшпесе келіп қырады екен» деген дақпырт шығып, бір бөлім ел «бекер қырылғанша, үкіметке бағынып Мори, Шонжымызға кетейік» деп көше жөнелді. Елдің арты арылмай Шиң шысай әскерлері де Бәйтiкке жетіп үлгірді. Шонжыға көшкен елмен бірге Жақайдың ауылы да көшті. Жайна: «Мори, Шонжы деген жер онша ұзақ жер емес қой» деп ойлаған. Көш шет-шегі жоқ сары далаға келгенде, ол Бекбайдан мүлде үмітін үзді. Он күнгі көште түн бойы көз ілмеді. Көш құмның үстіне шығып, кума-кума шилі жазыққа жетіп қонды. Мәрия мен Жайна үй тігуге шамалары келмеген соң екі керегені беттестіріп, итарқа жасап, сонда ептеп қисая кеткен. Шешесі Мәрияның басы жастыққа тиісімен қор ете түсті. Жайнаның мүлде ұйқысы келмеді. «Бекей тірі болған күнде де, мынау жердің түбіне бізді іздеп келе алмайды ғой, шіркін! Алла Бекейді маған неге кезіктірді екен. Оған кезікпесем, мұндай күйік тартпас едім ғой» деп

ойлады. Сол шақ көкірегінің ішін бір нәрсе жұшып жатқандай болып, тынысы тарая бастады. Еріксіз басын көтерді. Итарқаның есігінен кірген салқын леп тынысын сәл кеңіткендей болды. Жол жүріп ашығып қалған ұсақ мал итарқаның іргесінде әлі жайылып жүрген сияқты. Ешкі ме, қой ма, әйтеуір, бір малдың сыртылдатып қияқ жұлғаны анық естілді. Итарқа іші қап-қараңғы, шешесі Мәрия ұзақ жолда көлік соғып шаршаса керек, қозғалмай пысылдап тәтті ұйқыда жатыр. Денесі аздап тоңған соң қайта жатты. Мынау көз көріп, құлақ естімес шалғайға кетіп қалғандарын ойлаған сайын Жайнаның ұйқысы қашты. Аяқ-қолдары тітіркеніп барған сайын тынышсыз күйге түсті. Осылайша дөңбекшіп ұзақ жатты. Таңға таяғанда көзі ілініп кетті. Кенет Жайна әлде кімнің сыбырлаған дауысынын селк етіп оянып кетті. Алғашында «апам ұйқысыраған-ау» деп ойлаған еді, олай болмады, итарқаның өзі жатқан ірге жағынан:

- Жайна-ау, мен Бекбаймын!- деген бір ер адамның сыбырға жақын дауысы үздіге шықты. Күндіз-түні жүйкесінде Бекбай жүргендіктен Жайна қуанып кетті. Сонда да сабырлыққа басты. Тынысын ішіне тартып, әлгі дыбыс шыққан жаққа құлағын түрді. Дауыс енді Жайнаның құлағының түбінен естілді.

- Жайнам-ау, мен Бекбаймын, қазір келдім. Ұзақтан жеткенім осы.

Жайнаның есі шығып қайтерін білмей қалды. Көзінен жас төгіліп кетті. Бір сұп-суық қол сол жақ иығынан сипағанда барып, бір ер адамның өз қасына жақын келгенін бір-ақ білді. Жайна есін жиғанша, Бекбаймын деген ер көрпесіне кіріп үлгірді. Жайнаның тіпті де есі шықты. Дәл осы шақта «Бекбай болса неге күндіз келмейді» деген ой сап ете қалып, Жайна қорқып кетті. Үстіне қарай пысылдап өрмелеп келе жатқан адамның иегіне қолы тигенде жүрегі тас төбесіне шықты. Иектегі шала қырылған сақал Жайнаның уыз қолына тікендей қадалған еді. Онымен қоса сасыған ет сияқты сасық дем тұншықтырып бара жатты.

- Жоғал, Бекбай емессің!- деп Жайна бар дауысымен айғай салды. Шамасының жетісінше ер адамды теуіп қалды. Шешесі Мәрия да шошып оянды. Итарқаның аузынан сып етіп шыға жөнелген біреуді Жайна да, Мәрия да көріп қалды.

- Бізді басынып жүрген қандай тексіз неме?- Мәрия орнынан кіжіне түрегеліп далаға шықты, өздерімен бірге Бәйтіктен көшіп келе жатқан бір екі ауыл батыс жақтарына келіп түскен болатын. Соларға қарай зытып бара жатқан атты адамның дүбірін Мәрия анық естіді. Жайнаның дауысы қатты шығып кеткен еді, Жақай мен әйелі де оянып кетті. Қалқайма ішінен Жақай шапанын жамылып тысқа шықты. Ол Мәрияны көріп солай жүрді:

- Не болды, жеңге,- деді.

- Ұры сияқты, біреу жүгімізді ақтарып жүр екен, айғай салып едік қашып кетті.

- Аяғын шағу керек еді,- деді Жақай кіжініп.

- Қараңғыда кім екенін білмей қалдық,- деді Мәрия.

- Бұдан кейін сақ болыңыздаршы, ит жоқ болғанның жаманы осы,- деп Жақай өз қалқаймасына қарай жөнелді.

Мәрия өз орнына келіп жатты.

Қатты қорқып кеткені қайсы, қатты қорланғаны қайсы Жайнаның миын ерекше бір кекке толы сезім жаулап алды. Тыстағы шешесі Мәрия мен Жақайдың сөздерін естіген сайын тынысы тарайып, жүрегі кеудесін жарып кететіндей тулады. Мәрия келіп өз орнына қисайғанда, Жайнаның басы айналып кеткен еді, шешесіне басым айналып кетті деп айтпақшы болып еді, үні мүлде шықпай қойды. Еріксіз жастығына құлай кетті. Екі құлағы алғашында сырылдаған сияқты болып еді, сәлден соң, боздаған ботаның дауысы сияқты жіп-жіңішке шыңылдаған дауысқа айналды. «Қорлаудың басы осы ғой» деп ойлады. «Біреу өліп жатса, біреу күліп жатады» дегендей, адам деген нәпсінің құлы ғой, ұзақ жолда аштың аз-ақ алдында арып-ашып ел шетіне енді жақындағанда, ыңдыны кеткен

біреудің жолбикесіне айналып қалуға шақ қалды. Жүйкесі қанша әлсіресе де Жайнаға сергектігі көмегін тигізді.

Осы түнгі үрейден болды ма, жоқ, Бекбайды күндіз-түні ойлап ой соқты болды ма, осыдан соң Жайна тоқтаусыз он күн көз ілуден қалды. Жасы егделеген, оның үстіне тоқтасыз көшкен көш әбден шаршатқан Мәрия бір-екі күнге дейін Жайнаның ұйықтай алмай қалғанын біле алмады. Дәл үшінші күні, яғни көктеулікке жетіп қонған күні Жайнаның өңінің нашарлауы мен түн бойы аунақшып жата алмағанынан білді. Таңертеңгі шәйдан соң, жүгіріп Жақайдыкіне кірді. Жақай елбасы біреулермен Шонжының базарына барғалы дайындалып жатыр екен.

Қарғам Жақай-ау, мына Жайна көз ілмегелі бүгін міне төрт күн болды. Не сөйлемейді, меңіреу адамға айналып қалды,- деп Мәрия солқылдап жылап жіберді.

- Қай күні ұры келгенде шошынып қалған ғой,көзқарақты біреуді шақырып ұшықтатып жіберейік,- деді Жақайдың әйелі.

- Бұл өңірде көзі қарақты адамдардан кімдер барын мен қайдан білейін, Жақай өзің таппасаң,- деді Мәрия.

Он күннің ішінде Жақай екі баксы тауып әкеліп ұшықтатты. Ешқайыссы Жайнаны ұйықтата алған жоқ. Жайна он бес күн дегенде эппақ шөлмек болып, ұйқыдан құлап түсті. Ол талып жатқаны не ұйықтап жатқаны белгісіз, нәр татпай үш күн жатып түрегелді. Бірақ оның түнгі ұйқысы қалпына келгенімен, күн бойы басын бүркеп жатып алатынды тапты. Былайша айтқанда, сөзі сылдырап тұрған, қолы епті биязы Жайна ешкімнің сөзін естімейтін, ешкімге сөйлемейтін бір түрлі сырлы адамға айналып кетті. Бекбай жаяу-жалпылы әрең іздеп жеткенле, Жайна бұл аурудан айыға алмаған еді.

Әрине, адам баласының мынау дүниеге келмегі бір парыз ғой, бірақ бұл дүниенің қандай кешулерін кешеді, оны сол адамның тағдыры мен табиғаты белгілесе керек.

Мәрия кезінде құдай қосқан қосағынан, ұлы мен келінінен айрылып, құр сүлдері қалғанда қаршадай Жайна әрі сұлу, әрі сұңғыла болып бойжетіп, мойнын зіл қара тастай басқан қайғының салмағын жеңілдетіп еңсесін көтерген еді. Сол Жайна мен Бекбай танысқанда қуаныштан жүрегі жарыла жаздап неше күн ұйықтамаған болатын. Енді мынадай ауыр күнге душар болды. Жас қызды желкелеген азап алғашында оны өліп алайын деген жаман ниетке итерген еді, «бірақ мен өлсем, шешем ауру болып қалады ғой» деп ойлады. Шешесі Мәрияға жаны ашыды. Сөйтіп, азап пен өлімнің арасындағы қиян-кескі ой жанталасы Жайнаның жүйкесін бұзып, дәл осындай адам танымайтын күйге келтірді. Осыдан соң, оның күрделі ойлауға да жүйкесі жетпей қалған еді.

3

Бекбай келгелі бүгін он үшінші күн. Жайна сол қалпы Бекбайды әлі тани алған жоқ. Бекбай келгенде Мәрия кемпір «Жайна жазылатын болды ғой» деп жүрегі жарыла қуанған болатын. Жайнаның Бекбайды тани алмауы Мәрия кемпірді де, алыстан Жайнаны аңсап арып-ашып келген Бекбайды да едәуір жүдетіп жіберді. Оның үстіне Мәрия кемпірдің үйінің азығы да азайып тақа таусылуға таяған. Мұны Бекбай айтқызбай-ақ білді. «Шонжы төңірегіндегі диқандар егін сала бастаған екен, біреулеріне көмектесем, бір үйдегі үш адамды бағарлық бірдене табылар» деп ойлады. Бұл ойын кіші қайнатасы Жақайға айтып еді, ол естіген жерден құптай жөнелді:

- Жақын жерде таныс қытайым бар, соған апарайын, жүзі жылы, жері де, малы да бар, бай адам, адамгершілігі де күшті,- деді.

- Жақын болса, түстен бұрын барып келсек,- деді Бекбай.

- Лаужаң үйінде бар ма екен. Барсақ барып келейік,- деп Жақай орнынан тұрды. Бекбай қуанып кетті, «қол қусырып бір атпал азамат үйде отырғанша, еңбектеніп бірдене тапқаным жақсы ғой» деп ойлады. Жақайға ілесіп кәсіп іздеуге жөнелді.

Бұл екеуі келгенде Жаң фамиалы ұзын, қызыл сары қытай атын ерттеп енді жүргелі жатыр екен. Екі атты адамды көріп атын жетелеп соларға қарай жүрді.

Ол күлімсіреп:

- Ой, Жақай, аман ба?- деп дауысын көтере қазақша амандасты.

Жақай атынан құлай түсіп қол берді:

- Лаужаң, аман-есенсіз бе?

- Лаужаң мына жігітті танымадым дегендей, Бекбайға қарады.

- Бұл менің туысым,- деді Жақай Бекбайды таныстырып, - қолы бос жігіт, Қоржадан істейтін жұмыс іздеп келді.

- Егін салғанды біле ме?- деп Жаң фамиалы Бекбайға жақындады.

- Істеп көрейін,- деді Бекбай.

- Маған көмектеседі,- деп Лаужаң Жақайға бұрылды,- сіз кетеді, мына жігіт маған ереді.

Осылайша келген жерден Бекбайға жұмыс табылып осында қалды да, Жақай ауылға қайтты. Лаужаң Бекбайды ертіп жер жыртып жатқан бес адамның қасына келді. Өңшең шаңырақ мүйіз атан өгіздер жегілген соқалар қап-қара топырақты даланы бұп-бұйра қып жыртып барады. Бекбай бала кезінде егінді орып жатқандарды көрген болатын. Дәл мынандай жер жыртып егін салғанды мүлде көрмеген. Қара бұйра болып тең жартысы жыртылған жалпақ атыздың шетіне келіп Лаужаң екеуі аттарынан түсті. Бұлар аттарын тұсап болғанша, соқашылар да баяу жылжып тұстарына келді. Соқа сүйреген бес жұп өгіз бірінің соңынан бірі тізіле келіп тоқтады. Бес қыршын жігіт қытайша амандасып, Лаужаңның қасына келді. Арық жылтыр қара жігіт:

- Мен соқамды мына жігітке беріп кете берейін бе?- деп қазақша сөйледі.

- Бүгін сен соқа айдауды бұл жігітке үйретеді. Ертең кетеді,- деді Лаужаң.

Мына жылтыр қараның қазақ жігіт екенін Бекбай біле қойды.

- Мен соқа айдап көрмеп едім, бүгін біраз көрсетіп бер,- деді Бекбай.

- Қазір-ақ біле кетесіз, соқа сүйреп әбден үйренген сартабан өгіздер пораздадан шықпайды. Соқаның құлағынан ұстап еріп отырсаң ғана болғаны,- деді жылтыр қара күліп.

Расында оның айтқаны шын екен, Бекбай жарты күнге жетпей соқаның құлағын ұстап, елмен бірге жер жыртып жүріп кетті. Әйтеуір, соқашылардың жатын үйі жылы, қарны тоқ екен.

Бекбай он екі күн жер жыртып, он үшінші күні ауылға қайтты. Лаужаң еңбек ақысына үш жың ұн, бес жың бидай берген еді. Бұл Бекбайдың көзіне ұшан-теңіз көп астық сияқты көрінді. «Мынадай болғанда, осы өңірдегі қытайларға істеп жан бақсам да болады екен ғой» деп ойлады.

Бекбай келгенде Мәрия далада тұр еді, Бекбай атынан түскенде жүгіріп қасына келді:

- Балам, аман оралдың ба? Жайна бүгін күндегісінен жақсы,- деді.

Бекбай амандаса жүріп, қоржыны мен бидай салынған жіңішке кендір дағарды алып жерге қойды.

- Мұның не?- деді мәрия таң қалып.

- Лаужаң жақсы адам екен, еңбегіме азырақ астық берді,- деп Бекбай ұн салынған қоржынын көтеріп үйге кірді,- астықтан қиналып қалған шығарсыздар, бастай беріңіз.

Бекбай ұнды қара борша үйдің қазан жағына қойып берген соң, тысқа шығып дағардағы бидайды енгізді.

- Қарғам Бекбай-ау, мынаның бәрі астық екен ғой?! - деп Мәрия қуанып, жүгіріп барып төсекте бүркеніп алып жатқан Жайнаны шақырып басын көтертті:

- Жайна балам-ау, Бекбай ағаң көп астық әкелді, көрші міне.

Жайна таң қалыңқы кескінмен Бекбайға бір, әжесі Мәрияға бір қарап ұйқыдан оянған адамдай үнсіз отырды.

Бекбай сыртқы киімдерін шешіп, беті-қолын жуып төрге жайғасып отырғанша, Мәрия кемпір мосыға шәугім асып, ұн илеп үлгірді.

Бекбай Жайнаға қарап еді, ол өзіне бұрынғыдай емес, қадала қарап отыр екен. «Шіркін! Зарығып, сарғайып, сағынып келгенде мені танысаң екен» деп ойлады. Сөйтті де өзі оң жаққа қарай жамбасымен аз сырғып:

- Жайна, отқа жақын отырсаңшы,- деп Мәрияның өр жағын нұсқады. Жайна баяу сырғып Бекбай көрсеткен орынға келіп отырды. Мәрия лезде шелпек пысырып, Бекбай мен Жайнаға дастарқан жайып шәй құйды.

- Бекей, Жайна екеуің шәйларыңды іше беріңдерші, Жақайдыкіне азырақ ұн апарып берейін, олар да шикылдап әрең отыр,- деп Мәрия шәйға отырғанға дәт қылмай, қоржындағы ұннан бір-екі білем салып алып шыға жөнелді.

Шешесі Мәрия шығып кеткен соң, шәйді Жайна құйды. Бекбайдың екі көзі Жайнада. Оның өзіне қайта-қайта ойлана қарағанынан ожау мен шыныға шәй құйғанға дейінгі ұсақ қимылына зер салып отыр. Бекбай Қоржаға кете сала отырса да, тұрса да Мәрия Жайнаға: «Бекбай келіп Қоржаға кетті. Бекбай соңымыздан іздеп келді. Бекбай сені қатты сағыныпты» деген сияқты сөздерді күніне он неше рет қайталап, Жайнаның құлағына сіңіруге тырысқан. Соның пайдасы болса керек, Жайна Бекбайды бұрынғыдай емес, шырамытқан адам сияқты, көп рет жалтақтап қарап отырды. Бекбай алғаш келген кездерде, шешесі Мәрия Жайнаға:

- Қарғам-ау, Бекбай сонша алыстан соңымыздан үмітін үзбей жаяу қаңғып келгенде, бұл не қылғаның, мүлде танымай қалатындай көп жыл болған жоқ қой,- деп жалынған. Сонда Жайна:

- Сен маған Бекбай деп бөтен біреуді таңғалы отырсың. Саған сенбеймін,- деп жылаған. Ой соқты болып жүйкесі әбден әлсіреген Жайнаға Бекбайдың шұғыл пайда бола кетуі де жұмбақ сияқты сезілсе керек.

- Қарғам Жайнаш-ау, албаты елді саған телитін маған не күн туды дейсің, жетпіске келген кәрі мен танығанда, Бекбайды сен танымай қалдың. Анықтап қарап, әңгімелессеңші. Әңгімелессең білесің, Бекбай кісі танымай қалатындай ерекше өзгермепті ғой,- деп көп жалынған. Ақыры Жайнаға сөзін өткізе алмай дағдарып қойған болатын. Сонда да екі сөзінің бірінде Бекбайды айта берген. Алғашқы екі шыны шәйді ішкенше Бекбайдың көзіне Жайна басқа бір қыз сияқты өте салқын көрінді. «Өз еркімен шырамытпаса, жабысып әурелемейін, әйтеуір, бір күні ақыл-есі дұрысталып танитын болар» деп ойлады.

Бекбай астық қолына тиген соң, аялдай алмай, соқашылардың шәйына да қарамай жөнелген. Айтарға болмаса қатты шөлдеп кеткен еді. Екі шыны шәй ішкен соң-ақ терлеп кетті. Бекбай қолындағы шәйі таусылған шынысын Жайнаға беріп, бет орамалымен бетін сүртті.

Жайна шыныға шәй құйып, Бекбайға ұсынды. Ол ғажайып бір нәрсе көргендей, Бекбайдың қолындағы бет орамалға бір, Бекбайға бір жапақ-жапақ қарады. Сөйтті де:

- Үй, Бекей ағамның бет орамалы,- деп күбірледі.

Оның күбірін Бекбай анық естіді. Қолындағы бет орамалды Жайнаның танып қойғанын біле қойды.

- Жайнаш-ау, менің Ертіс бойында өгізге отын артып бергенімді де ұмытып қалдың ба? Теректен құрым киізге ораған нәрсе гүрс ете түскенде, қатты қорқып кетіп мені құшақтай алып едің ғой,- деп өткен ұмтылмас ләззатты шақтарды оның есіне түсіруге тырысты. Жайна елең ете қалғандай болды. Кенет Бекбайдың есіне бір кезде Жайнаның құлағыңның астында түймешің бар екен дегені түсе кетті:

- Жайнаш-ау, мен Бекей ағаңмын ғой, менің жоғалып кетсем табылатын белгім бар еді ғой, есіңе келтірші,- деді.

- Түймеші бар, рас, Бекей ағамның құлағының түбінде түймеші бар,- деп Жайна Бекбайға қарап күбірледі.

- Сол түймеш міне,- деп Бекбай Жайнаға жақындап құлағының артқы жақ түбіндегі түймешті көрсетті. Жайна қорғана-қорғана келіп, Бекбайдың құлағының артындағы түймешті сипады. Сипады да Бекбайдың жүзіне ұйқыдан оянғандай бадырая қарады.

- Жайнаш-ау, болмаса, дауысымнан да танымадың ба?- деп Бекбай көзіне жас алды. Сол шақ Жайна шыңғыра келіп Бекбайдың мойнынан құшақтап жылап қоя берді.

- Жайнаның дауысы қатты шығып кеткен еді, оқыс дауысқа Мәрия елең ете қалды. Жайнаның үнін шығарып солқылдап жылағаны Жақайдыкіне анық естілді. Мәрия жүгіріп үйіне келді. Жайна Бекбайды тастай құшақтап солқылдап жылап жатыр еді. Бекбайдың көзінен жас сорғалап тұрған. Мәрия қуанғанынан жылап отыра кетті.

- Енді таныған екен ғой қарғам, жыласың, жыласың, жылап мауқын бассың,- деді Мәрия.

Шешесінің дауысымен Жайна Бекбайды әрең босатты. Артына қарап шешесі екенін көрген соң,- жүгіріп келіп шешесін құшақтап жылады. Ол жылап отырып:

- Апа, Бекбайды енді ешқайда жібермейік,- деді.

- Жайнаш-ау, мен енді ешқайда кетпеймін, осы үйде мәңгі боламын,- деді Бекбай.

Жайна Бекбайдың қасына келді. Оның Бекбай екеніне сенбегендей жүзіне тағы қадала қарады.

- Неге жоғалып кеттің?- деп жылап отырып еркелеген кескінмен Бекбайдың иығына қайта-қайта түйгіледі.

- Бекбай ағаң аман-есен келген соң болды, бәрі де бір күнгідей білінбей кетеді,- деді Мәрия.

- Апа-ау,- деп Жайна әжесі Мәрияны қайта келіп құшақтады,- мен түс көріп отырған жоқпын ба? Бекей аға, сіз қайдан жетіп келдіңіз?

- Жайнаш қарғам-ау, Бекей ағанды сол күні зұлым үкімет қамап тастапты емес пе, содан үш жылда абақтыдан шығып бізді тауып келіпті. Бұл да Бекбайдың мықтылығы ғой. Жібi жөнсал біреу болса, не өліп, не жоғалып бітуші еді,- деді Мәрия.

Қуанғанынан біресе жылап, біресе күлген Мәрияның дауысында Бекбайға деген сүйініш те, мақтаныш та бар еді.

- По, үкімет қамағанда табаны күректей үш жыл бойы ауылға бірде-бір сәлем айтқызбай ма екен,- Жайна ренішті кескінмен көзінің жасын сүртіп Бекбайға бұртия қарады. Оның бұртия қарағаны Бекбайға ерекше сүйкімді көрінді. Ол баяғысындай басын сәл оң жағына қисайтып күлімдей қалыпты. Осы көзді, осы тәтті бейнені Бекбай қанша жыл сағынды, қанша аңсады десеңізші! Жайнаны құшағына қысып, мейірлене сүйгісі келді. Жайнаға айтар аузына басқа сөз түспеді.

- Сәлем айтуға шамам келмеді ғой, ауылдың адамдары да сақшыдан сұрай алмаған секілді,- деді Бекбай.

Адам өмірі кейде баланың ойыны сияқты тым жадағай, тіпті бірде күлкілі болса, ал кейде адам баласының ақылы жетпейтін хикімет сырлы болып кететіні ғажап-ақ. Бекбайдың көкпен түскендей жалғыз-ақ күнде жетіп келуіне Жайнаның ой соқтылықпен тозып, әбден жұқарған жүйкесінің қуаты жетпей қалғаны сияқты, Жайнаның өзін айға таяғанда әрең танығанына көпке дейін Бекбайдың да сенгісі келмеді. Кейбір шақтарда не бір данышпан адамдардың кешірімсіз балалардың еш мақсатсыз ойнаған жасырынбағы сияқты мағналы екені, мағнасыз екені белгісіз болып қалатынына қайран қаласың, содан, жапа мен машақатты күндерді басынан кешпеген мағынасыз өмір деген қортындыға еріксіз келесің. Әрине, күллі адам атаулы жер бетінің бақытын ортақ игілікпеніп, сорын тең кешуге хақылы. Десе де, біз сор мен бақ туралы Бекбай мен Жайнаның кешірімсіз өлшем етіп анықтама бере алмайтын сияқтымыз.

Алыстан қаңғып келгенде, Бекбайды Жайнаның тани алмай қоюы Бекбай мен Мәрияны ғана емес, Жақайдың үйіндегі үлкен-кішіні де түгел күйзелтіп, қабырғаларын қайыстырған еді. Бекбай аз күн қытай диқанға егін салысуға кеткенде, Мәрия Жайнаға Бекбай туралы әңгімелерді күні-түні, жұмыстан босады болды айта беретін болған. Жүйкесі әлсіреген адамды, мүмкін, бұл да серпіліп

оятуға жетелеген болса керек. Ақыры Жайна Бекбай қайтып келген күні-ақ танып алды.

Жайнаның қимылында болымсыз болса да қалыпсыздық бар екенін тез аңғарған Бекбай, оны қуантып күлдіретін сөздерді ғана сөйлеп, қалайша тани алмағанын қузап сұрамады. Жайна да өзінің әппақ шөлмек болып қатты жүдегенін осыдан соң білді. Он күнге жетпей-ақ Жайна бұрынғысындай екі беті қып-қызыл болып құлпырып шыға келді. Мәрия мен Жақай ел көшіп тау етегіне суатқа барғанда, бұлардың тойын жасауды ақылдасып та үлгірді.

Тау алқымына көшу дайындығы басталғаннан бері Бекбай Мәрияның үйінің ер-тоқым, ыңыршақ және кейбір сынған үй ағаш сияқты нәрселердің сынғандарын түйенің жас терісімен таңып, кейбірін шегелеп деген сияқты жөндей бастады.

Бүгін де күн шәйдай ашық еді, Шонжының шилі жазығы көгеріп, таң бозынан сайраған бұлбұл үні үш үйлі шағын ауылдың төңірегін тіпті де құлпыртып жіберген. Мәрия Жақайдыкіне туырдық жасағалы кетті де, Бекбай мен Жайна өз үйлерінің ұсақ-түйек дайындығына кірісті.

- Жайнаш, - деді Бекбай Мәрияның көне күміс ерінің айыр-тұрманын жөндеп жатып,- тауға барған соң тілеу тілесек, бізге біраз астық керек сияқты. Өнеу күнгі таныс қытайдан біраз астық қарыз әкелсем. Есесіне күзде астығына көмектесуге келісіп келсем.

- Мен де барайыншы,- деді Жайнаш күліп.

Бекбай қалай жауап берерін білмей аз тұрды. «Көңілін көтеріп ауылдан шығып жүрсе жүріп келсінші» деп ойлады. Сөйтті де басын көтеріп Жайнаға қарап:

- Апаңа айтып кел, екеуміз Лаужаңның қоржасына барып келейік, жап-жақын, аяқ жақта көрініп тұр ғой,- деді Бекбай.

Жайна қуанып кетті. Орнынан қуана түрегеліп, жүгіріп апасы Мәрияның қасына келді. Бұл шақта Мәрия мен Жақайдың әйелі есік алдында ескі туырлықтарын жамап жатқан болатын.

- Апа, Бекей екеуміз төмен қоржаға барып келетін болдық,- деп Жайна қуана сөйледі.

- Қарғам-ау, неменеге барасыңдар?- деді Мәрия таң қалып.

- Бекей астық әкелемін дейді,- деді Жайна.

- Оларың да жөн екен, анау Лаужаң қиын жөн білетін адам, Бекей шығысып қалған ғой, барса барып келсін,- деді Жақайдың әйелі.

- Барсаңдар барыңдар, Жақайдың танысы екен ғой,- деп Мәрия да қосылатынын білдірді.

Бұл шақта Бекбай екі атты ерттеп дайын болған еді. Жайнаш келісімен екеуі аттанып Лаужаңның қоржасына келді. Алыстан көріп тұрса керек, бұлар аттан түскенде, Лаужаң өзі үйінен шығып келіп амандасты. Жұмысқа шөгел, қайсар мінезді Бекбайды Лаужаң көктемде-ақ қатты ұнатқан болатын. Мұнда Бекбайдың бекерге келмегенін де межеледі. Бекбай алдымен Жайнаны таныстырды. Екеуінің тау етегіне барған соң той жасағалы отырғандықтарын, ішер астықтан қиналып қалғанын айта келіп:

- Қарызға азырақ ұн алғалы келдік, күзде егініңізге көмектесем,- деді.

- Сен өте жақсы жігіт,- деді Лаужаң күліп,- мен сізге көмектесе, сіз маған көмектеседі. Бізде астық көп, қанша алсаңыздар да болады.

Мына сөзге Жайна қатты қуанып кетті:

- Лаужаң, сіз өте жақсы адам екенсіз, біздің қазір қолымызда ақша да, мал да жоқ, алдыңызға қысылғандықтан келіп отырмыз,- деді.

Бекбай мен Жайнаның алдына әдеттегі шәй тақтай қойылып, қазақша дастарқан жайылды. Әппақ болып пысқан бес-алты үлкен ақ моманы әкеліп дастарқанға турады. Аққұбаша әйел қазақтар көп істететін сары жез шәугіммен шәй құйды.

- Мынау менің үлкен келінім,- деп Лаужаң шәй құйып отырған жастау аққұбаша әйелді таныстырды,- Шонжының базарынан биыл үй салмақшы едік, балалар сонда жүр. Кемпір екеуміз осында боламыз. Тағы жұмыстарыңыз болса келіңіздер.

Шәй қара болғанымен Жайна мен Бекбайдың аузына балша татыды. Жайнаның буға пысқан моманы көргені осы еді, Бекбайдың қузауымен бірнеше жапырақ жеді.

- Астық алатын ыдыстарыңыз бар ма?- деді Лаужаң.

- Бекбай жүгіріп барып қанжығасындағы кішкене дағарша сымақты алып келді:

- Біз кішірек ыдыс әкеліп едік,- деді Бекбай міңгірлеп.

- Бізде ыдыс бар, кейін алады,- деп Лаужаң Бекбайдың қолындағы дорбаны алып шығып кетті.

Бекбай мен Жайна шәй ішіп тысқа шыққанда, Лаужаң,- мына ұнды алыңыздар, ертең сіздердің жылқыға үш ат қосам, тамызда әкеліп берсеңіз болды. Менің аттарымды Жақай таниды. Мына ұн біздің сіздердің тойларыңызға берген біздің тойлық.

- Рақымет!- деп Бекбай Лаужаңның қолын алды.

Бекбай мен Жайна екі бөлек ұнды бөктеріп алып ауылға қарай қайқайды. Бұл шақта күн түске аунап ыси бастаған еді. Жайна ат үстінде келе жатып әсерлене сөйледі:

Мына қытай құдайға қараған недеген жақсы адам, аз күн егінін салысқанға қайта-қайта астығын беріп жатыр.

- Жайна-ау, қазақтың «береген қолым алаған» деген сөзін білмейсің бе? Лаужаң бізге берген екен, біз де оған аянбай жұмыс істеп береміз ғой.

Екеуі кеңесе отырып аяндап ауылдан төменгі шилі төбенің түбіне келді.

- Азырақ ат белін суытып дем алайықшы,- деп Бекбай аттан түсті. Аз іркіліп барып Жайна да аттан түсті. Бекбай атын тұсап қаңтарған соң, Жайнаның қасына келді, оның атын өз атының мойнынан байлап қойып Жайнаға бұрылды:

- Жайна, мен сені қатты сағындым ғой,- деп Жайнаның қолынан ұстады. Жайна Бекбайды қатты зарыға сағынған еді. Бір кезде күдерін де үзген. Енді оны танығаннан бері талай рет мойнына асыла кеткісі келді. Сонда да өзін ұстап, сүйінішін ішіне сақтап жүрді. Бекбай қолынан ұстағанда тұла бойы керемет бір нәрсе әсер еткендей балқып кетті. Еріксіз Бекбайды келіп құшақтады. Көзінен қуаныш жасы парлады. Бекбай Жайнаны кішкене баланы алдына алған сияқты алдына алып бетегелі тақырға отырды. Онан соң көзін жұмып өзінің құшағына балапанша бұғып бара жатқан Жайнаның бетінен мейірлене сүйді. Дәл осы шақ Бекбай сонау абақтыдағы үсіп өлуге таяған шағын, шөл далада аштан өлуге жаны мұрнының ұшына келген үрейлі шақтарын мүлде есінен шығарды. Жайнаның екі бетінен, қызғалдақтай дірілдеген гүл ернінен қайта-қайта мейірі қанбай құшырлана сүйді. Жайна тәтті түс көріп жатқандай сезінді, ұйқыдан оянса тәтті түс бұзылып кететіндей, екі көзін тас жұмып алып сөйледі.

- Бекей-ау, сен шын келдің бе?- Мен түс көріп отырған жоқпын ба? - деді.

- Жайнаш-ау, мен талай рет өліп қала жаздап, жанымды қолыма ұстап жүріп өздеріңді әрең тауып келдім ғой. Енді бізді құдай айырмаса, адам айырмас,- деп Бекбай Жайнаның маңдайын қолымен сипап, аузынан қайта-қайта мейірлене сүйді.

- Ей, Алла!- деп Жайна көзін ашып Бекбайға қарады,- мен баяғыда Ертіс бойындағы өгізге отын артатын жерде отырған сияқты болып, жүрегім қуаныштан жарылардай дүрсілдеп кетті.

- Өзінді жақсы ұста, біздің қазақ : «Қуанғанда бір, қорыққанда бір» дейді. Қатты қуаныштан өліп қалатындар да көп,- деді Бекбай күліп.

- Құдай сақтасын, Бекей, ондай қорқынышты сөздерді айтпашы,- деді Жайна. Сөйтті де Бекбайдың мойнынан құшақтап бетін бетіне басты. Бекбайдың тершіген мойнын құшырлана сүйді:

- Бекей, сенің мойныңда бір әдемі иіс бар, білесің бе?

- Менің мойнымдағы кірдің сасық иісі шығар? - деді Бекбай күліп.

- Кірдің иісі болса да тәтті,- деп Жайна шорт сөйледі.

Екеуі құшақтасқан беті еріндерін еріндеріне тигізіп едәуір уақыт отырды. Ыстық күннің алауы біршытып, екеуі де терлеп кеткен еді. Бұлар мейірлері қанбай тағы ұзақ сүйісті. Бекбай: «Аттардың

белі талды ғой, енді қайтсақ болар» деп ойлады. Бұл ойын өзін тас құшақтап отырған Жайнаға айтуға батына алмады. «Ренжіп қалама» деп ойлады. Бекбай келген алғашқы күндерде Жайна танығанды қойып, бетіне бір рет ыстық шәй шашып жіберген, сол күні түнде Бекбай таңға таяғанша өзінен өзі құсаланып ұйықтай алмады. Зарығып келген Бекбайға Жайнаның мына халы қатты ауыр соққы болған еді. Таңертең Бекбай ат ерттеген кезде, Жайна келіп, «мен де барып келейінші» дегенде, айтарға болмаса, Бекбай қатты қуанып кеткен еді. Жол- жөнекей дәл осылай сырласқысы келген. Міне енді екі жас бірқанша жыл сарғая сағынысқан күндеріндегі сағыныштың сары запыранын шығарып, ләззатты сезімнің бесігінде тербеліп, шилі дөңнің шығыс жақ түбінде ұзақ отырды. Күн түс ауа бергенде барып орындарынан тұрды. Жайна орнынан тұрған соң, Бекбайды тағы құшақтады.

- Сен алғаш көктен түскендей жетіп келгенде, түрің саған ұқсамайтын көрінді. Оның үстіне біреу Бекбаймын деп алдап кететін сияқты, бір қорқынышты ой жүйкемді бір-ақ шырмап алды. Бір қарасам, Бекей сияқтысың, енді бір қарасам, ұқсамай қаласың, ой соқты болып, есім бірде бар болса, бірде жоқ болып қалған көрінді ғой. Сол кезді ойласам, сен қандай қиналды екенсің.

Мына сөзге Бекбай не дерін білмей аз іркіліп қалды.

- Саған жаным ашып азырақ қиналдым,- деді Бекбай күліп,- бірақ сенің мені танитыныңа әбден көзім жетіп тұрды. Екеуі де құшақтарын жазып, әңгімелесіп тағы біраз тұрды.

- Енді қайтайық, түс ауып барады екен,- деп Жайна атына қарай жүрді.

- Енді, Алладан дәмімізді, аз күндік тату-тәтті өмірімізді айырмаса екен леп тілейік,- деді Бекбай. Ол сөйтті де өз атының мойнына байлаулы тұрған Жайнаның атын шешіп, айылын тартып оны қолтығынан алып атқа мінгізді. Дәл осы шақ Жайнаның көңілін бір шексіз қуаныш шаттығы кернеді. Өзін аттың үстінде емес, аспандағы бұлттың үстінде отырғандай, енді қанатын көсілтіп еркін самғап көк аспанға ұшатындай тамаша сезім бойын билеп алды.

Жайнаның бірқанша жылдан бері қайғы мен қасіреттен төгілген көз жасы бүгін қуаныштан төгілді. Ол өзінің қуанып күліп келе жатқанын, жоқ жылап келе жатқанын біле алмай қалды. Осылайша екеуі ауылға лезде жетіп келді.

Жайна төсектен басын көтергенде таң әбден атып, шаңыраққа күн түсіп келе жатыр екен. Бекбай әлде қашан тұрып кетіпті. Шешесі Мәрия шәй қайнатып қойып, қазан жақта шыны жуып отыр. Жайна басын көтеріп аз отырған соң, кимін киіп далаға шықты. Боз торғай сайрап, жап-жасыл түске енген көктем таңы ерекше тамылжып кеткен еді. Анадайтын шилі дөңнің батыс жағынан Жақайдың күрең аты мен өзінің кертөбел атын жетелеп Бекбай келе жатыр екен. Бүгін тау сағасына көшетіндері Жайнаның есіне келді. Жақайдың үйіндегілер шәйларын ішіп жатса керек. Ыдыстардың сылдыры мен балаларының күлкісі естілді. Бекбай аттарды қазыққа байлағанша, Жайна үйге кіріп беті-қолын жуды.

Бекбай дастарқанға отырған соң:

- Жайнаш, саған кертөбел атты ерттеп қойдым, елеңдеп тұрады екен, жаман жылқы емес секілді,- деді.

- Апам мінсін, мен мінсем ұят қой,- деді ыңғайсызданып.

- Оның ұят болатын ештеңесі жоқ, - Мәрия кесете сөйледі,- осы күнді сарғайып қанша жыл зарыға сағындық. Елдің қыз-келіншектерімен бірге жарысып көңіліңді көтер. Бекейді әлгі тәңір атқырлар қамап тастамаса әуелі неше балалы болып кететін едіңдер.

- Болды апа, мінсем мінейін. Кіші ағамнан ұят па деп едім,- деді Жайна. Бұл ауылға қосылғалы Жайна Жақайды кіші аға деп кеткен.

- Ұят болғанды қойып, Жақай қуанар,- деді Мәрия.

Жақайдың үйі жүгін артып болғанша, Бекбай мен Жайна кішкене күркеше үйді лезде жығып екі түйеге артып болды. Бекбай Жақайдың үйінің жүгін артысты. Үш үйлі шағын көш бие байлайтын уақытта шилі жазықтан тауға бет алды.

Ат тұяғы топыраққа тимейтін ақ бетеге мен жусаны жайқалған жасыл бөктерден, тік қайқайған умақ-шумақ қалың көш бара-бара бірінің соңынан бірі шұбырып, түс ауа тау етегіне ілінді. Әрбір көштен бір жерге жиналған бір топ қыз-жігіт амандасып танысқан соң, әзілдесе келіп, тау тіреп жатқан мидай жазықтан тауға қарай жарыса жөнелді. Барын киініп, бақанын қолына алған бай ауылдардың боз балалары да, кедей болса да жылтырап киінген Жайна сияқты қыздар да бар еді. Жарысқан топ тау етегіне таяған сайын шұбырып, кейбіреулері жол ортада тоқтап қалды. Алдында жарысып келе жатқан қыз-бозбалалар жазыққа салмалап тұрған жасыл дөңге бірінің соңынан бірі шұбырып бір-ақ шықты. Ең алдыңғы шыққан Жайна еді, арт жағындағылар келгенше оқтаудай жараған кертөбел азырақ шауып еті қызғанға еліріп кетті. Қос құлағын қайшылап, қайта-қайта ауыздығын басып, арт жағындағы жарысып келе жатқан топ жақындаған сайын ала жөнелуге айналды. Жайна сасқалақтап аттан түсе қалды. Жарысып келгендер Жайнаның қасында аз ұйлығысп тұрған соң, бөлініп-бөлініп өз ауылдарына қарай жөнелді. Жайна анау жазықтан тау алқымына қарай үздік-создық шұбырып келе жатқан қалың көш шоғырына көз тастап жасыл дөңде едәуір уақыт тұрды. Қызылды-жасылды оюлы сырдақ пен түрлі гүлді кілемдерді жүк үстіне жапқан бай ауылдардың салтанатты көштері қаздай шұбырып, шығыс жақтағы кең аңғарды өрледі. Қолында бүркіті бар ақбоз атты біреу қара барқын көшті бастап, салтанатты көштердің соңынан кетіп барады. Жарыстан жарысып қайқайған қыздардың соңы мұнда келіп бірден-екіден бытырап өз көштеріне қарай кеткенше, Жайна шуырып тауға қайқайып жатқан көш шоғырларына қарап тағы біраз тұрды. Шуыртып айдаған топ-топ жылқы мынау жап-жасыл бетегелі жазықты шаңмен көміп, арт-артынан өтіп жатыр. Бір шоғыр түйелі-сиырлы қара барқын көштің алдыңғы жағында, өз ауылының оншақты жылқысын айдап Бекбай келе жатыр екен. Бекбай жылқы айдап өтіп, көш дәл тұсына келгенде Жайна кертөбелге мініп аяндап көшке келді. Жақайдың әйелі көш жетектеп ең алда келеді екен. Бұл көштің соңында Жақай екі түйелі көшін жетелеген Мәриямен кеңесіп келе жатыр еді. Жайна атын ойнақтатып олардың қасына келгенде, кертөбел айналасына саңлақтана қарап, қос құлағын қайшылап, қайта-қайта тұқырып ауыздығын басты. Екі езуіне ақ көбік отаулап, Жайнаны ала жөнелетіндей еліріп кетті. Бұрын Жақай кертөбел атқа онша көңіл бөлмеген, оның үстіне жаяу қаңғып келе жатқанда, жол ортадан біреудің мінгізе салған аты ғой деп онша сәп салмаған. Кертөбелдің мынау ғажайып айбын көрсетіп, нағыз жүйрік сияқты құлпырып шыға келуі, ойқастаған кездегі ерек әдемі көрінген сұлу кескіні оның назарын ерекше аударды. Қайта-қайта Жайнаның астындағы кертөбел атқа көз салып қарады.

- Апыр-ау, Бекбайдың мына кертөбелі өзі жүйрік сияқты ғой,- деді қасына қатарласқан Жайнаға күле қарап.

- Рас жүйрік қой деймін, жаңағы жарыста ең алдымен төбеге шықтым,- деді Жайна балаша қуанып.

- Е, балам, Алла жеткізсе, енді бақтарың ашылады екен,- деді Жақай қуанышты кескінмен.

Жайна Жақайдың сөзінің нарқын онша аңғарған жоқ.

Мәрия Жақайдың мынау алқаған жақсы лебізін естіп қуанып кетті. Жақайдың жүзіне сүйіне қарады. Жақай-ау, аузына май, «мал баққа бітеді» деуші еді, Алла біздің көз жасымызды көріп, кертөбел атты бізге бағымызды жандырғалы берсе екен, шіркін!- деді.

Біздің қазақ : «қыпықтың бірі қыдыр» дейді. Әринге, әр қырық адамның бірі қыдыр, яғни бақ болса, жер бетіндегі адамның көбі-ақ бай-бақытты адам болып кетері хақ еді ғой. Бірақ дүниеде бір адамға, бір ғана адамның батасы қонады екен дейтін сөз тағы бар. Қалай иректетіп айтсақ та, әйтеуір, адам баласы сынды киелі хайуан, мынау жарық дүниеге қош айтып ол дүниенің хикімет құлына айналғанша, алымсағын алып, қарызын қайтарып болса керек. Өйткені бұл дүниенің қарызы ол дүниеге қалмайды екен.

Мен Бекбай мен Жайнаның аз күндік кешулерін қағаз бетіне түсірдім, мүмкін, олардың осыдан соңғы өмір кешулерінің қандай болғанын, тек олардың мынау пәнни ғаламда тірі жасап жатқан адамдардың арасында қалған рухтары ғана біледі. Кім біледі, күндердің күнінде бұлардың соңғы кешулері туралы тағы бір қаламгер қолына қалам алатын да шығар.

Қанша әулие, қанша білгір болса да, адам баласы жер бетінің бір-ақ рет келіп аттанатын аз күндік қонағы. Сондықтан күллі адам атаулы мынау жарық дүниенің қадірін осы дүниеге келе салып білуге хақылы. Бірақ өкінерлігі, олар жарық дүниенің есігін аша салып, ондағы барлық игілікті тек өзі ғана қымқырып алуға ұмтылыс жасап обырлана қимылдайды. Мынау бағасына еш нәрсенің де құны жетпейтін жарық дүниенің қилы-қилы кереметтері мен хикіметтерін еш абыржымастан, аямастан табандарына таптайды. Не керемет асылдар адамдардың қолымен жоғалтылып, періште көңіл, пәк ниетті, әулиелер де өз қандасының қолынан мүрдеге айналады. Қымбатты оқырман :

Сіз бұлай болғанда, күллі адам баласы түгел жер бетіне тек қылмыс өткізгелі кеген бе деп ойлайтын шығарсыз. Бұған біз үнемі жаттанды болып кеткен «пендешілік» деген бір ауыз сөзді жауап етіп шыға береміз. Десе де осы кітаптағы Суайттың теориясында айтылғандай, адамдар бірін-бірі өтірікпен алдап жүріп, өзінің мынау жарық дүниеге қош айтар шағының қалай жетіп келгенін білмей қалады. Ол сол шақта ғана бұл дүниенің баға жетпес шексіз қымбат екенін әрең зорға сезіне алады. Сезінеді де, «әттең, жалған дүние-ай» деп өкініп жатып тынысын үзеді.

Адамдар жарық дүниеде қол жетпеске қол жеткізу үшін, жанын жалдап, тоқтаусыз арман қуып, соңында жалған дүниеге қош айтып жатқанын өзі де білмей қалады. Яғни адамдар пәнни дүниеде өтірік күліп, шын жылайды.

/ соңы /